

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н.Ермекова, Ш.Л.Ерхожина, А.Е.Тоқбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

Е 69 Ермекова Т.Н.

Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н., Ерхожина Ш.Л., Тоқбаева А.Е. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 256 бет.

ISBN 978-601-318-123-3

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылды.

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машықтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-123-3

© Ермекова Т.Н.,
Ерхожина Ш.Л.,
Тоқбаева А.Е., 2018
© «Арман-ПВ» баспасы, 2018

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды

Оқулықта қолданылған шартты белгілер



Оқылым. Ұсынылған тақырып негізінде мәлімет беретін мәтіндермен танысып, мәтін жанры мен негізгі мәселені айқында.



Тыңдалым және айтылым. Қосымша CD дискіде берілген немесе сілтеме бойынша ғаламтор материалдарын тыңдап, оны жеткізуге, ой қорытындысын жасауға дағдылан.



Ойгүрткі. Оқылым айдарында берілген мәселеге қатысты өзіңнің білім қорың мен ойлау жүйіріктігіңді көрсет.



Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойыңды жазбаша сауатты жеткізуге тырыс.



Ереже. Әдеби тіл нормалары бойынша анықтамалар берілді. Анықтамалармен танысып, мұқият зерделе, оларды іс жүзінде дұрыс қолдануды үйрен.



Әдеби тіл нормалары. Грамматикалық, тілдік материалдар бойынша берілген жаттығулармен жұмыс жасап, өз біліміңді көрсет.



Сұхбат. Түрлі тақырыпта сұрақ-жауап түрінде тілдік қарым-қатынасқа түсу арқылы пікірлесу мәдениетіңді қалыптастыр.



Фибратты сөз. Тағылымы мол даналық сөздерден тәлім ал.



Артық болмас білгенің. Тақырып жөніндегі тың деректер, қызық мәліметтермен таныс. Ол да сенің білім көкжиегіңді кеңітеді.



Ізденімдік тапсырма. Шығармашылық сипаттағы ақпараттық деректерді іздеп тауып, зерттеу жүргіз.



Деңгейлік тапсырма. Қарапайым деңгейден бастап, ізденімдік, шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларды орында.



Жағдаяттық тапсырма. Түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдылан. Шығармашылығың мен белсенділігіңді арттыруға ұмтыл.



Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білімің негізінде үйде өз бетіңше ізденіп, тапсырманы орында.



Ойталқы. Пікірталас арқылы белгілі бір мәселе жөнінде сөйлеу тіліңді дамытуды қолға ал.

Сөздік (гlossарий). Түсінігі қиын сөздердің түсіндірмесі берілді. Сөздік қорыңды кеңейтуге тырыс.

Қымбатты оқушылар!

Қазақ тілінің тарихы мен дамуы, тіліміздегі сөздердің жасалуы, ойдың жүйеленуі өте қызық құбылыс екені рас. Сол қызық әлемнің сырына бірге үңілейік, ақылды ұландар!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – Қазақ тілі – түркі тілдерінің батыс тобындағы қыпшақ тармағына жататын тіл. Тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан әлемдегі тілдердің алдыңғы қатарынан орын алады. «Тілсіз рухани мәдениет биікке жете алмайды, халықтың рухани күші – тілде», – деп ғұлама М.Қашқари айтқандай, тамыры тереңде жатқан қазақ тілінің өркендеуіне үлес қосу – әр ұрпақтың міндеті.

Бұл оқулықта күллі түркі жұртына ортақ мұра – Көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, ғалым А.Байтұрсынұлы түзген «Қазақ жазуы» туралы және қазақ жазуының дамуы жайлы мәліметтермен танысумен қатар, сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі әлеміне саяхат жасаймыз. Халықтың асыл қазынасы – тілі қоғаммен бірге дамып, жасампаз халқымен бірге өркендеп, өсіп отырады. Бала кезден естіп өскен мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды әдеби тілдің нормаларына сай қолданатын боласыңдар. Сонымен қатар әр тақырыпты қызық жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы игеруге мүмкіндік мол. Өйткені оқулық тек пәндік білім беріп қана қоймайды, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға да жол ашады.

Қазіргі оқушы заман ағымына сәйкес ізденімпаз, жан-жақты болуы тиіс. Сондықтан «Қазақ тілі» оқулығынан алған білімдеріңді күнделікті өмірде қолдана білуге тырысыңдар. Оқу материалдары сендердің өмірлік қажеттеріңе, дүниетанымдарыңды кеңейтуге, ойларыңды жүйелі құруға, іскерлік дағды қалыптастыруға, жалпы өмірде қазақ тілін дұрыс қолдана білуге машықтандырады. Кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, шағын зерттеушілікті қажет етсе, кейбірі қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Мұндағы мақсат – 8-сынып оқушысының қазақ тілі туралы мол мағлұмат алуымен қатар, тіл құдіретін сезініп, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету. Олай болса, іске сәт, жас ұландар!

Оқулық авторлары

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

ОРФОГРАФИЯ

ЖАЛҚЫ ЕСІМ ЕМЛЕСІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- өз заманының шындығын бейнелеген Көне түркі жазбаларымен танысып, өркениетке қол жеткізген ежелгі түркілер тарихына көз жібересіңдер;
- Дания ғалымы В.Томсен ашқан жаңалық – жұмбақ жазудың сырымен танысып, адамның рухани байлығының баға жетпес жетістігі – жазу мәдениетін талқылайсыңдар;
- көне түркі ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына үңіліп, себебін анықтап, талдау жасайсыңдар;
- батыр баба – Күлтегіннің ерлік рухтағы жырымен танысып, тілдік талдаулар жасайсыңдар;
- қазақ жазуының тарихы туралы мәлімет алып, латын әліпбиінің артықшылықтарын талқылайсыңдар.

**Түркі бектері мен халқы, мұны естіндер!
Қандай сөздерім бар болса, соларды мәңгі
тасқа жаздырдым. Оларды көріңдер,
ұғыңдар.**

(Күлтегін)

§1.

Көне түркі жазбалары – баға жетпес құнды байлық



1. Мәтінді түсініп оқыңдар, суретпен байланысын анықтап, ой тұжырымын жасаңдар.



Ұрпақтан ұрпаққа мұра болған жазба ескерткіштер (VIII ғ.) – қазақ және өзге түркі халықтарының көне дәуірде мәдени деңгейінің өте жоғары болғандығын дәлелдейтін баға жетпес асыл қазына. Бүкіл әлемге танылған түркі жазбалары атақты Египет перғауындарының қорғандарынан табылған шумер жазуларымен дәуірлес болып келеді.

Қазақстан мен Орталық Азия және Оңтүстік Сібірді мекендеген түркітілдес ру-тайпалар бірігіп, VI ғасырдың орта шенінде «Түрік қағанаты» деген атпен өз алдына мемлекет құрғаны тарихтан белгілі. Осы қағанаттың құрамына енген тайпалық одақтар бір кездерде өз елі мен жерінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін алапат қақтығыстар мен жойқын соғыстарды басынан кешті. Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тоныкөк, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан-жырлардың кейіпкерлеріне, сом тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагөй білімдарлары өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді.

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық-мәдени әрі әдеби өмірінен хабар беретін жәдігер қазына ретінде бүгінгі күні бүкіл түркі халқына ортақ мұраға айналды. Түркінің сар даласының сырын бойына сіңірген таңбалы тастар қас батырдың ерлігіндей сан ғасырды аттап,

өз заманының шындығы мен қайғы-қасіретін бейнелеп, еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр.

(Ерболат Саурықов)



1. Түркі халықтары деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Көне түркі жазуларының тасқа жазылуының мәні неде?
3. Бұл мұра неліктен бүкіл түркі жұртына ортақ қазына болып есептеледі?



Бас әріппен жазылатын күрделі атаулар

1. Адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы, сондай-ақ лақап аты (псевдонимі), ныспысы (туып-өскен жеріне, руына т.б. қарай аталған тарихи есімдер) бас әріппен жазылады. Мысалы: *Абай Құнанбаев, Қанжығалы Қабанбай, Шапырашты Наурызбай* т.б.
2. Кісі аттарының алдынан не соңынан адамның белгілі бір қасиетін, кемістік-жетістігін т.б. көрсететін сын есімдер – тұрақты эпитеттер қосылып, жалқы есімге айналады. Мысалы: *Ер Төстік, Қыз Жібек, Баян сұлу, Қамар сұлу, Қамбар батыр* т.б.
3. Жер-су, мемлекет, облыс, өлке, аудан, ауылдық кеңес аттары өзіне қатысты жалпы есіммен тіркескенде, бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады. Егер ол күрделі сөзден жасалса, әр сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Ресей мемлекеті, Алтай өлкесі, Шығыс Қазақстан облысы, Кеген ауданы, Кемербастау ауылдық кеңесі* т.б.
4. Жеке мемлекет ретіндегі республика, мемлекет одақтарының, географиялық аймақтардың, халықаралық ұйымдардың атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы, Орта Азия, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы* т.б.
5. Қысқарған күрделі атаулардың әр сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)* т.б.



2. Мәтіндегі күрделі атаулардың бас әріппен жазылу себебін түсіндіріңдер.



3. Аудиожазбаның (01. mp3) алғашқы бөлігін тыңдап, көтерілетін мәселені болжаңдар. Бас әріппен жазылатын күрделі атауларды анықтаңдар.



4. Бас әріппен жазылатын күрделі атауларды жазыңдар.

Тарихи тұлғалар, кісі аттарының алдынан не соңынан сын есімдердің тіркесуі	
Жер-су, мемлекет, облыс, өлке, аудан, ауылдық кеңес аттарының өзіне қатысты атаумен тіркесуі	
Республика, мемлекет одақтарының, географиялық аймақтардың, халықаралық ұйымдардың атаулары	
Қысқарған күрделі атаулар	



5. Мәтінмен танысып, «Жазуды тек таңбалар жиынтығы деп тану дұрыс па?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңдер. Түркі жазулары туралы тұжырымдарыңды кластерге түсіріңдер.

Түркілердің алғашқы жазуы – тас бетіндегі петроглифтер. Олар жазу өнеріне ерте заманнан қол жеткізді. Оған Алтай тау жотасының Солтүстік Зеңгір үңгіріндегі гравюралар – толық дәлел. Бұл – ежелгі түркі қауымның рухани деңгейінің қаншалықты жоғары болғанын көрсетеді. Мұндай сызбалар шығыста Сарыөзеннен (Хуанхэ) басталып, Алтай, Сібір, Тәңір тау, Сарыарқа, Үстірт, Орал өңірін көктей өтіп, батыстағы Дон мен Дунайға дейін таралған. Осылайша түркілердің буындық жазуының 33 таңбасы бүгінгі күнге дейін жетті. Түркілердің бітік жазуының жүйесі шығыстағы қытай, оңтүстіктегі парсылар мен батыстағы гректердің жазу үлгісінен мүлдем басқаша. Бұл – түркі этносының әлем өркениетіне қомақты үлес қосқанын көрсетеді.

Петроглифтер (лат. *petro* – «тас» және грек. *глиф* – «жазу») – тақтатастарға, жартастарға салынған суреттер, бейнелер.

(Қаржаубай Сартқожаұлы)



Шын мәнінде, ешбір халықта жазу мәдениеті қалыптаспаған кездің өзінде біздің бабаларымыз өз тарихын тасқа қашап жазып кеткен.

(Олжас Сүлейменов)



6. Олжас Сүлейменовтің пікірін эпиграф етіп алып, күрделі атауларды қолдана отырып, ойды жалғастырыңдар. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі деректерді пайдаланыңдар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Сабақта алған барлық ақпаратқа синтез жасап (жинақтап), мәтінді жалғастырыңдар. Сөз саны – 80–100.

Мәдениеттің ең озық үлгісінің бірі – жазу-сызу. Жазу мәдениеті – адамның рухани байлығының баға жетпес үлкен жетістігі. Жазудың мақсаты – ақпарат берушінің өз ойын басқаға жеткізу, болмысты таныту, іс-әрекетін мойындату.

2. Суретті сабақпен байланыстырыңдар, берілген дәйексөзді қатыстырып, мақала жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

1) Суретте не бейнеленген?
Қалай салынған?

2) Тастағы жазуды оқи алма-саң да, ондағы бейнелер арқылы қандай ақпарат алуға болады?

3) Сенің ойыңша, сурет неше ғасыр бұрын салынған?

4) Егер бұл таңбалар тасқа қашалмаса, бүгінгі күнге жетер ме еді?



Қажетті дәйексөз: Болмасын деп байлығы басқаға азық, Кеткен бабам тарихын тасқа жазып.

(Б.Бәйітұлы)

§2.

Құпия таңбалар кілті – ҒЫЛЫМ ЖАҢАЛЫҒЫ



1. Мәтіндерді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндерді салыстырып оқыңдар.
2.	Тілдік құралдары арқылы қай мәтіннің публицистикалық, қайсысының ғылыми стильде жазылғанын ажыратыңдар.
3.	Мәтіндерді ретімен орналастырып, жүйелеп оқыңдар.

I

XIX ғасырдың аяғына таман көптеген шығыстанушы ғалымдар Орхон жазуының сырын ашуға талпынады. Өйткені соңғы екі ғасыр бойы бұл жұмбақтың шешімі табылмай келген еді. Дания ғалымы В.Томсен бұл іске білек сыбана кіріседі. Ғалым бұған төрт жыл өмірін сарп етеді. Ақырында бұл жазудың фонетикалық заңдылығын ашады.

Содан кейін ол құлпытастың жазу жолдарын оңнан солға, солдан оңға қарай оқып, біраз басын қатырады. Ақырында бірінші жолдың басындағы жазуды оңнан солға қарай ежіктей отырып, алғашқы төрт әрпінен «ТҢРІ» деген сөзді шығарады. Бұл – «тәңірі» деген сөз еді. Ал одан кейінгі әріптерге зер салып, «түркі» деген сөзді оқыды. Сол-ақ екен, В.Томсен қуанғаннан қолын шапалақтап, орнынан атып тұрады:

– Таптым! Таптым! – деп айғайлайды ғалым. Бұл – 1893 жылғы қарашаның 25-і еді.

Ғылыми стильде сөздер тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Көпмағыналы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады.

Публицистикалық стильге радио-телехабарлар, газет-журналдар тілі жатады. Қоғамдық-саяси мәселелер қарастырылады, көпшілік халыққа түсінікті болады.



Ол, шынында да, жұмбақ жазу сырын тапты. Бір емес, екі сөзді оқыды, ендігісі пәлендей қиын емес еді. Сонымен, екі ғасыр бойы сырын бүгіп келген таңбалар «көне түркі жазуы» болып шықты.

(*Мырзабек Дүйсенов*)

II

Сібір және Моңғолия далаларына таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми орта ертеден-ақ білетін еді. Оларды «Руна жазулары», яғни скандинавия тілдерінен аударғанда «құпия, сыры ашылмаған таңбалар» деп атайды. Алғашқыда бұл жазуларды көне угор тайпаларының мұрасы деп, қате болжам жасалған еді. Ресей Ғылым Академиясының арнайы ұйымдастырған экспедициясы Минусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, 1721–1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. 1889 жылы Н.М.Ядринцев Моңғолия даласынан көне жазулардың толық сақталған және көлемді үлгілерін ғылыми ортаға әкелді. Енді бұл жазуларға қарап, оның дыбыстық құрылысы мен грамматикалық табиғаты жөнінде қорытынды жасауға болатын еді.

(*wikipedia.org/wiki*)

III

Келесі жылы-ақ В.В.Радлов Орхон жазуларының оқылуын және аудармаларын жасады, 1895 жылы Енисей жазуларының да оқылуы мен аудармалары жарыққа шықты. Алғашқыда орыс ғалымдары зерттесе, XX ғасырда түркі (татар, өзбек, түрік, қазақ, әзірбайжан) ғалымдары қосылды. Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, географиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді.

(*kitaphana.kz*)



1. Құпия таңбалар кілтін іздеудің қаншалықты маңызы бар?
2. Көне түркі таңбаларына ұқсас таңбаларды білесіңдер ме?
3. Жұмбақ жазулардың табылу, зерттелу және оқылу кезеңдерінен нені аңғардыңдар?



Бас әріппен жазылатын біріккен жалқы есімдер

1. Әр алуан мифологиялық кейіпкерлердің, Құдайлардың, әулиелердің аттары бас әріппен жазылады. Мысалы: *Зеңгібаба, Ойсылқара, Қамбарата, Шопаната* т.б.
2. Мал-құс, ит т.б. аттары бас әріппен жазылады. Мысалы: *Жолбарыс, Бәрібасар, Ақбоз, Көкжорға* т.б.
3. Географиялық атаулар (жалқы есімдер) бас әріппен жазылады. Мысалы: *Алтау, Кеңқияқ, Қосшағыл, Талдықорған* т.б.
4. Біріккен астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады. Мысалы: *Құсжолы, Жетіқарақшы, Темірқазық* т.б.



- 2.** **1-топ.** Оқылым мәтіндеріндегі бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазып, бас әріптің қолданылу себебін түсіндіріңдер.
2-топ. Бас әріппен жазылатын біріккен жалқы есімдердің әр түріне 5–6 мысалдан келтіріңдер.



- 3.** Оқылым және тыңдалым (01. mp3) материалдарын сабақтастырып, сұхбат құрыңдар. Төмендегі пікір қай оқиғаға байланысты айтылған?

Төл тарихымыздың ең көне ескерткіштерінің бірі – түркі жұртының ортақ мақтанышы, ұлы қолбасшы Күлтегін ескерткішінің туған топыраққа оралуы – өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей зор қуаныш.

(Иманғали Тасмағамбетов)



- 4.** Мәтінде кездесетін стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын редакциялап, түзетіп жазыңдар.

Көне түркі жазуларының сыртқы түрі тасқа қашалған түрде, «баспа әріптері» түрінде жетті бізге. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бізге жетпеді бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты.

Бұл жазуларды қазақ руларының таңбаларына ұқсатады алғаш көрген адам. «Жебе таңбалар», «ай таңбалар», «тұмар таңбалар» мен «көз таңбалар», «аша таңбалар», «балық

таңбалар» сосын «тарақ таңбалар» мен «сырға таңбалардан» құралады жазулар.




5. «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша мәтіндегі ақпаратты қорытындылап жазыңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағаныма қайшы)	? (білгім келеді)

1998 жылы Қырғызстанның Қошқар өңіріндегі Қарасу ауылы маңынан көне түркі рунасымен тас бетіне қашалып жазылған бірнеше құпия жазулар табылған. Тас бетіндегі құпия жазу түркітанушы ғалымдар тарапынан әлі күнге дейін жүйелі түрде оқылған емес. Енді осы таңбалар жүйесіне көз тігіңіз.

Біздің ойымызша, бұл жазуды V–VI ғасырларға жатқызуға болады, себебі мұнда ертедегі Талас жазба ескерткіштеріне тән таңбалар бар. Тастағы 13 руникалық таңба оңнан солға қарай оқылады. Құпия таңбалардың жеке-жеке мән-мағынасын талдай келе мынадай болжамға тоқталдық: *er atum sagunda aursym* – «Ер атым Сағуннан айырылдым» немесе «Ер атам Сағыннан айырылдым».




Алғашқысы қандай да бір азаматтың өзіне берілген атағынан немесе шенінен айырылғандығын білдіреді, ал екінші нұсқадағы сөйлемнің мәні бойынша, атасы Сағыннан айырылып қалған деп тұжырым жасауға болады. Мұның өзі түркі жазуы жүйесінің ертеден қалыптасқанын, жазу мәдениетіміздің тамыры өте тереңде екендігін аңғартады.

(kaznu.kz)

§3. Түркі жазба ескерткіштері – ортақ мұра



1. Мәтіндерді түсініп оқып, стилін анықтаңдар. Картадағы көне түркі ескерткіштері табылған жерлерді анықтаңдар.



I

Тамыры бір тектен тараған туысқан түркі халықтары осы күні Еуразия құрлығының алып бөлшегінде өмір сүреді. Қырықтан астам түркітөктес халықтардың тарихы ғана емес, тағдыры да ортақ. Б.з.д. кезеңде көне сақтардың, ғұндардың ата-бабалары саналатын тайпалар мен рулардың діни салт-жоралғылары, әдет-ғұрыптары бір-біріне ұқсас болған. Ол жайтты түркі халықтарының мифологиясы мен археолог ғалымдардың қазба жәдігерлері дәлелдеп отыр. Сақтар мен ғұндар көк түріктермен ұқсас жағдайда көсемдерін жерлеген, олардың басына ұқсас ескерткіш белгі қалдырған.

(Шәкір Ибраев)

II

Ежелгі дәуірлерде мәдениеті дамып, өркениетке қол жеткізген халық санаулы болған. Солардың бірі – ежелгі түркілер. Түркілердің жоғарыдағы жетістіктерінен бөлек ауыз әдебиеті мен жазу мәдениетін мақтанышпен айтуымызға

болады. Бүгінде «Орхон-Енисей жазуы», «руна жазуы» деп аталып жүрген жазуды бабаларымыз «түрік бітік» деп атаған. Қытайдың солтүстігінен Еуропаның шығысына дейінгі ұланғайыр жерді мекендеген туыстас тайпалар осы көне түркі тілінде түсінісіп, хат алмасқан. Оған дәлел – Еуразияның әр тарапынан табылып жатқан жазба ескерткіштер, ондағы мағыналы жырлар мен даналық сөздер. Қазақ ғалымдарының қажырлы еңбектерінің нәтижесінде көне түркі тілінің мемлекеттік тіл болғандығы және тіліміздің сол дәуірлерде кеңінен таралғандығы, өзіндік алфавиті мен тілдік заңдылықтарының болғандығы дәлелденіп отыр.

Қазақстан Парламентінің шешімімен 18 мамыр «Түркі жазуы күні» болып белгіленді. Мұны Үкіметтің баба тілімізге, тарихымызға деген жанашырлығы, құрметі деп білеміз.

(*Баубек Сомжүрек, Нұрболат Бөгенбаев*)



1. «Тайпа» мен «ұлт», сондай-ақ «бауырлас халық» және «көрші халық» ұғымдарын синоним ретінде қолдануға бола ма?
2. Түркі жазуы күнін белгілеудің қаншалықты маңызы бар?



2. 18 мамыр – Түркі жазуы күнінде қандай шаралар ұйымдастырар едіңдер? Тақырыбы мен жоспарын құрып, топта талқылаңдар. Үздік жоспарды анықтаңдар.



Бас әріппен жазылатын тіркесті жалқы есімдер

1. Агенттіктердің, радио, телекомпаниялардың аттары бас әріппен жазылады. Мысалы: «*Би-би-си радиосы*», «*Қазақ радиосы*» т.б.
2. Мемлекеттік мекемелердің күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Жоғарғы Кеңес, Министрлер Кабинеті*.
3. Мемлекеттік біркелкі мекемелердің, ұйымдардың, институттардың т.б. күрделі аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Ғылым академиясы, Тіл білімі институты* т.б.
4. Осындай атаулардың алдында солардың қосалқы анықтауыштары болуы ықтимал. Олардың бірінші сөзі де бас әріппен жазылады. Мысалы: *Мемлекеттік академиялық Үлкен театр (Үлкен театр); Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Тіл білімі институты)* т.б.



3. Бас әріппен жазылатын күрделі атауларға мысалдар жазыңдар.

Мемлекеттердің қысқарған атаулары	
Мемлекеттік мекемелердің, жоғарғы ұйымдардың күрделі атаулары	
Агенттіктердің, радио, телекомпаниялардың аттары	
Мекемелердің, ұйымдардың, академиялардың, институттардың, мұражайлардың т.б. атаулары	
Қосалқы анықтауыштары бар мекеме, ұйым атаулары	
Бас әріппен жазылатын біріккен жалқы есімдер	



4. Ғаламтор желісінен алынған үзінділерде кездесетін стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын редакциялап, түзетіп жазыңдар.

1. Түркі қағандығының ел құраған қайраткерлері мен ел қорғаған қолбасылары Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегіннің ерлік істері ескерткіш тілінде ерлікті, туған жер, атамекенді сүюді ұлығылайтын мол дүние деп есептейміз.

2. Сол дәуірдегі көптеген ғалымдар В.Томсеннің бұл еңбегін жоғары бағалады. Бұдан соң көп ұзамай В.Радлов бірқатар ескерткіштерді өзінше бұл игілікті дәстүрді одан әрі жалғастырды. Жазба ескерткіштер кейін көптеген ізденімпаз ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды.

3. Осынау ұлан-ғайыр жерге қоныстанған ұлыстың тілі де бір-бірінен өзгешеленіп кеткен. Жақын орналасқан түркілер жақсы бірін-бірі түсінсе, керісінше, алыс орналасқандар аудармашысыз ұғыныса алмайды.

4. Күлтегін – түркі халықтарының ерлік туралы ұғымының жиынтық бейнесі. Оның тұлғасында түркілерге тән ержүрек, өршіл, қайсар, қайтпас мінездер бар. «Сондай батырым болса» деген ел арманында Күлтегін ерліктерін сипаттау арқылы берілген.



5. Мәтінге тақырып қойып, руникалық жазулар туралы мәліметтерді тұжырымдамалық кестеге түсіріңдер.

Мәліметтер	Өз тұжырымым

Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түркі халықтарының көне тілін, тарихын, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады.

Көне түркі жазулары – дыбыстық жазу түрі, сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Соңғы 50–60 жыл ішінде Қазақстан жерінде де Көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды. Талас бойынан (Жамбыл обл.) төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан (Алматы обл.) жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды. Осы өңірден жүзіктегі руникалық жазу да анықталды.

Сыр бойындағы (Оңт. Қазақстан обл.) ескі кенттердің орнынан табылған дөңгелек алқаға, сазбалшықтан күйдірілген құмыраға ойылып жазылған руникалық жазулар белгілі болды.


Ертіс өңірінен (Шығыс Қазақстан обл.) екі қола айнадағы руникалық ойма жазудың бірін А.Н.Бернштам 1948 жылы жариялады. Сондай-ақ 1985 жылы Шығыс Қазақстаннан жартасқа қашалған, ал 1987 жылы бауға тағылған мөрдің табанына ойылған руникалық жазулар табылды.

Жайық өңірінен (Ақтөбе обл.) анықталған қола айнадағы руникалық жазу 1986 жылы жарияланды.

(Алтай Аманжолов)



1. Сызбаны мәтіндегі ақпаратпен толықтырып оқыңдар. Қолданылған тілдік құралдары арқылы мәтіннің стилін анықтаңдар.



Түркілер мекен еткен барлық аймақтан жазба ескерткіштер табылды. Жазба ескерткіштердің таралу аймағын 3 топқа бөлеміз.

1. Орта Азия мен Оңтүстік Сібірден анықталған ескерткіштердің таралу аймағына Моңғолия, Алтай, Енисей және Хакасия, Байкал маңы, Лена өзені аңғары кіреді. Аталған аймақтардағы түркі жазулары біршама терең зерттелген. Бұл аймақтардан табылған жазулар тастарға, жартас беттеріне, ағаштар мен тұрмыстық бұйымдарға және қағазға жазылған.

2. Қазақстан және Орта Азияның әр жерінен табылған жазба ескерткіштерге Талас өңірінен; Жетісу, Сырдария, Ақтөбе, Тараздан; Орта Азиядан, яғни Ферғана, Баткен, Солтүстік Ауғанстан, Әндіжан және Амудария аймақтарынан табылған жазулар кіреді. Мұндағы жазулар көбінесе тастарға, тұрмыстық бұйымдарға, құмыралардың тұтқасы мен тостаған түптеріне және қабырға суреттеріне жазылған.

3. Шығыс Еуропа және Солтүстік Кавказ түрік бітік жазуларына Донға жақын жердегі Маяцк қаласының орнынан табылған таста таңбаланған 21 ескерткіш; Кубаньдағы 12 ескерткіш; Хумаринск қаласында сақталған алты көне түркі жазуы; Самар облысында, Марий Эл республикасы мен Удмуртия жерлерінде сақталған жазулар жатады. Мұндағы жазулардың басым көпшілігі қыш ыдыстар мен қамал қабырғаларына және тастарға жазылған, садақ пен ыдыс жапсырмаларында таңбаланған.

(Нұрболат Бөгенбаев)



1. Көне түркі ескерткіштерін анықтауда тарихи немесе географиялық фактордың рөлі қандай?
2. Көне түркі ескерткіштерінің алып аумақты қамтуы нені білдіреді?



Тіркесті жалқы есімдердің жазылуы

1. Кісі аттарының алдынан не соңынан келетін сын есімдер сол кісінің атына тіркесіп, жалқы есімге айналады. Ондай сөздер жалқы есімнің алдынан келсе, бас әріппен жазылады, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады. Мысалы: *Ер Тәстік, Ақсақ Темір, Шықбермес Шығайбай, Жиренше шешен, Ақан сері* т.б.
2. Көше, алаң, саябақ, шоссе, көпір, канал, жол, тарихи ғимарат аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Жібек жолы көшесі, Қызыл алаң, Панфиловшылар саябағы* т.б.
3. Жоғары дәрежелі қызмет аттары мен құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы* т.б.



2. Тіркесті жалқы есімдердің әр түріне мысалдар жазып, емле ережесін түсіндіріңдер.



Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде қазіргі қазақ тіліне тұлғалық әрі мағыналық жағынан ұқсас сөздер саны – 130, ал қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөздер саны – 397, тұлғалық та, мағыналық та жағынан ұқсастық таппайтын сөздер саны – 311.

(Әбжан Құрышжанов, Мархабат Тomanov)



3. Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін сөздерді топтастырып, статистикалық есебін шығарыңдар. Өз тұжырымдарыңды жазыңдар.

Айырмашылығы жоқ сөздер	Фонетикалық ерекшелігі бар сөздер	Ұқсастығы жоқ сөздер
<i>Ата, ...</i>	<i>Қатун, ...</i>	<i>Су, ...</i>
Саны –	Саны –	Саны –
Өз тұжырымым:		

Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін сөздер:

- 1) адамдарға және туыстық қатынастарға байланысты сөздер: *ата, қатун, қыз, іні, сіңлі, келін, йегін (жиен), оғул (ұл)*;
- 2) табиғат құбылыстарына қатысты сөздер: *йер, тағ, қар, таш, йыл, күн, суб (су), құм*;
- 3) әлеуметтік қатынастарға байланысты сөздер: *ел, іл, йурт, қан (хан), қаған, бек, бай, күң, чығай (кедей), төрү (төре, заң)*;
- 4) анатомиялық атаулар: *баш, бас, адақ, көз, қаш, құлғақ, йүрек, сач, тіл, өд (өт)*;
- 5) заттардың сынын көрсететін сөздер: *ақ, қызыл, сары, йегрен (жирен), йашыл, көк, қара, улуг, бедүк, (биік), йуйқа (жұқа), йінйічке, қалун (қалың)*;
- 6) есімдіктер: *бен, мен, сен, сін, ол, біз, сіз, не, қаны, бу, кім*;
- 7) сан есімдер: *бір, екі, үч, төрт, беш, алты, йеті, секіз, тоқуз, он, йігірмі, отуз, қырық, еліз, йуз, мың, бің, түмен*;
- 8) етістіктер: *ет, олур (отыр), йат, йарат, көр, біл, тұт, сақын (ойлан)*.

(Рәбиға Сыздық)



4. Оқылым мәтініндегі ақпараттың баяндау желісін сақтап (компрессия жасап), жинақы мәтін жазыңдар. Сөз саны – 60–70. Бас әріппен жазылатын тіркесті жалқы есімдерді қатыстырыңдар.

Компрессия – (латын. *compressio* – «сығымдау», «қысу») мәтін өңдеудің негізгі түрі. Бастапқы мәтіндегі негізгі ойды, басты идеяны сақтап, компрессия жасау барысында **жинақы мәтін** пайда болады.

Жинақы мәтін жазуға арналған кеңес:

1. Мәтінді мұқият оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңдар. Қосымша ақпараттарды сызып тастаңдар.
2. Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеңдер.
3. Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдаңдар.
4. Кей сөздерді синонимдерімен алмастырыңдар.



5. Түрлі дереккөздерден Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері туралы ізденімдік зерттеу жұмысын жүргізіңдер. Өз болжамдарың мен тұжырымдарыңды жинақы мәтін түрінде жазыңдар.



1. Мәтіндерді түсініп оқыңдар. Құрылымы мен рәсімделуі арқылы екі мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Күлтегін – Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның (Могилян) туған інісі. Шешесі – Елбілге қатун. Жеті жасында әкесі Құтлық (680–692 жж. билік құрған) қайтыс болады. Қаған тағына оның інісі Қапаған (692–716 жж.) отырады. Күлтегін мен Білге екеуі Қапағанның інісі Бөгүні (716 ж.) тақтан тайдырып, қағандық билік Білгенің қолына (716–734 жж.) өтеді.



Тарихи деректерге қарағанда, Күлтегіннің он жасында ер атанып, алғаш көзге түскен соғысы – 694 жылғы Жау жыу және Дин жыу аймақтарында болған соғыс. Міне, осыдан былай Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бірде-біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін аңғартады. Батыр 47 жасқа жетіп, қаза тапқанда, төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп, рухына тағзым етіпті. Басына ел тарихын жазып, алып ескерткіш орнатыпты. Сол ескерткіштің ғылыми көшірмесі бұл күнде тәуелсіз еліміздің астанасында, Еуразия Ұлттық университетінің бас ғимаратында тұр.

«Күлтегін» жырынан үзінді

Жаяулыны құмалақтай
 Найзасының ұшына іліп,
 Аттылыны қуалап жүгіріп,
 Бөріктей түсірген.
 Бастыны
 Бастары жерге тигенше

Идірген.
Тізеліні –
Тізелерін дірілдетіп,
Түйедей бақыртып
Шөгерген.
Қалғандары
Оқ тиген мақұлықтай қашып,
Тау менен тастардан асып,
Алды-артына қарамай
Жөнелген.

(*adebiportal.kz*)



1. Күлтегін жыры қандай мағлұмат береді?
2. Жырдың жазылған кезеңі қандай ой тудырады?
3. Қазақтың қандай жырымен ұқсастық байқадыңдар?



2. «Күлтегін жырынан» үзінді (02. mp3) тыңдап, көтерілген мәселені, астарлы ойды анықтаңдар.

Қысқарған күрделі атаулардың жазылуы

1. Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралып қысқарған сөздер бас әріптермен жазылады, ол әріптердің арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы: *БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы), АҚШ (Америка Құрама Штаттары), ҒА (Ғылым академиясы)*.
2. Алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздің алғашқы қысқарған буынының бірінші әрпі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылып, кейінгі әріптер бас әріппен жалғастырылып жазылады. Мысалы: *ҚазТАГ (Қазақ телеграф агенттігі), ҚазМУ (Қазақ мемлекеттік университеті)*.
3. Адамның аты-жөні (көбінесе есімі мен әкесінің аты) қысқартылып, бас әріппен белгілегенде, сол әріптен кейін нүкте қойылады. Мысалы: *А.С.Пушкин, М.Горький, М.Әуезов, С.Мұқанов*.



3. Бас әріппен жазылатын күрделі атауларды қатыстырып, көне түркі ескерткіштерінің зерттелуі, жиналуы туралы жинақы мәтін (5–6 сөйлем) жазып көріңдер.



Күлтегін ескерткіші – түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы. Бұл құнды дүниеге түркі тектес халықтар ғана емес, сонымен қоса әлем ғалымдары назарын аударуда. Қазіргі уақытта тарих және тіл білімі саласы зерттелуде, әлі талай ғылыми жаңалықтар туары даусыз.

(Мырзатай Жолдасбеков)

Күлтегін жазуы – Моңғолиядағы Қарабаласаған қаласының қираған орнынан солтүстікке қарай 40 км жерге, Орхон өзені бойындағы Эрдени Цзу монастырының (VIII ғасыр) жанына орнатылған. Ескерткіштің биіктігі – 3,15 м, ені – 1,34 м, қалыңдығы – 0,41 м. Түркі елінің даңқты әскери қолбасшысы Күлтегіннің жауынгерлік жорықтарын мадақтап, жырлауға арналған қаһармандық дастандар жазылған. Авторы – өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қоғам қайраткері Иоллығ тегін.

(wikipedia.org/wiki)



4. Екі топқа бөлініп, «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәтіндер мен оқылым материалын сабақтастыра отырып, сұхбат құрыңдар.



5. Сөздердің Күлтегін ескерткішіндегі нұсқасы мен қазіргі қазақ тіліндегі қолданысын салыстырып, жинақы мәтін (7–8 сөйлем) жазыңдар.

Күлтегін ескерткішіндегі нұсқасы	Қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы
ақа	аға
іні	іні
баш, бас	бас
көз	көз
алтун	алтын
ат	ат
куч	күш
ел, іл	ел



6. Күлтегін жырынан алынған үзіндіні қатыстырып, «Күлтегін жырындағы және қазіргі замандағы ел бірлігі мен патриотизм» тақырыбында эссе жазыңдар.

Қырық жеті рет
Жорыққа шыққан
Қаған әкем
Ас-суын
Атынан түсіп ішпеген,
Қылышы қынына түспеген,
Жиырма рет соғысқа кірген.
Бетпе-бет келіп,
Шөптердей қырқып,
Ағаштардай кесетін
Шабысқа кірген.
Елді болғанды
Елдігінен айырған,
Қағанды болғанды
Қанатынан қайырған.
Байлыққа батқан,
Бақытқа кенелген.
Бұлықсынғанын
Бұтадай сындырып,
Тізелісін
Түйедей шөгерген.
Қаттысын
Балшықтай илеп,
Бастысын
Басы жерге тигенше
Идірген.
Табанын жалатып,
Табалдырылығын сүйдірген.

*(Еркін аударма жасаған
Темірхан Медетбек)*



1. Кестеде берілген ақпаратты мәтіннің кіріспе бөлімі ретінде алып, мәтінмен байланыстырып оқыңдар. Мәтіннің стилін анықтаңдар.

1929 жылға дейін	Араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазуы
1929–1940 жылдар аралығында	Латын графикасына негізделген қазақ жазуы
1940 жылдан қазірге дейін	Орыс графикасына негізделген қазақ жазуы

XX ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақтың өз жазуы болмаған еді. Өзге көршілес түркі халықтары сияқты қазақтар да араб таңбаларын қолданып келді. Араб әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтіндігін, бұл таңбалармен қазақ сөздерін дұрыс, сауатты жазуға мүмкіндіктің аздығын, оқыту ісінде келтіретін қиындығын анық байқаған қазақ зиялылары ана тіліміздің өз жазуын жасау керектігін сөз ете бастайды. Әлеуметтік пікірге «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де үн қосып, мақалалар жариялайды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерін ашып, оқуды қазақ тілінде жүргізу үшін, ең алдымен, ұлттық жазуы – әліпбиі болуы қажет деп білді. Ғалым өз жобасын ұсынып, оған «қазақ жазуы» деген айдар тақты. Бұл әліпбидің негізі араб таңбалары болғанымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзілген. Қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбалары шығарылып тасталған, араб әліпбиінде жоқ кейбір таңбалар қосылған мүлде жаңа әліпби болды. 1912 жылдардан бастап қолданыла бастаған әліпбиді қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы еш талассыз, бірден қабылдап, іс жүзінде қолданды.

«Қазақ жазуы» Қазақстанда 17–18 жылдай жақсы қолданылып, енді тұрақтай бастағанда, күшпен тарих сахнасынан түскенімен, мүлде құрдымға кеткен жоқ, бұл жазумен қалдырылған мол мұра қазіргі мәдениетімізге де орасан зор қызмет етіп отыр. Қытайдағы, Иран мен Ауғанстандағы

қандастарымыз күні бүгінге дейін Байтұрсынұлы жазуын қолданып отыр.

(Рәбиға Сыздық)



1. Қазақ жазуының бастау арнасы қай жазу болып саналады?
2. «Жазу», «графика», «әліпби» ұғымдарының арасында қандай байланыс бар?



2. Ахмет Байтұрсынұлының жаңа қазақ әліпбиін жасауда сіңірген еңбегі туралы мәтінді (03. mp3) тыңдап, негізгі ойды «Түртіп алу» әдісімен жазып алыңдар. Осы мәселе туралы ойларыңды дәлелді, жүйелі жеткізуге тырысыңдар.

Қосарланған күрделі атаулардың жазылуы

1. Дефис арқылы жазылатын екі сөзден құралған фамилиялардың екеуі де бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Ван-Дейк, Семёнов-Тяньшанский* т.б.
2. Орыс тілі арқылы енген географиялық атаулар (жалқы есімдер) орыс тіліндегі түрінде жазылады. Мысалы: *Орехово-Зуево, Лос-Анжелос, Рио-де-Жанейро, Куала-Лумпур* т.б.
3. Орыс және шетел қалалары көшелерінің, алаңдарының т.б. аттары орыс тіліндегі түрінде, бірақ орыс тіліндегі сын есім көрсеткішінсіз жазылады. Мысалы: *Садово-Кудринск көшесі, Уолл-стрит, Гайд-парк* т.б.



3. Қосарланған күрделі атаулардың жазылуына 5–6 мысал келтіріңдер.



Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізген құбылыс еді. Жаңа алфавит тілдің таза сақталуына мүмкіндік туғызды, әлемдік мәдениетпен араластырды (*Телжан Шонанов*).

Араб әріптерінің өзгергені рас. Олардың 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше, бұны өзгертушінің шеберлігі деп біліңдер (*Міржақып Дулатов*).



4. Төменде берілген сөздерді А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпбимен жазып көріңдер. Төте жазудың өзіндік ерекшелігі туралы «Төрт сөйлем» (пікір, дәлел, мысал, қорытынды) жазыңдар.

№	1912	1927	Латынша	Кирилше	Айтылуы	№	1912	1927	Латынша	Кирилше	Айтылуы
1	ا	ا	a	а	а	16.	ك	к	n	ң	ың/ің
2.	ا	ا	ə	ə	ə	17.	ل	л	l	л	ыл/іл
3.	ب	б	b	б	бы/бі	18.	م	м	m	м	мы/мі
4.	پ	п	p	п	пы/пі	19.	ن	н	n	н	ны/ні
5.	ت	т	t	т	ты/ті	20.	و	о	o	о	о
6.	ج	ж	c	ж	жы/жі	21.	و	ө	ö	ө	ө
7.	د	д	d	д	ды/ді	22.	ۇ	у	u	ү	ү
8.	ر	р	r	р	ыр/ір	23.	ۇ، و	ü, w	ü, w	у, ү	у, ү
9.	ز	з	z	з	ыз/із	24.	ه	e	e	e	e
10.	س	с	s	с	сы/сі	25.	ی	ы	y	ы	ы
11.	ش، ش، ش	ш	s, c	ш	шы/ші	26.	ی	i	j	i	i
12.	غ	ғ	Q	ғ	ғы	27.	ی	ï	ü	и	й
13.	ق	қ	q	қ	қы	28.	ه	e	e	e	ие
14.	ك	к	k	к	кі						
15.	گ	г	g	г	гі						
				дәйекше						дәйекше	

Ар, тал, тас, ор, нан, арлан, жаз, жұлдыз, шаң, алғыс, сән.



5. Мәтінді мұқият оқып, бүгінгі сабақтан ойларыңды қорытындылап, «Бұрын қолданылған араб жазуын А.Байтұрсынұлы не үшін реформалады?» деген сұрақ бойынша эссе жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінің де өзгеден алған әліпбиі. Еуропа жұртының тұтынған әліпбиінің түбі – көне семит әліпбиі. Көне семит әліпбиін өз тіліне үйлестіріп финикий жұрты алған, онан грек, гректен латын, Еуропа жұрты алған. Түркі әліпбиінің түбі де көне семит әліпбиі, олардан куфалықтар, куфалықтардан араб өз тіліне үйлестіріп алған. Арабтан иран, түрік және басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліпбиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған. Өз тілдерінің дыбыстарына қарай өзгеріс кіргізіп алған. Тіліне әліпбидің артығы болса, алып тастаған, кемтігі болса, әріп қосып толықтырған.

(Ахмет Байтұрсынұлы)



1. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар.

Бүгінде егеменді еліміздің болашағы үшін, әлемдік шеңберде дамуы үшін латын жазуына көшуі маңызды болып отыр. Сондықтан бұл істе баршамыз «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығаруымыз керек.

Латын әліпбиі б.з.д. VII ғасырда пайда болып, б.з. 100 жылы қазіргі қолданылып жүрген 23 әріп қабылданған. Ең алғаш латынға көшу мәселесін XIX ғасырда иран ғалымы Малкомхан ұсынғанмен, иран жерінде мұны іске асыру мүмкін емес еді. Оны өзірбайжан жазушысы Мирза Ахундов қолдаған, 1924 жылы Бакуде өткен конференциядан кейін Өзірбайжан елі латынға көшті. Қазақстан латынға 1929 жылы көшкенімен, арагідік толықтырулар мен өзгерістер болып тұрды. Мәселен, 1930 жылы бас әріптері бекітілсе, 1938 жылы әріп саны 29-дан 34-ке жетті. Дегенмен латын әліпбиі тәжірибеде бұрын да қолданылған. Орта ғасыр жазба мұрасы «Кодекс Куманикус» атты қыпшақ тілінің жиілік сөздігі көне латын әрпімен жазылған.

1940 жылы 10 қарашада Кеңес Одағындағы халықтардың бәрі дерлік бірыңғай кириллицаға көшкен еді. Бұл жазуға да толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, 1957 жылы ғана 42 әріп болып нүктесі қойылды.

Көне грек жазуының нұсқасына негізделген кириллица – славян әліпбиі, яғни барлық славян халықтарына тиесілі. Кириллица деп аталуы осы жазудың негізін салған Константин-Кирилл есімімен байланысты екендігі белгілі. Кириллица әліпбиі Ресейге X–XI ғасырларда христиан діні арқылы енгізілді. Ал түркі халықтарына бұл әліпбиді енгізу мәселесі 1861 жылы көтерілген. Сол жылы миссионер

a	b	c	ç	d	e	ә
<i>a</i>	<i>b</i>	<i>c</i>	<i>ç</i>	<i>d</i>	<i>e</i>	<i>ә</i>
ا	ب	س	چ	د	ه	ا
g	q	h	i	j	k	l
<i>g</i>	<i>q</i>	<i>h</i>	<i>i</i>	<i>j</i>	<i>k</i>	<i>l</i>
س	ق	ه	ي	ج	ك	ل
m	n	ñ	o	ө	p	q
<i>m</i>	<i>n</i>	<i>ñ</i>	<i>o</i>	<i>ө</i>	<i>p</i>	<i>q</i>
م	ن	ن	و	و	پ	ق
r	s	t	u	v	y	ь
<i>r</i>	<i>s</i>	<i>t</i>	<i>u</i>	<i>v</i>	<i>y</i>	<i>ь</i>
ر	س	ت	و	و	ي	ь

Н.И.Ильминский қазақ тілі мен әдебиетін кириллицамен жазды. Кейін В.Радлов, Ы.Алтынсариндер де қолдап, еңбектерін осы әліпбимен жазғаны белгілі.

(Қасиет Молғаждаров)



1. Қолданыстағы қазіргі жазуымыз қалай аталады?
2. Жазудың өзгеруіне не ықпал етеді деп ойлайсыңдар?
3. Жазуға байланысты қазір қоғамда қандай мәселе бар?



2. Мәтіндегі бас әріппен жазылуы тиісті сөздерді табыңдар, ережесімен бірге кестеге түсіріңдер.

Үлгі:

Бас әріппен жазылатын сөздер	Ережесі
Қазанғап Байболұлы	Адамның аты, тегі бас әріппен жазылады

Қазанғап байболұлы 1891 жылы қазіргі төлеби ауданы ұзынарық ауылында дүниеге келіпті. Алдымен арабша сауат ашқан. Кейіннен латыншаны, одан соң кириллицаны меңгеріп, өмірін бала оқытуға арнаған. Дүниеден озғанша мектепте мұғалім болып еңбек етті, айтыс ақыны ретінде танылды. Оның нартай бекежановпен сөз сайысы таңдаулы айтыс ретінде сақталды. Ол өзінің «еңсегей бойлы ер есім», «төле бидің тарихы» еңбектерінде есім хан, төле би тұлғаларын тануға үлес қосты. Әлі де зерттелмеген қолжазбалары бар. Сондықтан қазанғап есімі әлі де талай зерттеушіге азық болары анық.

(Нұрмахан Кенжехан)



3. Бас әріппен жазылатын күрделі атаулардың жазылу ережесін, мысалдарын кестеге жазыңдар.

Бас әріппен жазылатын күрделі атаулар	Ережесі	Мысалы
Тіркесті жалқы есімдер		
Біріккен жалқы есімдер		
Қысқарған жалқы есімдер		
Қосарланған жалқы есімдер		



4. Мәтінді оқып, «Қай әліпбиге көшкен дұрыс?» тақырыбында ойталқы өткізіңдер. Қорытынды жасаңдар.

Сонымен, «қазақ жазуын реформалау қажет пе, жоқ па? Қажет болса, латынға көшпей-ақ кирилшенің өзін де реформалауға болмай ма?»; «Әліпби ауыстырсақ, бұрынғы рухани құндылықтырымыздың бірі – Орхон әліпбиіне көшейік»; «Төте жазуға қайта оралайық» деген ұсыныстардың төңірегіндегі пікірталасты қайта өрбіткеннен гөрі, шешім қабылдайтын кез келді. Елбасы айтқандай, латынға көшуді қарастыратын уақыт болды. Таңдау, талғау кезеңінен өткен сияқтымыз. Ендігі кезекте латын әліпбиіне көшудің амалдарын саралап, қоғамдық пікір мен жобаларды ғылыми талдаудан өткізу, әліпби реформасының Қазақстан үшін тиімді моделі мен мемлекеттік бағдарламасын жасау міндеті тұр.

(Нұргелді Уәли)



5. Ойталқыдан түйген ойларыңды қорытындылап, қазақ жазуының болашағы туралы жинақы мәтін жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.



6. Ойларыңды жинақтап, «Латын графикасына көшу – заман талабы» деген тақырыпта эссе (сөз саны – 80–100) жазыңдар. Ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің пікірлерін қатыстырыңдар.



БӨЛІМ

АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

ФОНЕТИКА

СӨЙЛЕУ АҒЫМЫНДАҒЫ ӘУЕН, ӘУЕЗ,
ТЕМБР, ҚАРҚЫН, КІДІРІС

Тарауды оқып-білу арқылы:

- сақтардың өзіндік қайталанбас мәдениетімен танысып, қазақ тарихына орныққан көріністеріне көз жеткізесіңдер;
- билер сөздеріне тілдік талдаулар жасап үйренесіңдер;
- Шәкәрім Құдайбердіұлының даналық ойларын оқып, жақсы және жаман қасиеттер туралы ой түйесіңдер;
- қазақтың киіз үйі, домбырасы мен күйлерінің құдіретін танытатын деректермен танысып, ұлттық құндылықтар туралы тәлім аласыңдар;
- әлемдік өркениет – Ұлы Жібек жолы туралы тарихи деректермен таныс боласыңдар;
- әлемнің жеті кереметі жайлы қызықты ақпараттарды тілдік бірліктерді танумен ұштастыра отырып оқисыңдар;
- түркілердің ислам тарихына араласуы жайлы тарихи мәліметтермен танысасыңдар;
- тілдік тұрғыдан талдаулар жасап, грамматикалық білімді меңгересіңдер.

**Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым,
ар, мінез деген нәрселермен озады.**

(Абай)

§1.

Сақтар және олардың мәдениетінен не білеміз?



1. Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндегі ең басты мәселені анықтаңдар.
2.	Мәтін түрін (өңгімелеу, сипаттау, талқылау) анықтаңдар.
3.	Тірек сөздерге қатысты 4 ашық сұрақ құраңдар.

Сақтар – қазақ тайпаларының ежелгі ата-бабалары. Оны Алматы қаласының төңірегіндегі сақтардың қоныстары, қорғандары мен мола-бейіттері айғақтайды. 1969 жылы Алматы облысының Есік қаласы маңындағы қорғандардың орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмысы кезінде екі мола табылды. Оның біріншісі тоналған, ал екінші моладағы мүрде тұтастай бүлінбей сақталған. Антрополог-ғалымдардың анықтауынша, табылған сақ көсемінің жасы 17–18 шамасында, бойы – 1 м 65 см. Сақ көсемінің үстіндегі киімі теріден жасалып, 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Бас киімі биік, шошақ төбелі, ұзындығы – 70 см. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, саусағына екі алтын жүзік таққан, қамзолы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге қызыл қынапты ұзын семсер, қынға салынған темір қанжар ілінген. Мойнындағы алтын алқасында жолбарыстың басы, қанатты және мүйізді жылқылар, таутеке, барыс, арқарлар мен түрлі құстар бейнеленген.

Бұл тарихи ескерткіш киімінің алтынмен соншалықты бай безендірілуінен «Алтын адам» деген атқа ие болып, әлем ғылымы тарихына енді.

Сақтар өзіндік қайталанбас мәдениетін, жазбасын, аңыз өңгімелері мен қолөнерін қалыптастырды. 1969–1970 жылдары Есік қорғанынан табылған күміс тостағанда руна тәріздес 26 таңбамен екі жолға жазылған жазу анықталды. Бұл жазудың құндылығы – сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығы. Сақтардың сәндік-зергерлік қолөнері «аң стиліндегі өнер» деген атпен әлем тарихына белгілі болды.

Әлем мәдениетіндегі жарқын мысалдардың бірі – сақ мәдениеті.

(Ахмет Тоқтабай)



1. Археологиялық қазба жұмысының жемісті еңбегін қалай бағалауға болады?
2. «Алтын адамнан» нені байқадыңдар?
3. Сақтар немен айналысқан?
4. Тостағандағы жазулар арқылы қандай ой түйдіңдер?



Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері

Интонация көркем мәтінді бейнелеу қызметін атқарады, мәтінді ертүрлі мағыналық бөліктерге бөледі, тыңдаушыға эмоционалды-эстетикалық қырынан әсер етеді, сөйлеу ағынына сай сөйлем құрамындағы сөздердің байланысын қамтамасыз етеді.

Әуен, әуез, қарқын, кідіріс – интонацияның негізгі құрамдас бөліктері. Сөйлеуде, көркем әдебиетті мәнерлеп оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін дұрыс пайдалана білу сөздің мағыналы әрі мәнді болуына әсер етеді.



2. Оқылым мәтінінің алғашқы азатжолын мәнерлеп оқып көріңдер. Сызықшаның, үтірдің т.б. тыныс белгілерінің қойылу мәніне үңіліңдер. Тыныс белгілерінің интонацияға қатысы бар-жоғын анықтаңдар



3. Сақ патшайымы туралы драмадан алынған үзіндіні сөйлеу мәнеріне сай рөлге бөліп оқыңдар.

Кир. Сонымен, «атым – Шұғыла» депші. Томирис ханша етектінің көркемі деуші еді. Бірақ көрік жағынан сенімен теңдесер ме екен?

Томирис. Екеуіміз бір ананың сүтін ішкен туыспыз. Сонан да болар, бір-бірімізге ұқсаймыз.

Кир. Патшайымға айта бар: патшалардың патшасына бас исін, жерін сауғаға беріп, елі етегіме келіп тығылсын!

Томирис. Жер көшпейді. Халық өшпейді. Байтақ жер, байтақ ел сенің етегіңе сыя қоярма екен?!



Кир. Біз Құдайдың сүйікті құлымыз. Қанымыз қасиетті, діліміз таза. Тағы тайпаның игі жақсылары бізге қызмет етсін. Сарбаздары сапқа тұрсын. Қойшы-қолаңы құл болуға жараса жетіп жатқан жоқ па?!

Томирис. Бұл – сенің ойың. Оған Томирис патшайым көне қояр ма екен?

Кир. Жаратқанның бұйрығы – осы. Жазмыштан ешкім қашып құтылмайды.

Томирис. Жаратқаның Тәңірге тән шығар. Ғұмырлықтың Құдайы бір басқа, зұлымдықтың Құдайы бір басқа. Ендеше, Томирис патшайымның таңдауға еркі бар екен ғой... Демек, біздің елге зұлымдықпен келсең, сені зұлымдық қарсы алады.

(*Шахмарден Құсайынов*)



4. Мәтінді осы үлгідегі қызық мәліметтермен толықтырыңдар.

Грек тарихшысы Ктеси: «...Сақ әйелдері ержүрек келеді. Соғыста ерлерімен бірдей қайрат көрсетеді, ерлеріне көмектеседі», – десе, екінші бір автор А.Александр: «...Соғыста ерлермен бірдей садақтан оқ ататын сақ әйелдерін білемін», – деп жазды.

(*Ахмет Тоқтабай*)



Есік қорғанынан Алтын адам табылғаннан бері оның бірнеше рет көшірмесі жасалған болатын. Алтын адамның сүйектерін жинап, киімдерін, әшекей бұйымдарын қалпына келтіруге үш жылын сарп еткен ғалым Кемел Ақышевтің жасаған алғашқы реконструкциясы көптеген шетелдердегі көрмелерге апарылған болатын. Ал қазір еліміздегі мұражайларға Алтын адамның Қырым Алтынбеков жасаған көшірмелері



қойылған. Түпнұсқаның алғашқы көшірмесін арнайы технологиямен сыртын алтынға ұқсатып алюминийден істеген. Ал Қырым Алтынбектің екінші көшірмесі түсті металдан жасалып, алтын жалатылған.

(*alashainasy.kz*)



5. Екі топқа бөлініп, екі түрлі көзқарасты жақтап, ойталқы өткізіндер.

Еліміздегі мұражайларда Алтын адамның көшірмелері қойылған. Метрополитенде, Луврда, Эрмитажда мұндай құнды дүниелердің түпнұсқасы қойылады. Рухани, патриоттық мәні зор, құнды мұраның түпнұсқасын халық көзімен көріп жүргені жөн бе, әлде көшірменің қойылуын құптайсыңдар ма?



6. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, оқылым мәтінінің тезисін жазыңдар.

Тезистік жоспар құруға арналған кеңес:

1. Мәтінді бірнеше рет оқып шығыңдар.
2. Негізгі ой желісін үзбей беретін сөздер мен сөйлемдерді, азатжолдарды жазып алыңдар.
3. Негізгі ақпараттан қосымша ақпаратты ажырата біліңдер. Қосымша ақпараттың маңызы аз. Тезистік жоспар құруда әдеби көркем сөздердің де қажеті жоқ.
4. Мәтін мазмұнын қысқаша баяндап, тезистерді ретімен нөмірлеп шығыңдар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Алтын адамның суретіне қарап, тілдік құралдарды орынды пайдаланып, сипаттама мәтін жазыңдар. Сөз саны – 50–60.
 2. Сабақтан алған ақпараттарың бойынша «Ұлы Дала өркениеті» тақырыбында эссе жазыңдар. Сөз саны – 80–100.



1. Мәтінді оқып, билерге тән қасиеттерді «Кластер» әдісімен талдаңдар. Мәтіннің тақырыбын, түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), жанрын анықтаңдар.



Қазақ елінің мыңдаған жылдан бері ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билер сотының алар орны ерекше. Ұлтымыздың өзіне тән құқықтық мәдениеті, оның халық алдындағы беделі мен рөлінің жоғары болуына билердің сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Хатқа түскен тарихи жылнамалар мен ауызша жеткен деректерге зер салып көрсек, ел басқаруда халыққа етене жақыны, біліктілігімен сұңғыла шыққандары – билер ғана. Көшпелі тіршілік кешкен ата-бабаларымыз табиғаттың өзі сыйға тартқан тазалықты, адалдықты ар-ұжданның серті деп білген. «Табиғатты Құдай жаратқан» деген қағиданы ұстанған олар Құдай алдында жаманатты болмау үшін имандылықтан аттап кетпеген, ары мен намысына сызат түсірмеген.

Билер – біртұтас мемлекеттік билік ісіне қосқан үлесімен, ел басқарудағы көшпелі іс, көсемсөз, даналығымен танылған құрметті тұлғалар. Ел басына күн туған қиын сәтте халқына пана бола білген қорғаушысы әрі қолдаушысы. Халық жадында «Елге бай құт емес, би – құт» немесе «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге күш» деген ерте заманнан келе жатқан даналық сөздер билердің мемлекет алдындағы беделінің тым жоғары бағаланғанын көрсетеді. Бидің бойынан табылатын

асыл қасиеттерге имандылық, әділдікке қылау түсірмейтін турашылдық, өмірден көргені көп біліктілігі, майдан қыл суырғандай тауып сөйлейтін шешендігі жатады. Билер – ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын, шежірелі тарихын, шаруашылығын, жер-судың қадір-қасиетін, бітім-болмысын жетік білетін, ой-өрісі өзгеден жоғары жандар. Қызыл сөзді судай сапырғанның бәрі бірдей би атана бермеген. Бойындағы мұндай асыл қасиетін халыққа таныта алған, дауға түскенде топ алдында алмастай жарқылдап, қабілет-дарынын көрсете білген адам ғана «би» деп танылған.

(Қайрат Мәми)



1. Халықтың биге ғана сенуінде қандай сыр жатыр?
2. Би деп тану үшін адамда қандай асыл қасиеттер болуы керек?
3. Сөзге шешен адамның барлығы бірдей би бола алмайтынын байқадыңдар ма?
4. «Майдан қыл суырғандай», «қызыл сөзді судай сапырған» тіркестерінің астарлы мәнін ұғындырыңдар.



2. Ойтүрткі сұрақтарына берген жауаптарыңды «Бестармақ» («Синквейн») тәсілі арқылы тиянақтап, «Би» сөзіне қатысты өзіндік түсініктеріңді нақты сөздермен келтіріңдер.

Бірінші тармақ (жол) – 1 зат есім.

Екінші тармақ – 2 сын есім.

Үшінші тармақ – 3 етістік.

Төртінші жол – 4 сөзден тұратын сөйлем.

Бесінші жол бір синоним сөзден тұрады.



3. «Қазыбек би мен Бұқар жырау» жазбасындағы (www.youtube.com) шешендік сөздерді тыңдап, астарлы ойды анықтаңдар, өзара ой бөлісіңдер.



Интонацияның басты құрамдас бөлігі – **әуен**. Ауызекі сөйлеу тіліндегі сөйлем әуенсіз ешбір тиянақты ойды білдіре алмайды. Сөйлеу тілінің ағысын бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен мен кідіріс. Әуен арқылы ойымызды хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті етіп жеткіземіз, тыңдаушы оны дұрыс қабылдау мүмкіндігіне ие болады.



4. Төле бидің батасын әуені мен сөйлеу мәнеріне сай оқыңдар. Кімнің мәнері ұнады? Неге? Пікірлеріңді дәлелдеп жазыңдар. Өлеңнің мәнін түсіндіріңдер.

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты, сонда Төле би былай деген екен:

– «Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа», не қалайсың, балам? – депті.

Жетес бала:

– О, қасиетті, баба! Ат берсеңіз, өліп қалады, тон берсеңіз, тозып қалады. Ат пен тонға бергісіз, өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз, соған ризамын, – депті.

– Онда қолыңды жай, балам, – деп, Төле би былай бата берген екен:

Бір үйдің баласы болма,
 Көп үйдің санасы бол!
 Бір елдің атасы болма,
 Бар елдің данасы бол!
 Бір тонның жағасы болма,
 Көп қолдың ағасы бол!
 Ақты ақ деп бағала,
 Қараны қарала.
 Өзегің талса, өзен бойын жағала,
 Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
 Өзіңе-өзің кәміл бол,
 Халқыңа әділ бол,
 Жауыңа қатал бол,
 Досыңа адал бол!

(«Шешендік сөздер»)



5. «Ғибратты сөз» айдары мәтініндегі даналық сөздерге «Қос жазба күнделігін» толтыру арқылы түсініктеме беріңдер.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



6. Билердің шешендік сөздерінен халқымыздың құқықтық мәдениетін айғақтайтын мысалдар тауып жазыңдар. Сыныптастарыңа әуенімен оқып беріңдер.



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Жағымды және жағымсыз қасиеттер туралы негізгі ойды анықтап, өзіндік ой тұжырымын жасаңдар.

Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін – тән мақсұты, бірін – жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көкसेген адам зұлымдық, қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көкसेген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды. Осыны біле тұра адамның қиянатшыл, мақтанқұмар болатынының себебі: адам жас күнінде тәжірибесіз балалықпен сәнді киімге, кеңесшіл кердеңдікке қызығып, соған құмар болады. Бір адам сайтанға махаббат көзімен қарап әдеттенсе, аздан соң сайтанды біржолата періште деп біліп, өз қылығын өзі сынай алмай қалады...

Мінеки, достар! Зұлымдық, қиянат қылып әдеттенгендердің қоя алмайтыны да, адамшылық арды бұзбауға құмарланғандардың адал еңбек, ақ ниеттің жолында құрбан болатындары да әдетке айналып, шын құмар болып кеткендіктен болады. Адамның бәрі бала болып, ақылы жай толатындықтан, сәнқойлық, көрсеқызар, мақтанқұмарлықты бірінен-бірі көріп, тәлім алады. Өзін-өзі тексеріп, ол әдетті қалдырып, таза ақылға билету әлденеше мыңнан біреудің-ақ қолынан келеді.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)



1. Жан мақсұты мен тән мақсұтын қалайтындардың іс-әрекеттері сендерге қандай ой салды?
2. Соңғы азатжолдағы пікірге қалай қарайсыңдар?



Қарқын сөйлеу ағымын дыбыстап айту нәтижесінде түрленеді. Айталық, бір сөйлемді өте жылдам қарқынмен де, орташа, баяу қарқынмен де айтуға болады. Әрқайсысының тыңдаушыға әсері әртүрлі. Сөзді айтқанда орташа дыбыстау – қарапайым әрі кең таралған тәсіл.



2. Абайдың «Көзінен басқа ойы жоқ» (04. мр3) өлеңін тыңдап, автор көзқарасын, эмоционалдық мәні бар сөздерді анықтаңдар. Өлеңде көтерілген мәселе қазір де маңызды ма?

Эмоционалдық лексика не эмоционалдық мәні бар сөздер – сөйлеушінің бір затқа немесе құбылысқа эмоциясын, көзқарасын білдіретін сөздер.
Мақсұт – арман, мүдде, мақсат.



3. Тыңдау барысында Абай өлеңінің есте қалған 4 жолын жазып алып, өте жылдам қарқынмен, орташа және баяу қарқынмен түрлендіріп оқып көріңдер. Тыңдаушыға әсерін анықтаңдар.



4. Шәкәрімнің өсиет сөздерін мәнерлеп оқыңдар. Интонацияның құрамдас бөлімдерін тауып, түсіндіріңдер.

- Орынсыз ұмтылудан сақтайтын алты түрлі нөқта бар: олар – ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық. Ең әділі – ынсап, өзгелердің тізгіні сонда болуы тиіс.
- Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан, Анық төмен болмай ма хайуаннан?!
Ынсап, рақым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)



5. Жақсы және жаман қасиеттерді салыстырып, «Т кестесі» бойынша түсіндіріңдер.

Жақсы қасиеттер	Жаман қасиеттер



6. Екі топқа бөлініп, топтық жұмысты орындаңдар.
1-топ. Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр қасиеттерінің мәнін түсіндіріп, постер құрыңдар және қорғаңдар.
2-топ. Сақтық, ой, талап, намыс қасиеттерінің мәнін түсіндіру постерін құрыңдар және қорғаңдар.



7. Тыңдалым бөлімін негізге алып, «Адамзаттың асыл қасиеттері» тақырыбында мақала жазыңдар. Сөз саны – 100–120. Жазған деректеріңнің авторларына сілтеме жасаңдар.

§4. Қазақтың киіз үйі

1. Мәтінді оқып, тақырыбын, стилін, мәтін түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау) анықтаңдар.

Киіз үй – көшпенді тұрмыстың төл туындысы. Халқымыздың шебер үйшілері, шаңырақшылары, үйдің ағаш мүкәммалын, ағашыдыс-аяғын жасайтын ағаш шеберлерінің өнері өзіндік ұлттық ерекшелігімен бүгінге жетті. Киіз үй малшаруашылығы саласында қазір де пайдаланылуда. Киіз үй көшпенді тұрмыстың символы тәрізді болғандықтан, мал өсіруші қазақ, қырғыз, төжік, өзбек, моңғол т.б. ұлттар «киіз туырлықтылар» атанды.

Грек тарихшысы Геродот б.з.д. V ғасырда арғы ата-бабаларымыз – сақтардың киіз үйлерде отыратындығын жазған. Сол кезден бері сан мыңдаған шеберлердің қолынан шыққан 6 қанаттан 10, 12, 18 қанатқа дейін тігілген ақ ордаларды халқымыз қазіргі дәуірге дейін жеткізді.

Тарихта 30 қанатқа дейінгі алтын орданы хандар тіккен. Оның уық, кереге, шаңырақтары алтындалып жасалған. Алтын ордаларда хан-қағандар, бектер мен билер, төрелер мен уаңдар, болыс-билер отырып, билік жүргізіп, ел басқарды. Ел ішіндегі істерге кесім айтты.

Қазақ халқы киіз үй салтанатының бірін – торқалы тойында, бірін топырақты өлімінде көрсетті. Той өткізілетін яки ас берілетін жерге жүздеп үй тігіледі. Тойда үйлер шеңбер немесе бірнеше түзу сызық бойына қатарлап, көшелеп тігіледі.

(Әлима Ысқақ)



Мүкәммал – байлық, дәулет, игілік, қазына.

Уаң – қытай сөзі: әмірші.



1. Киіз үйдің қазақтан басқа да ұлттарда болуынан нені аңғардыңдар?

2. Грек тарихшысы Геродоттың зерттеулерінен қандай ой түйдіңдер?
3. Орта ғасырда мемлекеттердің Алтын орда, Ақ орда, Көк орда аталуы нені аңғартады?
4. Қазақстан Республикасы Президенті резиденциясының Ақорда аталуының себебі неде?



Кідіріс – сөйлеу ағымында болатын үзіліс. Кідіріс акустикалық жағынан дыбысталудың тоқтағанын білдіреді. Сөйлемдегі кідірістің орнына байланысты сөздердің өзара қарым-қатынасы мен мағынасы өзгеріп отырады. Мысалы: *Әнші балалармен кездесті* сөйлемінде кідірісті түрлендіру арқылы екі түрлі ой алуға болады: *Әнші // балалармен кездесті*. Кім кездесті? *Әнші балалармен // кездесті*. Қандай балалармен кездесті?



2. Кідіріс жасап оқудың ойды дұрыс түсінуде қаншалықты маңызы бар? Үлгідегідей мысалдар келтіріп көріңдер.

Үлгі:

Екі // қой қора салып жатыр. Екі қой // қора салып жатыр.



3. Топқа бөлініп жағдаяттық тапсырманы орындаңдар. Шарты: киіз үйдің жабдықтарын дұрыс тауып орналастырыңдар. Туырлық, түндік, үзік, сықырлауық, киіз есік киіз үйдің қай жерінде тұрады?



Киіз үйге шиді қандай мақсатта пайдаланған? Кереге мен туырлық арасына айналдыра ши тұтылады. Ол туырлықты кереге көгінің жыртуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі. Алуан түрге боялған қой жүнін орау арқылы тоқылған шиді «шым ши» деп атайды. Ши кейде туырлықтың сыртынан да ұсталады. Сонымен бірге ши тамақ қоятын сол жақ босағаға да тұтылады.

(wikipedia.org/wiki)



4. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдары мәтінін интонацияның құрамдас бөліктерін сақтап оқыңдар.

2-деңгей. Берілген иллюстрациялар бойынша диалог жазыңдар.

3-деңгей. Драма жанрындағы көркем шығармадан үзінді алыңдар. Әуен, қарқын, кідіріс, интонацияның негізгі құрамдас бөліктерін түрлендіре оқып, жаттығыңдар.



5. Топтарға бөлініп, әр топ киіз үйді ғылыми тұрғыдан сипаттап, сұхбат құрыңдар.

1. **Тарихшылар тобы** киіз үйдің шығу тарихы, киіз үйдің атқарған қызметі туралы таратып айтады.

2. **Математиктер тобы** киіз үйдің сәулет өнерінің туындысы екенін, оның күрделі геометриялық бөлшектерден тұратындығын дәлелдейді.

3. **Физиктер тобы** киіз үйдегі физикалық заңдылықтар туралы сөз қозғайды.

4. **Астрономдар тобы** киіз үйдегі астрономия заңдылықтары туралы айтады.

5. **Этнографтар тобы** киіз үйдегі қолөнер бұйымдарына түсінік береді.



6. Ойларыңды тұжырымдап, «Киіз үй – ата-бабадан қалған ұлттық құндылық» тақырыбындағы мақаланың тезисін жазыңдар.



7. Өздерің ізденіп, «шаңырақ» және «қара шаңырақ» ұғымдарына түсінік беріңдер. Киіз үй бөліктеріне байланысты айтылатын бата-тілектерді жазыңдар.

§5. Күй құдіреті

1. Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар.

Қазақ күйінің тарихы әріде жатыр. Күйді ел тарихынан бөліп қарау мүмкін емес. Күйде халықтың қайғы-қасіреті, азат өмірге ұмтылысы, әділетсіздікпен күресі көрініс тапты.

Біз «Күй атасы – Қорқыт» дегенімізбен, өнер зерттеушілері Қорқытқа дейін де күйдің «өмір сүргендігін» дәлелдейді. Көне күйлердің әуен-сарыны ертедегі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, көк түріктер және басқа да тайпалар өмірінен бастау алатынын алға тартады. Бұған мысал ретінде халық күйлері аталып жүрген «Аққу», «Кеңес», «Бозайғыр», «Сарыөзен», «Шұбар ат» және басқа да туындыларды келтіреді.

Күй – қазақтың жансерігі, мұңдасы, сырласы. Күйдің ғажаптығы сол: адам боп өмір сүруге, жақсылыққа, ізгілікке ұмтылдырады. Күй тыңдап, күйді түсінген пенде жамандыққа, арамдыққа бара алмайды. Күй құдіреті деген – осы.

Еліміздің батыс өңірінде төкпе күй кеңінен қанат жайды. Құрманғазының «Сарыарқасы» мен «Адайын» алайық. Нағыз төкпе күйлер – осылар. Аталған шығармаларды тыңдағанда бойды ерекше сезім кернейді. Ұлан-ғайыр қазақ даласы көз алдыға елестейді: желмен жарыса жүйткіген жылқылар, ат үстіндегі қолын сермей, жүзі жайнап бара жатқан бала. Құрманғазыны халықтың мұңы, армантілегі бейжай қалдырмады. Отаршылдардың қиянатын, зомбылығын көрді. Қазаққа азаттықтың, бостандықтың тезірек келуін күтті. Оның «Кісен ашқан», «Көбік шашқан», «Аман бол, шешем, аман бол», «Кішкентай» т.б. күйлері сол уақыттағы заман тынысын паш етеді. Исатай бастаған халық көтерілісін өзек еткен «Кішкентай» күйінен өрлік, өжеттік екпіні сезіледі. Кедергілерден қаймықпайтын халық күшін, халық қуатын аңғартады.



Шертпе күй елдің шығысынан, Арқа жерінен бастау алып, оңтүстікке тарайды. Шертпе күй сөз болғанда, алдымен, аузымызға Тәттімбет түседі. Тәттімбет күйлері сырлы сезімге, тебіреніске, толғанысқа толы. Тәттімбет күйлерінің тақырыптары сан қырлы. «Қашқан қалмақ», «Ноғай – қазақ», «Азамат Қожа», «Бес төре» ел ішіндегі нақты оқиғаларға арналса, «Бозторғай», «Қара жорға», «Салқоңыр», «Алшағыр» күйлеріне құстарды, жануарларды арқау етеді. «Былқылдақ», «Сарыөзен», «Шайыр қалды», «Сарықамыс» туындылары табиғат құбылыстарын сипаттайды. Тәттімбет күйлері үлкен толғаныспен, шынайы сезіммен өмірге келген. Солардың бірі «Бес төре» – адамдар арасындағы теңсіздікті көрсеткен мағынасы терең күй. «Сылқылдақ» күйі бейнебір махаббат жыры іспетті. «Қосбасарда» да әдемілік, сұлулық үйлесім тапқан.



«Күй – өмір, күй – тағдыр» деген пікірдің айқын дәлелі – осы.

(Нұрперзент Домбай)



1. Құрманғазы күйлерінің құдіретін сезіне алдыңдар ма?
2. Тәттімбеттің күйлерінен нені аңғардыңдар?
3. Күй өнерінің қасиеті туралы қандай ой түйдіңдер?



2. Оқылым мәтіні бойынша жалқы есім сөздердің жазылуы туралы жазбаша анализ жасап, кестеге түсіріңдер.

Үлгі:

Бас әріппен жазылатын сөздер	Ережесі



«Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» секілді жүрекке жағымды әсем әндердің авторы – ұлы Абай өзіндік мәнерімен ерекшеленетін күйлерді де өмірге әкелген. Бұған куә – «Май түні», «Торы жорға», «Майда қоңыр», «Абай желдірмесі» күйлері.

(Нұрперзент Домбай)



Әуез (тембр) арқылы дауыс ырғағын өзгерте отырып, сезім-күйді (қуаныш, реніш т.б.) білдіруге болады.

Сөйлемде, сөз ағымы бөліктеріндегі әуен, әуез, кідіріс, дауыс қарқынының үйлесімі интонацияны құрайды.



3. «Адай» күйін тыңдаңдар (www.youtube.com). Тыңдаған кезде көз алдарыңа нені елестеттіңдер? Пайымдау арқылы жеткізіңдер.



4. Күйден алған әсерлеріңді 5–6 сөйлеммен жазыңдар. Әуен, әуез, қарқын, кідірісті сақтап, бір-біріңе оқып беріңдер.



5. Оқылым мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жұпта кезекпен жауап беріп, сұхбаттасыңдар.

Сандар	Мәтінде неше күйшінің есімі аталады?
Сөздер	Мәтіннен 4 тірек сөзді ата.
Адамдар	Мәтін кімдерге арналған?
Сезімдер	Күй өнерін сипаттаған сөздер қалай әсер етті?
Табиғат	Әңгіменің табиғатқа қатысты қандай тұстары бар?
Әрекеттер	Күйшінің қимылын 3 сөзбен сипатта.
Дыбыстар	Домбыра үнін 3 сөзбен сипатта.
Көзқарастар	Күйшілік өнер туралы көзқарасыңды 3 сөйлеммен жеткіз.



6. Тақырып бойынша меңгерген мәліметтерді негізге алып, оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар. «Т кестесіне» түсіріңдер.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар



7. Әдеби тіл нормаларын сақтап, бір күйдің шығу тарихы туралы (120–130 сөз) мақала жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Әуен, әуез, кідіріс, дауыс қарқынының үйлесімін сақтай отырып, сыныпта бір азатжолын оқып беріңдер.



1. Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндегі ең басты мәселені анықтаңдар.
2.	Мәтіннің стилін анықтаңдар. Белгілі бір стильде жазылғанына 3 дәлел келтіріңдер.
3.	Тірек сөздерге қатысты 4 ашық сұрақ құраңдар.
4.	Картадағы қалалар мен елдердің қазіргі атауларын атаңдар.



Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасырда Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің араласуының, сауда байланыстарының маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ бөлігі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті.

Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы – жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып, тарихқа енді.

Ұлы Жібек жолы Чаңаннан (қазіргі Ши-ан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 шақырымнан асады. Шығыста Қытай империясынан басталып, батыста Рим империясында аяқталды.

Ұлы Жібек жолының бойында еуразиялық көшпелілер біртіндеп өркениеттенуді бастарынан өткізді, олар өз ордаларын, қалаларын, керуен сарайларын салып, саудаға бақылау жүргізді. Отырықшы өркениет көшпелілердің қару-жарақ, ат әбзелдерімен, әртүрлі бұйымдарымен танысып, өздеріне қабылдады. Қазіргі жаһанданудың алыс үлгісі ретінде Ұлы Жібек жолы Ұлы географиялық ашуларға дейін өмір сүрген. Өркениеттің индустриялық толқынына түрлі себептермен ілесе алмады.

(Аида Сапарбаева)



1. Жолдың «Ұлы Жібек жолы» атануы неліктен?
2. Мәтінде кездескен күрделі атаулардың жазылу ережесін дәлелдей аласыңдар ма?
3. Ұлы Жібек жолының тарихы қандай ой салды?



Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет ретінде жеке шаңырақ құрған кезден бастап, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сол көне Жібек жолын жаңа қырынан қайта тірілту мәселесін алдына стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде қойған-ды... Қазақстан өз тәуелсіздігіне ие болысымен, қос құрлықтың ортасындағы алтын көпірге айналу мақсатында автокөлік және теміржолдарын салып, мұнай мен газ құбырларын тарта бастады. Біздің болашағымыз үшін өте зор маңызы бар бұл істің туындау себебін Елбасымыз өзінің халыққа Жолдауында былайша атап көрсетті: «XV ғасырдың соңына дейін Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды өңірі болып келді. Біздің өңіріміз Шығыс пен Батысты жалғап жатты. Жібек жолының саябыр тартуы Орта Азияны мешеу шет аймаққа айналдырды. Тәуелсіздік алғаннан кейін біздің өңіріміз соңғы 500 жылда алғаш рет әлемдік экономика үшін

қайтадан маңызға ие болды. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді нығайтып келеміз. Әлемдік нарыққа бағалы тауарлар – мұнай, газ, кен, ауылшаруашылығы шикізатын шығаратын өңірге айнала бастадық. Қазірдің өзінде шамамен көне Жібек жолының бойымен өтетін ХХІ ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырларының, авто және теміржолдарының сұлбалары айқындала бастады».

(«Егемен Қазақстан» газетінен)



2. Елбасы пікіріндегі негізгі ұғымдарға «Қос жазба күнделігі» арқылы түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)



3. Мәтіндердегі тыныс белгілерінің сөйлеу ағымына әсері бар ма? Жазбаша талдау жасап, кестеге түсіріңдер.

Тыныс белгілері	Түсінік
Бастауыштан кейін қойылатын сызықша	
Бірыңғай мүшелер арасындағы үтір	
Сөйлем ішіндегі қос нүктенің қойылуы	



4. Қазіргі Қазақстанның әлемнің дамыған елдерімен саяси және экономикалық қарым-қатынасын «ЭКСПО-2017» көрмесімен байланыстыра әңгімелеңдер. Ойларыңды тұжырымдаңдар.

Аргументативті эссе даулы тақырыпқа жазылады. Авторы «қосыламын» немесе «қарсымын» деген көзқарасын қорғайды. **Мақсаты** – аудиторияны белгілі бір көзқарасқа сендіру, басқа емес, тек сол ұстанымның тиімді екенін айқын тұжырымдап, қорытынды жасау.



5. Әдеби тілдік норманы сақтай отырып, «Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет» тақырыбында аргументативті эссе (100–120 сөз) жазыңдар.



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Екі топқа бөлініп, бір-біріңе мәтін бойынша сұрақтар дайындап, жауап беру арқылы әлемнің жеті кереметін талдаңдар.

1. Ұлы Қытай қорғаны – әлемдегі ең ұзын қорған. Оның ұзындығы 8850 километрден асады. Қорған құрылысы б.з.д. III ғасырда салына бастады, екі мың жыл бойы қытай халқы қорғанды жалғастырып, оны одан әрі ұзартты. Қытай қорғанының кей жерлері эрозияға ұшырап, қиратылды. Кей жерлері Мао Цзе Дун заманында күрделі жөндеуден өткен. Қорғанға Қытай астанасынан теміржол және автобус арқылы қатынауға болады.



2. Тәж-Махал кесенесі Үндістанның Агра қаласында орналасқан. Бұл кесенені VII ғасырдың ортасында Жаһан шах сүйікті жары Мұмтаз-Махалдың құрметіне салдырған. Мұмтаз-Махал 14-баласын дүниеге алып келген кезде өмірден өтеді. Айналасында субұрқақтарға толы саябағы бар, ақ мәрмәр тастардан қашалған ғимарат жыл сайын бірнеше миллион саяхатшыны қабылдайды. Үндістанның астанасы Нью-Дели қаласынан автобуспен немесе теміржол көлігі арқылы Агра қаласына барып, Тәж-Махалды көруге болады.



3. Колизей – Рим қаласында б.з.д. I ғасырда салынған әлемдегі ең үлкен амфитеатр. 50 мыңнан астам орны бар Колизейде бірнеше ғасыр бойы гладиаторлық



айқастар мен Рим тұрғындарына арналған мерекелік іс-шаралар өткен.

Колизей – тек Рим қаласының ғана емес, күллі Италия елінің тарихи ескерткіші, мақтанышы.

4. Петра – Иорданияда биік үйінді тас жартаста орналасқан қала. Қала әр кезеңде әртүрлі шапқыншыларға тиесілі болды. Әр шапқыншы қаладағы сәулет өнеріне өзіндік жаңа айшықтарын әкелді. Қала шөл даланы кезіп жүрген керуеншілерге арналған демалыс орны болатын.



Тар каньонда керуеншілер шөлдерін қандырып, ұзақ сапарға аттанатындар өздеріне молынан су толтырып алатын. Көне қала қазір де саяхатшыларды өзінің сәулетімен таңғалдыруда.

5. Рио-де-Жанейро қаласында бой көтерген Христос мүсіні темірбетон мен сабынды тастан қашалған. Қолдарын екі жаққа қарай жайған Христос мүсінінің биіктігі – 38 метр. Мүсін құрылысы 1922 жылы басталып, 9 жылға созылды. Жыл сайын бұл мүсінді көру үшін Бразилия еліне 300 000 адам келеді. Коркаваду тауында орналасқан Христос мүсініне кішкентай поезд арқылы немесе эскалатор арқылы көтерілуге болады.



6. Оңтүстік Американың Перу елінде асқар тау баурайында Мачу-Пикчу қаласы орналасқан. Теңіз деңгейінен 2,5 километр биіктікте орналасқан бұл қала 400 жылға жуық өмір сүрді. 1532 жылы инктер бізге беймәлім себептермен қаланы тастап кетті. 1911 жылы Америка ғалымдары көне қаланы табады.



Гибадатхананың қираған үйінділері, екі қабатты үйлері мен қоймалары сақталған Мачу-Пикчуға жету оңай емес. Агуас-Кальентес қалашығына теміржол көлігі арқылы жеткен соң, автобуспен Мачу-Пикчуға жетуге болады.

7. Чичен-Ица – Мексиканың Юкатан түбегінде орналасқан көне қала. Бұл қала майя өркениетінің дамуында мәдени және саяси рөл атқарды. Бірақ Чичен-Ица қаласы да иесіз қалды. Оның себебі әлі ашылған жоқ. Испан шапқыншылары құпия қалаға байланысты барлық қолжазбаларды жойып жіберген. Биіктігі 30 метрге жететін 9 сатылы Кукулькана пирамидасы – Чичен-Ица қаласының басты нышаны. Мысыр елінің пирамидаларымен салыстырғанда Кукулькана пирамидасы айтарлықтай кіші.

(*massaget.kz*)



Эрозия – су не желдің әсерінен бұзылу.

Амфитеатр – ойын-сауық көрсетілетін орын.

Эскалатор – адамдарды тасымалдайтын жылжымалы баспалдақ.

Майя – халық, үндістердің бір тайпасы.



1. Көне қалалардың тарихынан не байқадыңдар, олардың атқарған қызметі қандай ой салды?
2. Мәтінде бас әріппен берілген күрделі атаулар қандай ережеге сәйкес жазылған?
3. Адамзаттың қолынан шыққан бұл кереметтерге қандай баға берер едіңдер?
4. Неге бұларды «Әлемнің жаңа жеті кереметі» дейміз?



2. Жеті топқа бөлініп, оқылым мәтінін интонацияның құрамдас бөліктерін сақтап оқыңдар.



Біздің заманымызға дейін III ғасырда Ескендір Зұлқарнайын Кіші Азия, Орта Азия, Мысыр, Оңтүстік Үндістан аумақтарын жаулап алып, ұлы империя құрғаннан кейін,

саяхатшыларды қызықтыру үшін осы өңірлердегі 7 сәулет ескерткішін таңдаған.

Олар әлемнің жеті кереметі болып саналды.

1. Мысыр пирамидалары – ежелгі Мысыр перғауындарының өзіндік үлгідегі мазарлары. Б.з.д. XXVIII ғасырда салына бастады.
2. Бабылдың аспалы бағы. Б.з.д. VI ғасырда Вавилон әміршісі кіші әйеліне арнап жасатқан. Бақ ерекше тәсілмен аспалы баспалдақты сәкі-алаңшалар үстіне салынған.
3. Эфестегі Артемида ғимараты. Кезінде әлемдегі ең үлкен ғибадатхана болған, б.з.д. IV ғасырда соғыс алапатынан қираған.
4. Олимп тауындағы Зевстің мүсіні. Б.з.д. V ғасырда көне грек мүсіншісі Фидий піл сүйегінен алтындатып жасаған.
5. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы. Б.з.б. IV ғасырда салынған.
6. Жерорта теңізінің Родос аралындағы Күн Құдайы Гелиостың мүсіні, биіктігі 45 метр. Б.з.д. 285 жылы жасалған, б.з.д. 224 жылы жер сілкінісі кезінде қираған.
7. Александрия шамшырағы. Б.з.д. III ғасырда жасалған, мұнарасының биіктігі – 160 метр.

Бұлар – «Әлемнің алғашқы жеті кереметі».

(kk.wikipedia.org/wiki)



3. Өздеріңе ұнаған әлемнің бір кереметі туралы мақаланың тезистік жоспарын құрыңдар.



4. «Қазақтың жеті кереметі» жазбасын (www.youtube.com) көріңдер. Дәптерлеріңе жазып алыңдар. Пунктуациялық, стильдік түзетулер жасаңдар.



5. Тыңдалым бөлімінде баяндалған Қазақстанның жеті кереметінің бірі туралы зерттеу жасаңдар. Өзара ақпараттарыңмен бөлісіндер.



6. Грамматикалық, тілдік нормаларды сақтап, Қазақстанның жеті кереметі туралы аргументативті эссе (120–140 сөз) жазыңдар.



1. Мәтіндерді түсініп оқындар. Тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тілдік құрылымы мен стилі жағынан айырмашылығын анықтаңдар.

I

Ислам әлемінде VIII–XV ғасырлар аралығында дүниеге келген ғылыми жаңалықтар мен әдеби туындылар өлем мәдениеті мен өркениетінің даму барысына жаңаша қарқын мен бағыт берді. Соның ішінде түркінің ұлы ғалымдары мен ақындарының туындылары ислам өркениетіне мол үлес қосты. Түркілердің ислам тарихына араласуы VIII ғасыр аяғында басталады. Бұдан кейінгі кезеңде түркі тарихын ислам тарихынан бөле-жара қарастыру мүмкін емес.

Ислам тарихында Мұхаммед Мұстафаның пайғамбарлық кезеңін (610–632) рухани билік деп атасақ, пайғамбардан кейінгі саяси биліктің төрт кезеңі бар.

Бірінші кезең – ислам тарихындағы ең маңызды кезең. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болған соң, сахабалар кеңесінде мұсылмандардың тұңғыш халифасы болып Әбубәкір тағайындалды. Екі жыл халифат тағында отырды. Әбубәкірдің қазасынан кейін екінші халифа Омар (634–644), үшінші халифа Осман (644–656), төртінші халифа Әли (656–661) сайланды. Олар барлығы жиырма тоғыз жыл ислам әлемін биледі. Аталған төрт халифа «Рашедин халифалар» (турашыл халифалар) атаумен ислам тарихында танылды.

Екінші кезең Үмеййе әулеті билік құрған 660–750 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең халифат әскерінің түркі даласына қадам басуымен ерекшеленеді. Құтейбе ибн Мүслім (669–715) Хорасан өлкесінің (Иранның шығысындағы облыс) өкімі болған соң, Араб халифаты түркі даласына ештеп ене бастады. Оның бұл бастамасы Хорезмнен басталды. Құтейбе ибн Мүслім 712 жылы билікке қарсы топтардың көмегімен ешбір қиындықсыз Хорезмді жаулап алды. Содан соң Бұхара, Самарқан, Соғды, Шаш, Ферғана және тағы басқа уәлаяттарды жаулап алды. Құтейбенің жорықтары жеңісті нәтижелерге қол жеткізген соң, «Тұран», «Түркі елі» аталып келген

ел «Түркістан» атымен тарихқа енді. Бірақ Құтейбе де түркілерді толық бағындыра алмады.

Үшінші кезеңде Аббас тегінен шыққан Абдолла Сәффәх (722–754) Аббаси халифатын (750–1258) құрды. Осы кезеңде Түркістан да жаңа өзгерістердің куәсі болды. 751 жылы бірлескен халифат пен түркі қосыны қытай әскеріне қарсы Атлақ мекенінде ұлы жеңіске қол жеткізді. Сол оқиғадан кейін түркілер ислам дінін саналы түрде мойындай бастады.

Төртінші кезең Осман ибн Ертұғрол (1258–1326) негізін қалаған Османлы халифатының (1299–1323) бүгінгі Стамбұл қаласын жаулап алуымен ерекшеленеді.

Исламның саяси халифаты әлем өркениетіне, білімі мен ғылымына айтарлық үлес қосып, адамзаттың дүниетанымдық және рухани өрісін алға жылжытты.

(Ислам Жеменей)

II

Әбу Насыр әл-Фараби – ислам философиясының негізін қалаушылардың бірі, үлкен ойшыл, энциклопедист ғалым. Оның қалам түртпеген саласы кемде-кем. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» сынды трактаты бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Қазіргі таңда Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы өзінің тарихи Отанына оралып, егемен еліміздің ұлттық брендіне айналып отыр.

Орта Азия мен қазақ даласында ғылым мен мәдениет қоса дамып, әлемдік өркениеттің ілгерілеуіне үлесін қосқан. Ислам дінін толыққанды түсініп, тағылымдарына дұрыс амал етудің арқасында ешқандай діни текетірес орын алмаған...

Рухани жаңғыруымыздың кілтін алыстан емес, төл тарихымыздың қойнауынан іздеуге тиіс екенімізді жадымыздан шығармағанымыз абзал. Ислам дінінің құндылықтары мен әдептерін бұқара халыққа таныстыру тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыруының кепілі екендігін нық сеніммен айта аламыз.

(Есдәулет Ергелді)



1. Ислам тарихы кезеңдерінен нені байқадыңдар?
2. Түркілер ислам діні мен мәдениетін қалай қабылдады?
3. Әл-Фараби мұрасының ұлттық брендке айналуын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қалай түсіндіруге болады?




2. Оқылым мәтіндері бойынша топтық жұмысты орындаңдар.
1-топ. Түркі даласына тән жер-су атауларын теріп жазыңдар. Орфографиялық заңдылығын түсіндіріңдер.
2-топ. Кісі есімдерін теріп жазыңдар. Жасалу мәнін түсіндіріңдер.



3. Екі топқа бөлініп, оқылым мәтіндегі ақпараттарға «Фишбоун» әдісі арқылы тұжырым жасаңдар.

Балық қаңқасының басына мәселе тақырыбы, денесінің жоғары бөлігіне себептері, төменгі бөлігіне себептеріне дәлелдер, құйрығына тұжырым жазылады. Бір-біріңнің жасаған тұжырымдарың негізінде ой бөлісіңдер.



4. Кідіріс белгісін (//) қойып, өлеңді көшіріп жазыңдар.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан оның төрті
Алланы танытуға сөзі айырмас...
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы деп әділетті.

(Абай Құнанбайұлы)



5. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» трактаты мен Елбасы Жолдауында айтылған «Смарт-сити» («Ақылды қала») жобасы арасында байланыс бар ма? Зерттеу жүргізіңдер.



6. Абай Құнанбаевтың 26-қарасөзін оқып, өз ойларыңды жазыңдар.

Өзінді тексер

- 1. Сөйлеу ағынына сай сөйлем құрамындағы сөздердің байланысын қамтамасыз етеді.**
 - A) Интонация
 - B) Сөйлем
 - C) Сөз
 - D) Тіркес
- 2. Жалқы есімге айналған эпитетті күрделі атауды анықтаңдар.**
 - A) Шапырашты Наурызбай
 - B) Қыз Жібек
 - C) Мұхтар Әуезов
 - D) Ойсылқара
- 3. Интонацияның құрамдас бөліктері не үшін қажет?**
 - A) Сөйлемнің мағыналы әрі мәнді болуы үшін
 - B) Сөздерді дұрыс жазу үшін
 - C) Сөйлегенде дұрыс ойлау үшін
 - D) Тіркестерді дұрыс орналастыру үшін
- 4. Жалқы есімдердің қайсысы бас әріппен жазылады?**
 - A) Сын есімдер кісі есімінің алдынан келіп жалқы есім болғанда, тіркескен сөздің барлығы бас әріппен жазылады.
 - B) Сын есімдер кісі есімінің соңынан келіп жалқы есім болғанда, тіркескен сөздің барлығы бас әріппен жазылады.
 - C) Кісі атынан соң үстеулер келіп жалқы есім болғанда, тіркескен сөздің барлығы бас әріппен жазылады.
 - D) Кісі атынан соң есімдіктер келіп жалқы есім болғанда, тіркескен сөздің барлығы бас әріппен жазылады.
- 5. Кідіріс нені білдіреді?**
 - A) Акустикалық дыбысталудың тоқтағанын білдіреді
 - B) Ойдың аяқталғанын білдіреді
 - C) Келесі сөздің жалғасқанын білдіреді
 - D) Сөз тіркестерінің оқылуын білдіреді

6. **Дұрыс жазылған жалқы есімді анықтаңдар.**
- A) Шекшек ата
 - B) Шек-шек ата
 - C) Шекшеката
 - D) Шекшек Ата
7. **Бас әріппен жазылатын тіркесті жалқы есімдердің ережеге сай келетіндерін айқындаңдар.**
- A) Өнер академиясы, Ғылыми кеңес, Мемлекеттік орталық мұражай
 - B) Өнер Академиясы, Ғылыми Кеңес, Мемлекеттік Орталық Мұражай
 - C) Өнер Академиясы, Ғылыми кеңес, Мемлекеттік Орталық мұражай
 - D) Өнер академиясы, Ғылыми Кеңес, Мемлекеттік Орталық мұражай
8. **Кідіріс нені қажет етеді?**
- A) Тыныс белгіні
 - B) Жалғаулықты
 - C) Шылауды
 - D) Ой жалғастыруды
9. **Тыныс белгісі қойылмай берілген мәтіндегі сөйлемдер жігін ажыратып, бас әріппен жазылуға тиісті сөздерді анықтап, тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.**

...қалдан серен абылайды пенде қылып алдырғанына сынаймын деп орнына шығарып алғанына пұшайман болып ұшып түрегеліп абылайдың келіп қолын ұстап жарасып елдесіп топыш сұлуды абылайға беріп қазақтан не заманда олжаға түскен өсіп өнген бірталай жанды азат есепті қылып абылайға қосып рулы ел қылып көшіріп қайтарған екен (мәшһүр жүсіп)

10. **Мәтін сөйлемдерінің интонациялық ерекшеліктеріне сипаттама біріңдер.**

Шыдай алмай, жүгіріп сырғанаққа бардым. Міне, қызық, шана теуіп жүрген Аян екен. Мені көріп, бұрылды да:

– Жүр, ойнайсың ба? – деп дауыстай сөйледі.

– Қойшы, түн жарымында есі дұрыс адам ойнай ма?

– Ойнағанда қандай. Түу, сен өзің мынадай айлы, жарық түнде ойнап көрмедің бе? Айлы түнде шанаға сиқырлы қанат бітеді... – деді де, Аян жүгіре жөнелді.

Сәлден кейін көшенің басына шығып ап, тағы да жер көшкендей қып бүкіл ауылды жаңғырықтыра гүрілдетіп, шанамен төмен қарай жұлдыздай ақты. Дәл мен тұрған тұста кішкентай төмпешік бар болатын, зулап келген шана әлгі төмпешікке жеткенде есік пен төрдей жерге бір-ақ ырғыды да, табанынан от жарқ етіп, өте шықты. Аян қолын көтеріп:

– Ур-ра! – деп айғайлады.

Маған, шынында да, ол теуіп жүрген шанаға сиқырлы қанат біткендей көрінді...

(Сайын Мұратбеков)

11. Суреттерге қарап, сөйлемдер құрап, тыныс белгісін қойыңдар.



12. Интонацияның құрамдас бөлігі – қарқынды өзгертіп айтуға бола ма?

- A) Көтеруге, бәсеңдетуге т.б. болады
- B) Өзгертуге болмайды
- C) Тек көтеруге болады
- D) Тек бәсеңдетіп айтуға болады

13. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері сақталмаса...

- A) Сөйлем түсініксіз болады
- B) Сөздер түсініксіз болады
- C) Тіркестер түсініксіз болады
- D) Сөздер арасында байланыс болмайды

14. Сөйлемді хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті етіп жеткізу үшін интонацияның қай құрамдас бөлігі қажет?

- A) Әуен
- B) Кідіріс
- C) Қарқын
- D) Әуез

15. Әуезбен оқып, тыныс белгілерін қойып шығындар.

*Бойы бұлғаң
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем мен сонан
Бетті бастым
Қатты састым
Тұра қаштым жалма-жан*

(Абай Құнанбайұлы)



БӨЛІМ

КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

ЛЕКСИКА

СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ СӨЗДІК ҚҰРАМ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- жұмысшы және шопан мамандығы туралы деректермен танысып, еңбек, кәсіп туралы пікір алысасыңдар;
- биік шыңды бағындырған альпинистердің сезімі туралы қызықты мәтінді талдап, тілдік жаттығулар орындайсыңдар;
- қазіргі заманға сай логистика мамандығымен таныс боласыңдар;
- инженерлік мамандықтың сырын ұғынып, өзіндік ой қорытындысын жасайсыңдар;
- өнер, мамандық, кәсіп, еңбек туралы мәліметтермен таныса отырып, мамандық таңдаудың маңызды тұстарына ой жүгіретін боласыңдар;
- мәтіндерге сөздік қор мен сөздік құраммен байланыстыра талдаулар жасап, грамматикалық білімді игересіңдер.

**Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық
жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жо-
лында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет!
Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!
(Н.Ә.Назарбаев)**

§1. Қазақ даласындағы мыс өндірісі



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

Оянған өлке

...Мұнда да ата-бабалардың бар ескісі бас қосқан екен. Мысты бір-ақ қорытып шыға алатын пеш бұларда жоқ еді. Боқатымен, темірімен, шойынымен араласқан мыс шашылып-төгіліп жүріп, үш түрлі пештен өтеді. Кейде бір пешке екі келіп, екі қайтады. Тастан салынған шахта пеші, сопанай, горновой деп қазақ жұмыскерлері аттарын өзгертіп алған пештер мысты бірінен соң бірі қорытады.

Боқат – металды қорытқан соң қалатын қалдық, қоқыс.

– Мынау қай пеш? Қасында ылғи қазақ жүр ғой? – деді Ушаков.

– Иә, бұл пеште – ылғи қазақ жұмыскерлері. Тез үйреніп кетті. Соларды мазақтаймыз деп, өзіміз де «Сопанай» деп кеттік... Шплейзофен ғой, – деді Бернер.

– Қалай, Данияр, сопанайың енді неше сағат қайнайды? Сорпаң әлі дайын емес пе? – деді Некрасов қазақ жұмыскеріне. Бұлардың бәрін де Некрасов үйреткен еді, ол сонысын да аңғартып қалды.

– Әлі он бес сағаты бар... Қара көбігін алғалы бір-ақ сағат өтті. Май көбігі әлі бетіне шыққан жоқ, – деді Данияр, тас қабырғаға жабысып тұрған сағатқа қарап.

«Сопанай» да ата-бабалардың мұрасы еді. Шахта пешінен шыққан мыс шойынымен осында келіп, отыз бес сағат қайнайды. Араластырылады, тұндырылады, көбігі алынады, тағы ағызылады... Мыс байғұс бірнеше тамұқтан өтіп барып, қайта-қайта қайнап, ақырында «Сопанайдан» құтылып, «Горновойға» түседі...

– Сопанайың неше пұттық? – деп сұрады Ушаков.

– Қара мыстан екі жүз пұт, сол шамада көмір жағылады, – деді Бернер.

Сол екі жүз пұттан қанша таза мыс шығатынын көргісі келіп, Ушаков горновойға қарай кетті. Текшеленіп жатқан қалыптарда жалындап, түтіндеп жатқан жалқын қызыл

күрең сұйық мыс аз ғана смола қосылған суға тастап жібергенде кірпіштерге айналып, қып-қызыл болып қайта жалтырап шығады. Міне, осының пұты – отыз екі сом!.. Сонау аязда қалтырап жүрген кірешілер де, мынау тамұқ пешінің қасында тері сорғалап тұрғандар да, сонау тас қашап, көмір қопарып жатқандар да, мынау қып-қызыл кірпішке қызыға қарасып тұрғандар да – бәрі сол сомның құлдары: жұмыскер – тиынға құл, инженер – теңгеге құл, қожайын – көп теңгелердің құлы. Бәрінің жасап шығарары – осы жалтыр бас қызыл кірпіш.

(*Ғабит Мүсірепов*)



1. Қазақ халқының атакәсіптерін білесіңдер ме?
2. Мыс өндіру атакәсібіміз бе?



Сөздік қор мен сөздік құрам

Тілдің негізгі **сөздік қоры** – сөздік құрамның ең тұрақты бөлігі, ондағы сөздердің негізгі ұйтқысы. Сөздік қорға:

- тілдегі барлық сөздердің негізгі ұйытқысы саналатын түбір сөздер;
- түркі тілдеріне ортақ, бір буынды байырғы сөздер;
- қажетті ұғым-түсініктерді қамтыған баршаға түсінікті сөздер;
- қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан байырғы төл сөздері;
- ежелден тілге әбден сіңісіп, жалпыхалықтық сипат алған кірме сөздер жатады.

Сөздік қордың басты белгісі – тұрақтылық, онда жалпыхалықтық сипат басым келеді. Сөздік қордағы сөздер жаңа сөз тудыруға ұйытқы болып, сөздік құрамды байытады. Мысалы, *жер* сөзінен *жершіл*, *жерлес*, *жер үй*, *жертөле* т.б. сөздер жасалған.

Сөздік құрам – тілдегі барлық сөздің жиынтығы. Ұлттың қоғамдық, әлеуметтік тіршілігін тұтас сипаттайтын сөздік құрамға:

- жалпыхалықтық лексика;
- кірме сөздер;
- терминдер;
- кәсіби сөздер;
- диалектілер;
- жаргондар;
- әдеби және ауызекі тіл лексикасы т.б. енеді.

Сөздік құрам негізгі сөздік қорға қарағанда өзгергіш келеді, тілдің тарихи даму кезеңінде өзгеріп отырады.



2. Суреттерде бейнеленген мыс өндірудің қазіргі тәсілдерінің оқылым мәтінінде баяндалған бұрынғы тәсілінен айырмашылығын болжаңдар. 7–8 сөйлем құрастырыңдар.



3. Берілген сөздерден жаңа сөздер, жаңа тіркестер жасап, кестеге түсіріңдер. Сөздік қор арқылы сөздік құрамның қалай толығынына назар аударыңдар.

Сөздік қор	Сөздік құрам				
ас	астық	асхана	ас-су	ас үй	ас ішіп, аяқ босату

Ана. Тас. Жас. Бар. Бес. Жылқы. Қоян. Жақсы. Жеңіл.



4. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.
1-деңгей. Мәтіндегі сөздік қорға енетін сөздерді теріп жазыңдар.
 «Олжа» сөзінің мағынасын түсіндірме сөздіктен анықтаңдар.

2-деңгей. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, ақпараттарды өздеріңе таныс ақпараттармен байланыстыра талдаңдар.

3-деңгей. Қазақ халқының металл өндіру мен өңдеуді ерте заманнан кәсіп еткенін дәлелдеп, «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

Отырар алқабында қола мен мыстан түрлі әшекейлер, тұмарлар дайындалған. Екі жағында бірдей бедерлі бейнелері бар қоладан жасалған медальон өте қызықты олжа болып табылады. Оның бір жағында – садақ тартқан аттылы адам мен аттың жанында жүгірген ит; екінші жағында бүктетіліп жатқан айдаһар бейнеленген. Бұл бейнелер XIII–XIV ғғ. қолданбалы өнер ескерткіштерінде жиі кездеседі. Қазіргі кезде

Гравюра – бедерлеп сурет салу.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда табылған сол сияқты бірнеше медальондар белгілі. Асыл металдармен (алтынмен, күміспен) және қымбат бағалы тастармен жұмыс істеген зергерлердің жасаған бұйымдары көрген адамды қызықтырады. Қазба жұмыстары кезінде сырға, білезік, жүзік, сақина тәрізді бұйымдар табылды. Зерттеушілердің назарын өзіне аударған бұйымның бірі – жыланды өлтіруші адамның бейнесі гравюра тәсілімен безендірілген жүзік.

(Карл Байпақов)



5. «KAZ Minerals» сайтынан «Мыс. Жер астындағы кенді өндіру» атты бейнежазбаны көріңдер. Сұрақтарға жауап беріп, «Дискуссиялық карта» әдісі бойынша талқылаңдар.

1. Мыстың пайдасы бар ма?
2. Мыс өндіру жұмысының қиындығы қандай?



6. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың оқылым мәтініндегі кәсіпке қандай қатысы бар? Суретке қарап, диалогке негізделген мәтін құрастырыңдар. Өз ойларыңды дәлелді жеткізіндер.





7. Ғаламтор желісінен алынған үзінділерде кездесетін стильдік ауытқулар, орынсыз қолданылған сөз оралымдары бар ма? Талдап, стильдік түзетулер жасап, редакциялаңдар.

Үлгі:

Түпнұсқа	Редакцияланған сөйлем	Түсініктемесі
Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алуы күмән тудырды да.	Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алатынына күмән басым болды.	Сөйлемді шылаумен аяқтау ауызекі сөйлеуге тән.

1. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдарда Балқаш мыс қорыту зауытының дағдарыстан шыға алуы күмән тудырды да.

2. Әрине, мамандық таңдағанда маманға тек қана білімі мен іскерлігі ғана емес, сондай-ақ оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды.

3. Айтпақшы, сен өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдамас бұрын тағы да бір өте маңызды сұраққа жауап беруге тиіссің: «Бұл жұмыс маған не береді?».

4. Кез келген оқу орнының басты құндылығы оның оқытушылық құрамы болып табылады. Мамандарды қалай дайындап шығаратындықтары оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігіне байланысты екендігі саған белгілі.


5. Расында, кейде біз «Қай мамандық таңдасам, ертең жақсы жұмысқа орналасам?», «Қандай кәсіппен айналыссам, тез байимын?» деген сияқты сұрақтармен тым көп басымызды қатырып, дел-сал боп жүріп алатынымыз бар ғой.

6. Адам баласы мамандық таңдауда сол мамандықтың мінезге де сәйкес келуі міндетті деп ойлаймын. Мінез таңдаған салаға үйлесе, жұмыс бабында да үлкен жетістіктерге жетелейтіні анық.



1. Мәтінді суретпен байланыстырып оқыңдар. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

Төреші екеуімізді ортаға шақырды. Жақындадық. Төреші бір нәрселерді былдырлады. Біздегідей: «Бір-біріңді сыйлаңдар! Тыйым салынған әдістерді қолданбаңдар! Белден төмен ұруға болмайды! Тартымды ойын өткізіңдер!» – деген болар. Екеуіміз өз бұрышымызға қарай жылыстадық. Гонг үні. «Бокс!» Алаңның ортасына қарай ұмтылдық.



Тізгінге талас. Ол еркін жүр. Шамасы, өзін мен үшін алынбайтын қамалға балайды. Көерерміз, кімнің-кім екенін! Оң қолым сәл төменге түсе беріп еді, көзді ашып-жұмғанша оның сол жақ жұдырығы ашық қалған жағыма сақ ете қалды. Теңселіп кеттім. Келесі жұдырығы екінші жағымды жанап өтті. 2:0. Арқанға тірелдім. Дереву қорғанысқа көштім.

Бұл уақытта мен санамды серпілтіп үлгерген едім. Тіпті ашу-ызаны бойымнан қуып шықтым да, бұл айқасты жай күндері өткізген спарринг ретінде қабылдадым. Оның маған дүрсе қоя бермек ойының тас-талқанын шығарып, оң қолыммен алдай отырып, бүйрек тұсынан ауыр екі соққы бердім. Таблоға көзім түсті: 2:5. Енді алыстан аңдыса бастадық.

Гонг... Оның осал тұсын тапқан сияқтымын. Әзірге тек долбар... Қарсыласым тактикасын өзгертіп, бастапқы тік тұрысынан оң жақ аяғына ауыса бергенде, мен оң қолыммен алдай отырып, сол қолыммен апперкот бердім. Діттеген жеріне барып тиген сол жұдырығым оны есеңгіретіп жіберген сияқты. Шайқалақтап барып қайта қалпына келді. Оның жанына екі аттап жеттім де, тағы да сол қолмен жасқай беріп, оң жақ бүйректен соққы жасадым. Осы соққыны екі мәрте қайталадым да, сол қолмен жақтың тұсын жанамалай ұрдым. Салмақ сала ұрғандықтан, бұл соққының оған жеңіл тимегенін ойлап үлгергенімше, ол құлап түсті. Қызығы, құлап жатқан жерінен дереу атып тұрды да, есеңгіреп барып қайта сылқ етіп отыра қалды. Нокдаун! Орнынан толық тұрғасын

қайта шабуылдауыма зор мүмкіндік тиді. Тіпті орнынан есеңгіреп атып тұрған кезінде апперкот немесе хук беріп, оны бір-жолата нокаутқа жіберуге де болатын еді. Оған толық сенімді болатынмын. Төреші оның қасына жетіп барды: «one.., two.., three.., four.., five.., six.., seven..!» Ол ауыр дем ала орнынан көтерілді.

Енді қарсыласым бірден шабуылға көшті. Оңды-солды жұмсаған соққысынан қорғана шегіншектеп, арқанға тірелдім. Екпіндеп келіп, тосылып қалған сәтінде жойқын күшке ие сол жұдырығымды иегінің астына бағыттадым. Бағыттадым да, Махмудтың осы соққыдан кейін тұра алмайтынын пайымдадым. Бұл кезде шықшыт тұсыма тиген қарсыласымның алапат күшті оң жұдырығы менің де сегіз секундтың ішінде есімді жинай алмайтыныма оның сенімін нықтай түскен еді.

(Дарқан Бейсенбек)

Гонг – раундтың басталғанын, аяқталғанын ескерту дабылы.
Спарринг – жаттығу кезінде серіктесіп жекпе-жек жасау.
Апперкот – төменнен жоғарыға қарай сілтенетін қауіпті соққы.
Хук – жанынан қапталдата соғылатын соққының түрі.




1. Спорт кәсіпке жата ма? Қалай дәлелдейсіңдер?
2. Рингтегі айқас қалай суреттелген?
3. Боксшыға қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыңдар?

Сөздік құрамның толығы жолдары

Қазақ тілінің сөздік құрамы үздіксіз дамып, толығымен келеді. Сөздік құрам мынадай тәсілдер арқылы толығыады:


- синтетикалық – негізгі түбірге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы сөз жасау. Мысалы: *әнші, бапкер, шабандоз* т.б.
- аналитикалық – негізгі түбірлердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы сөз жасау. Мысалы: *сыйақы, қолғап, теміржол* т.б.
- лексика-семантикалық – белгілі бір сөздің жаңа мағынаға ие болуы арқылы жаңа сөздің жасалуы. Сөздің дыбыстық, морфемдік құрамы сақталып, тілдегі бұрынғы мағынасының үстіне тағы жаңа мағына үстеледі. Мысалы: *жарма* (зат есім), *жарма* (етістік), *құдаша* (зат есім), *құдаша* (*құдаша қарсы алу* – үстеу).



-  2. Берілген сөздердің жасалу тәсілін кестеге жазыңдар.

Синтетикалық	Аналитикалық	Лексика-семантикалық


Төреші, сүзеген, тізгін, сана, қарсылас, ауыр, ашу-ыза, айқас.

-  3. Қанат Ислам туралы бейнежазбаны (www.youtube.com) көріп, негізгі ойды анықтаңдар.


1. Қанат Исламның тарихи Отанына оралып, өз елінің атын шығаруына қандай баға берер едіңдер?
2. Спорттың қиындығы қандай ой салады?
3. Еліміздің даңқын көкке көтерген ел азаматына айтар тілегің қандай?


-  4. Шал ақынның жігіттерге берген бағасын түсініп оқыңдар.

Жігіт сыны: бір жігіт бар – құр жан, бір жігіт бар – тірі жан, бір жігіт бар – жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт кеудесінде жаны бар, – еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін жігіт бар тапқанын киім мен асқа салар, қызыл белбеу, үкі тағып, шоңқима етік киіп, әркімді бір сықақ қылар. Жігіт жан дейтін жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болар (*Шал Құлекеұлы*).

-  5. Екі топқа бөлініп, «Фибратты сөз» айдарында берілген мәтіндегі ойды анықтау барысында пікірталас ұйымдастырыңдар.

1. Шал ақын айтқан жігіт сипаты қазіргі заманда қалай көрінуі мүмкін?
2. Тірі жан мен құр жан тобындағы жігіттердің қазір айналысатын істері қандай?
3. Жігіт жанның қасиеттерін таратып айта аласыңдар ма?

-  6. Ойларыңды жинақтап, сегіз қырлы, бір сырлы жігітке тән қасиеттер туралы аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 70–80.

-  7. Қазақстандық боксшылар туралы зерттеу жүргізіп, қазақ боксының деңгейі туралы дәлелді пікірлеріңді ұсыныңдар.



1. Мәтінді оқыңдар. Перифразаларды пайдаланып, мәтін бойынша 5 сұрақ құраңдар.

Қараңғыда көздері шоқтай жылтыраған қасқырлар оқтай зулап келіп, отардың ішіне қойып кетті. Сойылын көтере ұмтылған Қоспан алдын бөгей алмай, қуа шапты. Сөйткенше-ақ жарқырап екі-үш саулықтың қарны ақтарылып қалды. Қауіп-қатердің бәрін ұмытып, Қоспан қасқырға сойыл сілтеді. Жамбастан тиген соққыдан арлан шойырылып, артқы аяғына отыра кетті де, тісі ақсиып Қоспанның өзіне қарай бұрылды. Бірақ бұл кезде Тортөбел иесінің қайта көтерген сойылын серметпей, екпінімен алып кетті...

Тортөбел алқынып барады... Қоспан қанша уақыт өткенін білмейді. Осының бәрі кейде бір сәтте ғана жалт еткен айқас болып елестесе, кейде мәңгі бақи таусылмайтын сергелдең боп көрінеді. Бұлт етіп жалтарған қасқыр алдырмайды. Қос бөрінің ортасына түсіп қалған Құтпанды екі рет арашалап алды. Бірақ қолы дағдысынан жаңылып қалғандай, сілтеген шоқпары көздеген жеріне дарымайды. Қайта қасқырды өшіктіріп, қоздыра түсті. Анда-санда үйме-жүйме топырлап жатқан қойларды көріп қалады. Олардың халін ойлауға мұршасы жоқ.

Тай өгіздей арланды көзі шалып жүрген. Бірақ әккі неме Қоспанның сойылын дарытпай, қол астынан сытылып кете берді. Соны қуып жете беріп, соңғы рет бар пәрменімен сілтегенде, қолынан шоқпары түсіп кетті. Өзі де төңкеріліп ауып бара жатып, бойын әзер түзеп алды. Енді темір үзеңгіні қару

Перифраз, перифраза – заттың, құбылыстың атын тура атамай, суреттеп көрсету. Мысалы: дәрігер – «ақ желеңді абзал жан», депутат – «халық қалаулысы», кітап – «жан азығы». Мақсаты – сөзді бейнелі етіп сипаттау, оған эмоционалды-экспрессивті баға беру.



қылмақ боп, жалма-жан сол жақ таралғысын ағыта берді. Осы кезде Тортөбел ыршып түсті. Ат бауырынан бір нәрсе қылаң етті. Тортөбел ыршып аспанға атылып, шыңғыра кісінеді. Дауысы құлақты тесіп барады. Қоспан еш нәрсені түсініп үлгермей, тек үзеңгіден аяғын шығарып алды. Келесі сәтте атымен қоса қопарылып құлап бара жатты.

Құлаған аттың астынан аяғын тез суырып алып, көтеріле бергенде, бір жақтан бұлт етіп шыға келген арлан қасқыр тура өзіне атылды. Қоспан да жан дәрмен қылып кеудесімен құлай ұмтылғанда, қос қолы арланның мойнына ілікті. Қасқырдың алдыңғы аяғының тырнағы сырмағына қадалған екен, бар пәрменімен қарсы итеріп қалғанда, мақтасын бұрқыратып өңірін айырып шықты. Енді қайтып тырнағын адамның кеудесіне іліктіре алмай, алдыңғы аяғы ербең-ербең етеді. Бірақ сонда да бұлқынып қарсы шапшығысы келеді. Тегеуріні керім. Қоспан қолын сәл босатып, қайтадан қаттырақ қысып, бас бармағын алқымына батыра түсті.

Арланмен бір тізерлеп көтеріле берген қалпында ұстасып қалған. Енді түрегеліп кете алмады. Қасқыр артқы аяғына шіреніп, қайта-қайта талпынады. Серпіні қатты. Кішкене оқыс қимыл жасап қозғалса-ақ, жығып кететін түрі бар. Екеуі бір орнында міз бақпай тіресті де қалды. Қоспан арланды қос қолымен тіреп ұстап тұр. Қасқыр аузын ашып, басын бұрып, қолынан тістемекші болады. Бірақ жете алмайды. Аздан кейін тағы да тыпырлап, алдыңғы аяғын сермеп қайрат қылды. Қыл мойыннан ұстаған саусағын бірте-бірте жоғарылатып, алқымына таман әкеле жатыр. Бар дәрменін салып, сығымдап қыса түседі. Жұқа терінің ар жағынан мойын омыртқасының тастай қыры бармағына батып барады.

Осылай қанша тұрғанын өзі де білмейді. Тек қасқырдың әрекет қылуы азайып, әлсірей бастағанын сезеді. Орнынан көтеріліп, дәрмені азайған қасқырды итеріп тастайын деп еді, қанша талпынса да, қозғала алмады.

Арланның тілі салақтап, түсіп кетті. Бүкіл денесі ышқына тартылып, серейген күйі тіп-тіке тұр. Қоспанның уысындағы мойын терісінің жылуы кетіп барады. Енді итеріп тастамақ боп ұмтылып көріп еді, бір мүшесі қозғалмайды. Екі қолы ағаштай боп, сіңірі тартылып, өлі қасқырмен бір тізерлеп ұстасқан қалпында сол орында тапжылмай сіресті де қалды.

(Тахауи Ахтанов)



1. Қойшы еңбегі қаншалықты қиын? Оның қоғамға пайдасы қандай?
2. Қойшы Қоспанның жеңісіне қандай баға берер едіңдер?



Кірме сөздер

Кірме сөздерге басқа тілдерден енген сөздер жатады. Қазақ тілінде моңғол, араб және парсы, орыс тілінен енген сөздер мол кездеседі.

Моңғол тілінен сөз ену XIII ғасырдан басталады. Мәселен:

- ел билеуге байланысты енген сөздер: *аймақ, жарлық, ұлыс, нөкер* т.б.
- жер-су атаулары: *Алтай, Тарбағатай, Баянауыл, Зайсан* т.б.
- зат атаулары мен туыстық атаулар: *жиен, ата, жыл, жол* т.б.
- Қазақ тіліне араб-парсы сөздері мынадай жолдармен енді:
- шаруашылық, сауда қатынастары арқылы: *айна, орамал, таразы, базар* т.б.
- мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы: *мектеп, мереке, ғылым, қағаз, қалам, пән, медресе* т.б.
- дінмен байланысты: *ораза, шариғат, намаз, ақырет* т.б.

Қазақ тіліне орыс тілінен сөздер әртүрлі кезеңдерде еніп отырған. Мысалы: *қамыт (хомут), болыс (волость), жәрмеңке (ярмарка), жәшік (ящик)* т.б.



2. Кірме сөздерді қолданып, мамандық атауларына қатысты 5 сөйлем жазыңдар.



3. «Маман болудың басты белгілері» тақырыбына өзің құрмет тұтатын бір мамандық туралы «Ой кестесін» құрыңдар.

1. Сен үшін сол мамандықтың қандай артықшылықтары бар?
2. Сол мамандықтың иесі болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы керек?



4. Екі топқа бөлініп, еңбек және мамандық туралы мақал-мәтелдер айтып жарысыңдар. Келесі кезекте тақырыптарыңды ауыстырыңдар.



5. «Ой кестесіндегі» пікірлеріңді жинақтап, «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.



1. Мәтінді суретпен байланыстырып оқыңдар.

Шатыр маңын қарлы боран түнімен торыса да, шыбын таяр тайғақ ернеу астына тұрақтай алмай, түйдек-түйдек қар қасаты жалама құз қабырғасымен ағып кетіпті. Орта мамырдың ойпыл-тойпыл мінезі байсал тартып, шың басын күн шұғыласымен аймаласа, биікке бас тіккен екеу қара көзілдіріктерін киіп, шыныдай жылтыр қабырғаға болат сыналарын қадады.



Алыстан ақшаңқан көрінер Құзғынды «бөркі» болат сына бата бермес шыны боп шықты. Қайсыбір құздай жадағай емес, көк жүзіне кері сорғалаған сүңгідей сом, оқтаудай жұмыр. Бұлар арқан салған батыс беткей тіпті тік. Екеуі арқанға асылып, шығыршықты сом сына бойымен өрлеуде.

Жеңіл ғана тамақтанып, түнімен тынығып, кешелі бері еттері де үйреніп, қандары да суына түсіп, жүректері де орныққан-ды. Жандары қиналмайды, тәндері ширығады. Қаңбақтай жеңіл сырғиды. Арқан бойымен кезек-кезек алмасып, жол бастаушылық тізгінді кезектесе қолға алады. Көк мұз жаңқасы көзәйнекке ұшып, болат сына мен балға-қайла шыңылдай соғылып, шың басы сыңғырлай жаңғырып, самалы суылдай лекітіп қояды. Қарсы алдындағы көк мұз жартас ғарыш кемесіндей көкке тік шаншылыпты. Ал тайқы текше мен мұз қабырға арасындағы қараңғы көр тектес алып аран Сұңғатты сескентіп тастады. Алып жарықты бойлай көз жүгіртіп өтіп, өткел болар жымдасқан жері жоқ екенін көріп:

– Сұмдық екен!.. – деді қорқынышын жасыра алмай.

Тайшын сыр бермеуге тырысты.

– Саспа! – деді. – Барысша атылып, бармағымызды бір батырсақ, қабырға біздікі...

– Иә, аға, аралық жақын ғой, – деді Сұңғат енді сескенбей.

Сұңғатқа текше үстінен сом сына қақтырып, құрық салым қарсы бетке қарғуға өзі ниет қылды. Текше боп біткен мұз бетіне қос сына қағылды. Шығыршығынан арқанды өткізді. Құзар қиясына бекітілген қосымша қаданың шығырына іліп, арқан ұшын текше үстінде селтиіп тұрған Сұңғатқа берді.

Бәрі дайын болды-ау дегенде:

– Иә, пірім, жар бол! Әй, Құзғынды, қолда!.. – деп, қарайтқан мұз жарығының жалынан қарсы қабырғаға қарғыды.

Түпсіз үңірейген жарыққа қыранша сорғалап, қиялай қалықтап барып, қолындағы қос балға-қайласымен мұз қабырғаға соғылды. Қос балға-қайла сіреу мұзға қапысыз қадалды. Екі аяқтың басындағы үшкір біздей істіктер де шаншыла кетті. Атам замандардан шақпақтана қатқан көк мұз қабырғаға тұңғыш рет адам баласының тәні тарбия жабысты.

– О-о, ға-а-жа-а-ап! – Сұңғат таңданысын жасыра алмады.

Құзғынды басы тақиядай ғана екен. Таздың төбесіндей жып-жылтыр мұз. Саф ауа, суық жел. Екі азамат та бір сәт тереңнен тыныс тартып, төңіректі қара көзәйнекпен шолды. Күн төбеде, шың төменде. Тал түс. Шөкім бұлт жоқ. Екеуінің де көкірегі кіршіксіз қардай, бұлтсыз көктей ашылған.

– Әйдік әлем екен, аға!

– Ә-ә, бұл – Құзғынды, Сарытау алабы...

(Асқар Алтай)



1. Альпинист сөзінің қазіргі қолданылу аясы қандай? Тек Альпі тауына байланысты қолданыла ма?
2. Шыңға шығудағы қиындықтарды сезіндіңдер ме?
3. Суреттегі спортшының шыңды бағындыруы, биік тауға еліміздің туын қадауы мақтанш сезімін тудыра ма?

Альпинизм – тау спорты. Алғаш Еуропадағы Альпі тауларының мұздықтарына бір дәрігер мен бал арасын өсірушінің қайта-қайта барып жүргенін көрген жұрт: «Әне, альпішілер кетіп барады» – деп, «альпинист» терминін қалыптастырды.



Термин сөздер мен кәсіби сөздер

Терминдер – ғылым мен техниканың алуан түрлі саласына қатысты қолданылатын сөздер. Олар көпмағыналы болмайды, нақты бір мағыналы болып келеді. Олар эмоционалды, экспрессивті қызмет атқармайды. Мысалы: *фонетика, морфология; синус, радиус, теорема; атом, квант, ампер, оптика* т.б.

Кәсіби сөздер – белгілі бір кәсіп иелеріне ғана түсінікті, сол кәсіпке байланысты сөздер. Мысалы:

- бау-бақшаға, егін шаруашылығына қатысты кәсіби сөздер: *атыз, қарық, күләбі* т.б.
- балық шаруашылығына байланысты сөздер: *жылым, сүзекі, қаяз, азна* т.б.
- мақта шаруашылығына байланысты сөздер: *көсек, қозапая, қауашақ* т.б.



2. Оқылым мәтінінен термин сөздер мен кәсіби сөздерді аңғардыңдар ма? Анықтап көріңдер.



3. Сурет бойынша жинақы мәтін жазыңдар. Терминдер мен кәсіби сөздерді қатыстырыңдар.



4. Екі топқа бөлініп, әр сұраққа дискуссиялық карта толтырыңдар. Тұжырым шығарыңдар.

1. Альпинист болу қиын ба, оңай ма?
2. Альпинист болудың қажеті бар ма, жоқ па?
3. Адам аяғы баспаған биік шыңға өз елінің туын тігу ерлік пе?

1-топ	2-топ
Альпинист болу оңай. Себебі...	Альпинист болу қиын. Себебі...
Тұжырым:	Тұжырым:



5. Өзіңе ұнаған кәсіп пен оқылым мәтініндегі кәсіптің ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасында бейнелеңдер.




1. Мәтінді сызбадағы ақпаратпен толықтырып оқыңдар.

Логистика – материалдық және ақпараттық өнімді шығу нүктесінен тұтынушыға дейінгі аралықтағы қозғалыстың уақытын жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, бақылау және реттеу.

Логистика гректің «logistike» сөзінен шыққан. Ол «есептеу», «дұрыс ойлау» деген мағынаны білдіреді. Практикалық логистиканың пайда болуы мен даму тарихы тереңде жатыр. Рим империясы дәуірінде тамақ өнімдерін таратумен айналысатын «логист» немесе «логистик» атағына ие болған қызметкерлердің болғаны туралы деректер бар.

Логистика екінші дүниежүзілік соғыстың кезінде, ең алдымен, АҚШ әскерін материалдық-техникалық жабдықтауда қолданыла бастады. Әскери өнеркәсіптің, тылдағы және майдандағы жабдықтау базалары мен көлік қызметінің өзара әрекеттесуі америкалық әскерді қару-жарақпен, жанар-жағар маймен және азық-түлікпен қажетті көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сонымен, логистика – материалдармен және шикізатпен қамтамасыз ету, өнім өндіру, оны сақтау және тарату қызметтерін байланыстыру, яғни жабдықтау-өндіру-тарату жүйелерін үйлестіру.



Отандық бизнестегі логистиканың ілгері қадам басуы Қазақстандағы саяси жағдай және экономикалық реформалармен тікелей байланысты болып келеді. 90-жылдардың басында, нарықтық қатынастарға өтудің алғашқы қадамдары жасалып жатқан кезде, Қазақстанда экономиканың әртүрлі салаларында логистикалық идеяларды дамытуға арналған

алғашқы нақты қадамдар жасалған болатын. Аталған қадамдарды екі үлкен топқа бөлуге болады: ғылыми-теориялық және өндірістік-техникалық (технологиялық).

Техникалық жоғары оқу орындарында логистика саласы бойынша мамандықтар ашылып, мамандар даярлана бастады.

Қазіргі таңда елімізде бұл сала қарқын ала дамыды. Республика аймақтарына, көршілес елдерге тауар тасымалдау немесе кері жеткізу үдерісін толық меңгеріп, алыс-берісті жүйелеу, ұйымдастыру, сақтау, тасымалдау т.б. нақты логистикалық қызметтерді еліміз жандандыра түсуде.

(www.uniface.kz)



1. Мәтінде айтылған кәсіп туралы не түсіндіңдер?
2. Ел экономикасының дамуы арқасында кәсіптің, мамандықтың өмірге келуі қандай ой салды?



2. Мәтін құрылымын сақтай отырып, графикалық суреттегі ақпараттың маңызды тұстарын анықтап жазыңдар.



3. «Сайыпқыран кәсіптер күні» мәтінін (05. mp3) тыңдап, өздеріңе осы мамандықтардың қайсысы ұнайтынын баяндаңдар. Аталған мамандықтар бойынша перифразалар айтыңдар.



4. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі сөздік құрамға енетін термин және кірме сөздерді теріп жазыңдар.



5. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.


Сен логист болып жұмысқа орналастың. Ресейлік тұтынушыдан киіз үйге тапсырыс түсті. Киіз үйді алу мен тұтынушыға жеткізуге дейінгі аралықтағы барлық процесті ұйымдастырудың кезеңдік сызбасын жаса.



6. Бүгінгі сабақтан алған білімдеріңді қорытындылап, «Логистика – бүгінгі заман мамандығы» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 120–140.



1. Мәтінді сызбадағы мәліметтермен толықтырып оқыңдар.



Инженер – қашаннан сұранысқа ие маман. Болашақта шығарылатын өнімге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу; өнімнің конструкциясын жетілдіру және жаңарту; өндірісті техникалық тұрғыдан дайындау және өндірістік процесті ұйымдастыру сияқты қыруар жұмыс инженерлердің көмегімен жүзеге асады. Техника мен технологияның заманында мұндай мамандарға деген сұраныс екі есе артып отыр.

Инженерлік – нано-технологиялық, ақпараттық жүйелерді жобалау, жетілдіру және іске қосу, басқару процестерін қамтамасыз ететін, ғылым мен тәжірибеге негізделген мамандық. Сондықтан үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді.

Бұл кәсіп алғашында Италияда пайда болған. Ең алғаш «инженер» деген мәртебе Леонардо да Винчиге берілген екен. Кейіннен Францияда жаңаша түрі пайда болып, жан-жаққа тарай бастаған. Өнеркәсіп өндірісіне байланысты инженерлік мамандықтарға сұраныс үлкен. Инженерлер өз ішінде инженер-техник, инженер-конструктор, инженер-технолог, инженер-пайдаланушы, инженер-экономист, инженер-механик, инженер-энергетик, инженер-эколог, инженер-жобалаушы және т.б. болып бөлінеді. Бүгінде бұлардың әрқайсысының жұлдызы жанып тұр.

Техника, технология, ақпараттық технологиялар саласында оқығысы келетін балалар өз ана тілімен қатар,

технология мен техниканың тіліне айналған ағылшын тілін жетік білуі керек. Екіншіден, таңдаған мамандығын сүюі керек және сол саланың толыққанды кәсіпқой маманы болу аса маңызды. Үшіншіден, әрқашан ізденісте болу, жаңалық ашуға құлшыныста болу маңызды. Себебі технологияның бір орында тұрмайтынына көзіміз жетіп отыр.

(Жұлдыз Әбділда)



1. Инженер мамандығын заманауи мамандық деп есептеуге бола ма? Дәлелдендер.
2. Инженер болу үшін қандай қасиеттер қажет?
3. Инженер болу үшін мектепте қай пәндерді жақсы игеру қажет деп ойлайсындар?



Жергілікті (диалект) сөздер мен жаргон сөздер

Жергілікті (диалект) сөздер деп тілде жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде, аймақта ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын айтамыз. Мысалы: *кесе – самал, пиала, кәсе, шыныаяқ; сіріңке – оттық, кеурт, шақпақ, ши, шырпы, күкірт* т.б.

Жаргон сөздер (жастар сленгісі) жастар тілінде кеңінен қолданыс тапты. Жаргон – шағын ғана әлеуметтік топқа қызмет ететін, өзіне тән грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры жоқ, жалпы халыққа түсініксіз, жасанды тіл. Мысалы, *личкаға кіру (жеке парақшаға кіру), универ (университет)* т.б.



2. Екі топқа бөлініңдер, екі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіңдер. Тұжырым шығарыңдар.

1. Жаргон сөздермен сөйлеу – өмір талабы.
2. Жаргон сөздерді қолдану дұрыс емес, қай ортада болмасын әдеби тілде сөйлеген жөн.



3. Берілген жергілікті сөздердің әдеби нұсқасын тауып, қай өңірде қолданылатынын анықтаңдар. Өздерің осы тізімді жалғастырыңдар. Диалектологиялық сөздікті пайдаланыңдар.

Азанда, әйбат, сым, ауқат, тұқым, нән, кірлен, құдағай.




4. «Инженер мамандарға қойылатын талаптар» мәтінін (06. mp3) тыңдап, түйген ойларыңды өз сөздеріңмен жүйелі баяндаңдар.



5. Тыңдалым мәтіні бойынша деңгейлік тапсырманы орындаңдар.
1-деңгей. Мәтіндегі тірек сөздерді, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінге басқа тақырып таңдаңдар.
2-деңгей. Автордың нақты пікірін білдіретін ақпаратты, мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны анықтаңдар.
3-деңгей. Негізгі ақпаратты толықтырып тұрған қосымша ақпаратты анықтаңдар. Мәтіндегі ойға баға беріңдер.



6. Мәтін құрылымын сақтай отырып, графикалық мәтіндегі деректерден мәтін құрастырып жазыңдар.



7. Инженерлік мамандық туралы ойларыңды «INSERT» кестесін толтыру арқылы қорытындылаңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағаныма қайшы)	? (білгім келеді)



1. Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Перифраза тәсілдерін қолданып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.
2.	Өңгіменің табиғатқа қатысты екеніне 3 дәлел келтіріңдер.

...Жаймашуақ көктем еді. Табиғаттың өзге бояуларды менсінбей, өзінің бар бояуын жарқырата көрсетіп тұрған шағы болатын. Соның әсері ме, суретші досымның картиналары табиғат картинасының алдында солғын тартып, күлімдеген күн көзінен «ұялғандай» сиықсыз көрінген. Анық бір кесімді пікірімді айта алмай, бірінен-біріне көзімді алып қашып, күмілжи бергенмін.

Ол көкпеңбек көк шалғынның үстінде аяқ-қолын тарбитып, тыр жалаңаш жатқан балпанақтай сәбидің бейнесі кескінделген картинасын қолымен нұсқап:

– Міне, мына суреттен не көріп тұрсыз? – деді мен білмейтін бір құпия сырды ішіне бүгіп тұрғандай екі көзі ұшқын атып. – Бұл – ғарыш перзенті! Өне, оның әкесі... Әкесінің қос жанары сәбидің әр қимылынан көз жазбай, бақылап тұр!

Ол картинадағы көгілдір аспан төсіндегі таңғы көштен қалып қойған қос жұлдыздай сығырайған қос таңбаны көрсетті. Мен өзімнің кәсіпқой сыншы емес екенімді, сондықтан да көркемөнер сырларына тереңдеп үңіле алмайтынымды айтып, ақталғандай болдым.

– Жоқ, – деді ол басын шайқап, үзілді-кесілді келіспейтіндігін білдіріп, – түсінуге тиістісіз! Өйткені сіз де, мына мен де, жалпы, жер басып жүрген пенделердің барлығы да ғарыш перзенттері!



Осыдан соң ол өз картиналарындағы ойдың бәрін де ғарышпен байланысты екенін, өйткені суреткер санасына келіп қонып, қылқалам арқылы жарыққа шығуға ұмтылатын идеялардың барлығы да ғарыштан жететінін қызбалана айтып, маған тереңірек түсіндіруге тырысты.

«Идея дегеніміз – ғарышта қалқып жүретін материясыз сана. Онда олардың иесі де, таратушысы да жоқ. Бірақ әлсін-әлсін жер бетіне қарай ұмтылып, қайсыбір жандардың санасына қонып, бейнелеу, музыка немесе сөз өнері арқылы таралады. Ал оларды таратушылар – суретшілер, композиторлар, жазушылар немесе философтар. Кім елгезек, ізденімпаз, ең бастысы, еңбекқор болса, сол ғарыштық идеяны өзгелерге қарағанда тезірек тарата алады».

«Рас-ау!?» деген ой келіп еді маған сонда. Бірақ бұл жаңалық біз дағдыланғандай күнделікті баспасөз беттерінен, радио-теледидардан насихатталып, биік мінберлерден жиі айтылып жатпағандықтан, қайтып еске алмағанмын.

(Нұрғали Ораз)



1. Автордың ойынан нені байқадыңдар?
2. Суретшінің көзқарасына не айта аласыңдар?
3. Сурет өнерін өздерің түсіне алар ма едіңдер?
4. Суретшінің жетістігі неде деп ойлайсыңдар?



Туғаннан қолы жоқ Кәріпбек Күйіков өз картиналарын қылқаламды тісімен немесе аяқтарының башпайымен қысып салады. Биыл Кәріпбектің Нью-Йоркте көрмесі ашылып отыр. Оның көрмесін тамашалауға танымал саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, дипломаттар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері келді.

Кәріпбек тағдырына налыған жоқ, қабілетін тұмшалап қалмады. Қолынан келгенше сурет салды. Оның салған

суреттерінде атомдық сынақтардан зардап шегушілер көп көрініс табады. Бұл – жаһандық деңгейдегі тақырып. Нью-Йоркте дарынды суретшінің бірегей туындыларын БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун тамашалап, тәнті болды. Бұл – ядролық қаруға қарсы «Атом» жобасының елшісі, суретші Кәріпбек Күйіков үшін үлкен жетістік.



2. Суретші болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы қажет? Ой картасын сызып, дәлелдендер.



Көнерген сөздер мен неологизмдер

Тілдегі қолданыстан шығып қалған, тарихи шығармаларда ғана кездесетін **көнерген сөздер** екі топқа бөлінеді: 1) архаизмдер; 2) тарихи сөздер (историзмдер).

Халықтың тұрмыс-тіршілігіне қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отыратын көнерген сөздерді **архаизмдер** дейміз. Мысалы: *отарба (пойыз), аэроплан (ұшақ), жасақ не қол (әскер)* т.б.

Егер көнерген сөздер өздері атайтын заттарымен бірге жоғалып, қолданыстан шығып қалса, онда оны **тарихи сөздер (историзмдер)** дейміз. Мысалы: *ояз, болыс, барымта, құл, қорамсақ* т.б.

Тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздерді **неологизмдер** дейміз. Мысалы: *әуежай, оралман, зейнетақы, тұғыртас* т.б.



3. Топқа бөлініп, тапсырманы орындаудан жарысыңдар.

1. **Тарихшылар** көнерген сөздерге мысал келтіреді.
2. **Физиктер** физика терминдеріне мысал келтіреді.
3. **Тіл мамандары** неологизмдерге мысал келтіреді.
4. **Диқандар** егіншілікке байланысты кәсіби сөздерге мысал келтіреді.



4. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәтіннен сөздік қор мен сөздік құрамға енетін сөздерді топтап жазыңдар.

2-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген суреттер бойынша сөйлемдер құраңдар.

3-деңгей. Суретші Ә.Қастеевтің төмендегі суреттері туралы «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.



5. Мәтін мазмұнымен танысып, «Ә.Қастеев – Қазақстан бейнелеу өнері тарихындағы жарқын кұбылыс» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.

Әбілхан Қастеев еңбек жолын Түрксіб теміржол құрылысында жұмысшы болып бастады. Мәскеудегі көркемсурет студиясында Н.Г.Хлудов пен И.Бродскийден сабақ алды. Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген.

Әбілхан қолөнерге, одан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Оның «Қарындастың портреті», «Автопортрет» атты туындылары кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан тіршілік-тынысына ден қойып, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды. Туған жердің әсем табиғатын, адам қолымен жасалған өзгерістерді зор шабытпен бедерлеген полотнолары эпикалық қарымымен, шыншылдығымен ерекшеленеді.

Әбілхан Қастеев – туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер. Суретшінің жүз жылдық мерейтойының ЮНЕСКО көлемінде атап өтілуі – барша қазақ көркемөнеріне деген құрмет.

(wikipedia.org/wiki)



1. Мәтінді оқыңдар. Археология туралы танымдық мағлұматтарды ойға түйіндер. Перифраза тәсілдерін қолданып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

Археология – тарих ғылымының ежелгі дәуірі және орта ғасырындағы адамзат қоғамының даму заңдылықтары мен кезеңдерін зерттейтін мамандық. Бұл мамандықтың негізгі зерттеу нысандары: алғашқы қауымнан, ерте заман мен орта ғасырлардан қалған материалдық ескерткіштер, еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, мекенжай, қоныстар, керуен сарайлары мен әскери бекіністердің тұрмысы, үй іші заттары, зираттар, обалар және т.б.

Археология гуманитарлық ғылымдардың ішіндегі ең «жасы». Ол тарих ғылымында төңкеріс жасап, оның көлемі мен мазмұнын өзгеріске ұшыратып, көкжиегін кеңейте түсті. Археология ғылымы – тарихи мұралар арқылы адамзаттың өткен тарихын зерттейтін ғылым. Бұл мұралар жер қойнауында жататындықтан, археология «күрекпен қаруланған ғылым» деп айтылады. Зерттеу аймағы – дала, тау, құм, шөл, батпақ, өзен, теңіз. Кең-байтақ қазақ даласында 4970-ке жуық археологиялық ескерткіш мемлекеттік есепте тұр. Олар өткен заманның жұмбақтары мен құпия сырларын өз бойында сақтап келеді. Бұл құпия сырды табанды әрі ізденімпаз жандар – археологтер ашады. Тарихта еш нәрсе із-түзсіз жоғалып кетпейді. Жер қойнауындағы жұмбақты ашу – археологтердің міндеті.

Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер туралы ерте кезден белгілі болған. Орта ғасырларда тарихшылар мен географтар, саяхатшылар ескі қоныстар мен қалалардың орны туралы мәліметтер қалдырған. 1707 жылы жарық көрген С.Ремезовтің «Сібір картасында» қазақ даласындағы археологиялық ескерткіштер туралы жазылған. 1733 жылы Г.Ф.Миллер бастаған бірінші академиялық экспедиция қазақ жерінде жұмыс істеді. 1774 жылғы жарық көрген П.И.Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде ертедегі кеніштердің орны туралы мәліметтер бар. Бұл кездегі зерттеулер ғылыми негізде жүргізілмей, тек қана кездейсоқ табылған жәдігерлерді жинаумен айналысты.

Ресейдегі археологиялық зерттеулердің кеңеюі Қазақстандағы көне ескерткіштерді ғылыми түрде зерттеуді қажет етті. Атақты қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов өз қолжазбаларында ортағасырлық Талғар, Шеңгелді қалалары туралы кескіндеме қалдырған. Орыс шығыстанушысы В.Радлов Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді бірінші рет тарихи кезеңдерге бөлді. Оның еңбектері Қазақстан археологиясының дамуында үлкен қадам болды.

Жалпы, археолог болу үшін ерекше қасиет, қабілет болу шарт емес, ең бастысы, ол өзінің Отанын сүйетін, оның тарихын зерттеуге бүкіл ғұмырын арнауға тәуекелі жететін азамат болуы керек. Бұл – жаның мен тәніңнің төзімін ақыл-парасатыңмен ұштастыра отырып нәтиже шығаратын ғылым саласы.

(М.Елеуұлы, А.Нұржанов және т.б. материалдары жинақталып берілді)



1. Археологиялық қазба жұмыстары сендерді қызықтыра ма?
2. Археолог болу үшін қандай қасиеттерді бойға жинау қажет?
3. Археология саласының маңызы туралы ойландыңдар ма?



2. Соңғы азатжолдың стилін көркем әдебиет стиліне ауыстырып, қайта жазып көріңдер. Сөздік құрамдағы сөздердің (диалект, көнерген сөздер, кірме сөздер, жаңа сөздер т.б.) бірін қолданыңдар.



3. Берілген сөйлемнен сөздік қорға жататын сөздерді анықтаңдар. Олардан жаңа сөздер туындатып жазыңдар.

Оның зерттеу аймағы – дала, орман, тау, құм, шөл, батпақ, өзен, теңіз.



4. Ғаламтор ресурстары мен энциклопедиялардан ізденіп, өз өлкелерінде археологиялық қазбалар арқылы табылған мәдени мұралар туралы таныстырылым дайындаңдар.



5. Оқылым мәтініндегі деректердің маңызды тұстарын сызба түрінде жазыңдар. Археолог мамандығын жан-жақты сипаттаңдар.



6. Есік обасынан табылған «Алтын адам» туралы мағлұматтардан тезис жасаңдар.

IV

БӨЛІМ

ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТІСТІКТЕРІ

СИНТАКСИС

СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ.

СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ.

СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- «Байқоңыр» ғарыш айлағының тарихы және ғарышкерлер туралы танымдық мағлұматтар аласыңдар;
- адамзаттың ғарышты алғашқы игеруі туралы бейнежазбаларды көріп, тыңдау арқылы ғарыш туралы білімдеріңді кеңейтесіңдер;
- қазақ ғарышкерлері – Тоқтар Әубәкіровтің, Талғат Мұсабаевтың, Айдын Айымбетовтің ғарыштық сапарлары туралы мол мағлұмат аласыңдар;
- «Байқоңыр» ғарыш айлағының экологиялық қауіпсіздігі, табиғат-ананы қорғау жайында маңызды мәліметтермен танысып, өзіндік ой қорытасыңдар;
- ізденімдік тапсырмалар орындауды грамматикалық біліммен ұштастырасыңдар.

**Қандай қиын күресте өткен күндерің,
Тағдырыңның айлағы боп тұр Жерің.
Туған үйің – ғарыш қана шынайы,
Ол сенімен,
Сен онымен мәңгіліксің ұдайы.**

(Әбу Насыр әл-Фараби)

§1. Байқоңыр – ғарыш алаңы

1. Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндегі ең басты мәселені анықтаңдар.
2.	Мәтіннің стилін анықтаңдар. Белгілі бір стильде жазылғанына 3 дәлел келтіріңдер.
3.	Мәтінге тақырып қойыңдар.
4.	Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңдар.

«Байқоңыр» ғарыш алаңы – дүниежүзіндегі 20-дан астам ғарыш айлағының ішіндегі ең ірісі. Ол Қызылорда облысы Қармақшы ауданы аумағында Төретам бекетінен 18–20 км қашықтықта орналасқан. Ол 7360 шаршы км жерді алып жатыр.

Байқоңырдың тарихы 1955 жылдың 12 қаңтарынан басталады. Сол күннің ертеңіне болашақ ғарышкерлер қаласының алғашқы қазығы қағылды. Ғарыш алаңын салу үшін бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық нысандар үшін қолайлы қону аймақтарының болуы т.б. факторлар ескерілді.

Ал 1961 жылы 12 сәуірде Байқоңырдан адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Байқоңыр одан кейін де ғарыш кеңістігін игеруде жаңашыл бастамалардың старттық орнына айналды.

Байқоңырдан Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері; «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері; «Салют», «Мир» орбиталық стансылары; ғылыми және зерттеушілік жұмыстар жүргізуге арналған «Протон», «Зонд», «Прогноз»; байланыс мақсаты үшін және метеорологиялық бақылаулар жүргізуге арналған «Молния», «Экран», «Горизонт», «Радуга», «Метеор» т.б. Жердің жасанды серіктері ұшырылды.

1991 жылдың 2 қазаны – Қазақстанның тарихына алтын



әріптермен жазылған күн. Бұл күні ғарышқа тұңғыш қазақ ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров ұшты. Ресейлік Александр Волков, аустриялық Фрац Фибек және тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтен құралған халықаралық ғарыш экипажының ұшу сапарына Елбасының шақыруымен ТМД мемлекеттерінің басшылары, басқа да шетелдерден жүздеген ресми қонақтар келіп, куә болды. Осы ұшырылым барысында республиканың алғашқы ғылыми зерттеу жұмыстары жүзеге асты.

1994 жылы 28 наурызда Қазақстан мен Ресей Президенттері «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидалары туралы мемлекетаралық Келісімге қол қойып, ғарыш кешенін жалға беру туралы шарт жасасты. 2004 жылдың қаңтар айында жалға беру мерзімін 2050 жылға дейін созу жөнінде келісілді. Екі жақтың қарым-қатынасын реттейтін үкіметаралық комиссия құрылды.



Осы шешімнің дұрыстығын уақыт дәлелдеді. Ресей мемлекеті ғарыштық бағдарламаларды жүзеге асыратын нысандарын сақтап, дамыта білді. Қазақстан мен Ресей арасындағы тығыз қарым-қатынастың негізінде Тоқтар Әубәкіровтің алғашқы ғарыштық бағдарламасының орындалуына және Талғат Мұсабаевтың Қазақстан Республикасының мүддесіне үш мәрте ғарышқа ұшуына, 2015 жылы Айдын Айымбетовтің ғарышқа ұшу жетістіктеріне қол жеткіздік.

Байқоңырда ресейлік құрылымдармен қатар, қазақстандық мемлекеттік басқару органдары да өз қызметтерін атқарады. Қазақстан Республикасының азаматтары қала тұрғындарының жартысынан астамын құрайды. Ресейлік

мекеме-құрылымдарда 7000-нан астам Қазақстан азаматы жұмыс атқарады.

Ғарыш саласы үшін мамандар даярлау мәселесі – биліктің жіті назарында. Жүзден аса жас маман Мәскеу авиациялық институтының дипломына ие болып, Байқоңыр кешенінде қызмет атқаруға мүмкіндік алды. Сондай-ақ Қазақстандағы жоғары оқу орындарында ғарыш саласымен тікелей байланысты мамандар әзірленіп жатыр.

«Байқоңыр» – өте күрделі және аумақты кешен, онда 150-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Кешен құрамына 7 зымырандық-ғарыштық кешен, су, электр, жылу, газ, автокөлік, теміржол, байланыс, коммуналдық және басқа да жүйелер кіреді. Осының бәрі әзірге Ресей бюджетінен қаржыландырылып отыр.

(wikipedia.org/wiki)



1. Ғарышты бағындырудың қазақ жерінен бастау алғаны сендерге қалай әсер етті?
2. Жасанды серіктерді ұшырудың себебін қалай түсінесіңдер?
3. Қазақ ғарышкерлерінің ғарышқа ұшқанынан қандай әсер алдыңдар?
4. Әлемге әйгілі Байқоңырдың болашағын қалай елестетесіңдер?



Сөз тіркесі. Есімді және етістікті тіркестер.

Тұрақты тіркестер

Синтаксистік қатынасты білдіретін, кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын **сөз тіркесі** дейміз.

Сөз тіркесінің өзіне тән белгілері:

- 1) сөз тіркесінің құрамында кем дегенде толық мағыналы екі сөз болады;
- 2) сөз тіркесін құрайтын сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық байланыста айтылады; Мысалы: *Кешкі ауыл тіршіліктің жәрмеңкесі сияқты. (М.Әуезов)* а) *кешкі ауыл*; ә) *тіршіліктің жәрмеңкесі*.
- 3) Сөз тіркесі белгілі бір синтаксистік (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық) қатынасты білдіреді: Мысалы: а) *кешкі ауыл* – анықтауыштық қатынас; ә) *тіршіліктің жәрмеңкесі* – анықтауыштық қатынас.

Сөз тіркестері басыңқы сыңарларының жасалуына қарай есімді және етістікті тіркестер болып бөлінеді.

Есімді тіркестер	Етістікті тіркестер
<i>Ағаш табақ, темір кереует, бес қару, он сарбаз, ақылды бала, сусыз жер.</i>	<i>Ғарышқа аттану, жетістіктерге қол жеткізу, мамандар даярлау.</i>

Тұрақты тіркестер кемінде екі сөзден тұрғанымен, бір сұраққа жауап беріп, бір мағынаны білдіреді. Мысалы: *Төбеде жай түскендей (қалай?) жаңа ғана естіп отырмыз. (М.Әуезов)*

2. Үш топқа бөлініп, оқылым мәтінінің алғашқы үш азатжолы бойынша жұмыс жүргізіңдер. Сөйлемдердегі есімді және етістікті тіркестерді ажыратып, кестеге жазыңдар.

Үлгі:

Есімді тіркестер	Жасалуы	Етістікті тіркес	Жасалуы
<i>Байқоңырдың тарихы</i>	Басыңқы сыңары зат есімнен жасалған тіркес	<i>Комиссия құрылды</i>	Басыңқы сыңары етістіктен жасалған тіркес

3. «Адамзаттың ғарышты бағындыруы қазақ жерімен тікелей байланысты» бейнежазбасын (www.youtube.com) көріп, көтерілген мәселені болжаңдар.

4. Тұрақты тіркестерді қатыстырып, ғарыш тақырыбына 5–6 мысал жазыңдар.

Үлгі:

Адам баласының ғарышқа ұшуы әлемді дүр сілкіндірген оқиға болды.

5. Бұрын «Кім боласың?» деген сұраққа балалар: «Ғарышкер боламын», – деп жауап беретін. Қазіргі балалар әкім, министр, әнші, шоумен болғысы келеді. Себебі неде? Өздерің кім болғыларың келеді? «Екі түрлі көзқарас» әдісімен өз пікірлеріңді дәлелдеп, сұхбат құрыңдар.



6. Оқылым мәтіні негізінде жинақы мәтін жазыңдар.



Ғарышқа ұшқан жануарлар

1959 жылы ғарышқа Авель және Бейкер деген маймылдар ұшқан. Олар ғарыштағы саяхатты жақсы өткерген, алайда зерттеуге арналған тетіктерді шешу кезінде бірі өлген. Маймылдардан басқа ғарышқа тасбақа, мысық және иттер ұшырылған.

Ең алғаш ғарыштық зерттеулер 1949 жылы иттерге жүргізілген. Ғарышқа ұшуы үшін иттердің бойы 32 см, салмағы 6 кг болуы керек еді. Оларды ғарышқа ұшырмас бұрын алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілген. 1957 жылдың 3 қарашасында жер аумағындағы орбиталық ұшуға Лайка есімді итті аттандырған. Ол кезде космостық құрылғылардың жерге қайтып келуі екіталай болғандықтан, ит ғарышта тек 1 апта тіршілік етеді деген болжам жасалған. Алайда ғарыш кемесінде салмақсыздық байқалып, ит ыстықты көтере алмаған.

1960 жылы ғарышқа Белка, Стрелка деген иттер мен тышқандар ұшырылып, ғарыш кемесі жерге сәтті оралған. Осыдан кейін «ғарышқа адам барады» деген тұжырым жасалды.

(kaztrk.kz/news/portal)



7. Қосымша әдебиеттер мен энциклопедиялардан ғарыш туралы қызық мәліметтер жазып, есімді және етістікті тіркестерге 5–5-тен мысал келтіріңдер.



1. Мәтінді түсініп оқындар. Мәтіннің қандай стильде (публицистикалық, ғылыми) жазылғанын анықтап, дәлелдеңдер.

1961 жылдың 12 сәуірінде ғарышқа Юрий Гагариннің ұшуы ғарыш дәуірінің жаңа сатысы болды. Адам баласы тартылыс заңын жеңді. Содан бері түрлі тәжірибелер жасалып, талай ғарышкер көкке көтерілді.

1961 жылдың 12 сәуірінде Мәскеу уақыты бойынша сағат 09.07-де старт алған «Восток» Жерді 108 минутта бір айналып шығып, 10 сағат 55 минут 34 секундта ұшу жоспарын аяқтады. Тежегіштегі ақауларға байланысты жерге 7 шақырым қалғанда катапульт нүктесін басқан Гагарин парашютпен түсті. Көп ұзамай жақын маңдағы әскери бөлім қызметкерлері де жетті. Олардың бір тобы аппаратты күзетуге қалды да, екінші тобы Гагаринді әскери бөлімге алып кетті. Гагарин осы жерден Әуе күзеті дивизиясының командиріне жеделхат жолдады: «Тапсырманы орындадым, белгіленген аумаққа қондым, өзімді жайлы сезінемін, денемнің жарақат алған, сынған жері жоқ. Гагарин».



Юрий Гагарин 1934 жылдың 9 наурызында Ресейдегі Смоленск облысының Клушино селосында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң кәсіптік училищеге, 1951 жылы Саратовтағы индустриалды техникумға түсті. Сонымен қатар аэроклубқа барып жүрді. Бір жылдан соң алғаш рет Як-18 ұшағымен ұшу бақытына ие болды. 1957 жылы Орынбордағы ұшқыштар училищесіне түсті. 1960 жылы ғарышкерлікке кандидат атанды. 1961 жылы оның өмірінде ерекше оқиға орын алды. Осы жылдың 12 сәуірінде Гагарин «Восток» кемесімен ғарышқа ұшып, Жерді айналып шықты. Жерге орала салысымен, оны сән-салтанатпен күтіп алып, мақтау мен мадақтаудың астында қалдырды.

Гагарин ғарыштан оралған соң 30 мемлекетке саяхат жасап, ел-жұртты аралап, көрген-білгенімен бөлісті.

Кездесулердің көп болғаны соншалықты – кейде бір күнде жұрт алдына 18–20 рет шығуына тура келді.

Ғарышкердің кеудесіне көптеген елдің ордендері мен медальдары тағылып, бірнеше елдің Еңбек Ері атанды. КСРО-ны былай қойғанда, Болгария, Грекия, Кипр, Франция, Чехословакия т.б. елдердің ірі қалаларының «Құрметті азаматы» атанды. Ал Египетте ғарышкерге Каир мен Александрия қалалары қақпаларының алтын кілті тапсырылды...

Юрий Гагарин 1968 жылы 27 наурызда УТИ МиГ-15 ұшағымен әуе жаттығуы кезінде апатқа ұшырады. Апаттың нақты себебі әлі анықталған жоқ.

(«Алматы ақшамы» газетінен)

Сөздердің байланысу тәсілдері

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста жұмсалады. Сөйлемдегі қатар орналасқан сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Олар байланысудың белгілі заңдылығына бағынады. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер **1) жалғау арқылы; 2) шылау арқылы; 3) сөздердің орын тәртібі арқылы; 4) интонация арқылы** байланысады.

1. Сөздер септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі де, нәтижесінде синтаксистік қатынас, грамматикалық мағына пайда болады. Мысалы: *Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. (Шәкәрім)* Мұндағы жалғауларды алып тастасақ, онда сөйлемдегі сөздер байланыспас еді.
2. Сөздер шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: *Тамақтанып алу үшін асханаға кіргем. (С.Мұратбеков)* Мұндағы үшін шылауы тамақтанып алу мен кіргем сөздерін байланыстырып тұр.
3. Сөздер орын тәртібі арқылы байланысады. Мысалы: *Ақ қардың үстінде екі адам қараңдап бара жатты. (С.Мұратбеков)* Мұндағы ақ қар, екі адам деген сөздер еш жалғау, шылаусыз қатар тұрып, анықтауыштық қатынасқа түсіп тұр. Бұлар бір-бірімен тиянақты орын тәртібі арқылы байланысқан.
4. Интонация арқылы байланысу. Мұнда екі сөздің орын тәртібінің болуымен бірге, екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады. Мысалы: *Диірмен тұрған жер – терең құздың табаны. (С.Мұратбеков)*





2. «Қазақстандық ғарышкерлер» мәтінін (07. mp3) тыңдап, дәйексөздерге мән бере отырып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдаңдар.



3. Тапсырмаларды орындаңдар.

1. Оқылым мәтінінің бірінші азатжолынан сөздердің байланысу тәсілдерін анықтаңдар.
2. Төмендегі мәтіннен есімді және етістікті тіркестерді теріп жазыңдар.



Ғарышкерлер тамағы Мәскеу облысының Бирюлев тәжірибе зауытында даярланады. Алғашқыда 165 грамдық түбекшелерде дайындалды. Мұндай тағамнан алғаш ауыз тиген Ю.Гагарин еді. Көкте 2 сағатқа жетпейтін уақыт болса да, оған белгіленген тәртіп бойынша тоғыз түрлі тамақ берілген. Технологтер мен конструкторлар ғарышкер тамағының көп орын алмауына, сақтау кезінде бұзылмауына және өте дәмді болуына көңіл бөлген.

1961 жылдан бері ғарышта 400-ден аса адам болыпты. Ғарышты игерген 55 жыл ішінде көкке 80 тоннадан астам азық-түлік жіберіліп, 50 мың тамақ түрі дайындалыпты.

(wikipedia.org/wiki)



4. Берілген мәтіндер бойынша бір-біріңнен «Үш қадамды сұхбат» алыңдар.

1. А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.
2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.
3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Ғарыш, аспан, жұлдыздар, ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер жаттап, топ болып жарыс ұйымдастырыңдар.
2. «Үш қадамды сұхбаттан» 5 сөйлем жазып, сөздердің байланысу тәсілдерін анықтаңдар.



1. Мәтінді түсініп оқып, ой тұжырымын жасаңдар. Құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

...Тоқтар Әубәкіров 1946 жылдың 27 шілдесінде Қарқаралы топырағында дүние есігін ашыпты. Әкесі Әубәкір мен анасы Қамия шетінеген 9 ұлдан кейінгі перзентіне «Тоқтар» деп ат қойыпты.

Тоқтар күш-жігерін айғай мен төбелеске емес, іске, білімге салудың дұрыстығын ерте сезінді. Намыспен оқыды. Жақсы оқыды. Жұмысты да жақсы істеді. Таңертеңнен кешке дейін зауытта жұмыс істеп, кешкісін мектепте оқыды. Суреті зауыттағы озат жұмысшылардың «Құрмет тақтасынан» ешқашан түспеді. Мәскеуге оқуға кетер алдында: «Зауыттың озат жұмысшысы Тоқтар Әубәкіровтің аты-жөні алтын әріптермен облыстың «Құрмет тақтасына» жазылсын!» деген бұйрық келген.



Балалық қиялына қанат бітіріп, тар жол, тайғақ кешуден тайсалмаған Тоқтар ұшқыштық ұшқыр арманына да қол жеткізді. Әскери училищені тәмамдап, Амурдағы Комсомольск қаласында әскери қызметін жалғастырады. Төрт жылдай СУ-15 ұшағында қарымды қабілетін көрсетіп, Қиыр Шығыстың «Ең үздік ұшқышы» атағын иеленеді.

Қара домалақ қазақтың баласы сынақшы-ұшқыш болуға бекініп, қайта-қайта сұранды. Күндердің күнінде үміті азайған Тоқтар Қазақстанның басшысы Дінмұхамед Қонаевқа мынадай хат жазды: «Мен, Тоқтар Әубәкіров, аға лейтенантпын. Сынақшы-ұшқыш болғым келеді. Оған денсаулығым да, білімім де жетеді. Барлық сынақты ойдағыдай тапсырдым. Бірақ Қорғаныс министрлігі мені жіберетін емес. Қазақтың бір баласы сынақшы-ұшқыш болса, несі жаман? Маған осындай мүмкіндік жасауға қол ұшын беріңіз!..»

...Әп-сәтте КСРО Қорғаныс министрі А.Гречконың тікелей тапсырмасымен Тоқтар Әубәкіров Мәскеудегі Авиация

өнеркәсібі министрлігіне қарасты «МиГ» авиация фирмасына ауыстырылады. Тоқтар Кеңес Одағының тарихында тұңғыш рет жерге қонбай, әуе кеңістігінде ұшаққа 2 мәрте жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын іске асырды. Реактивті ұшақтардың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан сүрінбей өткізді... Қыр-сыры беймәлім «МиГ» ұшақтарымен аса қауіпті ұшу сынақтарын сәтті өткізіп, алып кеменің тар палубасына асқан дәлдікпен, шексіз шеберлікпен қолайлы қондырып, сосын лезде қайтара ұшып шығуды мүлтіксіз атқарған ерлігі үшін Тоқтар Әубәкіровке 1988 жылдың 31 қазанында «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Тоқтар Әубәкіров Қазақстан Президентінен шақыру алды. Елбасы: «...Зар жылап жүрген қазақпыз. 30 жыл біздің жерімізден ғарышқа басқалар ұшып жатыр, әлі күнге дейін бір қазақ ұшпады...» – деді. Тоқтар келісімін берді...

Мұның өзі оңай шаруа болған жоқ. Кеңестік ғарыш саласының шенеуніктері қазақтың ғарышқа талпынысын тыжырына қабылдап, қазақ ғарышкерінің ұшуын кейінге шегере берген... Бірақ бірбеткей қазақ басшысының: «Енді қазақ ұшады. Қазақ ұшпаса, «Байқоңыр» жабылады!» – дегенін Тоқтар өз құлағымен естіді.

...Қазақтың тұңғыш ғарышкері сапарға аттанып бара жатты. Алып тұлғалы Әубәкіров Қазақ елінің басшысына қазақша: «Сапарға дайынмын!» – деп, баянат жасады. Командир: «Кеттік!» – дегенде, Тоқтардың айтқаны «Ал, қазағым, сен үшін жануға да, ұшуға да дайынмын!» деген сөздер болды.

Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа сапары қазақ үшін 1961 жылғы Юрий Гагариннің ғарышқа ұшуынан бір мысқал да кем түспеді. Сол бір жүректер толқыған, шаттық шалқыған әсерлі сәттерде Н.Назарбаев: «Алғаш рет өзіміз болып бірінші ғарышкерді сапарға шығарып салдық. Байқоңыр өзінің шын мәніндегі мақсатын бүгін орындады!..» – деді.

Тоқтар Әубәкіровпен қалың қазақ та, иісі түркі де, дүниежүзінің миллиардтаған мұсылман қауымы мақтана алады!

(Мыңжан Байжанин)



1. Тоқтар Әубәкіровтің бала кезі мен ғарышқа ұшқанға дейінгі өмір жолынан не байқадыңдар?
2. Елбасының Тоқтарға жасаған ұсынысынан нені аңғардыңдар?

3. «Ал, қазағым, сен үшін жануға да, ұшуға да дайынмын!» деген сөздері нені аңғартады?
4. Тоқтар Әубәкіровтей батыр болу үшін қандай қасиеттер қажет екен?

Сөздердің байланысу түрлері. Қиысу

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысуының бес түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Бастауыш пен баяндауыштың (сөз бен сөздің) жақ жағынан үйлесіп, жіктік жалғау арқылы байланысқан түрін **қиысу** дейміз. Мысалы: *Мен көрдім ұзын ағаш құлағанын (Абай)* деген сөйлемдегі *мен көрдім* – қиыса байланысқан сөздер. Онда *мен* деген бастауыштың I жақтық грамматикалық мағынасымен үйлесіп, *көрдім* деген баяндауыш бірінші жақтық жіктік жалғауда айтылған. *Сіздер оның қателігін кешірдіңіздер* дегенде *сіз* деген бастауыштың II жақтық грамматикалық мағынасына және *-дер* деген грамматикалық тұлғасына қарай дәл сондай жалғауларда айтылып тұр.



2. Оқылым мәтінінен қиысуға 7–8 мысал келтіріңдер. Бағыныңқы және басыңқы сыңарларын грамматикалық тұлғасына қарай талдаңдар.



Ғарышкерлер тамағын өзірлеумен диетолог және инженер ғалымдар айналысады. Ғарышкерлер тамағы барынша жеңіл, пайдалы болуы, жақсы сақталуы тиіс. Ғарышкерлердің рационы 50 жыл ішінде көп өзгеріске ұшырады. Адамдардың пайдалы тамақ туралы көзқарасының өзгеруі, ғылыми технологияның дамуы – бәрі ғарыш тағамы үрдісінің ауысуына септігін тигізді. Мысалы, 60-жылдары синтетикалық тағамдар пайдалы саналатын. Ал соңғы онжылдықтағы басты тренд – табиғи азық-түлік, көгөніс пен жемістер. Сонымен бірге ғарышкерлер тағамдары барынша аз орын алатын әрі жеңіл болуы тиіс. Инженер ғалымдар жылдан жылға осы мәселені шешуге тырысуда.

(massaget.kz)



3. Үш топқа бөлініп, мәтіндер бойынша топтық жұмыс жүргізіңдер.

1-топ – Тағамтану орталығының ғалымдары;

2-топ – Ғарышкерлерді дайындау орталығы ғалымдары;

3-топ – Журналистер.

Журналистер алғашқы екі топтың ғалымдарынан сұхбат алады. Екі топтың мүшелері өз болжамдарымен жауап береді.



4. «Тоқтар Әубәкіров қалай Кеңес Одағы Батыры атанды?» (08. mp3) атты мәтінді тыңдап, көтерілген мәселені анықтаңдар.

Аннотация (лат. *annotatio* – ескерту, аңдату) – кітаптың не шығарманың мазмұнын оқырманға қысқаша баяндау. Аннотацияда авторы туралы мәліметтер келтірілуі, әдебиеттерге және т.б. деректерге сілтеме жасалуы мүмкін. Оқырман аннотацияға сүйене отырып, өзіне қажетті әдебиетті таңдай алады.



5. Үлгіні негізге алып, оқылым мәтінінің мазмұнын қысқаша баяндайтын аннотация жазыңдар.

Үлгі:

Адамзат бағындырған ғарыш

«Алматы ақшамы» газетінен алынған мақалада тұңғыш ғарышкер Ю.Гагариннің ғарышқа сапары туралы мәліметтер берілген. Онда «Восток» кемесінің ұшу уақыты, қонарда орын алған жағдайлар баяндалады. Сонымен бірге ғарышкердің қысқаша өмірбаяны мен ғарыштан оралғаннан кейінгі өмірі туралы деректер де қамтылған.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Оқылым, тыңдалым бөлімдерінен алған ақпараттар бойынша қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровке мінездеме жазыңдар. Қиыса байланысқан сөз тіркестерін анықтаңдар.
2. Тілдік құралдарды орынды пайдаланып, тыңдалым мәтінінің тезисін жазыңдар. Қиыса байланысқан сөз тіркестерін анықтаңдар.



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Тілдік құралдары арқылы стилін (публицистикалық, ғылыми) анықтаңдар.

Ол – өмірінің басты арманына қол жеткізе алған адам: 33 жасында жай ғана ұшқыш емес, жоғары пилотаждан КСРО чемпионы болған; 44 жасында ғарышкер атанған азамат. Ал бүгінде ғарышта жинаған бар ілімі мен тәжірибесін туған жерінде – Қазақстанда жүзеге асыруға қол жеткізіп отыр. Ол – Талғат Мұсабаев.



«Бүгінгі жылдар белесінен көз салып қарасам, ғарышкер болу туралы арманымды мен көк аспанға қарап айтыппын. 1961 жылдың сәуірдің 12-сі болатын, мен 10 жаста едім. Алматыдағы №58 мектептің оқушыларын аяқ астынан жинап, тамаша жаңалық айтты: ғарышқа алғашқы адам – Юрий Гагарин ұшты! Сонда не болғанын көрсеңіз, қуана секірген балаларға мұғалімдер ие бола алмай қалып еді. Мен де көк аспанға қарап: «Ғарышта – Талғат Мұсабаев!» – деп айғайладым. Достарымның естіген-естімегенін білмеймін, бірақ ғарышкер болу туралы ой жүрегіме дәл сол сәтте ұялап еді.

Мен ұшқыш болатынымды анық білетінмін, себебі ата-анам мені ұшқыш Талғат Бигелдиновтің құрметіне атаған ғой. Талғат Бигелдинов және Юрий Гагарин менің тағдырымда және ғарышкер ретіндегі мансабымда басты рөл ойнады», – дейді ғарышкер.

Одан кейін тағдыр Талғатты оның ғарышкер атану арманын үкілеген көптеген ұлы тұлғалармен кездестірді. Ол – 1986 жылдың мамыр айында жас ұшқыштың өзін ғарышкерлердің кеңестік отрядына қосу туралы өтінішін мақұлдаған Дінмұхамед Қонаев еді. Бірақ Талғаттың арманы

орындалмады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының әсерінен шені төмендетіліп, Ту-134 әуелайнерінің штурвалын АН-2 «кукурузнигіне» ауыстыруға мәжбүр болады.

«Менің өмірімде, ғарышкер атану мансабымда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ерекше орын алады. Сол кісінің қолдауының арқасында, ең бастысы, сол кісінің Қазақстанды ғарыш державасына айналдыруға деген талпынысының арқасында мен бортинженер және халықаралық экипаждың командирі ретінде үш рет ғарышқа барып қайттым. Ғарыштағы жетістіктеріміз үшін Ю.Малеченко екеумізге «Ресей Федерациясының Батыры» атағы берілді. Бір айдан кейін біздің еліміздің Президентінің қолынан «Халық Қаһарманы» атағын алдық.

Үшінші сапарымда экипаж командирі болдым. Орбитадан оралғаннан кейін Елбасына ғарышта болып қайтқан Қазақстан жалауын, қазақ жерінің топырағы салынған капсуланы, Құран кітабын табыс ету бақытына ие болдым.

...Ғарыштан Жерге көз салған кезде, оның қаншалықты нәзік және қорғансыз екенін түсінесің. Оны бізге, адамдарға, құдіретті күш тарту етіп отыр және біздің міндетіміз – Жер бетіндегі тіршілікті сақтау. Ғарыш адамға мол рухани сабақ береді.

Ғарышкер атану арманыма қол жеткізгенімді, білікті маман атанып, өз білімімді кәдеге асырып жатқанымды өзімнің басты кәсіби жетістігім деп айта аламын», – деді Талғат Мұсабаев.

(Сара Қабиқызы)



1. Ғарышқа ұшуды кішкентайынан елестеткен бала арманынан не аңғардыңдар?
2. Ғарыштан қарағандағы Жердің сипаты қандай ой салды?
3. Ел жауапкершілігін арқалаған ғарышкерге қандай баға берер едіңдер?



2. Оқылым бөлімінде танысқан ақпараттарың туралы ой бөлісіңдер. «Ғарышты үш рет бағындыру – ерлік» тақырыбына ой картасын сызып, ойларыңды дәлелдендер.



Матасу

Алдыңғы сөз ілік септік тұлғасында болып, екінші сөз тәуелдік жалғауында байланысқан сөз тіркесін **матасу** деп атаймыз. Мысалы: *Елбасының жолдауы, ақынның сөзі, үлкеннің ақылы.*

Матасудың негізгі белгілері:

1. Ілік септікті сөздер мен тәуелдік жалғаулы сөздер арқылы байланысады.
2. Көбіне есімді тіркес болып келеді. Бірінші сөз зат есімнен немесе заттанған басқа сөз табынан болып, басыңқы сыңары тәуелдік жалғаулы сөз болады.
3. Сөз тіркесінің бірінші, кейде екінші сыңарының жалғауы түсіп те айтылады және солай жазылады.
4. Компоненттері көбіне екеу, кейде одан да көп болып келеді. Мысалы: *баланың ойыны, мәдениет сарайының бөлмесі, Жайық өзенінің саласы, түтіннің иісі.*



3. Оқылым мәтінінен матасуға 7–8 мысал жазыңдар. Бағыныңқы және басыңқы сыңарларын құрамына қарай талдаңдар.



Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, ғарыш 100 км биіктіктен басталады. Ғарышқа ұшқан ең алғашқы жәндік – Дрозофила шыбыны. Ғалымдар 1946 жылы осы шыбынды америкалық V2 зымыранымен ұшырған болатын. Сол арқылы жоғары қабаттардағы радиацияның қаншалықты әсер ететінін білгісі келіпті. Одан кейін аспан әлеміне қына мен маймылдар жіберілді. Ғарышқа ұшқан ең алғашқы Альберт II есімді маймыл 1949 жылы 134 км биіктікке дейін жете алған. Маймылдардың ішінде Бейкер есімді маймыл ғана ғарыш әлеміне жасаған сапарынан соң 25 жыл өмір сүрген.

Ресей ғалымдары зерттеуге көбіне иттерді араластырған. Ю.Гагарин ұшқанға дейін онға жуық ит аспан әлеміне барып қайтқан. 1968 жылы олар жануарларды алыс ғарышқа жіберді.

Жалпы, ғарышқа ұшқан жануарлар: шимпанзе, теңіз шошқасы, құрбақа, атжалман, мысық, өрмекшілер және сирек кездесетін фундолиус атты балық. Жапондарда ең

алғаш ғарышқа ұшқан жануарлар – тритондар (жыландар) еді.


(*massaget.kz*)



4. «Оқылым» және «Артық болмас білгенің» айдарлары мәтіндерінің жазылу стильдерін салыстырыңдар. Венн диаграммасы арқылы дәлелдеңдер.

Оқылым мәтіні

«Артық болмас білгенің»
айдары мәтіні



5. Берілген сөздерден матаса байланысқан сөз тіркестерін жасаңдар.

Ғарыш, еңбек, құпия, жеміс, Байқоңыр, Жер, тағам, тарих, сапа, жасанды серік, шешім, басқару, дұрыстық, органдар, әскери бөлім, институт, қызметкер, ғарышкерлер, диплом, қазақ.



6. Тапсырманы орындаңдар.

Сен оқитын мектеп ұжымы үш рет ғарышты бағындырған ғарышкермен кездесу ұйымдастырмақ. Саған «Жас тілші» үйірмесінің тілшісі ретінде тапсырмалар берілді:

- 1) Талғат Мұсабаевқа қоятын сұрақтар дайындау;
- 2) Талғат Мұсабаевқа хат жазу.



7. Осы кезеңге дейін танысқан ғарыш туралы ақпараттарды жинақтап, шағын ғылыми мақала (100–120 сөз) жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Мақаладан матасуға мысалдар келтіріңдер.



1. Мәтінді түсініп оқып, стилін (ғылыми, публицистикалық) анықтаңдар.

Қазақстанның аспан түстес байрағын жеті қат көкке шығарып, Ұлы даланы ұлықтай білген азамат Айдын Айымбетов – «Байқоңыр» айлағынан ғарышқа сапар шеккен үшінші қазақ.

– *Әуе және ғарыш саласының сурлеуіне кездейсоқ тап болған жоқсыз. Еңбек жолыңыз қалай басталды?*

– 1972 жылы Талдықорған облысына қарасты Өтенай атты ауылда өмірге келдім. Талдықорған қаласындағы №20 орта мектепті алтын медальмен бітірген соң, Армавир жоғары әскери авиация училищесіне түстім. 1993 жылы бітіріп, ұшқыш-инженер маманы атандым. Талдықорғандағы әуе базасында жүріп, 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірдім. 1993 жылы Қазақстан Республикасының ғарышкерлері қатарына қабылдау жөнінде өтініш білдіріп, 2002 жылы қабылдандым. Ал 2009 жылдан «Қазғарыш» басшысының кеңесшісі, бөлім, департамент басшысы сияқты бірқатар қызметтерді атқардым. 2014 жылы ҚР Әскери-әуе күштерінің полковнигі атағын алдым. Қазір әскери жойғыш ұшақтарды басқаратын маманмын.

– *Ғарышқа ұшарда қандай да бір қорқыныш сезімін бастан кештіңіз бе?*

– Оның алдында талай ұшу-жаттығудан өтіп, бойдағы қорқынышты жеңдік қой. Дегенмен кемедегі барлық люктер жабылып, алып машина от алғанда біраз елеңдегенімді жасырмаймын. Өйткені салмағы 389 тонна, 200 миллион аттың күші бар алып зымыран дірілдеп, жерден көтерілгенде, оның күш-қуаты кімді болса да қобалжытады.



– Біршама ғылыми-тәжірибелік сынақтар жүргіздіңіз. Олардың маңызы қаншалықты? Осы сапарға кеткен шығын да аз емес дегендей.

– Әрине, жасыратыны жоқ, сапардың құны – 20 миллион доллар. Дегенмен осынша қаржы кеткен жұмыс жемісін беретініне сенімдімін. Ғарыш кеңістігінде қазақстандық ғалымдардың тапсырысы бойынша 20-ға жуық ғылыми тәжірибе жүргіздім. Бұлардың бәрі – отандық ғылымды дамыту үшін аса қажет жобалар. Мұздықтар мен «Кулон кристалдарын» зерттедім. Арал мен Каспийді суретке түсіріп, мониторинг жасадым. Он күнге созылған сапар барысында басқа да физикалық-ғарыштық тәжірибелер мен экологияға қатысты мониторинг жүргізіп, шаңды дауылды зерттедім.

– Салмақсыздық жағдайында ұйықтау мен ас ішуде қиындық туды ма?

– Ғарыштағы алғашқы күндері ұйықтау мүмкін емес. Өйткені ғарышта тартылыс күші болмағандықтан, күні-түні ауада қалықтап тұрасың. Әдетте біздер жастық жастанып, басымызды ыңғайымызша қисайтып, ұйқыға бас қоямыз ғой. Ал ғарышта қалаған жағыңа қисайып, бір бүйірмен ұйықтай алмайсың. Сондықтан ғарышта болған сәтімде жерде жатып мызғығанды қатты аңсадым (күліп).

– Бос уақыт болды ма? Ғарыштан жерге қарағанда көкіректі бір керемет сезім кернеген шығар?!

– Әлбетте. Жерде атмосфера қабатынан өзге ғаламшарларды көру мүмкін емес. Ғарышта мұндай кедергі болмағандықтан, ғаламшарларды анық көруге болады. Марс, Юпитер, Сатурн дәл қасыңда, қол созым жерде тұрғандай. Бос уақыт аз болатын. Ондай сәт туындай қалса, бірден иллюминаторға тартатынмын. Жұлдыздар әдеттегіден 15–20 есе үлкен әрі жарық болып көрінеді.

– Ғарыштан оралғаннан соң дүниетанымыңызда қандай да бір өзгерістер орын алды ма?

– Мен ғарышта өткізген он күнде көп нәрсеге көз жеткіздім. Асылы, Жерді шеті мен шегі жоқ кең дүние деп елестетеміз ғой. Ал ғарыштан қарағанда Жердің тұңғиық кеңістікте қорғансыз әрі нәзік екендігін байқайсың. Сондықтан да жер шарын аялаудың маңыздылығын түсіндім.

– *Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?*

– «Қазғарышта» қызметімді жалғастырамын. Сонымен қатар ғарышқа тағы бір мәрте ұшу ойымда бар. Қазақ азаматтарының ғарышқа ұзақ мерзімге ұшқанын қалаймын. Ғарыш кеңістігін зерттеу, ғылыми жаңалықтар ашу біздің де қолымыздан келеді. Маңыздысы – бастамасы бар.

(Қасқырбай Қойшыманов)



1. А.Айымбетовтің ғарышта жүргізген зерттеулерінен нені байқадыңдар?
2. Ғарышкердің Жер туралы ойынан нені аңғардыңдар?
3. Қиындығы мен қызығы мол ғарыш саяхатынан қандай әсер алдыңдар?



2. Тілдік құралдарды орынды пайдаланып, оқылым мәтінінің тезисін жазыңдар.

Меңгеру

Меңгеру – бағыныңқы сөз атау мен ілік септіктерінен басқа септік жалғауларының бірінде және шылаулардан, басыңқы сөз сол жалғаулы сөзді керек ететін етістік не есім сөзден болатын сөз тіркесінің түрі. Мысалы: *Түн мөлшерін біле алмады. Ал жер шаршысы көңілінде сайрап тұр. Есіктен төрге шейін қызыл кілем.* (М. Әуезов)

Бағыныңқы сөз	Басыңқы сөз
<i>мөлшерін</i> – табыс жалғаулы сөз	<i>біле алмады</i> – етістік
<i>көңілінде</i> – жатыс жалғаулы сөз	<i>сайрап тұр</i> – етістік
<i>төрге шейін</i> – шылаулы сөз	<i>кілем</i> – есім сөз

- 1) меңгерілетін сөздер – барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздер, ал меңгеретін сөздер – етістік, есім сөздер;
- 2) сөйлем мүшелерінің ішінде көбінесе толықтауыш пен мекен пысықтауыш етістіктен болған баяндауышпен, кейде сөйлемнің етістіктен болған басқа мүшелерімен меңгеріле байланысады.



3. Оқылым мәтінінен 5 сөйлем алып, сөздердің байланысу түрлеріне қарай талдау жасаңдар. Бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің жасалу жолдарын көрсетіңдер.



4. Ғибратты сөздерді оқып, мәніне көз жеткізіңдер.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді (*Әбу Насыр әл-Фараби*).

Білімі көп адам құралы сай ұста секілді: не істесе де келістіріп істейді (*А.Байтұрсынұлы*).

Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік (*М.Әуезов*).

Ерлік тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады (*Б.Момышұлы*).



5. Ғибратты сөздерден қиысу, матасу, меңгеруге мысалдар жазыңдар.

Қиысу	Матасу	Меңгеру



6. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Ерлік, батырлық туралы 5 мақал-мәтел жазыңдар.

2-деңгей. Берілген нақыл сөздерге интерпретация жасаңдар.

- Ерлігі бар елге жағар.
- Жершіл жігіт жол табар.
- Ердің жеңілгені – елдің жеңілгені.
- Ері жоқ елдің күні қараң.

3-деңгей. Берілген фразеологизмдердің мағыналас түрлерін тауып жазыңдар.

- Мыңнан тұлпар.
- Алдына жан салмау.
- Айдарынан жел есу.
- Жүрегінің түгі бар.



7. Қанатты сөздер мен мақалдарды қатыстырып, қазақ ғарышкерлері туралы аргументативті эссе (сөз саны – 150) жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. 5 сөйлемнен сөздердің байланысу түрлерін анықтаңдар.



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Қолданылған тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

«Ғарыш-экология» ғылыми-зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры, техника ғылымдарының докторы Жайлаубай Жұбатов мырзаны әңгімеге тартқан едік.

– *Жайлаубай Қызылбайұлы, былайғы жұрт «Ғарыш-экология» ғылыми-зерттеу орталығының нақты атқарып жатқан шаруаларын біле бермейді. Сондықтан да әңгімені өзіңіз басқарып отырған кәсіпорынның қызметі мен міндеті жайынан бастасаңыз...*

– «Ғарыш-экология» ғылыми-зерттеу орталығы 2001 жылы үкіметтің арнайы қаулысымен құрылды. Оған 1999 жылы «Протонның» екі мәрте апатқа ұшырауы себеп болды. Ол тұста бұл іспен айналысатын кәсіпорын болған жоқ. Қазақстандағы зертханалар мұндай ауқымды жұмыс істеуге дайын емес еді. Арнайы әдістемесі, зертханалық құрал-жабдықтары болмады. Кәсіпорын алғашқы күннен бастап «Байқоңыр» ғарыш айлағының экологиялық қауіпсіздігі жайында зерттеуді қолға алды. Зерттеу орталығының негізгі қызметі – «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын тасымалдағыш зымырандардың ұшырылымдарын экологиялық жағынан сүйемелдеу, тасымалдағыш зымырандардың бөлшектері құлаған аумақта зерттеу жұмыстарын жүргізу. Мамандар штаттан тыс жағдайлар орын алған жерлерге алғашқылардың бірі болып жетіп, сынамалар алып, ластану деңгейін анықтайды, сондай-ақ апаттардың зардаптарын жою жұмыстарының жоспары мен көлемін әзірлеуге қатысып, уытсыздандыру жұмыстарын бақылайды.

– *Апаттан кейін зымыран отынының топыраққа төгілу қаупі басым. Қоршаған ортаның қауіпсіздігі, адамның денсаулығын сақтау мәселесіне қатысты қандай шаралар қолға алынуда?*

– Гептил – өте улы зат. Сондықтан гептилдің адам денсаулығына зияны орасан. «Шаттлдың» апаттық ұшырылымы

кезінде елді мекен халқының денсаулығына арыздануы күрт өсіп кеткені жұрттың есінде шығар. Алайда сол елді мекендердегі топырақ, су, ауаны тексергенде, ешқандай зиянды зат таппадық. Гептил – синтетикалық, табиғатта жоқ зат. Оның 3% -ы оттегі бар ауада жана бастайды. Апат болған аумақта жердегі топырақты тексерсеңіз, гептил болмайды. Мұны талай мәрте зерттеп, көз жеткіздік.

–Қалай ойлайсыз, қоршаған ортаны ластанудан сақтау жолын неден бастау керек?

– Жасыратыны жоқ, қазір еліміздің қай өңірін алсаңыз да, экологиялық ахуалы назар аударуды талап етеді. Біз тұратын Алматының ауасы ше? Ең үлкен экологиялық түйткіл Алматы қаласында туындауда. Көлік саны көбейіп кетті. Қаланың маңайындағы қоқыс полигондарының адам денсаулығына, қоршаған ортаға әсері ескерілуі керек деп ойлаймын. Қаланың тазалығы көңілге қонбайды. Қаланың жасыл желегінің ахуалы да көңілден шықпайды. Барлық ағаш-бұталар үнемі мониторингтік бақылауда болу керек деп есептеймін. Осы жұмыстарға жастар кеңінен тартылуы қажет. Қоршаған ортаны ластайтын – өзіміз. Табиғат-ананы қорғауды әркім өзінен бастауы керек. Қарапайым қоғамдық мәдениетті соған бағыттау қажет.

(Өңгімелескен Динара Мыңжасарқызы)



1. «Ғарыш-экология» орталығының жұмысынан нені байқадыңдар?
2. Ғарыш айлағының Қазақстанда орналасуы қаншалықты пайдалы немесе зиянды?
3. Табиғат-ананы қорғауға әркімнің жауапты болуы дұрыс па?



2. Топқа бөлініңдер, «Кейс стади» әдісін қолданып, «Зардапсыз Байқоңыр» тақырыбында практикалық кейсті шешіңдер.

1. Зымырандарды ұшыру қаншалықты қажетті?
2. Адамзатқа зиянсыз ғарыш алаңын пайдалануға жете аламыз ба?

«Кейс стади» әдісі (ағыл. case – «оқиға», «іс») – ситуациялық анализ тәсілі. Жағдаятты зерттеп, мәселенің мәнін түсіну, зерттелген мәліметке сүйене отырып, мүмкін шешімдерді ұсыну, ең жақсысын таңдау.



Қабысу

Қабысу – сөздердің ешбір жалғаусыз, орын тәртібі арқылы іргелесе байланысуы. Мысалы: *Осы сендей тентек өмірдің әр тарау ой-қырын көріп-көріп келіп, кейде бір жақсылыққа ден қойып, көшелі кісі болып кетуші еді.* (М.Әуезов) Мұндағы әр тарау, бір жақсылық, көшелі кісі дегендер – іргелес тұрып қабыса байланысқан сөздер.

Қабыса байланысудың белгілері:

- 1) қабыса байланысатын сөздер үнемі жалғаусыз байланысады;
- 2) қабыса байланысатын сөздер өздерінен кейінгі сөздерге түбір күйде іргелес жалғасып, орын тәртібі арқылы байланысады;
- 3) сөйлем мүшелерінен ілік септіктен басқа тұлғада келген анықтауыштар мен сын қимыл пысықтауыштар анықталатын, пысықталатын мүшелермен қабыса байланысады;
- 4) күрделі сөйлем мүшелерінің сыңарлары да бір-бірімен қабыса байланыса алады;
- 5) сөз таптарынан зат есім мен зат есім; сын есім мен зат есім; сілтеу есімдігі мен зат есім; сан есім мен зат есім; есімше мен зат есім қабыса байланысады.



3. Оқылым мәтінінен 5 сөйлем алып, сөздердің байланысу түрлеріне қарай талдау жасаңдар.

Үлгі:

Қаланың жасыл желегінің ахуалы да көңілден шықпайды.

Қаланың жасыл желегі –

Жасыл желегінің ахуалы –

Ахуалы көңілден шықпайды –



4. «Байқоңыр» атты жазбаны (www.youtube.com) тыңдаңдар. Халықаралық терминдер мен ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог құрыңдар.



- Жердің тартылыс күші адамның омыртқасын басып, сығып тұрады, сондықтан ғарышқа ұшқан ғарышкердің бойы шамамен 5,08 см-ге ұзарады.

- Жер орбитасында ғарыш саласының дамуына байланысты түрлі қалдық темірлер ұшып жүрген көрінеді. Мамандардың есептеуінше, салмағы бірнеше грамнан 15 тоннаға дейінгі 370 000-нан астам заттар сағатына 9,8 мың шақырым жылдамдықпен Жерді айналып ұшуда. Сонымен бірге олар кейде бір-бірімен соқтығысып, кішкене бөлшектерге шашырап кетіп жатыр.
- Ғарыш кеңістігінде жаңа жұлдыздың жарылуы (тұтануы) кезінде өте ғаламат көлемде энергия бөлінеді екен. Оның алғашқы 10 секунд ішінде бөлген энергиясы Күннің 10 миллиард жыл ішінде бөлген энергиясынан көп болады.
- Жердің салмағы тұрақты емес. Ғалымдардың анықтауынша, жыл сайын Жер өзіне 40 160 тонна салмақ қосып, 96 600 тоннасынан айырылады. Демек, Жер жылына шамамен 56,5 тоннаға жеңілдеп келеді.

(www.bilim-all.kz)



5. Тақырыпқа қатысты қабысуға 7–8 мысал келтіріңдер.

Үлгі:

Қоршаған орта, ауқымды жұмыс... т.б.



6. Бүгінгі сабақтан алған ақпараттардың өздеріңе әсерін «Плюс – Минус – Қызықты» әдісі арқылы кестеге жазыңдар.

Не ұнады?	Не ұнамады?	Жаңа ақпарат, қызықты фактілер



7. «Ғарыш айлағының экологиялық қауіпсіздігі – халық денсаулығының кешілі» тақырыбында аргументативті эссе (сөз саны – 150) жазыңдар. 5 сөйлемнен сөздердің байланысу түрлерін анықтаңдар.



1. Мәтінді түсініп оқындар. Қолданылған тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

«KazSat-2» – Қазақстан Республикасының спутниктік байланысының ғарыш аппараты. «Байқоңыр» ғарыш айналынан 2011 жылдың 16 маусымында ұшырылды. «KazSat-2» елімізге қажетті ақпаратты қызмет көрсету саласын, оның ішінде электронды үкімет, Интернет пен ұялы байланыс үшін спектрлерді кеңейтуге мүмкіндік береді.



KazSat-2 ғарыш кемесі



KazSat-3 геостационарлы телекоммуникациялық ғарыш серігі

«KazSat-3» – коммерциялық геостационарлы телекоммуникациялық ғарыш серігі. Ғарыш аппараты Қазақстан аумағында DTH, кең жолақты жүйелер мен VSAT, дауыс пен бейнеконференцбайланысты тасымалдауға арналған.

(«Жаһандық және ғарыштық қолданбалы бағдарламаларды дамыту бағыттары» кітабынан)



1. Ғарыштағы зерттеу жұмыстарынан нені байқадыңдар?
2. Интернет, ұялы телефон арқылы байланыс жасауымыз ғарыштық зерттеулердің нәтижесі екенін білесіңдер ме?


Геостационарлы телекоммуникация – Жер экваторының дәл төбесінде телекоммуникациялық желі құру.

Жерді қашықтықтан зондтау – әртүрлі түсіруші құрал-жабдықтармен жабдықталған әуелік және ғарыштық құрылғылармен жер бетін бақылау.

Картографиялау – географиялық карталарды жасау және пайдалану.



Қазақстан Республикасының Ғарыш агенттігі жер бетін бақылауда «Astrium» және «SSTL» компанияларының соңғы жаңа технологияларын пайдалануда.



Жерді қашықтықтан зондтау серігі

«SSTL MRES» Жерді қашықтықтан зондтау серігі жер бетінің кең жолақты, мультиспектрлі суреттерін ұсынады. Тәулігіне 1 млн шаршы километрге дейін түсірілім жасайды.

Бұл жоба мынадай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- төтенше жағдайлардың салдарына мониторинг жасау;
- пайдалы қазбалар мен энергия көздерін өндіру мен барлау;
- мүлік пен инфрақұрылым жағдайын бақылау;
- экологиялық мониторинг;
- картографиялау.

Жерді қашықтықтан зондтау нәтижелерін мемлекеттік құрылымдар, ғылыми, коммерциялық мекемелер пайдаланады.

Жанасу

Орын тәртібі жағынан іргелес немесе алшақ тұрып, ешбір жалғаусыз байланысатын сөз тіркестерін **жанасу** деп атаймыз. Мысалы: *Дәл сол кезде қаладан азамат баласы келген. (М. Әуезов) Қаладан келген. Қайдан келген? Сол кезде келген. Қашан келген?*

Жанасудың өзіндік белгілері:

- 1) шылау тіркескен сөздер мен үстеулер (сын-қимыл үстеулерінен басқа) өздерінен кейінгі сөздермен жанаса байланысады;
- 2) жанаса байланысатын сөйлем мүшелері, негізінен, пысықтауыш пен баяндауыш болады;
- 3) жанаса байланысатын сөздер сөйлемнің басында, ортасында, аяғында да келе береді.



2. Мәтіндердегі ғарыштық зерттеу жұмыстарының түрлерін сызбаға түсіріңдер.



3. Берілген тіркестерден сөздердің байланысу түрлерін анықтаңдар.

Елімізге қажетті ақпаратты қызмет көрсету саласы, электронды үкімет, спектрлерді кеңейтуге мүмкіндік беру, Жердің суреті, инфрақұрылымды үзбей бақылау, Жер серігі суретке түсіреді.

Мысалдар	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу	Жанасу



4. Ғаламтор ресурстары мен энциклопедиялардан ізденіп, «Ғарышкер неге скафандр киеді?» сұрағына жауап жазыңдар.



5. Мәтінді негізге алып, оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

Әлем ғалымдары сансыз ғарыштық шаң-тозаңдар ағыны өсерінен ауа кеңістігі тозаңдарға, микромеруерттерге, жұлдыздардың жарылыстарынан туған асыл тастарға толып жатқанын жазады. Бір жағынан қызық сияқты көрінгенімен, оның қоршаған орта мен экологияға залалы өте көп. Тіпті «ғарыштағы қара шаңның салдары ірі табиғи апатқа апарды» деген болжамдар да бар. Әлем ғалымдары осыны айтып, дабыл қағуда.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Ғарыш туралы танысқан ақпараттарыңды жинақтап, концептуалды кесте жасаңдар. Кестеден сөздердің байланысу түрлеріне мысалдар келтіріңдер.
2. Ғарыш туралы ойларыңды «INSERT» кестесін толтыру арқылы қорытындылаңдар. Кестеден сөздердің байланысу түрлеріне мысалдар келтіріңдер.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағаныма қайшы)	? (білгім келеді)

Өзінді тексер

1. Салаласа байланысып, сөз тіркесі бола ма?
 - A) Болмайды
 - B) Сөйлем ішінде болады
 - C) Болады
 - D) Жеке тіркесте болады
2. Сөздің тіркесу қабілетіне қарай қандай түрлері бар?
 - A) Есімді, етістікті
 - B) Шылаулы, етістікті
 - C) Зат есімді, сан есімді
 - D) Есімді, сын есімді
3. Бағыныңқысы сан есім мен шылау, басыңқысы етістіктен болса, қандай тіркес?
 - A) Етістікті тіркес
 - B) Шылаулы тіркес
 - C) Сан есімді тіркес
 - D) Есімді тіркес
4. Төрт түлік малдың суретіне қарап, есімді, етістікті тіркестер айтыңдар.



5. «Қамшы» сөзіне ұйытқы болған тұрақты сөз тіркестерінің негізгі мағынасын жазыңдар.

Қамшы боп тию. Қамшы болу. Қамшыдай қатты. Қамшының астына алу. Қамшы салым жер. Қамшысын алып беруге жарамады. Қамшы тигізбеу.

6. Тұрақты сөз тіркестерін жыл мезгілі суреттерімен сәйкестендіріңдер.



7. Сөз бен сөз жақ жағынан үйлесе байланысса, ...

- A) Қиысу
- B) Жанасу
- C) Қабысу
- D) Матасу

8. «Менің әжем» қандай тіркес?

- A) Матасу
- B) Меңгеру
- C) Қиысу
- D) Жанасу

9 «Құлағыңа таққаның күміс сырға» – қандай тіркестер?

- A) Меңгеру және қабысу
- B) Жанасу мен қабысу
- C) Меңгеру мен қиысу
- D) Матасу мен меңгеру

10. Пысықтауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс...

- A) Жанасу
- B) Қиысу
- C) Матасу
- D) Қабысу

11. «Суретті сөйлем» циклі. Суреттер бойынша сөйлем құраңдар. Сөздердің байланысу түрлерін анықтаңдар.



Үлгі:

Ақ көйлек киген қыз жылдам жүрді. Жылдам жүрді – жанасу, ақ көйлек – қабысу, ...

12. Төмендегі сөйлемдерден матаса байланысқан сөздерді анықтаңдар.

Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғары жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп, дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жал тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады.

(М.Әуезов)

13. Қиыса байланысқан тіркес бар ма?

- A) Айтқаны дәл келді
- B) Одан естіген
- C) Онымен достасты
- D) Оған айтқан еді

14. Сөз тіркесі ешбір жалғаусыз, қатар тұрып ... байланысады.

- A) Орын тәртібі арқылы
- B) Жағына қарай
- C) Септіктер арқылы
- D) Ілік жалғауы арқылы

15. Бір сұраққа жауап берсе, ...

- A) Тұрақты тіркес
- B) Есімді тіркес
- C) Етістікті тіркес
- D) Сөз тіркесі

V

БӨЛІМ

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК. ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

СИНТАКСИС

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- табиғатта кездесетін түрлі тіршілік иелері туралы мәтіндермен танысасыңдар;
- мәтіндерге тілдік талдау жасай отырып, табиғаттың ажырамас әрбір бөлшегін қорғау туралы өз пікірлеріңді айтып, ұсыныс жасап үйренесіңдер;
- биоалуантүрліліктің құрып кету қаупін туғызып отырған жағдаяттармен танысып, туындау себептерін талқылайсыңдар;
- жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктердің түрлеріне қатысты өз пікірлеріңді білдіріп, мәселені шешу жолдарын қарастырасыңдар;
- «Қызыл кітап» туралы мәліметпен танысып, тілдік талдаулар жасайсыңдар;
- сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінің қызметін түсінесіңдер.

**Хайуанатқа жасаған қиянатың –
Бауырыңа жасаған опасыздық.**

(Қадыр Мырза Әлі)

§1. Биоалуантүрлілік



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Арал теңізінің бұрынғы қалпы қандай болғанына болжам жасаңдар.

Туған жер

Арал жайында біраз нәрсе білуші едім: басқасын қойғанда, дүниежүзінде жалғыз Арал теңізінің суында оттегі мол. Бекіре мен қаяз екі-ақ теңізді аймақта – Атырау мен Аралда болды. Кейінгі кезде Балтық теңізіндегі аты шулы салаканы Аралда өсіре бастады. Ғажабы: Арал суында өскен салакалар өзінің атамекеніндегі салакалардан екі есе ірі болып шықты.

Көктем кезінде Изенді деген жерде шемая балығын аулау маусымы басталады. Бір қызығы, көктемде шемая деген балық Шулығанның көк тасына жиналады. Балықшылар да жылда осы араға келіп, бір айдай «ұлы дүбір» салады.

Бұл кездегі балықтың көптігі сонша – оларды кей жылдары Аралдағы бүкіл балық зауыттары жабылып игере алмайды... «Әр журналдан бір оқып, үзіп-жұлып алған шым-шым әсерлерін дәл бір өз басынан шыққан дүниедей қып жүргендерге Арал теңізінің осы бір көрінісін көрсетер ме еді!» – деп ойлайсың.

Айта берсең, Аралда ғажайып нәрселер көп.

(Ә.Нұрпейісов)



1. Үзіндіден Арал теңізінің қандай болғанын аңғардыңдар?
2. Неге балықшылар Изендіде бір айдай «ұлы дүбір» салады?
3. Төмендегі суреттерден не байқадыңдар? Мәтіндегі және суреттердегі теңізді салыстыруға келе ме?





2. «Арал тағдыры – адам тағдыры» мәтінін (09. тпр3) тыңдап, ғылыми деректерді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Арал теңізінің апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі қанша болды?
2. Арал теңізіне құйылатын судың екі есе азаюының басты себебі неде?
3. Тұзды шаң қоршаған ортаға қалай әсер етеді?



Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшесі деп сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұраққа жауап беретін толық мағыналы сөзді не сөздер тіркесін атаймыз.


Сөйлем мүшесінің белгілері: 1) толық мағыналы сөз болуы керек; 2) сөйлемдегі басқа сөзбен байланысып тұруы керек; 3) сөйлем мүшелерінің бірінің сұрағына жауап беруі керек. Мысалы, *Баяндыдан ол осы жайды білгісі келді. – Қап, мына шал жеңді-ау, ақыры!.. (Ф.Мүсірепов)* Бірінші сөйлемде алты сөз бар: *Баяндыдан* (кімнен?), *ол* (кім?), *осы* (қай?), *жайды* (нені?), *білгісі келді* (не істеді?). Мұндағы сөйлем болуға негіз болып тұрған – *ол білгісі келді*. Қалған сөздер сөйлемді анықтап, толықтырып тұр. Ал екінші сөйлемді құраушы – *шал жеңді-ау*. *Шал* (кім?), *жеңді-ау* (қайтты?), *мына* (қай?). *Қап, ақыры* сөздері басқа сөздермен байланысқа түспей, оқшауланып тұрғандықтан, сөйлем мүшесі бола алмайды.

Сөйлем құрамында тұрса да, сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздер бар. Олар: шылау, одағай, қаратпа, қыстырма сөздер.

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді. **Тұрлаулы мүшелер** деп сөйлем құрауға негіз болатын бастауыш пен баяндауышты; ал **тұрлаусыз мүше** деп өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемде берілген ойды кеңейте түсетін анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты айтамыз.

Сөйлем мүшелері құрамына қарай үш түрге бөлінеді.

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара	Толық мағыналы бір сөзден болған мүше	<i>Күн бұлтты.</i>
Күрделі	Күрделі сөз, тұрақты тіркес, шылаулы тіркестерден болған мүше	<i>Дәрігер келе жатыр.</i>
Үйірлі	Бірнеше сөзден құралып, өз ішінде бастауыштық-баяндауыштық қатынастан тұратын, бір сөйлем мүшесі қызметін атқаратын сөздер тобы	<i>Дені сау адам – бақытты адам. Білегі жуан бірді жығар...</i>

-  3. Оқылым және тыңдалым мәтіндерінен 5–6 сөйлем жазып, сөйлем мүшелерін қызметіне, құрамына қарай талдаңдар.



1992 жылы 22 мамырда Найробиде өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі конференциясында биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі халықаралық келісім қабылданды. 1993 жылы Конвенцияға 168 мемлекет (оның ішінде Қазақстан Республикасы) қол қойды. Конвенцияға қол қоюшы мемлекеттер мынадай баптарды орындауға міндет алды:

- әрбір мемлекет өзге мемлекеттер мен өңірлердің табиғатына зиян келтірмеуді қамтамасыз етуге жауапты;
- биоалуантүрлілікті сақтау және тұрақты әрі тиімді пайдалану мақсатында бірігіп іс-әрекет жасайды;
- биоалуантүрлілікті анықтау, сақтау және тұрақты, тиімді пайдалану шараларын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетеді.



4. Оқылым мәтіні мен «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәтінді салыстырып, талдау жасаңдар.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
Оқылым мәтіні	«Артық болмас білгенің» айдары мәтіні
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі	
Тілі	



5. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәтіннің тезисін жазыңдар.



6. Арал қасіретін «Фишбоун» әдісімен жазыңдар. Бес сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін табыңдар.

Балықтың басына Арал теңізінің қандай тақсірет тартып жатқанын жазыңдар. Үстіңгі қабырғаларына оның себептерін, астыңғы қабырғаларына салдарларын жазыңдар. Аралдың тартқан тақсіреті адам үшін қасірет екендігін қорытындылап, балықтың құйрығына жазыңдар.

§2.

Биоалуантүрлілікті сақтауға байланысты құрылған ұйымдар



1. Мәтінді оқып, тақырыбы мен стилін, түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау) анықтаңдар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұйымдар

Дүниежүзінде қоршаған ортаны сақтаумен айналысатын 200-ден астам халықаралық үкіметтік емес ұйымдар бар. Олар: Табиғат және табиғат ресурстарын қорғаудың халықаралық одағы, Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес, Хайуанаттарды қорғау жөніндегі дүниежүзілік федерация, Альпі аудандарын қорғау жөніндегі халықаралық федерация.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы шеңберінде 1992 жылғы ақпанда «Экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара әрекеттестік туралы» келісімге қол қойылды. Бұл келісімге Қазақстан, Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина қол қойды. Келісімді іске асыру үшін Мемлекетаралық экологиялық кеңес, Мемлекетаралық экологиялық қор құрылды. ТМД шеңберінде табиғат қорғауынтымақтастығын дамытуда Парламентаралық ассамблея маңызды рөл атқарады. Оның құрамында Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бөлім құрылған.

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ халықаралық үкіметтік емес экологиялық «Гринпис» ұйымы жұмыс істейді. Басты мемлекеттік орган Табиғат ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау министрлігі болып табылады. Аралды құтқару жөніндегі комитет, «Табиғат» экологиялық одағы, «Невада-Семей», «Каспий табиғаты», «Көкті сақтау», Ауқымды экологиялық қор, «Жастар экология мен мәдениет үшін» азаматтық қозғалыстары, «Тау» орталығы (Алматы) және басқа да қоғамдық экологиялық ұйымдардың белсенді қызметтерін атап өтуге болады.



1. Мәтінде аты аталған ұйымдар қандай қызмет атқарады?
2. Бас әріппен жазылған сөздер – қандай сөздер?



Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш

Бастауыш сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіреді. *Кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімің? нең? кімі? несі?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Оны сендер қайдан көрдіңдер, қайдан алдыңдар? Мен айтарымды айттым. Сол жауап өзгермейді. (Ф.Мүсірепов)* Бірінші сөйлемдегі бастауыш (*сендер*) баяндауыштармен (*көрдiңдер, алдыңдар*) 2-жақта көпше түрде қиыса байланысқан. Бұдан кейінгі сөйлемде бастауыш (*мен*) пен баяндауыш (*айттым*) 1-жақта жекеше қиыса байланысқан болса, соңғы сөйлемде бастауыш (*жауап*) баяндауышпен (*өзгермейді*) 3-жақта жекеше қиыса байланысқан.

Құрылысына қарай	Мысалдар
Дара	<i>Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті. (Б. Момышұлы)</i>
Күрделі	<i>Үй іші енді тып-тыныш. (Ф.Мұстафин)</i>
Үйірлі	<i>Ата-ана қадірін білмеген ел қадірін білмес. (Б. Момышұлы)</i>
Бастауыш болатын сөз таптары	Мысалдар
Зат есім	<i>Мәкенді күндіз Әйгерім өз қасына алады. (М.Әуезов)</i>
Есімдік	<i>Осыдан арғы сөзді өзі де сөйлеген жоқ. (М.Әуезов)</i>
Сын есім	<i>Түзу – қисықпен жараспас, Ез – игіге қараспас. (Ж.Баласағұн)</i>
Есімше	<i>Берген – мырза емес, алған – мырза. (Мақал)</i>
Сан есім	<i>Жиырма – беске бөлінеді.</i>
Тұйық етістік	<i>Үміт үзу – қайратсыздық. (А.Құнанбайұлы)</i>
Одағай	<i>Ойхой дүние – серуен, Адам – бір көшкен керуен. (Ж.Жабаев)</i>
Үстеу	<i>Өмірдің алды – үміт, арты – өкініш. (А.Құнанбайұлы)</i>



2. Тақырыпты негізге алып, бастауыш болатын әр сөз табына мысал келтіріңдер.

Үлгі:

Бұл ұйымдар (зат есім) қоршаған ортаны қорғаумен айналысады.



3. Суреттерде бейнеленген деректердің маңызды тұстарын анықтап, жинақы мәтін жазыңдар.



- 16 қыркүйек – Халықаралық жердің озон қабатын қорғау күні.
- 20 қыркүйек – Орман күні.
- 27 қыркүйек – Теңіз күні.
- 4 қазан – Жануарларды қорғау күні.
- 29 желтоқсан – Биологиялық көптүрлілік күні.
- 22 наурыз – Дүниежүзілік су күні.
- 18–22 сәуір – Қорықтар мен ұлттық саябақтар күні.
- 5 маусым – Қоршаған ортаны қорғау күні.
- 17 маусым – Шөлдену мен құрғақшылыққа қарсы күресу күні.

ЮНЕП (ағыл. *UNEP*, яғни *United Nations Environment Programme*) – қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін халықаралық ұйымның бағдарламасы.

Гринпис (ағыл. *Greenpeace* – «жасыл әлем») – 1971 жылы Канадада негізі қаланған табиғатты қорғайтын халықаралық қоғамдық ұйым.



4. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Өзіңді қоршаған ортаны қорғауға байланысты бір ұйымның басшысы ретінде есімхат дайында. Аты-жөніңді жазбай, тек ұйымның атауын, лауазымыңды т.б. көрсетіп, есімхатты қалауыңша безендір. Жүргізуші барлық есімхатты жинап алып, топқа көрсетеді, ал топтағылар есімхаттың кімдікі екенін анықтауы керек.



5. Ғибратты сөзді оқып, ой тұжырымдаңдар.

Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндетіміз.

(БІбырай Жақаев)



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Көркем әдебиеттен бастауышқа мысалдар тауып, жазыңдар. Ережеде көрсетілген барлық сөз таптарын қамтуға тырысыңдар. Үйірлі бастауышқа өздерің мысал келтіріп көріңдер.
2. «Ғибратты сөзде» берілген дәйексөзді негізге алып, төменгі сынып оқушыларына табиғатты аялау туралы үндеухат жазыңдар. Бастауыштарды тауып, құрамына қарай талдаңдар. Қай сөз таптарынан жасалғанын анықтаңдар.

I. Кіріспе. Үндеуді жазудағы мақсат (2–3 сөйлем).

II. Негізгі бөлім

- а) қолдаушы сөйлемдер (3–4 сөйлем);
- ә) алға қойылған мақсаттар мен міндеттер (3–4 сөйлем);
- б) болашақтан күтілетін істер мен нәтижелер (2 сөйлем).

III. Қорытынды бөлім

- а) шақыру, үндеу бағытындағы сөйлемдер (3–4 сөйлем);
- ә) нақты қорытынды шешім, тоқ етер түйін (1 сөйлем).

§3.

Қазақстанда жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер



1. Мәтіндерді суреттермен байланыстырып оқыңдар, стилін анықтаңдар.

Кең даланың киесі

Ақбөкен – бабаларымыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сақтап, ұрпағына аманат етіп қалдырған дарқан даласының киесі ғана емес, сақтаушысы әрі түлетушісі.

Халықаралық табиғат қорғау ұйымдары киіктің жоғалып кету қаупі жөнінде бірінші болып дабыл қаға бастады. Халықаралық Табиғат қорғау одағы 1996 жылы бұл түрді «сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер тізіміне» енгізсе, 2001 жылы Ресей мен Қазақстан киіктердің мүйізін импорттауға тыйым салуды ұсынды. 2004 жылы жердегі биоалуантүрлілікті сақтап қалу мәселелерінің ішіндегі ең маңыздысы осы «киік мәселесі» деп жарияланды.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)



Алтайдың дәрілік шөптері

Алтайдың флорасы өте бай. Тау жартастары мен ну орманда мүк, қына, саңырауқұлақ сияқты өсімдіктердің екі мыңнан астам түрі өседі. Шөптесін өсімдіктерден Алтай желайдары, Сібір ушырмауығы, тәтті жапырақты таспа, Алтай қоңыраты жиі кездеседі. Қазақстанның Қызыл кітабына енген қар дәуаяғы, Алтай рауғашы, Алтай және Сібір қандығы, ала күлтелі қызғалдақ, ірі гүлді шолпанкебістер, Алтай суықшөбі, таңдамалы плаун, Алтай торсылдағы, дала шұғылығы, қызғылт семізот, марал



түбірі, Алтай қасқыржидегі – осылардың бәрі тек Катонқарағай өңірінде өсетін ең байлық. Бұталардың 50-ден астам түрі, оның ішінде таңқурай, қарақат, итмұрын, тобылғы, тал, бұта т.б. кездеседі.

Ұлттық саябақ маманы Раушан Қырықбаеваның айтуынша, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға сәйкес, Катонқарағай ұлттық табиғи саябағы аумағында дәрілік шөптерді өндірістік мақсатта даярлауға рұқсат жоқ. Аталған заңнама арқылы табиғи саябақ аумағындағы Қызыл кітапқа енген 35-тен астам дәрілік шөпті сақтауға жағдай жасалып отырғанын да ұмытпаған жөн.

(Думан Анаш)



1. Неге ақбөкенді кең даланың киесі дейміз?
2. Қандай сөздер мәтіндердің көркемдік мәнін арттырып тұр?

Баяндауыш


Баяндауыш сөйлемдегі бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіреді. Баяндауыш сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтап тұрады. Кейде баяндауыштың орны өзгеріп қолданылуы мүмкін. Мысалы: **Тыңда, дала, Жамбылды.**

Құрылысына қарай	Мысалдар
Дара	<i>Ауыл Дос көлінің дәңіндегі көгөрай шалғын бәйшешекке қонды. (С.Мұқанов)</i>
Күрделі	<i>Көкбай еріксіз тыйылып қалды. Енді Базаралы сөйлей жөнелді. (М.Әуезов)</i>
Бірыңғай	<i>Ауа түп-тұнық, тап-таза, жібектей жұмсақ. (Ф.Мүсірепов)</i>
Үйірлі	<i>Ұсақ үшін қырқысып, сіресіп қалу – түкке тұрмайтындық. (Ф.Мүсірепов)</i>

Баяндауыш болатын сөз таптары	Мысалдар
Етістіктер	<i>Бұл үй қора-жайды қалаша салмаған. (М. Әуезов)</i>
Сын есімдер	<i>Мағыштың бой сымбаты биік, сұңғақ. (М. Әуезов)</i>
Зат есімдер	<i>Жақып бай – осы қаладағы айралы саудагер. (М. Әуезов)</i>



Баяндауыш болатын сөз таптары	Мысалдар
Сан есімдер	<i>Күндіз – екеу, түнде – төртеу. (Жиренше шешен)</i>
Есімдіктер	<i>Мен ағайынды екеумін: біреуі – өзім, екіншісі – халқым. (Сырым Датұлы)</i>
Еліктеу сөз бен көмекші етістік	<i>Қорыққан ит қаңқ ете қалды.</i>

-  2. Оқылым мәтінінен баяндауыштарды анықтап, жасалу жолы мен құрылысына қарай талдаңдар.



Ерекше қасиеттері үшін қазақ киікті дәріптеп, «киелі жануар», «қасиетті аң» деп бағалайды. Ыңғайлы, әдемі заттарды «киіктің асығындай екен» деп, сұлу жанды «киіктің құралайындай әсем екен» деп суреттейді. «Құралайдың салқыны» – табиғаттың киік лағын ширатып, тіршілік етуге қадам бастырып, тәрбиелейтін қатал да ізгі мінезі. Көпке араласпай, жеке жүретін, саяқ өмір сүретін жандарды «кісі-киік» деп атайды.

-  3. Баяндауыш болатын сөз таптарының барлығына Қазақстанда жойылып бара жатқан аң-құстар туралы мысалдар жазыңдар.



4. Жұптасып, тапсырманы орындаңдар.

«Мен адамзатқа сыйлықпын» тақырыбында жануарлар мен өсімдіктердің бірінің атынан рөлге еніп сөйле. Неліктен адамзатқа сыйлық екендігіңді түсіндір. Жұбыңның қойған сұрақтарына жауап бер. Ол сенің қандай аң-құс не өсімдік екеніңді табуы тиіс.



5. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей

Мәтіндегі 3 тірек сөзді табыңдар.
Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.
Мәтінге басқа тақырып таңдаңдар.

2-деңгей

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңдар.
Мәтіннің 3 сөйлемінен тұрлаулы мүшелерді табыңдар.
Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңдар.

3-деңгей

Мәтіндегі ақпаратты жағымды/жағымсыз бағалайтын 4 сөзді таңдаңдар.
Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңдар.
Мәтіндегі маңызды 4 сөйлемді анықтаңдар.
Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Патшаның даналығы

Бір дана патша өмір сүріпті. Бір күні оған ұлы: «Әке, сені елдің бәрі дана, көреген, ақылды деп сыйлайды. Сен осы даналықты қайдан оқып білдің, қандай кітаптар оқыдың, сені қандай мұғалімдер оқытты? – деп сұрақ қояды.

Сонда әкесі:

– Ұлым, мен ел оқыған, сен де оқып жүрген кітаптарды оқыдым. Менің де ұстаздарым сен білім алып жүрген ұстаздар болды. Бірақ ел айтып жүрген парасаттылық, ақылдылықты тек олардан ғана емес, өмірден, табиғаттан да алдым, – дейді әкесі. – Құмырсқаларды байқап жүріп, олардың еңбекқорлығына, шыдамдылығына, қайтсе де алға қойған мақсатқа жетудегі талпыныстарына қызықтым. Бүркітке қарап, байқағыштыққа, тез шешім қабылдай алушылыққа үйрендім. Барыстан – ептілік пен шыдамдылықты, бөдене құстан сүйіспеншілік пен жанашырлық көрсетуді білдім.

Расында да, даналық – өмірден көргеніңнен үйрену. Нағыз даналық пен ақылдылық әр кезде біздің қасымызда жүреді. Тек адамның көзі, құлағы, жүрегінің есігі оған ашық болуы керек.

(Ел аузынан)



6. Бүгінгі тақырыптан алған білімдеріңді қорытындылап, «Адам мен табиғат» немесе «Табиғатты аялайық!» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар. Баяндауыштардың қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар.



1. Мәтіндерді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндердегі ең басты мәселені анықтаңдар.
2.	Мәтіндердің стилін анықтаңдар. Белгілі бір стильде жазылғанына 3 дәлел келтіріңдер.
3.	Өлең шумақтарындағы тірек сөздерге қатысты 4 ашық сұрақ құраңдар.
4.	Тақырыбы ұқсас екі мәтіннің тілдік құрылымы мен стилі, жанры жағынан айырмашылығын анықтаңдар.

I

Қызыл кітап

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
 Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
 Жұртпен бірге мәз болып,
 Ду-ду етіп,
 Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.
 Аяймын мен анасыз, атасызды.
 Аяймын мен құлынсыз, ботасызды.
 Хайуанатқа жасаған қиянатың –
 Бауырыңа жасаған опасыздық!
 ...Жарқырап-ақ тұрғанда көктем нұры,
 Қасірет пен қайғының жеткен бірі.
 Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген,
 Хайуанаттар ғана ма кеткен құрыш?!
 Одан көріп, ақыры бұдан көріп,
 Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
 Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
 Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі.

(Қадыр Мырза Әлі)

II

– «Қызыл кітап» деген не?

Қызыл түс – дабылдың, тыйым салудың белгісі. Қызыл кітап – белгілі бір түрлердің жойылу қаупін сақтап қалуға арналған анықтамалық кітап. Кей аң-құстардың жойылу қарқыны шапшаңдай түсті. Міне, сондықтан да Қызыл кітапты енгізу қажеттілігі туды.

– Жер бетінен қанша биологиялық түр жойылып кетті?

– Бұл үдеріс өте ерте кезден басталды. Ал XIX ғасырда құстар мен сүтқоректілердің 70 шақты түрі, XX ғасырдың бірінші жартысында тағы да 40 түрі жоғалды.

– Нақтырақ мысал келтірсеңіз...

– Мысалы, Еуропаның орманды далаларында қаптап жүрген жабайы сиырдың ең соңғысы 1627 жылы Польша жерінде өлді. Командор аралдарындағы сусиырлар 1768 жылы бүтіндей құрып бітті. Ресейде тарпан жабайы жылқысы үйір-үйірімен жайылып жүрген, соңғы тарпан 1879 жылы құрыды. Солтүстік Америкада адамдар кезеген кептерлерді бас-аяғы жүз жылда-ақ қырып жіберді, ақырғы кезеген кептер 1914 жылы АҚШ-та хайуанаттар бағында өлді.

– Жойылып бара жатқан түрлерді қорғау ұйымдары қандай шаралар қолдануда?

– Халықаралық Табиғат және Табиғи Ресурстарды Қорғау Одағы 1962 жылы сирек кездесетін құстар мен сүтқоректілер тізімінің алғашқы Жобасын дайындады. 1966 жылы анықталған тізім Қызыл кітапта көрсетілді. 1979 жылы халықаралық Қызыл кітапқа сүтқоректілердің 305 түрі, құстардың 258, бауырымен жорғалаушылардың 98, қосмекенділердің 40, балықтың 193 түрі енгізілді.

– Қазақстанның Қызыл кітабына қандай сүтқоректілер мен жануарлар енген?

– Қара кірпі, көксуыр, құндыз, қызылқасқыр, үнді жайрасы, Тянь-Шань қоңыр аюы, қаракүзен, Орта Азия сілеусіні, қарақал, шағыл мысығы, қарақұйрық, Үстірт қойы, Қызылқұм қойы, арқар, киік т.б.; құстардан – Алтай ұлары, қараләйлек, кәдімгі қоқиқаз, дуадақ, безгелдек, бүркіт, лашын т.б.; балықтардан – Сырдария тасбекіресі, Арал албырты, Каспий албырты, бекіре және басқалар.

(kitaphana.kz)



1. «Хайуанатқа жасаған қиянатың – бауырыңа жасаған опасыздық!» деген жолдарды қалай түсінесіңдер?
2. Ақын неліктен «тойлардан күліп қайта алмаймын» дейді?
3. «Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!» деген сауал арқылы ақын нені аңғартқысы келді? Тағы да не құрып кетті деп ойлайсыңдар?



2. Суреттерді қатыстырып, «Қызыл кітапқа енген аң-құстар» тақырыбында диалог жазыңдар.

Қоқиқаз	Ақтырна	Құлан	Қызылқасқыр	Сілеусін


Толықтауыш


Толықтауыш деп баяндауыш білдіретін амал-әрекетті, іс-оқиғаны заттық мағына жағынан толықтыру үшін жұмсалатын тұрлаусыз мүшені айтамыз. Толықтауыш көбіне баяндауышпен байланысқа түседі. Толықтауыш болатын сөздердің негізгі белгілері мыналар:

1. Толықтауыш атау мен ілік септіктерден басқа септіктерде тұрып, затты нұсқайды. Кейде толық мағыналы сөзден кейін *туралы, жөнінде, жайында* деген септеулік шылаулардың тіркесіп, түрленуі арқылы жасалады.
2. Толықтауыш болатын сөз заттық мағынаны білдіреді.
3. Сұрақтары: *кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?*
4. Байланысу түрі – меңгеру.

Толықтауыш болатын сөз таптары	Мысалдар
Зат есім	<i>Абай әкесінің сөз желісін түсінген жоқ. (М.Әуезов)</i>
Есімдік	<i>Біреуге ор қазба, өзің түсесің. (Мәтел)</i>
Сын есім	<i>Аққа қара күйе жұқпайды. (С.Торайғыров)</i>
Сан есім	<i>Оныншы төртіншіден озып кетті. (Ф.Мұстафин)</i>
Етістік	<i>Қазіргі оқылғаннан сіз ойлаған адамды таппадым. (М.Әуезов)</i>


Үйірлі мүшеден болған толықтауышты **үйірлі толықтауыш** дейміз. Мысалы, ***Досы көпті** жау алмайды, **ақылы көпті** дау алмайды. (Мақал)*

 3. Тақырыпты негізге алып, толықтауыш болатын әр сөз табына 2 мысалдан келтіріңдер.

 4. Танымал эколог Мәлс Елеусізовпен сұхбат құруға арналған сұрақтар дайындаңдар.

Үлгі:

– Каспий теңізі астында қалған мұнай ұңғылары су асты тіршілігіне зиян келтіріп жатыр. Мұнай пердесі жапқан үш метр тереңдікке дейінгі тірі жәндіктер қырылған. Осыған қалай тоқтау қоюға болады? т.б.

 5. Төмендегі үлгіні негізге алып, екінші мәтінге аннотация жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.

Үлгі:

Сары түйежоңышқа

Мақалада Қазақстанның солтүстік өңірлерінде кеңінен пайдалануға жарамды сары түйежоңышқаның жаңа түріне сипаттама берілген. Жоңышқаның бұл түрінің өнімділігі жоғары екендігі, суыққа, құрғаққа төзімділігі, зиянкестер және аурулармен тұрақты күресе алатындығы айтылады. Алынатын өнімнің жоғары қоректік құндылығы, арнайы сараптамадан өткендігі туралы баяндалған.

 6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қадыр Мырза Әлінің өлең жолдарын қатыстырып, адамзатқа хат немесе өлең жазыңдар. Толықтауыштардың жасалу жолын анықтаңдар.
2. Жануарларға, жәндіктерге, құстар мен өсімдіктерге қатысты 10 мақал-мәтел жазып, жаттап келіңдер. Толықтауыштардың жасалу жолын анықтаңдар.



1. Мәтінді алдымен тұтас оқып, содан соң қырандар диалогін рөлге бөліп оқындар. Тапсырмаларды орындандар.

1.	Мәтін қандай стильде жазылған?
2.	Бірінші азатжолынан әдеби көркем сөз тіркестерін анықтаңдар.
3.	Мәтінге басқаша қандай тақырып таңдар едіңдер?
4.	Осы мәтінге қандай мақал сәйкес келеді?

Қыранның балапаны

...Тау самалы желпіген, күннің тұнық сәулесі сылаған балапан бірте-бірте есейді. Денесі де іріленіп, ширай бастады. Сирағы ұзарып, еңсесін көтерді. Түймедей дөңгелек жанарының да ұшқыны молайды. Шақша басын көкке қадалта созып, ұмсынып қояды. Енді алдына тасталған жемді өзі жұлып жейді. Өлсін-өлсін қанатын кергілей қаққылап, дүр-дүр сілкінеді. «Жіті қимылда, ширайсың!» – деп жебейді енесі. Балапан ұшуға талпынғанымен, шыңырау құзға көзі түскенде, сескене тежеліп қалады.

– Туу, мына құздың тереңін-ай!

– Сен төмендегі құзға емес, көкке қарай ұшуға тиіссің! – дейді енесі қайрап.

– Құлап кетпеймін бе?

– Қанатың бар емес пе? Қанат ұшуға керек. Денеңді ширақ ұста!

– Сонда да қорқамын...

– Сескенсең, сергектігіңнен айырыласың, батыл бол!

– Қалай, қайтіп?..

– Қанатыңды кең керіп, құлашыңды жайып жіберсең, жел көтеріп әкетеді. Таудың желі – жебеушің.

Қауырсыны қатайып, темір қанаттанған балапанын қыран күн сайын осылайша баптады.

Бір күні ұя қырының кенересінде қаздып тұрған балапанды енесі қанатымен қағып жіберді. Балапан сасқалақтай далбалақтап, құзға құлап бара жатты. Өлден уақытта қалықтаған қыран таяп келіп, балапанның астыңғы жағынан бір қанатымен демеп өтті. Сол-ақ екен балапан есін жиып,

жоғары ұмтылды, жартастағы ұясына жетті. Ендіге дем алады. Кеудесін қуаныш сезімі кернеді.

– Енді осылай ұша берейінші!..

– Иә, ұшуың керек. Өрісің – аспан асты. Самға тартынбай!

Сол күннен бастап балапан ұядан шығып, аспанда қалықтап жүре бастады. Енесіне ілесіп, шырқау көкті шарлады. Денесі де жеңілденді. Төмен шүйіліп, жемтік те іліп жүрді. Енесі еркін қимылға ерік берді.

Бір күні аспанды қою қара бұлт қаптады да, қалың жауын сорғалады. Сол-ақ екен, күн де салқын тарта бастады. Ұяның ернеуінде бұйығып отырған балапан:

– Мұндай күнде ұшу да қиын шығар? – деп еді, енесі еңсесін көтеріп, көкке қадала қарады. Содан кейін балапанына мойын бұрды.

– Сен **жалғызсың**, бірақ қыран тұқымысың. Жалғыздың жары – **тәңір. Жасқанба**. Жұмыртқадағы кезінде аязға ұрындырмай, бауырыма бастым. Жарық дүниеге көз **жарған соң**, қайсар болсын деп, қасқырдың күшігімен ауыздандырдым. **Денең шираған соң**, талпындың. **Талабыңды** демеп, қанаттандырдым. Енді қалай ұшсаң да өз еркің. **Алдағы күнде** қасқыр аласың ба, тышқан аласың ба, оны өзің білесің. Бәрі **шама-шарқыңа** байланысты. Менің тілегім: жасқаншақ болма, **қайсар бол! Айырылысар шаққа** келдік. Бұдан былай өзіңнің күніңді өзің көр!.. Қырандар **жазмышы** солай!..

Ене қыран дүр-дүр сілкініп алды да, көкке самғады. Балапан айналасына жалтақтай, елеңдей қарап, біраз отырды. Кеудесінде намыс оты тұтанды. Қалт серпіліп, керегедей қанатын жайып жіберді де, құлшына ұмтылып, қалықтай жөнелді. Кеудесіне суық жел соқтығып еді, жүрегі жалындап, ширыға түсті. Шыр айнала үйіріліп, аспанның төріне шықты. Бағытын таңдағандай қалқып жүр.

(Құрманбай Толыбаев)



1. Мәтіндегі «ширай бастады» деген сөз нені білдіреді?
2. «Өрісің – аспан асты». Ана қыран балапанға нені аңғартқысы келді?
3. «Кеудесінде намыс оты тұтанды» деу арқылы автор балапанның алдағы өміріне қандай болжам жасайды?

4. Неліктен Халықаралық табиғат және табиғи ресурстарды қорғау одағы қыран, лашын, қырғиды қорғауға алып, оларды шетелге шығаруға тыйым салған деп ойлайсыңдар?

Анықтауыш

Анықтауыш – зат есімнен немесе заттық ұғымда жұмсалған басқа да сөз таптарынан болған мүшелерді сындық, сапалық, сандық, иелік жағынан сипаттап, анықтап тұратын тұрлаусыз мүше. Сұраулары: қандай? қай? қанша? неше? кімнің? ненің? Байланысу түрлері – матасу, қабысу. Мысалы: *Он екі қанат үйдің керегелерін төрт жігіт қолдасып, әрең жайды. (Ғ.Мүсірепов)* Мұнда он екі қанат үй дегенде қабыса, үйдің керегесін дегенде матаса байланысқан.

Құрылысына қарай	Мысалдар
Дара	<i>Қоқанның қоңыраулы балуанын жығыпты. (М.Әуезов)</i>
Күрделі	<i>Үйге Мәкіштің өзімен құрбылас сұңғақ бойлы келіншек кірді. (М.Әуезов)</i>
Үйірлі	<i>Қызылбалақтың машығына бойы үйренген жуас торы ат үріккен жоқ. (М.Әуезов)</i>

Анықтауыш болатын сөз таптары	Мысалдар
Сын есім	<i>Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады. (С.Аронұлы)</i>
Зат есім	<i>Алтын тақта жатса да, ажалы жеткен ер – пақыр. (Шешендік сөз)</i>
Сан есім	<i>Мың досты көп демегейсің, Бір досты аз демегейсің. (А.Иүгінеки)</i>
Есімдіктер, есімше	<i>Оспан мына қимылға тіпті сүйсініп кетті. Жүрерін ерте ойлап, әзірлеген сөздері осы еді. (М.Әуезов)</i>
Ілік септікте тұрған есім сөздер	<i>Дүниенің заңы – биліктің қолында. (С.Торайғыров)</i>



2. Оқылым мәтініндегі қою қаріппен берілген сөздерді басқа мағыналас сөздермен алмастырып, осы азатжолды көшіріп жазыңдар.



3. Қыран құс пен балапанын сипаттап, дара, күрделі, үйірлі анықтауышқа мысал келтіріңдер. Қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар.



4. «Үкі – қасиетті құс» мәтінін (10. mp3) тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдаңдар.

1. Қазақтар үкінің қауырсынын нендей мақсатпен таққан?
2. Үкілерге байланысты қалыптасқан қандай наным-сенім бар?
3. «Үкі тағу» деген – қандай салт-жоралғы?
4. Үкілер жер бетінен жойылып кетпес үшін не істеу керек?



Мәтін бірнеше абзацтан тұрады. Бір абзацта бір ой толықтай ашылады. Абзацтағы тақырыптық сөйлем абзацтың негізгі идеясын көрсетеді. Қолдаушы сөйлемдер тақырыптық сөйлемдегі ойды ашады. Қорытынды сөйлем абзацтағы ойды қорытындылайды. Ойды толықтыру үшін деректер мен мысалдар да қосылады. Бұлар – қосымша ақпараттар. Абзац жаңа азатжолдан басталады.

(А.Құлмағамбетова)



5. Үлгіге қарап, «Мәселелер матрицасы» кестесін толықтырыңдар. Шахматтағы аттың жүрісі арқылы үш жолды да қатыстырып, мәселеге қатысты сөйлейтін тақырыптарыңды таңдаңдар.

Мәселе			балық түрінің құрып кетуі 	
Кім? Не?	балықшылар 			
Орын				көлде 



6. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәліметті пайдаланып, «Аққу – айдын сәні» тақырыбында мәтін жазыңдар. Анықтауыштардың қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар.

- Тақырыптық 2 сөйлем;
- Қолдаушы 3 сөйлем;
- Қорытынды 1 сөйлем.



1. Екі мәтінмен танысыңдар. Кестедегі ақпараттың маңызды тұстарын анықтап, кемі 8–10 сөйлем құраңдар. Мәтіндердің стилін анықтаңдар.

I

Р/с	Қорықтардың атаулары	Өсімдік түрлерінің саны	Балық түрлерінің саны	Қосмекенді түрлерінің саны	Жорғалаушылар саны	Құс түрлерінің саны	Сүтқоректілер саны
1.	Ақсу-Жабағылы	1737 (39)	7	3 (1)	11 (3)	267 (11)	52 (10)
2.	Алматы	965	4	3	6	178 (14)	42 (10)
3.	Наурызым	687	10	3	3 (1)	292 (33)	44 (2)
4.	Барсакелмес	298 (27)	–	2	20	178 (27)	40 (2)
5.	Қорғалжын	374 (5)	14 (2)	2	5 (1)	345 (52)	42 (8)
6.	Марқакөл	700-дей	6	2	4	239 (19)	58 (6)
7.	Үстірт	269 (5)	1	1	24 (1)	163 (17)	45 (10)
8.	Батыс Алтай	880 (27)	5 (1)	2	4	153 (6)	55
9.	Алакөл	271 (20)	22 (2)	2 (1)	22 (1)	269 (16)	35 (5)
10.	Қаратау	584 (36)	2	2 (1)	12 (2)	112 (7)	42 (3)
Жақша ішіндегі сандар – Қазақстанның Қызыл кітабына (2010 ж.) тіркелген түрлер саны							

II

Ақсу-Жабағылы қорығы

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы 1926 жылы шілденің 14-і күні құрылды. Қорық туралы құжатта табиғат ескерткіші ретінде Ақсу мен Жабағылы өзендерін, барлық ағаш және талшілік, шөп жамылғыларын, жан-жануарлар әлемін қол тимеген табиғи қалпында сақтап қалу мақсатында құрылғаны атап көрсетілген.

Публистикалық стиль – қоғамдық өмірдегі өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар ететін стиль түрі. Логикалық жағынан қисынды, дәлелді, жалпы халыққа түсінікті болады.

Мақсаты: құбылыс, оқиға мәнін ашып, ақпарат беру.

Қолданылу аясы: газет-журнал, мәжіліс, жиындар.

Стильдік сипаты: нақты ақпарат көзі болады, кейде шақыру, үндеу түрінде де болады.

Қорықта 114 мұз тау бар. Ең биік тау – Сайрам шыңы. Оның биіктігі – теңіз деңгейінен 4238 метр. Жергілікті халық бұл тауды «Ақтүйе өлген» деп атаған, өйткені таудың көрінісі жансыз жатқан түйеге ұқсайды. Қорықтың орталығында биік, мұзды Бұғылытұр шыңы бар. Бұл тауда бұғылар мекендейді.

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы – өте сирек кездесетін, жер бетінен жоғалып бара жатқан жануарларға бай өлке.

(Ақсу-Жабағылы қорығының сайтынан)



1. Жергілікті жердің табиғи қалпын сақтап қалу үшін қорықтар ашудан басқа не істеуге болады?
2. Жануарлардың бейнесіне ұқсастырып аталған тағы қандай жер-су аттарын білесіңдер?



2. «Марқакөл қорығы» мәтінін (11. тр3) тыңдап, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндегі ең басты мәселені анықтаңдар.
2.	Мәтіннің стилін анықтаңдар. Белгілі бір стильде жазылғанына 3 дәлел келтіріңдер.
3.	Халықаралық терминдер мен ғылыми деректерді орынды қолданып, 3 сұрақ жазыңдар.

Пысықтауыш

Пысықтауыш – етістіктен болған баяндауышты мекен, мезгіл, қимыл-сын мен себеп, мақсат жағынан айқындап тұратын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер: үстеулер, үстеу мән-дес есімдер, сапалық сын есімдер мен мекендік, мезгілдік, мақсаттық, амалдық мағыналарда жұмсалатын септеулі (жатыс, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі) зат есімдер.

Пысықтауыштың негізгі белгілері:

1. Іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, сын-қимыл, себеп, мөлшер жағынан пысықтап тұрады.
2. *Қашан? Қайда? Қалай? Неге? Не үшін? Неліктен?* т.б. сұрақтарға жауап береді.
3. Байланысу түрлері – меңгеру, жанасу және қабысу.

Пысықтауыш болатын сөз таптары	Мысалдар
Үстеу	<i>Арада екі сағаттай уақыт өтті. (М. Әуезов)</i>
Барыс, жатыс, шығыс септіктегі зат есімдер	<i>Абай сүйсінгеннен қатты күлді. (М. Әуезов)</i>
Сан есімдер	<i>Сексенде селкілдеген шал боларсың, Тоқсанда сексенге де зар боларсың. (Майқы би)</i>
Еліктеу сөздер	<i>Үйдің іші енді сезіп, ду күлісті. (М. Әуезов)</i>
Көсемше	<i>Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың. (Мақал)</i>

Пысықтауыштың мағыналық түрлері және олардың жасалу жолдары:

Пысықтауыштың мағыналық түрлері	Сұраулары	Мысалдар
Мезгіл пысықтауыш – мезгіл үстеуінен – жатыс септігіндегі мезгіл мәнді зат есімнен – септеулік шылаулы сөзден	Қашан? Қай кезде? Қай уақытта?	<i>Бұл жолға Құнанбай бір жыл бұрын бекінген болатын. (М. Ә.)</i> <i>Он жасымда жұмысқа кірістім. (Ф. Мұст.)</i>
Мекен пысықтауыш – мекен үстеуінен – атау, ілік, табыстан басқа септіктерде тұрған зат есімнен	Қайда? Қай жерде? Қай жақта? Қайдан?	<i>Омбыға алып баратын екі ақ боз ат көсем жегіліп, есік алдында тұрды. (С. М.)</i> Дәркембайдың шаңырағын бұл жерден әкете алмайды. (М. Ә.)
Мақсат пысықтауыш – мақсат үстеуінен – <i>-ғалы, -гелі</i> тұлғалы көсемшелерден – <i>үшін</i> шылауымен келген есім сөзден	Кім үшін? Не үшін? Неге? Қандай мақсатпен?	<i>Ол әдейі тасаланып, жорта екі иығын қозғап, сол қолын сілтел қалды. (Д. А.)</i> Бөжейлер Құнанбайдың үстінен арыз айтқалы Қарқаралыға кетіп барады. (М. Ә.) <i>Бәрі машина көру үшін кетті. (Ф. Мұст.)</i>
Амал пысықтауыш – қимыл-сын үстеулерінен – көсемше тұлғалы етістіктен – еліктеу сөзден	Қалай? Қайтіп? Қалайша?	<i>Бас инженер ұзақ сөyledi. (З. Ш.)</i> Олар бір-біріне күле қарады. (Ф. С) <i>Аттар ақырын, асықпай, бүлк-бүлк желеді.</i>

Пысықтауыштың мағыналық түрлері	Сұраулары	Мысалдар
Себеп пысықтауыш – өткен шақтық есімшеден	Неліктен? Не себептен?	<i>Үйде отырғандармен амандаспағаннан оқушылар қысылыңқырап қалысты. (F.M.)</i>
Мөлшер пысықтауыш – мөлшер үстеулерінен – мөлшер мәнді сан есімдерден	Қанша? Қалай?	<i>Ақмола қаласына 300–400 шақырымдай қалды. (С.С.) Аз сөйлеп, көп тындыр.</i>

3. Пысықтауыштың мағыналық түрлеріне Қазақстандағы қорықтар туралы мысалдар жазыңдар. Қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар.



Қорықтар мен ұлттық саябақтар

Қорық – белгіленген шегараның ішіндегі табиғаты түгелімен қорғауға алынған аумақ. Қорықтың ішінде мал бағуға, егін егуге, шөп шабуға, жол салуға, пайдалы қазба іздеп, өндіруге, саяхатқа шығуға тыйым салынады. Ұлттық саябақтар да мемлекет тарапынан қорғалады, бірақ ол жерлерге саяхатқа баруға, онда демалуға рұқсат берілген.



4. Суреттерге қарап, Ақсу-Жабағылы қорығының табиғатын сипаттап, жинақы мәтін жазыңдар. Сөз саны – 60–70.



5. Жазылым мәтініндегі тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңдар. Пысықтауыштардың мағыналық түрлерін анықтаңдар.
6. Қазақстандағы қорықтар туралы кестедегі мәліметтерді пайдаланып және ізденіп, бір қорық туралы мақала жазыңдар. Бес сөйлемін сөйлем мүшесіне талдаңдар.

VI

БӨЛІМ

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ

СИНТАКСИС

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ.

СӨЙЛЕМНІҢ АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕРІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- қоршаған орта жайлы мәліметтермен таныса отырып, түрлі деректерді дәлел ретінде қолдануды, негізгі ойды анықтауды үйренесіңдер;
- қоршаған ортадағы энергия ресурстарын адамзаттың қалай тиімді пайдалана алатыны жайлы өз ұсыныстарыңды айтасыңдар;
- энергия ресурстары туралы деректердің маңызды тұстарын анықтап, әлемдік мәселелерге өзіндік үн қосасыңдар;
- болашақтың энергиясы жайлы болжам жасай отырып, өздеріңді болашақ ғалымдардың рөлінде сезініп көресіңдер;
- бірыңғай мүшелер мен айқындауыштың түрлерін меңгересіңдер.

Күннен неге түсіп тұр сонша жарық,
Сегіз минут шерікте жерге барып?
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.
Бұл дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?

Дене атаулы теп-тегіс мөлдір болса,
Көлеңке орнығады қайда қалып?
Барша ғалам тапжылмай тұрып қалса,
Бола ма уақыт деген өлшеу салып?
Мақсұт, тәртіп, керексіз тозаңы жоқ,
Тексермей неге отырмыз мұны ойланып?
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

§1. Қоршаған орта



1. Мәтінді мұқият оқыңдар. Мәтін стилін және түрін (өңгімелеу, сипаттау, талқылау) анықтаңдар.

Жыл сайын 5 маусымда Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні атап өтіледі. Бұл атаулы күн 1972 жылдың 15 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 27-сессиясында жария етіліп, сол жылы өткен Қоршаған орта проблемалары жөніндегі Стокгольм конференциясының қарарына сәйкес бекітілді. Қарарда Бас Ассамблея БҰҰ жүйесіндегі мемлекеттер мен ұйымдардың барлығын бұл күні қоршаған ортаны қорғауға және оны жақсартуға деген ұмтылыстарын көрсететін түрлі іс-шараларды өткізуге шақырады.

Сонымен бірге БҰҰ жүйесіндегі жаңа ұйымның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) құрылды. Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні жыл сайын ЮНЕП ұйымының мұрындық болуымен атап өтіледі.

Ассамблея – белгілі бір мәселелерді шешу немесе талқылау үшін біршама адамдардың жиналысы; халықаралық ұйымдардың басқару органдарының атауы; кей елдерде парламенттің немесе оның палаталарының құрамдас бөлігі.

Бұл күнді атап өтудегі мақсат – әрбір азаматты қоршаған ортаны қорғауға баулу. Басқа сөзбен айтқанда, әлем халықтарына табиғатты қорғау мәселесіндегі негізгі күш адамдардың өз қолында, қоғамның қолында екенін түсіндіру. Сондай-ақ күллі әлемдегі елдер мен халықтардың қауіпсіз және бақуатты келешегін қамтамасыз ету үшін әріптестік қарым-қатынастардың пайдасы зор екенін ұғындыру.

Дүниежүзілік қоршаған орта күні елімізде жиындар, велосипедшілер шеруі, концерттер, шығармалар мен үнқағаздар конкурсы, көшеттер отырғызу сияқты шаралар, аулалар мен көшелерді тазалау науқандары өткізіледі.



1. Қоршаған ортаны қорғау күнін атап өтудің мақсаты қандай?
2. Қоршаған ортаны не себепті қорғау керек?



Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Бір ғана сұраққа жауап беріп, бірдей қызмет атқаратын, көбінесе бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып, бір ғана сөзге қатысты болатын сөздер тобын **сөйлемнің бірыңғай мүшелері** дейміз.

Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз да, жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады:

- 1) ыңғайластық жалғаулықтар: жөне, әрі, мен, (бен, пен), да, (де, та, те);
- 2) кезектестік жалғаулықтар: біресе, бірде, кейде;
- 3) талғаулық жалғаулықтар: не, немесе, не болмаса, әлде;
- 4) қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, дегенмен, алайда т.б.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері де, тұрлаусыз мүшелері де бірыңғай мүше бола алады. Жалғаулық шылаулар қайталанбай, бір-ақ рет келсе, араларына үтір қойылмайды. Ал жалғаулықсыз келсе немесе жалғаулық шылау бірнеше рет қайталанса, олардың арасына үтір қойылады. Мысалы:

Бірыңғай бастауыштар: **Көргендер де, көре алмағандар да мәз.**

Бірыңғай баяндауыштар: **Жауабын айт не сұрастырып көр.**

Бірыңғай толықтауыштар: **Азды да, көпті де бағала.**

Бірыңғай анықтауыштар: **Не қыздың, не жігіттің сөзі керек.**

Бірыңғай пысықтауыштар: **Ділда Абайға сүйкімді, сұлу көрінді.**



2. «Жеті қазына» мәтінін (12. трЗ) тыңдап, негізгі ойды табыңдар. Бірыңғай мүшелерді жазып отырыңдар.



3. Тыңдалым мәтініндегі бірыңғай мүшелердің қызметін анықтаңдар. Бірыңғай мүшелерді қатыстырып, өздерің де қоршаған ортадағы жеті қазына туралы мысалдар жазыңдар.

Үлгі:

*Қазақтар ұл-қыздарына **Күнтуар, Күнімжан, Күнсұлу, Кұнайым** деген есімдерді қояды (бірыңғай анықтауыштар).*



4. Мағжан ақын айтқандай, қазақ баласының неліктен қиялы жүйрік, өткір әрі терең? Ойларыңды ортаға салыңдар.

Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы

малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып, өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиіс.

(М.Жұмабаев)



5. Төмендегі мәтіннен стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз орамдарын табыңдар. Стильдік түзетулер жасап, қайтадан көшіріп жазыңдар.

Қаламыздың көркі – қоқыстар. Шынында да, қайда көз жүгіртсек те, айнала толы қоқысқа. Көшелеріміздің көркіне қарасаң, еріксіз жас келеді көзіңе. Қаламыздың осындай күйге түсуіне кімдер кінәлі?

Қала тұрғындарына осы қоқыстар үйреншікті. Өмірімізге сіңіп бара жатқан секілді. Жас жеткіншектердің ой-өрісі сол бағытта дамып баратқаны жанға батады. Ертеңгі ұрпақтардың сау болып өсуіне күресуіміз керек. Жас ұрпақтың болашағын ойлайық!



6. Төмендегі суреттер бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, «Қоршаған ортаң – қазынаң» тақырыбында адамзатқа хат жазыңдар. Сөз саны – 150.



Мына суреттен қандай әсер алдыңдар?

Табиғат ресурстарының қандай түрлерін атап бере аласыңдар?

Құстар жайлы қандай әндер білесіңдер?



1. Мәтіндерді оқыңдар. Олардың жанрын, құрылымын, қолданылған тілдік құралдарының ерекшеліктерін салыстырыңдар.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
I мәтін	II мәтін
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі	
Тілі	

I

Ақындар мен өнерпаздар көктемде табиғат аясына шығып, содан әдемі шабыт алып, көптеген құнды туындылар тудырады. Адам – әсер қабылдағыш жаратылыс. Оның болмысы генетикалық факторлармен қатар, екі кеңістіктің әсеріне ұшырайды: бірі – отбасы, мектеп және достардан тұратын қоғамдық кеңістік, ал екіншісі – таулар мен қырлар, күн нұры, су мен ауаның сапасы, қоршаған ортаның географиялық жағдайы. Осының барлығы адамның жаны мен тәніне ерекше жағдай қалыптастырады. Атақты ибн Сина қоныстанған аймақтың таулы болуы адамның епті және ержүрек болуына себеп болады, тұрғылықты жердің ойпатта болуы жабырқаушылық пен ауруға шалдықтырады деп санаған. Сонымен қатар ылғалды аймақтың адамдарын сұлу жүзді болып келеді деп есептеді. Мәшһүр тарихшы Ибн Халдун да аптап ыстық пен қатты аязды бастан өткермейтін қоңыржай климатты аймақтың тұрғындарының мінез-құлқы, сыртқы келбеті мен өмір сүру тәсілдері де қалыпты болып келеді, оларда ысырапшылдық азырақ, ал аймақтарында абаттандыру мен көгалдандыру жақсы дамыған деп санайды.

Жыл мезгілдерінің ауысуымен адамның жаны мен тәні өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, көктем маусымындағы түстердің алуан түрлілігі

Абаттандыру – елді мекенді халық тұрмысына оңтайландыру, жақсарту, көріктендіру.

адамдардың көңіл күйі мен қылығына әсер етеді. Көгілдір аспан, жасыл жер, түрлі түсті гүлдер адамның көңіл күйіне, тіпті төніне де әсер ете алады. Шынында да, ағаштардың арасынан шығатын табиғат әуеніне құлақ тұру немесе құстардың не ағып жатқан өзеннің үнін есту әр адамның көңілін көтеріп, оны қуанышқа бөлейді.

II

Мен таулықпын

Тау дейтін алып жүрек Ана
туған,

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,

Қуат алып қыранның

қанатынан.

Мен таулықпын,

Таудан мен жаратылғам.

Бұлт бүркеніп, жай отын

ала туғам,

Күн алғашқы сәулесін маған шашып,

Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,

Тау – менің дәу бесігім,

Мен оның әуресімін, сәулесімін.

Асқар шыңдар желпиді бесігімді,

Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Тау деген Ана туған дара тұлғам,

...Тауға барып,

Көкке ұшып кетсем бе екен,

Ұстап алып қыранның қанатынан.



(Мұқағали Мақатаев)



1. Қоршаған орта адамның көңіл күйіне, жаны мен төніне қалай әсер етеді?
2. Өлеңде ақын қоршаған ортаның адамға әсерін қалай бейнелейді?

3. Адамның мінезі қоршаған ортасына байланысты болатынын өлеңнің қандай жолдары арқылы дәлелдей аласыңдар?



2. Мұқағали Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңіне аннотация жазыңдар. Сөз саны – 50–60.



Жалпылауыш сөздер

Сөйлемде бірыңғай мүшелерді түсіндіріп, жинақтап тұратын сөздер болады. Олар **жалпылауыш сөздер** деп аталады. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөз бір сұрауға жауап беріп, сөйлемде бір синтаксистік қызмет атқарады. Жалпылауыш сөз ретінде сілтеу есімдіктері (мыналар, мынау, сол, осылар және т.б.); жалпылау есімдіктері (бәрі, барлығы, баршасы т.б.) және сан есімдер (екеуі, үшеуі, бесеуі т.б.) жұмсалады.

Егер жалпылауыш сөз бірыңғай мүшеден соң келсе, жалпылауыштың алдынан сызықша қойылады. Мысалы: *Назым, Гүлжамал, Жібек – бәрі қуанып жүр.*

Егер жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдында келсе, жалпылауыштан соң қос нүкте қойылады. Мысалы: *Қазақ халқының ұлттық ойындары **мыналар**: алтыбақан, ақсүйек, қыз қуу және т.б.*



3. Жалпылауыш сөздерді қатыстырып, қоршаған ортаның адамға әсері туралы 5–6 сөйлем жазыңдар.

Үлгі:

Көгілдір аспан, жасыл жер, түрлі түсті гүлдер – барлығы адамның көңіл күйіне әсер етеді.



4. Сұрақтарға жауап бере отырып, сұхбат құрыңдар. Ғылыми деректер орынды қолданып, ойларыңды дәлелді, жүйелі жеткізіңдер.

1. Сендердің араларыңда қоғамдық орындарды ластап, кез келген жерге қоқыс тастайтын балалар бар ма?
2. Неліктен қоршаған ортаны қорғау, сақтау керек?
3. Адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екенін дәлелдеңдер.



5. «Қоршаған орта қолдауға мұқтаж» тақырыбындағы мақаланың тезисін жазыңдар. Сөз саны – 100.



1. Мәтінді оқындар. Тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

Энергия қорлары

Энергия қорларын үнемдеу ХХІ ғасырдың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінде әлемнің өнеркәсібі дамыған барлық мемлекетінде энергия үнемдеу мәселелері қарқынды шешілуде.

Зерттеулерге сүйенсек, Қазақстанның жалпы су әлеуеті жылына 170 млрд кВт/сағатқа жетеді екен. Географиялық орналасуы жағынан Қазақстанның жел энергетикалық әлеуеті де жоғары, жылына 0,929-дан 1,82 млрд кВт/с-қа жетеді. БҰҰ-ның «Жел энергетикасы бойынша даму бағдарламасы» аясында жүргізілген зерттеулері Қазақстанның бірқатар өңірінде 50 мың шаршы метрге тарта аумақта желдің жылдамдығы 6 м/с-тан асатынын дәлелдеп берді. Жалпы, дәстүрлі емес жел энергиясының келешегі зор, экологиялық жағынан таза, қоры еш уақытта сарқылмайды, арзан әрі тиімді.

Желді адамдар ұзақ жыл бойы энергия көзі ретінде пайдаланып келді. Жел энергиясы арқылы желкенмен жүзген. Дәнді дақыл өнімдерін ұнтақтау үшін жел диірменін пайдаланды. Осыдан-ақ адамзат үшін жел энергиясының маңызы ешқашан жоғалмайтынын пайымдауға болады.

Қазақстанның климаттық жағдайы күн энергиясын пайдалануға қолайлы болып табылады. Елімізде күн энергиясын өндіру мүмкіндігі жылына 2,5 млрд кВт/сағатқа бағалануда.



Қазақстанның солтүстік ендікте орналасқанына қарамастан, республика аумағындағы күн радиациясының әлеуеті өте жоғары. Сондай-ақ өңірде күн энергиясын электр қуатын өндіру үшін ғана емес, жылу алу үшін де пайдалануға болады. Ол үшін жылумен қамтамасыз етудің орталық жүйелерінен шалғай жатқан аудандарда күн қондырғылары орнатылуы тиіс.

Қалпына келетін энергия көздерін пайдаланудың экономикалық тиімділігі де бар. Атап айтсақ, оны электр қуатын өндіру және жеткізу үшін қолдану арқылы Қазақстанның энергияға тапшы өңірлерінде үнемділікке қол жеткізуге болады. Сонымен қатар қайта қалпына келетін энергетика елдің шалғай өңірлерін дамытудың маңызды факторына айналмақ.
(Ә.Ерсайынов)



2. «Бұқтырмадағы еңбеккерлер» мәтінін (13. mp3) тыңдап, негізгі ойды табыңдар. «Дәстүр сабақтастығы» дегенді қалай түсінесіңдер? Екі мәтіннің стилін салыстырыңдар.

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері

Сөйлем ішіндегі бір сөзді не сөздерді басқа бір сөздер айқындап, дәлелдеп, түсіндіріп тұрады. Ондай сөздерді **айқындауыш мүше** дейді.


Анықтауыштан өзгешелігі: анықтауыш анықталатын сөздердің алдында тұрып, оның өзіне тән, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдірсе, айқындауыш анықтайтын сөзінен кейін тұрып, көбінесе оның мәнін басқа сөздермен толықтырады немесе қосымша, көлденең сапасын көрсетеді. Оның үш түрі бар: 1) қосалқы айқындауыш; 2) қосарлы айқындауыш; 3) оңашаланған айқындауыш

1. **Қосалқы айқындауыш** – зат есімнің қосымша сыны ретінде жұмсалатын сөздер. Олар заттың қосымша сапасын білдіретіндіктен, анықтауыштардай олармен тығыз байланыста болмайды. Сондықтан олар айқындайтын сөздерімен орын ауыстыра береді. Мысалы: *Алпамыс батыр, Баян бәйбіше, Үсен ақсақал* т.б. Қосалқы айқындауыш айқындайтын сөзімен сөйлемнің біртұтас күрделі мүшесі болып жұмсалады.
2. **Қосарлы айқындауыш** деп анықтайтын сөзімен қосарлана жұмсалатын сөздерді айтамыз. Мысалы: *телефон-автомат, батыр-ұшқыш, инженер-технолог* т.б.

3. Қосалқы және қосарлы айқындауышқа 5–6 мысал келтіріңдер. Қосарлы айқындауыштарды қатыстырып, энергия ресурстары туралы сөйлем құрастырыңдар.
4. Кестені пайдаланып, шағын мәтін жазыңдар. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді, айқындауыштың түрлерін қатыстырыңдар.

Иске қосылған жыл	Өндірістер
1950–1960	Жезқаған ЖЭО-сы, Өскемен ГЭС-і, Бұқтырма ГЭС-і
1966–1970	Шардара ГЭС-і
1971–1975	Қапшағай ГЭС-і, Жамбыл және Ақсу ГРЭС-і
1975–1980	Ақтау АЭС-і, Екібастұз ГРЭС-і
1981–1985	Екібастұз-2 ГРЭС-і, Шульба ГЭС-і

5. Диаграммадағы ақпаратпен танысып, «Энергоресурстарды тиімді пайдаланудың жолдары» тақырыбындағы мақаланың тезисін жазыңдар. Сөз саны – 70–80.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Қоршаған ортаға зияны жоқ баламалы энергия көздерін пайдалану тәжірибесі туралы ізденіп, аргументативті эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.

2. Берілген мәтін бойынша тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазыңдар.
2.	Мәтіндегі негізгі ойды жазыңдар.
3.	Мәтінге тақырып қойыңдар.
4.	Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңдар.
5.	Мәтіндегі маңызды сөйлемді жазыңдар.

Бір патша ең жақсы әрі көркем сөз айтқан адамға 400 динар берем деп жарлық шығарыпты. Келесі күні нөкерлерімен сапарға шығады. Жолда зәйтүн ағашының көшетін отырғызып жатқан тоқсандағы қарияны жолықтырады. Қарияны аяп кетсе керек, оның жанына аялдайды. Патша оған: «Мына көшетіңіз жеміс бергенше, жоқ дегенде, жиырма жыл керек. Төріңізден көріңіз жақын қалғанда жемісін көрмейтін іске неге арам тер болып жатсыз?» – дейді. Сонда қария: «Бұрынғылар еккен ағаштың жемісін біз теріп жеген болатынбыз, енді біз еккен ағаштан кейінгілер жемей ме?!» – дейді. Патша: «Неткен әдемі сөз!» – дейді де, қарияға 400 динар бергізеді.



1. Мәтінді оқып, көтерілген мәселені талдаңдар. Құрылымы мен мазмұнын, стилін алдыңғы тақырыптағы оқылым мәтінімен салыстырыңдар.

Бұл оқиға Тәңірдің жер бетінде тірлік орнатқаннан кейін болыпты. Ол кезде Жаратушы адамзатты жарылқап, топан суынан да сақтаған екен, – дейтін әжем. – Бірақ адамдар «Тәңір жарылқасын!» деген сөзді, алғыс айтуды білмесе керек. Күннің жылуын, самалдың шипасын, айдың ақ сәулесін, жердің жемісін керегінше пайдаланғанымен, бірде-бір іш жылытар ықыласты сөз айтпапты... Қажыған Күн Алла Тағалаға арыз айтыпты:

– О, Жаратқан ием, дамылдауды білмей, ұйқы көрмей, күлкі көрмей тірлік үшін қызмет етемін. Дүниенің түкпір-түкпіріндегі кеудесінде жаны бардың бәрін шуағыммен қыздырамын. Бір тал шөбінен бастап, жер бетінің бәріне шұғыла төгем. Таң сәрінен арай шашып ғаламды түнектен арылтамын. Бәріне нұр беремін. Жарқырап көрінгенімде, тірліктің бәрі жадырайды, суықтан тоңғандар жылынады, жауыннан мезі болғандар денесін құрғатады. Бірақ осыншама еңбегімді елеп, бірде-бір тірлік иесі алғыс айтқан емес. О, Тәңірім, сондықтан мені бұл азабыңнан босат. Тыным бер, аздап тынығайын!

Күн кеткен соң Алланың алдына Ай келіп:

– О, тірліктің тірегі, бар әлемнің жүрегі – Жаратушы ием, өзіңе тілекпен келіп тұрмын, – дейді.

– Неден тарықтың, неден түңілдің, түн еркесі – алтын Ай?

– Айналайын, Тәңірім, сен маған көмескі нұр беріпсің, суық сәуле сыйлапсың. Зіл қараңғы түннің бар тұңғиығын жарық етем деп мен келем. Қара аспанның қақ төрінде тұрып, төңіректі мамық сәулеге бөлеймін, адасқанға нысана боламын... Бетімнен сәукелемді бірте-бірте ысырып, күн санауға, апта мен ай санауға көмектесем. Күн сияқты шақырайып, жалыныммен қарымаймын. Менің нұрым жұмсақ, саумалдай татымды. Бірақ менің бұл қимас қылығымды адамдар байқамайды. Қайта адамдар жүзіндегі дағын, маңдайындағы әжімін менен көріп, «ай бетіндей шұбарланып бітіпсің ғой» деп бір-бірін келемеждейді. Ал әбден толысқан

шағымда сүйкімді болармын деп дәмеленсем, ол сәтімді де адамдар күлкіге айналдырады. Бір жақтырмайтын адамын көрсе, етжеңді кісіні кезіктірсе, «беті айтабақтай болып безерген біреу екен» деседі... Бұдан артық қорлық, бұдан артық мазақ бар ма маған?! Енді шыдай алар емеспін. Бұл қызметіңнен босата гөр, Тәңірім!

Осылай деп Ай бұлт арасына кіріп алып, ықылық атып жылаған екен... Сол кезде жаңбыр жауыпты...

Осы кезде өкпек Жел құтырынып, жан-жағына жаланып, Алла Тағаланың алдына жетіп келіпті. Тәңірдің тағына қонған шаң-тозаңды үрлеп жіберіпті де, аяғына оралып жатып алыпты.

– Мен дамыл көрмей, тау кезем, тас кезем. Ел асам, бел асам, орларды үңгимін, орманға сүңгимін, даланы шарлаймын, теңізді барлаймын. Өлкемді төтелеймін, желкенді жетелеймін, толқынды ойнатамын. Бұлтты қуып, жерге жауын сыйлаймын. Егер мен болмасам, адамзат аптап ыстыққа шыдамас еді, бастарын бірге құрамас еді, аузы сусыз кебер еді, алқынып тер төгер еді. Мен соның бәріне самал болып есемін, сағым болып көшемін. Бірақ алғыс алған күнім жоқ, сондықтан да мұңым көп. Болдырдым, тынығайын, мұрсат бер, Тәңірім.

Бір шеттен сылдырап Су келіпті. Алланың аяғына бас ұрып тілегін айтқан екен.

– Менің де күнім күн емес, Тәңірім. Ой-қырын кезіп даланың, дамыл көрмей ағамын. Жердің шаңын жуамын, елдің тәнін жуамын. Сусаған шөлін басады, бір жұтып демін ашады. Соның бәрін, Тәңірім, көтере берем қашанғы?

Сонда Алла Тағала ойға кеткен екен. «Иә, тіршілік біткен, шынымен-ақ, алғысқа сараң екен, жақсылыққа жалаң екен. Мен бұларды жазғырайын, жазалайын!» – деп түйіпті...

(Бауыржан Момышұлы)



2. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Оқылым бөлімінен бірыңғай мүшелері бар 3 сөйлем жазыңдар.

2-деңгей. «...керегінше пайдаланғанымен, бірде-бір іш жылытар ықыласты сөз айтпапты...» – деген жолдарды өмірмен байланыстырып, өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.

3-деңгей. Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін жазыңдар.

Оңашаланған айқындауыш

Өзі қатысты сөзінен соң тұрып, онымен тұлғалас болатын және оның мағынасын түсіндіріп тұратын сөздерді **оңашаланған айқындауыш** дейміз. Оңашаланған айқындауыштар айқындайтын сөзімен мағыналас, тұлғалас болып, оның соңында тұрады. Оқшау айтылып, екі жағынан үтірмен бөлінеді. Мысалы: *Біздерге, 8-сынып оқушыларына, аса үлкен міндет жүктелген.*

Ал айқындауыш мүшелер бірнешеу болса, сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне ұқсап кетпеу үшін, олар сызықша арқылы бөлінеді. Мысалы: *Өзі әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызғана да, тамашалай қараған еді. (М. Әуезов)* Оңашаланған айқындауыш бірыңғай мүшелерден жасалса, оның алдынан қос нүкте, соңынан сызықша қойылады. Мысалы: *Қазақтың ұлт аспаптарының: домбыраның, сыбызғының, сазсырнайдың – әуені ерекше.*

- ✓ **3.** Оқылым мәтіні мазмұны бойынша оңашаланған айқындауышқа мысалдар келтіріңдер.

Үлгі:

Осы кезде тіршілік нәріне, Суға, сөз кезегі тиеді.

- ✓ **4.** Мәтіндегі деректерді өз сөздеріңмен бірыңғай мүшелі екі сөйлем, айқындауыш түрлері бар екі сөйлем етіп жазыңдар.

Адам тіршілігіне жұмсалатын заттардың ішінде судың маңызы зор. Мұздарды, батпақтарды қосып есептегенде, жер бетінің 77,5%-ын су алып жатыр. Су қорларына мұхиттар, теңіз, өзен, көл, жерасты сулары, мұздықтар, атмосферадағы ылғал кіреді. Жер бетіндегі биологиялық өнімдердің 43%-ын, ал оттегінің 50%-дан көбін мұхиттар мен теңіздер береді.

Су қоры – халық байлығы. Өкінішке орай, жер бетіндегі тұщы судың қоры өте аз. Өзендер мен көлдердегі тұщы сулардың қоры гидросфера ресурсының 1%-ына да жетпейді

екен. Құрлық бетінің әр жерінде тұщы су қоры әртүрлі. Қазақстан Республикасы тұщы су қоры тапшы мемлекеттер қатарына жатады.

(stud.kz/referat)



5. Тамшы мырзамен «Су ресурстарын қалай сақтап қалуға болады?» деген тақырыпта сұхбат құрыңдар. Айқындауыш мүшелерді қатыстырып, түрлерін ажыратыңдар.

Тамшы – суды құрайтын бөлшек. Тамшы тамып, көлге айналады. Аспандағы бұлт жерге тамшы болып тамып, су ресурстарын толықтырады. Шық болып жиналып, тамшыға айналады, ылғалдылықты арттырады.

(wikipedia.org/wiki)

Жаздың жалтыр таңында тоғайға барсаң, шөп арасында сансыз меруерт көресің, сол меруерттер күннің көзіне жылт-жылт етіп, біресе қызыл, біресе сары, біресе көк болып құлпырады. «Бұл немене?» – деп жақындап қарасаң, үшкіл жапырақтар үстінде жылтылдап тұрған шық тамшылары боп шығады.

(Жүсіпбек Аймауытов)



6. Оқылым мәтінінің мазмұнын қысқаша баяндап, аннотация жазыңдар. Сөз саны – 60–70.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Суға байланысты 10 мақал-мәтел жазып, жаттаңдар.

2. Судың қадірі туралы ойларыңды «ПОПС формуласы» арқылы жеткізіңдер.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»

2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...»

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...»



1. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтін қандай стильде (ғылыми, публицистикалық) жазылған?
2.	Мәтіндегі маңызды сөйлемді анықтаңдар.
3.	Автор көзқарасын білдіретін сөйлемді анықтаңдар.
4.	Мәтіндегі тыныс белгілердің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Жел мен күннің қуаты

2050 жылға дейін әлемдегі энергияның үштен бір бөлігі күннен, желден, басқа да баламалы көздерден алынуы тиіс. Адамзат энергияны үнемдемесе, әлемдік проблемаларға ұрынуы мүмкін екенін дүниежүзінің екі ірі мұнай компаниясы «British Petroleum» пен «Royal Dutch Shell» жариялады. Ғаламшарда климаттың өзгеруі, жер бетінде адам санының өсуі, сондай-ақ қазба байлықтар қорының түгесілуге жақындағы болашақта энергия үнемдеу мәселесінің үлкен рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Мәселен, сарапшылар жер бетінде 1,5 миллиард адамның электр энергиясын қолдануға мүмкіндігі жоқтығын, ал бір миллиардтан астам адам сапасы төмен электр энергиясын пайдаланатынын анықтаған.

Осының бәрін сараптаған Қазақстан «EXPO-2017» көрмесіне «Болашақтың энергиясы» тақырыбын ұсынды. Жерінде минералды ресурстары мен қазба байлықтың үлкен қоры бар, елдегі өнеркәсіп өндірісінің 60% -ға жуығын мұнай мен табиғи газ өндірісі құрайтын және осы байлықтың қоры жағынан әлемде 11-орынға ие Қазақстан аталған тақырыпты халықаралық деңгейге алып шығуға толық құқылы.

Осы тақырып шеңберінде зерттеу жүргізген мамандар қазақтың байтақ даласында жел энергиясын пайдалану мүмкіндігі мол екенін алға тартып отыр. Қазақстан аумағының көп бөлігінде желдің орташа жылдық жылдамдығы секундына алты метр екен. БҰҰ-ның даму бағдарламасының негізінде Қазақстанда энергия ресурсы ретінде желден энергия өндіруге байланысты зерттеу жасалған.

Еліміздің климаттық ерекшеліктері сондай – кейбір аймақтарда жылына 3000 сағатқа дейін күн сәулесі түсіп тұрады екен. Халықаралық сараптаулар нәтижесінде Қазақстанда күн сәулесінің энергиясын пайдалануға да жол ашатын мүмкіндік бары анықталды. Сөйтіп, Астана «Болашақтың энергиясы» тақырыбын әлемдік деңгейге алып шығып, адамзат үшін маңызды мәселе көтеріп отырғанын дәлелдеді.

(«Ақтөбе» газетінен)



2. «Фантаст-жазушылардың болжамы» мәтінін (14. mp3) тыңдап, төмендегі кесте бойынша талдаңдар. Ғылыми және халықаралық терминдерді пайдаланып, мәтіндегі ақпарат туралы көзқарастарыңды білдіріңдер.

Мәтіннің тақырыбы	
Мәтіннің стилі	
Негізгі ақпараттар	
Қосымша ақпараттар	
Ғалымдардың болжамы	



3. Стыльдік және пунктуациялық қателерді түзеп, көшіріп жазыңдар.

«Болашақ энергиясы» жобасы дәйекті мақсаттар алдына қойды. Олар мыналар

- қуат көздерінің дамуына бағытталған стратегиялар
- бағдарламалар мен технологияларды зерттеу

«Болашақ энергиясы» жобасында қалыптасқан мынадай абстрактілі ұғымдар

- энергияны жақын болашақта пайдалану кезіндегі ең озық тәсілдерді қабылдау
- енгізу және қолдану

Жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Осының өзі асқақтағаны емес пе еліміздің абыройының.



4. Бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қатыстырып, мәтін мазмұны бойынша 5–6 сөйлем жазыңдар.

«ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің «Болашақтың энергиясы» деп аталуының өзі балама энергиямен жабдықтаудың әлемдік көлемдегі негізгі мәселе екенін білдіреді. Елбасы өзінің Жолдауында: «...Біз энергияның балама түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар», – деген еді. Қазіргі кезде Қазақстанда күн, жел, су энергияларын пайдалану ауыз толтырып айтарлықтай жоғары деңгейде деуге келмейді. Мамандардың есебі бойынша, елімізде балама энергия көздерінен өндірілетін энергия жалпы энергияның 1%-ы ғана екен. Еліміздің жер қойнауы мұнай мен көмірге, басқа да пайдалы қазбаларға бай болғандықтан, біз энергия тапшылығын көріп отырған жоқпыз. Бірақ жер қойнауындағы қазбаларымызды шексіз деп айтуға тағы болмайды. Оның экологиялық зардаптары – өз алдына бір мәселе. Сондықтан балама энергия көздерін зерттеу, отандық қондырғылар жасау, күнделікті өмірге енгізу – ғалымдарымыздың алдында тұрған басты мақсат...

(Сағадат Сүгіров, Мұрат Күнелбаев)



5. «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» мәтелін жан-жақты талдаңдар: тіл білімі, география, биология және физика салаларына қатысты мағыналарын ашып түсіндіріңдер. Өз сөздеріңді мысалдармен дәлелдеңдер.



6. «Болашақтың энергиясын қиялдау арқылы қалай ойлап табуға болады?» деген тақырыпта монолог құраңдар. Монологте бірыңғай мүшелер мен айқындауыштың қамтылуын қадағалаңдар.

VII

БӨЛІМ

ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ

СИНТАКСИС

СӨЙЛЕМНІҢ АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА

ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- жасөспірімдерге байланысты әлеуметтік-қоғамдық тақырыптармен танысасыңдар;
- жасөспірімдердің тамақтану, киіну ерекшеліктерін талқылайсыңдар;
- жасөспірімдердің бос уақытын қалай өткізетіні жайында өз пікірлеріңді білдіріп, пікірталасқа түсесіңдер;
- жасөспірімдер мен үлкендер арасындағы келіспеушіліктің туындау себептерін болжайсыңдар, шешу жолдарын ұсынасыңдар;
- жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершіліктерімен танысып, заңды бұзбаудың қажеттілігі туралы ойларыңмен бөлісесіңдер, аргументативті эссе жазуға үйренесіңдер;
- жай сөйлемдердің айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігін меңгересіңдер.

**Балам бол, басқа бол: бәріңе заң біреу-ақ.
(Жүсіп Баласағұн)**

**Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел
болмайды.
(Бауыржан Момышұлы)**



1. Мәтіннен жастар туралы оң пікірлерді, содан соң теріс пікірлерді іріктеп оқыңдар. Жастар туралы теледидар мен газет-журналдарда айтылып жүрген көзқарастарды мысалға келтіріп, авторына сілтеме жасаңдар.

Жастар туралы үлкендер не айтады?

Тұрар Әбуов, дінтанушы:

– Жастарымыздың көбісінің рухани деңгейі жоғары. Олар өздерінің білімділігі мен біліктілігі арқылы көпшілік ортада қоғамдық пікір қалыптастыра алады. Қуанарлық тағы бір жайт – жастардың адамгершілікке, имандылыққа деген бетбұрысы. Ұлтын ұлықтай білетін, Отанды сүйе білетін жігерлі жастар өсіп келе жатқанына қуанамыз.

Ал кей жастардың материалдық құндылықтарды басты орынға қойып, «крутой» көлік мініп, қымбат телефон ұстанғандарына мәз болып, ұсақталып бара жатқаны – ащы шындық. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының ұстанымдарын сонау мұхиттың ар жағындағы Куба елі әскерлеріне устав ретінде оқытады, ал біздің жастарымыз сол Баукеңнің бір шығармасын оқыды ма екен? Дінді ұстанам деп, адасып жүрген жастар қаншама?! Ең қорқыныштысы – жастарымыздың қазақы қалпымызды сақтап қала алмауы. Елін, Отанын, халқын сүйе алмаған жастардың ұлтының мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятынына сене алмаймын.

Бақытбек Ысқақов, дәрігер:

– Негізі, мені жастардың алға қарай талпынысы, дүниеге көзқарасы, білімге құлаш ұруы қуантады. Қазіргі қоғамның талабына сай өмір сүргісі келетінін құптауымыз керек. Олай дейтін себебім, біріншіден, жастарға негізі желікпелік тән. Мысал ретінде айтайын, алға қарай ұмтылып, шауып бара жатқан жүз жастың тоқсанында желікпелік басым, ал қалғанында белгілі бір мақсат бар. Сондықтан оларды желікпе және мақсатты жастар деп бөлуге болады. Екіншіден, қазір еліміздің басына күн туып (бетін аулақ қылсын), еліміз ауыр кезеңді басынан өткізіп жатқан жоқ. Сондықтан бүгінгі жастар патриотизм ұғымын

терең түсіне бермейді, әлі отансүйгіштіктің қадіріне жете қойған жоқ. Адам баласы әр нәрсенің дәмін татпай, оның парқын түсіне бермейді. Сол секілді бүгінгі жастар Отанға деген сүйіспеншілікті сезінген жоқ, тек сөз жүзінде ғана айтып жүр. Елдік мәселесіне келгенде олардың әрекетсіздік танытатыны сондықтан.

Өмірден өз-өзін іздеп тапқан адам бақытты. Өз-өзін таппаған адам шатаса береді. Сол себепті жастардың өз жолын тауып, туған ел, Отан алдында адал қызмет етуін тілеймін.

(baq.kz/kk/news)



1. Сендердің ойларыңша, мәтінде қазіргі жасөспірімдердің бойынан көруге болатын қандай қасиеттер аталмады?
2. Айтылу мақсаты мен білдіретін эмоциясына қарай сөйлемдерді қалай топтастырар едіңдер?
3. Эмоционалдық мәні басым қандай сөздер қолданылған?



2. «Бөрілі байрақ – Қабанбай» мәтінін (15. mp3) тыңдаңдар. Екі мәтінді салыстырып, олардың мазмұндық айырмашылықтарын анықтаңдар. Тыңдалым мәтінін төмендегі кестеге сәйкес талдаңдар.

Мәтіннің тақырыбы
Мәтін кімдерге арналған?
Мақсаты
Қандай астарлы мағынаны байқадыңдар?
Негізгі ақпараттар, олардың мәтіндегі рөлі
Эмоционалды-экспрессивті сөздер



3. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі таным-түсінігі туралы ойларыңды 4–5 сөйлеммен тұжырымдаңдар.

Қазақ – баласының санасына қарнының қамын емес, халықтың қамын ойлауды о бастан-ақ сіңіріп өсірген. Осы қасиеттердің барлығын бала санасына ертеден құя білген қазақ халқы он бестегі ұланына ел басқартқан, шешендік сөз өнеріне қатыстырып тәлім берген. «Баланы жетіге дейін хан

көтер, он беске дейін құлыңша жұмса, он бестен кейін ақыл сұра» деп, бүкіл тәрбиені бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдаған.



Жай сөйлемдердің айтылу мақсаты мен эмоциясына қарай бөлінетін түрлері

Адам сөйлегенде тыңдаушыға белгілі бір ой білдіру мақсатын қояды. Мысалы: 1. *Күн жылы.* 2. *Ертең келесің бе?* 3. *Шық үйден!* 4. *Шіркін, Көкшетау!*

Бірінші сөйлемді айтудағы сөйлеушінің мақсаты – күннің жылылығы туралы ақпарат беру. Оны хабарлау арқылы жеткізіп тұр. Бұл – **хабарлы сөйлем**. Сөйлем соңына нүкте қойылады.

Екінші сөйлемді айтудағы сөйлеушінің мақсаты – тыңдаушының ертең келетін-келмейтінін анықтау. Оны сұрау арқылы жеткізіп тұр. Бұл – **сұраулы сөйлем**. Сөйлем соңына сұрау белгісі қойылады.

Үшінші сөйлемді айтудағы сөйлеушінің мақсаты – тыңдаушыны үйден шығару. Ол ойды бұйыру арқылы білдіріп тұр және оған сөйлеушінің ренжіген эмоциясы қоса беріліп тұр. Бұл – **бұйрықты сөйлем**.

Төртінші сөйлем сөйлеушінің эмоциясын, көңіл күйін білдіріп, көтеріңкі интонациямен айтылып тұр. Бұл – **лепті сөйлем**. Сөйлем соңына леп белгісі қойылады.



4. Өздерің жазған тұжырымдағы хабарлы сөйлемдерді сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдерге айналдырыңдар.

Үлгі:

Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Қазақ халқы бала тәрбиесіне қалай қараған?..



5. Суреттермен танысыңдар. «Кубизм» әдісін пайдаланып, «Бұрынғы және қазіргі жасөспірімдер» тақырыбында өз ойларыңды жазыңдар.

- Суретте. Жасөспірім бейнесі.
- Салыстыр. Бұрынғы жасөспірімдермен салыстырыңдар.
- Болжа. Ендігі онжылдық жасөспірімдері қандай болмақ?
- Талда. Жасөспірімдер заманға еліктегіш пе?

- **Жарияла.** Әр заманның жасөспірімі өз заманына сай.
- **Қорытындыла.** Жасөспірімдер – ертеңгі ел тірегі.



6. Бұрынғы тәрбие мен қазіргі тәрбиені салыстырып, аргументативті эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Сөз саны – 150.

Эссе құрылымы: кіріспе бөлім, негізгі бөлім және қорытынды бөлім.

Кіріспе бөлім оқырман назарын аудару мақсатындағы сөйлемдерден тұрады.

Негізгі бөлім абзацтардан құралады. Әр абзац аңдату, мазмұндау және қорыту сөйлемдерінен тұрады.

Қорытынды бөлімде негізгі бөлімде айтылған ой қорытылып жазылады.



1. Мәтіндегі ақпараттардың ең негізгілерін іріктеп оқыңдар. Құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Дұрыс тамақтану қағидалары

Дұрыс тамақтану – саламатты өмір салтының көрсеткіштерінің бірі. Бірақ қазіргі фастфуд дәмханаларына жарнама көбейген заманда зиян, бірақ сондай тартымды тамақтардан қалай бас тартуға болады? Дұрыс тамақтануды әдетке айналдырамын десеңіздер, зиян тағамдарға балама тауып, соларды күнделікті рационымызға қосайық.

Тәттіге деген шамадан тыс құмарлық ағзаңызға қант, яғни қарапайым көмірсулар жетіспеуінің белгісі болуы мүмкін. Көмірсулар дене мен ми үшін энергия көзі болып табылады. Сол себепті кәмпиттер мен газдалған сусындарды жемістермен, олардың шырынымен алмастыруға болады.

Қуырылған картоп тілімдері – тұз бен майдың үлкен қоспасы. Немен алмастыруға болады? Қытырлатқыш картопты попкорнмен алмастырып көріңіз. Жүгері, жалпы, аз калориялы тағам болып табылады (100 грамда 100 килокалория). Алайда оның құрамындағы өсімдік протеиндері, В тобының дәрумендері пайдалы және ол – тойымды тағам. Әрине, попкорнды үйде өзіңіз дайындаған дұрыс. Май, тұз, қантты барынша аз қолданыңыз.

Балмұздақ пен торт. Балмұздақтың не үлкен торттың кремін жақсы көресіз бе? Онда сізге жағымды сезімдер жетіспейтінін біліңіз. Бұлар қарынды тойдырмайды, олар – жұмсақ және нәзік сезімдер беретін тәттілер ғана. Ондағы сүт, қант, шоколад жанымызға ерекше рақат сыйлайды. Бірақ олар өте калориялы, балмұздақтан қанға көп мөлшерде инсулин бөлінеді. Немен алмастыруға болады? Бұндай тәттілерді сүттен жасалған, майлылығы аз, жеңіл тоқбасармен алмастыруға болады. Мысалы, блендердің көмегімен сүт пен жемістен сусындар жасауға болады немесе майсыз ірімшікке табиғи йогурт пен сүйікті жемістеріңізді қосып, тоқбасар жасауға болады. Бұндай тағамдарға қаймақ және қантты барынша аз қосыңыз және майлылығы төмен тағамдарды қолданыңыз.

Гамбургер. Қуырылған картоп. Тойымды, дәмді гамбургер мен қуырылған фри картобын ерекше қалап тұрсыз. Бұл ненің белгісі? Гамбургерде ағзаға пайдалы еш нәрсе жоқ. Демек, ағзаңызға дәмі қатты білінетін, тойымды тағам қажет. Ал ондағы майдың көптігі төбетімізді ашады. Әрине, адам ағзасына май да қажет, бірақ фастфудтың майынан абай болыңыз. Холестерин, басқа да зиянды майлардың қайнар көзі – осы. Немен алмастыруға болады? Бұндай зиян тағамды кез келген пайдалы тойымды тағаммен алмастыруға болады. Балық, жаңғақтар сияқты күнделікті рационыңызда жоқ тағамдарды жегенде гамбургермен тамақтанған кездегідей балаша қуанасыз. Олардың құрамындағы протеиндер мен қаныққан майлар сізді жүрек-тамыр ауруларынан сақтайды.

Тәттілердің патшасы – шоколад. Оны кім сүймейді?! Шоколадтағы магний табиғи антидепрессант болып табылады. Ол бақыт гормоны – серотониннің бөлінуіне ықпалын тигізеді. Бізге жақсы көңіл күй, жайлы ұйқы сыйлайды. Шоколад, бір жағынан, пайдалы тағам. Егер сіз бір кесек шоколадқа қанағат етсеңіз, оны алмастырудың еш қажеті жоқ. Шоколадты көп жеу зиян. Ол артық салмаққа әкелуі мүмкін. Шоколадты кептірілген жеміс тілімдерімен (өрік, мейіз) алмастыруға болады. Олардың құрамында да магний бар, алайда кептірілген жемістер дене бітіміңізге қауіпті емес.

Қуырылған, тұздалған жаңғақтар мен пістені кім жақсы көрмейді?! Оларды да көп мөлшерде тұтыну зиян екенін білеміз бе? Сіз үшін пісте шағу жүйкені тыныштандыратын дәстүр болуы мүмкін. Немен алмастыруға болады? Жаман әдетті басқа, зияны азырақ әдетпен алмастыру керек. Ауызға салып, бір нәрсе шайнағыңыз келіп тұрса, өзіңізге пайдалы бутерброд дайындаңыз. Қара нанның үстіне аз тұздалған балық кесегін, лимон қойыңыз. Бұндай тіскебасар дәмді, тұзды, майлы болады. Ол протеиндерге бай. Тағамыңызды асықпай жеп, тез тойып қаласыз.

(massaget.kz)



1. Салауатты тамақтану өз қолдарыңда болса, бір жылдық тағам рационын қалай дайындап қояр едіңдер?
2. Қалай ойлайсыңдар, фастфудты ұзақ уақыт қолданған жасөспірімнің болашағы қандай болуы мүмкін?



Хабарлы сөйлем

Айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрін **хабарлы сөйлем** дейміз. Мысалы: *Көктем келді. Жиналыс сағат сегізде басталады.* Хабарлы сөйлемдер құрылымы мен көлеміне қарай әртүрлі болып келеді. Хабарлы сөйлемдерден кейін нүкте қойылады. Мысалы: *Жалма-жан далаға шықсам, түс болып, күн ыси бастаған екен.*

Хабарлы сөйлемді, яғни хабарлайтын ойды жеткізудің төмендегідей тәсілдері бар.

Хабарлы сөйлем		
Біреудің бір нәрсе туралы жай хабарлауы	Біреудің бір нәрсе жөніндегі ойын, көзқарасын білдіру мақсатында хабарлауы	Біреудің бір нәрсені сипаттап, бейнелеп, суреттей баяндауы
<i>Кеше апам келген.</i>	<i>Менің естуімше, апам да келе жатыр.</i>	<i>Апамның келуі – немелерлер үшін базарлы мереке.</i>
<i>Ай жап-жарық екен.</i>	<i>Ертең күн ашық болар деп ойлаймын.</i>	<i>Жұлдызды аспанда ай күміс алқадай әдемі көрінеді.</i>



2. Мектеп асханасының ас мәзірінен қандай тағамдарды көргілерің келеді? Асхана аспазына өз ұсыныстарыңды хат түрінде жазыңдар. Жазылым жұмысында «РАФТ» стратегиясын пайдаланыңдар.



3. «Сән мен сымбат» мәтінін (16. тр3) тыңдап, автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдаңдар.



4. Тыңдалым мәтініндегі хабарлы сөйлемдерді ойды жеткізу тәсілдеріне қарай талдаңдар.



5. Жастардың киіну ерекшелігі туралы материал жинақтап, тезистік жоспарын жасаңдар.



6. Берілген суреттерге байланысты жағдаяттар ұсынылды. Сол жағдаяттарға қатысты сұрақтарға жауап беріңдер. Хабарлы сөйлемдерді ойды жеткізудің тәсілдеріне қарай талдаңдар.



Жағдаяттар	Сұрақтар
Сандар	Суреттерді пайдаланып, қандай сандық деректерді айта аласың?
Сөздер	Суреттердегі кейбір атаулар қалай пайда болған деп ойлайсың?
Адамдар	Бұл суреттер кімдер үшін пайдалы?
Сезімдер	Осы суреттегі киімдер саған қандай жағымды/жағымсыз әсер берді?
Табиғат	Суреттерді қоршаған ортамен, табиғатпен қалай байланыстырар едің?
Әрекеттер	Суреттердегі адамдар немен айналысады?
Дыбыстар	Осы суреттерге қатысты қандай әндерді білесің?
Көзқарастар	Суреттердің бірін таңдап, сипатта.



7. Жасөспірімдердің киіну және тамақтану ерекшелігін «Балықтың қаңқасы» («Фишбоун») әдісімен жазыңдар.



1. Өлеңдерді мәнерлеп оқыңдар. Екі өлеңді салыстыра отырып, талдаңдар.

Сағаттың шықылдағы емес ермек

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
 Һәмишә өмір өтпек ол білдірмек.
 Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
 Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
 Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
 Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
 Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
 Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.
 Өткен өмір белгісі осы сыбдыр,
 Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
 Ақыл анық байқаған қылығыңды,
 Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр.
 Күн жиылып ай болды, он екі ай – жыл,
 Жыл жиылып, қартайып қылғаны бұл.
 Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
 Жалғаны жоқ бір төңірім, кеңшілік қыл!

(Абай Құнанбайұлы)

Уақыттың қадірі

...Уақыттан асқан билік жоқ,
 Уақыттан озған жүйрік жоқ,
 Адамға Алла бұйыртқан
 Уақыттан қымбат сыйлық жоқ.
 Өзіңді-өзің алдама,
 Уақытты салма саудаға.
 Жиырма төрт сағат берді Алла
 Балаға, кемпір-шалға да.
 Өткізе бермей жай ғана,
 Уақытты жарат пайдаңа.
 Жиырма төрт сағат – тең уақыт
 Берілген кедей-байға да.

Мейірімін төгіп саған да,
 Мүмкіндік берді хақ Алла.
 Денсаулық пенен уақытты
 Берген ғой тегін адамға.
 Неге біз осы, неге біз,
 Ұмытып кете береміз?!
 Денсаулық пенен уақыттың,
 Қадірін білмей келеміз...
 Оңымнан туып тұрса Айым,
 Уақытты дұрыс жұмсайын!
 Несие уақыт берілген,
 Жиырма төрт сағат күн сайын!

Осы бір мысал жетпей ме?
Ойыңа әсер етпей ме?
Бір күннің сегіз сағаты,
Ұйқыға ғана кетпей ме?

Сегіз-ақ сағат, не тегі,
Дейсің бе, уақыт жетеді.
Он екі айдың төрт айы,
Ұйқымен сонда өтеді...

(Алмас Темірбай)



1. «Сағаттың өзі ұры шықылдаған, Өмірді білдірмеген, күнде ұр-лаған» деген жолдарды қалай түсінесіңдер?
2. Екі өлеңнің ұқсастығы қандай?
3. Адам неліктен уақытты бағалы санайды?

Сұраулы сөйлем

Жауап алу мақсатымен сұрай айтылған сөйлемді **сұраулы сөйлем** дейміз. Сұраулы сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

а) *ма, ме, ба, бе, па, пе* сұраулық шылауларының қатысуы арқылы. Мысалы: *Балтабек деген жігіттің үйін білесіз бе? (С.Мұқанов)*

ә) сұрау есімдіктерінің қатысуы арқылы. Мысалы: *Күйігің не? О не деген сөзің? Сенде қандай күйік болушы еді? (М.Әуезов)*

б) *ғой, ә, ше* шылауларының, *шығар, болар* деген сөздердің қатысуы арқылы. Мысалы:

– *Балалар пойызы осы ғой, ә? Балалар пойызы осы шығар? Балалар пойызы осы болар?*

– *Асан үйінде екен.*

– *Қалима ше?*

Ескерту. *Ғой, шығар, болар* сөздері арқылы жасалған сөйлемдер сұраулы да, хабарлы да болуы мүмкін. Сондықтан тыныс белгісі олардың қандай сөйлем екеніне қарай қойылады. Мысалы: *Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма ғой? Пойыз кешікпей келетін болар.* Мұндай сөйлемдердің сұраулы не хабарлы екендігі мәнмәтінге және интонацияға қарай ажыратылады.

Сұраулы сөйлем кейде таза интонациямен жасалады:

– *Бер деймін саған! – деді урядник Амантайға жақындап.*

– *Себеп? – деді Амантай, урядникке тізгінді бермей. (С.Мұқанов)*

– *Сіз, Пелагея Ниловна, саудагер Корсуновамен таныссыз ғой?*

– *Таныспын. Иә? (М.Горький)*

Құрмаласқан жай сөйлемдердің соңғысы сұраулы болса, сөйлем соңына сұрау белгісі қойылды. Мысалы: *Мен қазір кітап оқимын, сіз ше? Біреу есік қаққандай болды, естисіз бе?*



- ✓ 2. Топтық тапсырманы орындаңдар.
1-топ. Абай өлеңіндегі ойды сұраулы сөйлемдермен беріп көріңдер.
2-топ. Екінші мәтіндегі сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарын анықтаңдар.

- ✓ 3. Өлең мазмұнын сұраулы сөйлемдерге айналдырып, көшіріп жазыңдар. Сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарын анықтаңдар.

Бос уақытың болса егер,
Кітапқа да көзің сал.
Ол – рухани бір табыс,
Оны дағы есіңе ал.

Ұйқастырған ойларды,
Осылай деп түйемін.
Оқушыма көрі, жас,
Ақ басымды иемін.

Рухың бай болмасаң,
Оңалмайсың, оңбайсың.
Ақылың, арың бар болса,
Азбайсың да тозбайсың.

Өмірдің кейбір кездерін,
Сізге сөз ғып ұсынған –
Кешегі жас жауынгер,
Бүгінгі қарт Әзілхан.
(*Әзілхан Нұршайықов*)

- 🌀 4. Екі топқа бөлініп, төмендегі жағдаяттарды шешіңдер.

I

Әлішердің жасы он төртте. Ол жазғы демалыста жұмыс істеп, ақша жинаған болатын. Әкесі тиісті қаражатты жинаса, оның демалыс лагеріне баратынын айтқан. Алайда лагерьге баратын уақыт таяғанда, бұл уәденің орындалмай қалу қаупі туды. Өйткені балық аулауға қажетті құралдарды сатып алуға әкесінің ақшасы жетпей, ол Әлішердің жинаған ақшасын сұрайды.

Әлішердің алдында екі таңдау тұрды: біріншісі – лагерьге бару, екіншісі – әкесінің көңілін қалдырмау.

Сауал: «Әлішер қай шешімді маңызды деп табады? Неліктен?»

II

Әнелдің жасы он бесте. Сабақтан бос уақытта Әнел көрші қызға сабақ үйретіп, аздаған тиын-тебен жинаған еді. Мереке күндері анасы оған концертке баруына рұқсат еткен. Алайда уақыт таяғанда анасы Әнелге: «Концертке барғанша, сабаққа қажетті құралдарыңды ал», – деді. Әнел анасына айтпастан

концертке барды. Мұны біліп қойған әпкесі Әнелдің шындығын анасына айтуға оқталады. Бірақ әпкесі қатты ойланды.

Сауал: «Әнелдің әрекеті туралы әпкесінің анасына айтқаны дұрыс па, әлде Әнелдің өзі айтқанын күтуі керек пе?»



5. Екі жағдаяттық тапсырманың бірін таңдап алып, берілген сауалдары бойынша аргументативті эссе (сөз саны – 60–80) жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.



6. Сұраулы сөйлемдерді қатыстырып, балалық шақтан болашаққа немесе болашақтан балалық шаққа хат (120–140 сөз) жазыңдар. Үлгі ретінде Ғалым Боқаштың хатын ұсынып отырмыз.

16 жасыма хат

Сәлем, бозбала Ғалым! Болашақтан хат жазып отырған – 37-ге толған өзің. Жеке өміріңе қатысты алдыңнан шығатын барша қуаныш пен қиындықты тізіп, сақтандыра бергім келмейді, өйткені бәрібір өз қалауыңа сәйкес әрекет ететініңді білем. Өмірлік тәжірибенің мәні де сол – өз қолыңмен жасаған қателіктен сабақ алып, өз күшіңмен жеткен табысты тиімді етіп жұмсау. Бірақ құп көретін болсаң, өзіңе айтар бірнеше өтінішім бар.

Бірінші, әке-шешен қиын шешім қабылдайтын кезде, оларға сүйеу бол.

Екінші, өзіңе жақын болуға ұмтылған барша жақсы жан-дарды дос тұт. Бір аңыз бойынша, замандастары Ескендір Зұлқарнайыннан оның осынша табысқа жетуінің сырын сұрапты. Сонда Ескендір айтыпты: «Оның сыры біреу-ақ. Дұшпандарыма әділ болдым, көпшілігі серігіме айналды. Серіктеріме адал болдым, көпшілігі досыма айналды».

Үшінші, бала кезіңнен көкейіңде жүрген арманыңнан айныма. Сол арқылы көкейіңдегі ең басты сауалыңа жауап табу қолыңнан келеді.

Құрметпен Өзің. 2013 жылғы қарашаның 3-і



1. Мәтінді мұқият оқындар. Құрылымы мен тілдік ерекшеліктері арқылы стилі мен жанрын анықтаңдар.

Бүркіт жайлы аңыз

Баяғыда таудың қиясын мекендеген бір ерекше қасиетті қыран өмір сүріпті. Өзгелерге өрлігімен өнеге болған әлгі бүркіт бір жылы өмірінде бірінші рет үш балапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаттары қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда бүркіт үш балапанын уысына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты. Ұшып келе жатып, өмірге қанат қаққалы тұрған балапандарынан соңғы рет сынақ алып, былай деп сұрапты:

– Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мәпелеп бағып-қаққанымды жақсы білесіндер. Ертең өскесін, осының өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсыңдар?

Біріншісі айтыпты:

– Анашым, мен қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Мен сені өмір бойы қанатыма мінгізіп алып жүрем. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралатам, таңғажайып тамашаларды көзіңмен көретін боласың.

Бүркіт басын шайқап, уысындағы балапанын теңізге тастап жіберіпті. Сосын екіншісіне бұрылып:

– Ал сен не айтасың? – депті.

Екіншісі айтыпты:

– Анашым, мен сені ел аралатып, босқа өуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметтері мен қызықтарын алдыңа әкеліп берем, ішкенің алдыңда, ішпегенің артыңда болады.

Бүркіт тағы да басын шайқап, уысын жазып жібергенде, екінші балапан да біріншінің соңынан кете барыпты. Бүркіт үшінші балапанына бұрылып, жарықшақ толы дауыспен былай депті:

– Ал сен мені қалай жарылқамақсың?

Сонда үшінші балапан былай деп үн қатыпты:

– Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылығыңның шеті де, шегі жоқ екенін, оны өтеуге менің барлық

ғұмырым жетпейтінін жақсы білемін. Дегенмен менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдына алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Сенің маған жасаған жақсылықтарыңның барлығын өз балапандарыма жасау үшін өмір сүретін боламын.

Көрі бүркіт сонда ғана көкірек кере терең дем алып:

– Біздің өулет аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық ұрпақ туылғанына көзім енді жетті, – деген екен.

(www.balalaralemi.kz)



2. «Ата-ана – бақыт» мәтінін (17. mp3) тыңдап, автор көзқарасы мен негізгі ойды анықтаңдар. Экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдаңдар.



1. Қыранның сұрағын қалай түсінесіңдер?
2. Қыранның балапандарын аман қалдыру үшін мәтінді қалай аяқтар едіңдер?
3. Тыңдалымдағы «Ата-анамыз өзіне тиісті құрметті көріп жүр ме?» деген сұраққа қалай жауап берер едіңдер?
4. «Әкеміз бен анамызға пана болып, жылы сөздермен қуанту, әрдайым жандарынан табылу күнделікті өмірдегі басты қағидамыз болуы керек» дегенді қалай түсінесіңдер?



Бұйрықты сөйлемдер

Бұйрықты сөйлемдер сөйлесуші адамдарға қандай да болсын істі істеуі не істеткізуі жөнінде айрықша ықпал жасау үшін айтылады. Бұйрықты сөйлемдер не бәсең ырғақпен, не көтеріңкі ырғақпен тиянақталып, белгілі бір амалдар арқылы қалыптасады:

1. Етістіктің бұйрық райы арқылы жасалады. Мысалы: – *Тараңдар! Тастандар бұл істі!* – деді. Сөйлем мазмұны тілек, жалыну, ескерту, қауіп, сес білдіру мағыналарында берілгенде, бұйрық етістік баяндауыштары кейде *-шы/-ші* қосымшалы болып келеді. Мысалы: – *Қоя тұршы, Жайна, – деді оған Майра.*
2. Шартты райға *-й, -шы, -й, -ші* жұрнағы жалғанады. Мысалы: – *Отырсайшы, шай қояйын, – деді Хадиша.*
3. Етістікке *керек, қажет, шарт, тиіс, жөн, мақұл, дұрыс* т.б. сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *Менің баруым керек. Ол баруға тиіс. Сенің барғаның жөн.*

4. Баяндауыштары ашық райдың келер шақ тұлғасынан жасалса, кейде бұйрық мағынасын білдіреді. Мысалы: – *Бүгіннен бастап олармен сөйлеспейсің.*

5. Бұйрықты сөйлем жасауда *өй (ей), жә, сап-сап, сабыр, тек, тәйт, тсс, мә* деген одағайлар да жұмсалады. Мысалы: – *Тсс, Давыдов келе жатыр!*

Бұйрықты сөйлемдер мазмұны жағынан да, берілу сипаты жағынан да біркелкі емес. Олар нақты сөйлеу жағдаятына қарай кейде кеңес білдіру (*Әсемпаз болма...*), ұсыныс жасау (*Бүгін киноға барайық*), ескерту жасау (*Осыған ұқыпты бол, келін*), тілек, өтініш, жалыну мәнді (*Жастар да аман болсын, сіз де аман болыңыз*) болып та жұмсала береді. Бұйрықты сөйлемді белгілі бір сөйлеу жағдаяты, мәнмәтіндегі өзіндік құрылымы мен басқа да белгілеріне қарай анықтауға болады.



3. Ата-аналар атынан балаларға арнап төмендегі әріптерден басталатын бұйрықты сөйлемдер құраңдар.

Ә	Ж	С	Ұ	А
К	Қ	Т	Д	О



4. Сұрақтарға жауап бере отырып, берілген суреттерге қатысты әңгіме құрастырыңдар.

Ата-ана мен бала құқықтары жөніндегі қандай ұйымдарды білесіңдер?

Бала құқығы туралы Конвенцияның балалар құқығын қорғауда қандай маңызы бар?





5. Екі пікірге түсіндірме (комментарий) жазыңдар, ұсынылған ойдың мәні мен мағынасын ашып, өз ойларыңды дәлелдеңдер.

Пікір	Түсіндірме (комментарий)

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

Біз өз ішіміздегі балалық дауысымызға құлағымызды салсақ, көзімізде қайтадан сәуле жанады. Егер біз бұл баламен байланысымызды жоғалтпайтын болсақ, біздің өмірмен байланысымыз да үзілмейді.

(Габриэль Гарсиа Маркес)



6. «Жасөспірімнің жанұядағы рөлі» тақырыбында материал жинақтап, мақаланың тезистік жоспарын құрыңдар. Сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай талдаңдар.



1. Мәтінді оқыңдар. Мәтінге түсіндірме (комментарий) жасау үшін төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1.	Жасөспірімдер неліктен заңды бұзбауы керек? «Олар әлі кәмелеттік жасқа толмағандар ғой» деп, олардың теріс әрекеттерін ақтап алуға бола ма?
2.	Жасөспірімнің жасаған қылмысы үшін ата-анасын жазалау қаншалықты дұрыс?
3.	«Жасөспірім жас шыбық тәрізді: қисығын түзетпесең, кейін сынып кетуі мүмкін». Осы пікірді дәлелдендер.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен жаза

Қылмыс жасаған жасөспірімнің ата-анасы немесе заңды өкілі баласының қылмыс жасауына жол бергені үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Кей жағдайда екі жылға дейін бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Сонымен қатар ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамауына байланысты төмендегідей әкімшілік жауапкершілікке тарту да қарастырылған.

Ата-аналар немесе заңды өкілдері кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін себепсіз орындамаса, оларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады.

Кәмелетке толмағандар алкогольдік ішімдіктерді, есірткіні қолданса не қаңғыбастықпен, қайыршылықпен айналысса, қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасаса, ата-анасына немесе заңды өкіліне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Бала қылмыстық жауапкершілікке қай жастан бастап тартылады?

16 жастан бастап адам қылмыстық жауапқа тартылады. Ал ауыр қылмыстар бойынша жасөспірімдердің жауапкершілігі 14 жастан көзделген. Атап айтқанда, кісі өлтіргені,

денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені, зорлық-зомбылық, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып тартып алу, автокөлікті немесе көлік құралын заңсыз иемдену, бұзақылық және басқа да қылмыстар жасағаны үшін 14 жасқа толғандар жауапкершілікке тартылады.

Жалпы, кәмелетке толмағандар қандай жағдайларда жауапқа тартылады? Кәмелетке толмағандар ұсақ бұзақылық жасаса, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеп, азаматтарды қорласа, ішімдік ішсе, қоғамдық тәртіпті бұзса, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады.

Жасөспірімдер өздерін ересек санап, бір-біріне еліктеп, түнде көшеге шығу, темекі шегу сияқты жағымсыз қылықтарға тез бейімделгіш келеді. Сондықтан тәрбиелік шараларға қатысып, жан-жақтарыңа қарап, өз-өздеріңді тәрбиелеп, жаман әдеттерден аулақ болыңдар. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу керек.

(otyrar.kz)



1. Қай заң баптарын бұрыннан білетін едіңдер? Қайсысы сендер үшін жаңалық болды?
2. Соңғы азатжолдағы автордың ойын толықтырыңдар.

Лепті сөйлем

Адамның ерекше көңіл күйі мен ішкі сезімін білдіретін сөйлемді **лепті сөйлем** дейміз. Лепті сөйлемдердің мағыналық түрлері: бұйыру, қуану, тілек, өтіну, армандау, таңдану, ұран, сескену, шошу, өкініш т.б.

Жасалу жолдары:

- 1) одағай сөздер арқылы (*алақай, бәрежелді, әттеген-ай, пай-пай, қап, па, шіркін, түү* т.б.). Мысалы: *Қап, мынау жығылды-ау!*
 - 2) күшейткіш мәнді сөздер арқылы (*не деген, неткен, қандай, қалайша, ғажап* т.б.). Мысалы: *Неткен сұлу!*
 - 3) демеулік шылаулар арқылы (*-ау, -ақ, -ай, ғой* т.б.). Мысалы: *Осы жазушыны көрсем ғой!*
 - 4) интонация арқылы. Мысалы: *Туған жер! Көгілдір көлдері, сарқыраған өзендері, ән салған құмдарымен аңызға айналған өлкем!*
- Лепті сөйлемдердің соңына леп белгісі (!) қойылады.





2. Төмендегі құжат атауларын қатыстырып, хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдерге 2 мысалдан жазыңдар. Бас әріппен жазылған сөздердің неге бас әріппен жазылғанын түсіндіріңдер.

Бала мен ата-ананың құқықтары мен міндеттері білгіленген заңдар:

1. Бала құқығының Декларациясы
2. ҚР Бала құқықтары туралы Заңы
3. ҚР Конституциясы
4. Білім туралы Заң
5. Неке және отбасы туралы Заң
6. Балалар құқығының Конвенциясы
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс



3. Төмендегі мақалдардың ішінен бір-бірімен үйлесетін үшеуін таңдап алып, жинақы мәтіннің жоспарын құрыңдар.

1. Ісін өндіре алмаған қырсыз бала қырсығын әкесінен іздейді.
2. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.
3. Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлыңдай қина, он үштен әрі сырласыңдай сыйла.
4. Жақсы бала – сүйініш, жаман бала – күйініш.
5. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
6. Біреуге ор қазба, өзің түсесің.
7. Заңның құрығы бөрінен ұзын.
8. Ұрлық түбі – қорлық.
9. Тек жүрсең, тоқ жүресің.



4. Мақал-мәтелдің біреуін таңдап алып, ондағы ойды өз сөздеріңмен таратып жазыңдар. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай барлық түрін қамтуға тырысыңдар. Ойларың дәлелді, жүйелі шығатындай болсын.

Үлгі:

Заңның құрығы ұзын. Заңды бұзған адамның жазасыз қалуы мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес! Сондықтан бәріміз заңға бағынайық.



5. Сызба бойынша төрт адамдық топта полилог құрыңдар. Ондағы автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдаңдар. Халықаралық терминдерді неліктен қолданатынымызды түсіндіріңдер.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Неліктен жасөспірімдер қылмысқа барады?» деген тақырыпта әртүрлі жастағы бес адамнан кем дегенде үш сұрақтан тұратын сауалнама алыңдар. Сауалнаманың нәтижесін диаграммамен көрсетіңдер.
2. «Капитан Нұрхан Досұлының қылмыскерді құрықтауы» тақырыбында ойдан шығарып, сипаттамалық эссе жазыңдар. Сөз саны – 150. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.

Сипаттамалық эссенің мақсаты – адамның, жердің, заттың бейнесін немесе психологиялық ахуалды оқырманға елестете отырып сипаттау.



1. Мәтінді оқындар. Көркем мәтінге түсіндірме (комментарий) жасау үшін төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1.	Халықтың футболға құмарлығын автор қандай сөйлемдер арқылы берген?
2.	Жақсы футболшыларға деген елдің сүйіспеншілігін қай сөйлемдерден байқауға болады?
3.	Кейіпкерлердің сөздерінен нені аңғартқысы келген?
4.	Автор футбол добының қимылын қалай суреттейді?

Финал

Аспан айналып жерге түсердей шілде айы. Тас төбеден арқан бойы етекке сырғыған күміс күн аш бүйірден қадалып тұр. Беті кебіртіктенген сүреңсіз, сұрқай футбол алаңынан қайта тепкен ақ жалын лапылдап жүзіңді шарпиды. Көк төсін кіреукелейтін бұлттардың қауырсындай қалқыған жұқанасы қалсайшы, аспан сұртулі терезедей мөп-мөлдір. Халықтың алмағайып табиғат мінезіне мойынұсынғаны сондай – бүкіл дүние кіндігінен кері айналса да, қар қылауласса да, елең етпей топ-тобымен стадионға ағылмақ.

Дәстүрлі «Былғары доп» турнирінің аудан орталығындағы финалдық бәсекесіне жанкүйерлер аз келмеген тәрізді. Алматыда көрген «Қайраттың» жанашырларынан бір мысқал да кем түспейді. Тау астындағы туннельден сарнап шыққан пойыздай жанкүйерлер дауысы құлақ тұндырды.

Сөйтсе, «Аптап» командасының ойыншылары ортаға қарай сыпырыла шығып, қақпаны торуылға алғанда, қарсыласын белдеу сызықтан бері бастырмай, байлап тастапты...

– Ой де! Әнеки! Қараңдар! Офсайд!

Жақын маңайдан жағы сембей сақылдаған жанкүйер төсіл-тактиканы жіліктеп шағып отыр. Ойын суреті өзгеріп, айла-шарғысы таусылған «Қыран» дағдара бастаған-ды. Әлдеқалай көрермендер арасында көңілділік пайда болды...

– Әне! Пент жасайтын тайпақ бас қараны көрдің бе?! Пелеге тартып туғанын... қағынғырдың!

Балалардың шабыт қанатына мінгені соншалық – былғары доптың жамбасы жерге тимей зыр қағуда. Даладай кең қақпада дегбірі қашқан Серікбай бойын біраз жинап, ширақ тұр. Күтпеген жерден оқша атылды. Қауіптің жолын қақ бөлгенде, жаны қыдырған доп қақпашының бауырына басын тығып, қимылсыз қалды...

(Фабиден Құлахмет)



2. Мәтінді оқындар. Құрылымы мен рәсімделуі жағынан алғашқы мәтіннен айырмашылығын анықтаңдар.

Тарих – жарқын сәттердің куәсі

Бірі білсе, бірі білмес, қазақ футболының тарихы азды-көпті бір ғасырды құрайды. Дәлірек айтсақ, 1913–1914 жылдары Семей қаласында іргетасы қаланған. Ағылшын саудагерлерімен ере келген бұл спорттың анық көрінісі ретінде «Ярыш» командасын айтып өтуге болады. Оның сапында әдебиет алыбы Мұхтар Әуезов өнер көрсеткен деген дерек бар.

Тарих тамырынан тартсақ, 1940 жылдары Алматылық «Динамо» Таганрогта өткен одақтық жарыста «Торпедоны» 3:1 есебімен ұтып, «Миллиондар кубогі» жұлдесін жеңіп алады. Қазақтың қанжығасының майланғаны тек бұл емес, 1957 жылы отандық футбол тарихындағы алғашқы ресми халықаралық кездесуде алматылық «Қайрат» финляндиялық «Вааса» командасын 4:0 есебімен ұтқанын естен шығармаңыз. 1973 жылы Қазақстан жастар құрамасы бүкіл-одақтық «Переправа» турнирінің күміс жұлдесіне ие болады. 1985 жылы қазақстандық балалар мен жасөспірімдер футболының түлектері бүкілодақтық аренадағы ірі жеңістеріне қол жеткізеді. Минскіде өскемендік «Спутник-2» командасы «Былғары доп» турнирінің ересек жас дәрежесіндегі футболшылар турнирінде бас жұлдеге ие болса, Қазан қаласында өткен орта жас дәрежесіндегі балалар жарысында жамбылдық «Жалын» жеңімпаз атанады. 1997 жылы семейлік «Елім-айдың» Германияның Штаккерау қаласында өткен халықаралық турнирде өзгесінен оқ бойы озып, жеңімпаз атанғанын еске түсірсең, бір арқаланып қаласың.

(Айбек Қосанов)



1. Мәтіндер кімдерге арналған? Мәтіндердің стилін анықтаңдар.
2. Мәтіндерде қандай әдеби-көркемдегіш құралдар қолданылған? Мысалдар келтіріңдер.



3. Алғашқы мәтіндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін ажыратыңдар.



4. Екі команданың футбол ойынының қызған шағын суреттейтін жинақы мәтін (8–10 сөйлем) жазыңдар. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.



5. «Қазақстанда футбол ойындары дамыған ба?» деген тақырыпта жұптарыңмен диалог құрыңдар. Бір-біріңе екі сұрақтан қойып, өз ойларыңды жүйелі жеткізіңдер. Сұраулы сөйлемдерді жасалу жолдарына қарай талдаңдар. Кімнің пікірі сенімді шыққанын анықтаңдар.



6. Қосымша әдебиеттерден ізденіп, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қандай ұлттық спорт ойындарын білесіңдер?
2. Қазақта бұрын «Аяқ доп» ойыны болған. Допты неден жасаған?
3. Ат үстінде ойнаған «Шөген» ойынының қазіргі түрі қандай?



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Елімізде спорт ойындарын дамытудың пайдасы қандай?» деген сауалға аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 120–140. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.
2. Ғалымдардың ойын туралы тұжырымын түсіндіру үшін монолог (12–14 сөйлем) құрыңдар. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.

Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе (*Мағжан Жұмабаев*).

Ойын – балалар өмірінде маңызды нәрсе. Үлкендердің жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер ең алдымен ойын арқылы тәрбие алады (*А.С.Марченко*).



1. Мәтінді оқыңдар. Кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

1.	Кенжебектің күнделік жазуына не себеп болды деп ойлайсыңдар? Күнделік иесінің қалай өзгеріп келе жатқанына болжам жасаңдар.
2.	Әсеттің әрекетіне қарай оның қандай бала екенін болжаңдар.
3.	Жасөспірімдер арасында келіспеушіліктің жиі орын алу себебі не? Самат сияқты балалардың басты кемшілігі қандай?

Кенжебектің күнделігі

29 тамыз. Бүгін «Арқалық» вокзалынан пойызға отырдым. Бағытым – Астана қаласы. Қуанышымда шек жоқ! Енді ше, осы күнге дейін тек теледидардан көрген арман қалаға жол тартып барамын ғой! Шіркін, тез жетіп, «Бәйтеректің» ұшар басына көтерілер ме едім!? Бірақ Арқалықтан алыстаған сайын туған ауылымды сағынып бара жатқандаймын. Кейде жүрегім шым ете қалады. Алыстаған сайын туған жердің қадірі арта түсетінін түсіне бастағандаймын...

Енді елордада оқитын боламын. Мектебім, сынып жетекшім, сыныптастарым қандай болар екен? Жә, не болса да, туған ауылға, ондағы достарыма, Сәуле апайға ешкім, ештеңе жетпейді. Енді бәрін сағынатын болдым. Бірақ каникулда барып тұрамын ғой. Бізбен көрші тұратын 8 «Б» сыныбындағы Әлияны да қимай барамын. Ол да менің Астанада оқуымды құп көргенімен, қимай қоштасты. Кетерімде әдемі қаламсап сыйға тартты. Осы күнделікті сол қаламмен жазып отырмын. Айтпақшы, күнделік жазуды алғаш бастадым.

16 қыркүйек. Мен үшін бүгін бір қызық жағдай болды. Әсет бүгін қолына татуировка жапсырып келіпті. «Мұның не?» – десек, «мода ғой», – деп қарап тұр. Содан соң: «Ресей жұлдызы Тиматидің қолдарын, денесін көрмеп пе едіңдер?! Түгел сурет емес пе?! Бұл – нағыз сән!» – деп қояды өзінше. Бірақ сынып жетекшіміз Әсеттің қолына жапсырған «өнерін» көріп қойып, сазайын тартты ғой сабазың.

18 қыркүйек. Бүгін сыныптасым Саматпен төбелесіп қала жаздадым. Ол біреуді мазақ қылмаса тұра алмайды-ау, тұра алмайды! Маған: «Солақай, солақай, ұялсаңшы, балақай» – деп өзінше ұйқастырып, әбден зықымды шығарды. Сабыр

сақтап, өзімді салмақты ұстауға тырыстым. Өзім ауылдан жақында ғана келдім ғой. Бірақ шыдамның да шегі бар емес пе?! Содан оған: «Мен солақай болсам, сен шошқасың», – деп айтып салдым. Балалар ду күлді. Самат маған жұдырық ала жүгірді. Балалар арашалап қалып, абырой болғанда, төбелесе кеткен жоқпыз. Ол да бір бәтшағар екен, кекетіп, мазақ қылуын қояр емес...

(*Ғанибет Ғалымбекұлы*)



2. Мәтінді оқындар. Екі мәтінді салыстырып, кестені толтырындар.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
«Кенжебектің күнделігі» мәтіні	«Өмірдің кілті» мәтіні
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі	
Тілі	

Өмірдің кілті

Бір өнегелі де ақылды адам өмір сүріпті. Жұрттың бәрі осы парасатты жанмен ақылдасады екен. Жылдар өте келе сол ақылды адам қартаяды. Үш баласын шақырып алып: «Өмірдің кілті неде? Соны біліп келіндер», – деп жібереді. Содан үш жыл өткеннен кейін перзенттерімен өз шаңырағында қайта кездесіпті. Ондағы мақсат – өз сұрағына жауап алу.

Үлкен ұлы: «Әке, өмірдің кілті жер-жаһанды шарлау екен. Осы үш жыл ішінде қаншама жер көрдім. Адамның бар қуанышы ел мен жерді танып, түйсігін арттыру екен ғой», – деп жауап беріпті.

Ортаншы ұл: «Әке, өмірдің кілті байлықта екен. Байлығың болса, жұрт сені сыйлайды. Қараңызшы, қаншама асыл тастар таптым. Мұның бәрі байлық емес пе?!» – деп мақтаныпты.

Кенже ұлына кезек келгенде: «Осы үш жылдың ішінде жақсы адамдарды көп жолықтырдым, олардың мен үшін қымбат екенін түсіндім. Перзент сүйдім, соның жауапкершілігін сезіндім. Әке, өмірдің кілті адамдардың қадірін біліп, ата-анаңды ардақтап, үлгілі ұрпақ өсіру екен. Менің осыған анық көзім жетті. Сен қанша бай, атақты болсаң да, ұрпағың өнегесіз болса, еткен еңбегіңнің бәрі зая кетеді», – дейді.

Ақылды әке кіші ұлының сөзіне разы болып, қара шаңырақтың иесі атандырыпты, өз мұрасын қалдырып, батасын берген екен.

(Ел аузынан)



1. Жасөспірімдік шақта балалар тезірек ересек болуға ұмтылады. Осы пікірмен келісесіңдер ме?
2. «Өмірдің кілті неде?» деген сұрақты әкесі балаларына не үшін қойды?



3. Кенжебек қабылдаған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырып, өз ойларыңды дәлелдеп жазыңдар. Сөз саны – 60–70.



4. Өздерің жазған мәтіннен сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.



5. «Өмірдің кілті» мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жұпта кезекпен жауап беріп, сұхбаттасыңдар.

Сандар	Әңгімеде қандай сандар айтылады?
Сөздер	Автор неліктен «кілт» деген сөзге баса мән берген?
Адамдар	Бұл әңгіме кімдерге арналған?
Сезімдер	Әңгіме кейіпкерлерінің сөздері саған қалай әсер етті?
Табиғат	Әңгіменің табиғатқа қатысты қандай тұстары бар?
Әрекеттер	Әкенің кенже ұлға мұрасын қалдырғаны дұрыс болды ма?
Дыбыстар	Әкеге қатысты қандай әндерді білесің?
Көзқарастар	Кейіпкердің бірін таңдап, сипатта.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. «Ұрпағың өнегесіз болса, еткен еңбегіңнің бәрі зая кетеді» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 120. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.
 2. «Балаға жасөспірім кезінде қандай тәрбие берілу керек?» деген сауалды ата-аналарыңа қойып, жауабын жазыңдар. Сөз саны – 120. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.



1. Мәтінді оқыңдар. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын талқылаңдар. «Қабуснаманы» жазған автор кім болғанын болжаңдар.

Ей, перзентім, тамақтан аш қалсаң да, **ақыл-парасатқа тоқ бол**. Адамдарға дөрекілік жасама. **Ойпыл-тойпыл сөйлеуден** сақтанып, **тіліңді тыйып ұста**. Сонда ғана сен әр қилы қырсықтардан аулақ боласың. Бойыңда жоқ және болып та көрмеген қасиеттердің сенде бар екенін айтып, адамдар мақтаса, ондай мақтауға сеніп, **мардымсыма**.

Ей, перзентім, шынайы ілімге **ынтық бол**. Өз айтқанынан қайтпайтын **тоңмойын болма**, өзгелердің айтқанына мән беріп, **құлақ сал**.

Ей, перзентім, сырын біліп алмай тұрып, бір көрген кісіге **көңіліңді жайып салма**. Өз қадір-қасиетін білмейтін кісілерден жақсылық күтпе. Күн шыққанша ұйықтап жатып алма. Орынсыз күле берме. **Жасы үлкен, егде кісілердің алдына түсіп жүрме**. Сөйлесіп отырғандардың сөзіне **орта жолдан килігіп**, сөзін бөлме. Қонақтың алдында **біреуге кіжініп**, ренішінді айтпа. Басыңды салбыратып отырма.

«Қабуснамадан»



2. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. Құрылымы мен рәсімделуі бойынша алғашқы мәтіннен айырмашылығын анықтаңдар.

Әкем қызметінен кейін үй шаруасымен айналысатын, ол кезде мен 7–8 жастағы баламын. Шамам келгенше әкеме қолғабыс жасаймын. Бірде әкем үйді қоршаған шарбақты жөндеп жатып, байқамай саусағын балғамен ұрып алды. Сонда саусағынан қан ағып жатса да, алған соққыны елемей, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді.

Мен әкемнің шыдамдылығына сүйсініп, риза болдым. Есейе келе: «Әке, балғамен саусағыңды соғып алған кезде саусағың ауырмады ма?», – деп сұрағанымда, әкем: «Неге

ауырмады, ауырды, бірақ ауруымды елемеуге тырыстым, өйткені жанымда сен жүрдің ғой. Мен сенің жасың болмай, жан, тән соққыларына шыдамды болуыңды өзімнің төзімділігім арқылы тәрбиелегім келді. Есіңде болсын, балаңды тәрбиелеме, өзіңді тәрбиеле», – деп жауап берді. Әке сөзі өмірлік жадымда қалды.

Бірде мен де баламмен жұмыс істеп жүріп, саусағымды балғамен ұрып алдым. Саусағым балғаның соққысынан езіліп, тырнағым сынса да, ауруды елемеуге тырыстым, өйткені жанымда балам жүрді. Мұны көрген балам абыржымай, жұмысын жалғастыра берді. Ауру саусағым жүйкеме тисе де, шыдадым, себебі ұлымның да төзімді, шыдамды болып өсуін қатты қаладым...

(Ерсін Ерғали)



1. Мәтіндерде қандай мәселелерге назар аударылған? Әкелер перзенттерін қандай мінездерден сақтандырады?
2. Шығармаларға қандай баға бересіңдер? Сезімге әсер ететін қандай сөздер бар?
3. «Балаңды тәрбиелеме, өзіңді тәрбиеле» деген сөзді қалай түсінесіңдер?



3. Оқылым мәтіндеріндегі ойды негізге алып, айтылу мақсатына қарай сөйлемдердің әр түріне 2–3 мысалдан жазыңдар.

Хабарлы сөйлем	Сұраулы сөйлем	Бұйрықты сөйлем	Лепті сөйлем



4. Фибратты сөздерді оқып, өз ойларыңды тұжырымдаңдар.

Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады (*БІ Алтынсарин*).

Адамның адамшылдығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады (*Абай*).

Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнегесінен. Оның түзелу, бұзылуы жас уақытта болады (*М.Әуезов*).




5. Ғибратты сөздерді және төмендегі пікірлерді жұпта талқылаңдар. Тақырыпқа байланысты жұптарыңа екі сұрақ қойыңдар. Жауаптарың дәлелді болсын.

1. Отбасындағы қарым-қатынаста мәдениеттілік, сыпайылық сақталуы тиіс.
2. Ата-ана баласының жолдас-жораларын танитын болуы керек.
3. Баланы үй шаруасына араластыру оны еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.



6. Кесте бойынша «Тәрбие қалай қалыптасады?» деген тақырыптағы эссенің тезистік жоспарын жасаңдар. Сөз саны – 70–80.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Құнанбайдың Абайға таққан үш міні туралы мәтінді тауып оқыңдар. Өз ойларыңды түйіндеп, аргументативті эссе (150 сөз) жазыңдар. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.
2. «Қабуснама» жайлы мәліметтер іздестіріп, кітаптың тәлім-тәрбиелік мәні туралы аргументативті эссе (150 сөз) жазыңдар. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтаңдар.

Өзінді тексер

- 1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері қатысқан нұсқаны белгілеңдер.**
 - A) Ешкім таба алмайды
 - B) Ертеден қара кешке дейін
 - C) Көк аспанның астында
 - D) Оны көрген жандар
- 2. Сөйлемдегі пысықтауышты табыңдар.**

Оның шаршағаннан сөйлеуге шамасы келмеді.

 - A) Оның шамасы келмеді
 - B) Сөйлеуге шамасы келмеді
 - C) Шаршағаннан
 - D) Шамасы келмеді
- 3. Сөйлем мүшелері бола алмайтын сөздерді табыңдар.**

Ойбай, мына жақтан жау кеп қалды, халайық!

 - A) Жау кеп қалды
 - B) Мына жақтан
 - C) Ойбай, халайық
 - D) Халайық, мына
- 4. Сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтыратын тұрлаусыз мүше:**
 - A) Анықтауыш
 - B) Пысықтауыш
 - C) Толықтауыш
 - D) Баяндауыш
- 5. Зат есімнен немесе заттық ұғымда жұмсалған басқа да сөз таптарынан болған мүшелерді сындық, сапалық, сандық, иелік жағынан сипаттап, анықтап тұратын тұрлаусыз мүше:**
 - A) Анықтауыш
 - B) Пысықтауыш

- C) Толықтауыш
- D) Баяндауыш

6. Төмендегі сөйлемдерден бірыңғай мүшелердің ретін табыңдар.

Қоршаған ортаны қорғау – қоршаған ортаның табиғи жағдайын жақсарту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды сақтау және көркейту. Адам әр кезде де табиғатпен тығыз байланыста, үйлесімді әрі зиянын тигізбей өмір сүруі тиіс. Орманда от жағуға, тұрғын жайларға жақын жерлерде полиэтилен материалдарын өртеуге, улы заттарды бей-берекет шашып тастауға тыйым салынған.

- A) Баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш
- B) Баяндауыш, пысықтауыш, толықтауыш
- C) Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш
- D) Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш

7. Төмендегі сөйлемдерден жалпылауыштарды табыңдар. Жасалуы бойынша ретін көрсетіңдер.

Қоршаған ортаның жеті қазынасы мыналар: аспан, күн, ай, от, жер, су, жер. Күн, жел, су – барлығынан энергия алуға болады. От пен су – екеуінен апат айтпай-ақ келеді.

- A) Жалпылау есімдігі, сілтеу есімдігі, сан есім
- B) Сілтеу есімдігі, жалпылау есімдігі, сан есім
- C) Сан есім, жалпылау есімдігі, сілтеу есімдігі
- D) Жалпылау есімдігі, сан есім, сілтеу есімдігі

8. Төменде берілген сөйлемдерден айқындауыштардың ретін табыңдар.

Еліміздегі су қоймаларының: Шардараның, Бұқтырманың, Қапшағайдың – энергия өндіруде орны ерекше.

Бұл салада жұмыс жасайтын инженер-энергетик мамандардың міндеті ауыр. Азаматтың, Сарыбайдың баласының, бұл салада жұмыс істегеніне біраз жыл болды. Сарыбай ақсақал Азаматқа дән риза.

- A) Қосарлы, оңашаланған, қосалқы, қосарлы
- B) Оңашаланған, қосалқы, оңашаланған, қосарлы
- C) Оңашаланған, қосарлы, оңашаланған, қосалқы
- D) Қосалқы, қосарлы, оңашаланған, оңашаланған

9. Сөздерді дұрыс оқындар. Айқындауыштардың сәйкестендірілген дұрыс нұсқасын табындар.

1. Шығыстың	1. Ақтауда	A) 1-2, 3-4, 2-3, 4-1
2. Солтүстікте	2. Алтайдың	B) 1-2, 2-4, 3-1, 4-3
3. Каспий жағасында	3. Шымкенттің	C) 1-3, 4-2, 3-4, 2-1
4. Оңтүстіктің	4. Арқада	D) 1-1, 2-2, 3-3, 4-4

10. Бұйрықты сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгі:

- A) үтір
- B) қос нүкте
- C) сызықша
- D) нүкте

11. Хабарлы сөйлемді табындар.

- A) Мен жасөспіріммін
- B) Сен кеше келдің бе
- C) Терезені ашшы
- D) Менің елім жасасын

12. Сұраулы сөйлемді табындар.

- A) Мен жасөспіріммін
- B) Сен кеше келдің бе
- C) Терезені ашшы
- D) Менің елім жасасын

13. Бұйрықты сөйлемді табыңдар.

- A) Мен жасөспіріммін
- B) Сен кеше келдің бе
- C) Терезені ашшы
- D) Менің елім жасасын

14. Лепті сөйлемді табыңдар.

- A) Мен жасөспіріммін
- B) Сен кеше келдің бе
- C) Терезені ашшы
- D) Менің елім жасасын

15. Сұрау есімдігінен жасалған сұраулы сөйлемді табыңдар.

- A) Автобусың келді ме?
- B) Айтқың келгені осы болар?
- C) Кітаптың неше бетін оқыдың?
- D) Бұл қызық кітап қой, ө?

VIII

БӨЛІМ

ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

СИНТАКСИС

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- театр өнерінің қалыптасуы жайлы мақалалармен танысасыңдар, мәтін түрлеріне талдау жасай отырып, дәйексөздердің мәнін ашасыңдар;
- театр қайраткерлері өмірінің үлгілі тұстарына баға бересіңдер;
- театр мәдениеті, тәртібі жайлы түсініктеріңді кеңейтесіңдер;
- әлемдегі әйгілі театрлармен, еліміздегі драма, опера, қуыршақ және әзіл-сықақ театрларымен танысып, өз бойларыңда мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға тырысасыңдар;
- жай сөйлем түрлерінен алған білімдеріңді бекітесіңдер.

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы.


*(«Қазақстан» ұлттық
энциклопедиясынан)*

Театр – өмірлік сұрақтарға шешім табатын орын.

(А.И.Герцен)

§1. Театр өнері

1. Графикалық ақпаратты мәтіндердегі ақпаратпен байланыстырып оқыңдар. Әр мәтіннің ақпаратты жеткізу ерекшелігін атаңдар.



2. Мәтінді мұқият оқып, тақырып қойыңдар. Оқылым және тыңдалым мәтіндерін салыстырып, кестені толтырыңдар.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі	
Тілі	

Драма – театрға арнап жазылып, сахнада қойылады. Оқиға тартысқа құрылып, кейіпкерлер әрекеті арқылы дамиды.

Сағат 18:30. Абай көшесі бойынан ойып тұрып орын тепкен ұлы ғимараттың алды адамдарға лық толы. Үнемі осылай. Халқына ауыз толтырып айтарлықтай жасаған еңбегімен есте қалған ұлы тұлға отыр ескерткіш боп. Иә, өзіңіз де сезіп тұрған боларсыз. Бұл – М.Әуезов атындағы академиялық драма театры ғимаратының алды. Көрерменін көп ұзатпай-ақ жап-жаңа қойылымдарымен сүйіншілеп отыратын театр – нағыз

рухани байлықтың қайнар көзі. Ерекше сағынышпен, айрықша аңсаумен келіп, театр табалдырығын аттайтын көрерменіне ой салатындай тамаша қойылым ұсынбақ ниетпен театр ұжымы ерен еңбек етеді.

Театр. Зал. Орындықтар. Мұның өзі театрсүйер халық үшін тым ыстық емес пе?! Жанына рухани байлық іздеп келген әрбір жан сахна шымылдығы ашылғаннан-ақ тына қалмай ма?! Өйткені олардың да жүрекеріндегі өнерге деген көңіл перделері түріледі. Қойылым басталысымен, өртістердің жай-күйін зерттеп, олармен қатар тыныстайды. Олармен қосыла жылайды, олармен қосыла шаттанады.



Себебі олар сахнада өртістермен бірге өмір кешеді. Өнердің өресінде рухани гүлденген бұл ортаның киесі бар. Осы көрі сахнада талай нар тұлғалардың ізі жатыр емес пе?! Қойылым соңына жетеді. Шамамен екі сағаттай сахна-ғұмырда өмір сүрген өртістер ел алдына шығып иілуде. Қолпаштау! Гүл! Адамның ойлау мен сезу жүйесіне айтарлықтай әсер етсе, театрдың мақсаты орындалды емес пе?! Өнерді ерекше қадірлейтін жандар күн сайын Мұхтар Әуезов атындағы бұл өнер ордасын шапалақ пен қолпаштауға толтырады. Қойылым қойып, одан әртіс рақат алса, оны көріп халық қайраттанады.

Өттең, шымылдығы жабылды! Қазір ғана көз алдынан жүріп өткен көріністерін театр қабырғасында қалдырмастан, сол әсермен сыртқа шығады халық. Иә, сахна шымылдығы жабылды, бірақ жүректегі ұлы өнерге деген құрметтің ақ шымылдығы ешқашан жабылмайды. Сыртқа шыққан көрермен ғимараттың дәл алдына жайғасқан Мұхтар Әуезов бейнесіне бас иіп, тарасады. Бұл – тек Әуезовке ғана емес, өнерге бас ию. Тас мүсінді тау тұлға да: «Ертең де келіңдер, халқым! Нағыз өнерден рухани қазына жинаңдар!» – деп отырғандай көрінеді. Келесі күн. Тағы да театр алды адамдарға лық толы. Себебі кеше Әуезов шығарып салып жатып, халқын қайта шақырған...

(Дайындаған Ақерке Әбілхан)



3. «Қазақ драмасының негізін қалаған – Әуезов» аудиомәтінін (18. mp3) тыңдап, графикалық мәтінмен сабақтастыра баяндаңдар. Автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдаңдар.



1. Оқылым мәтінінде қай театр туралы айтылған? Бұл театр туралы не білесіңдер?
2. «Сахна-ғұмырда өмір сүру» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Үш мәтінге ортақ ой не деп ойлайсыңдар?
4. Өз қалаңда не облыс, аудан орталығында қандай театрлар бар? Театрға барып көрдің бе? Репертуарында қандай қойылымдар бар?



Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері.

Жалаң, жайылма сөйлемдер

Жай сөйлем – бір немесе бірнеше сөз бен сөз тіркесінен құрылып, біршама тиянақталған бір ойды білдіретін сөйлем. Құрылымы жағынан жай сөйлем бір сөзден де, екі не одан да көп сөзден де тұрады. Мысалы, *Қыс. Қыс түсті. Қыста дала ақ көрпеге оранады.*

Жай сөйлемдер бір тұрлаулы мүшенің қатысуымен де, екі тұрлаулы мүшенің қатысуымен де, тек тұрлаулы мүшеден немесе тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қатысуы арқылы да жасалады. Тек қана тұрлаулы мүшелерден жасалған сөйлем **жалаң сөйлем** деп аталады. Тұрлаулы мүшемен бірге тұрлаусыз мүшелер де қатысқан сөйлем **жайылма сөйлем** деп аталады.

Мысалы: *Аяқ дыбысы таяп қалды. Сіресіп тұрған мойны хан бағына қарай бұрылды. (Ә.Кекілбаев)* Алғашқы сөйлем тек бастауыш (*аяқ дыбысы*) пен баяндауыштан (*таяп қалды*) тұрғандықтан, жалаң сөйлем болады. Екінші сөйлемде тұрлаулы мүшелермен (*мойны, бұрылды*) бірге тұрлаусыз мүшелер де (*сіресіп тұрған, хан бағына қарай*) қатысқандықтан, жайылма сөйлем болады.



4. Мәтіндерден түйген ойларыңды қорытындылаңдар. Театрдың халықты ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы екенін дәлелдеп, жинақы мәтін жазыңдар.

- ✓ 5. Өздерің жазған мәтіннен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажыратып, кестеге жазыңдар.

Жалаң сөйлемдер	Жайылма сөйлемдер

- ✓ 6. Тыңдалым мәтінінен алынған жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемге, жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемге айналдырыңдар.

Жалаң сөйлемдер	Жайылма сөйлемдер
М.Әуезов жазды.	«Еңлік-Кебек» пьесасы қазақ әдебиеті тарихында айрықша орын алады.
«Еңлік-Кебек» пьесасы қойылды.	1918–1924 жылдары Ақмолада, Көкшетауда, Шымкентте драмалық үйірмелер ұйымдастырылды.
Театрлар жұмыс істейді.	Ал тұңғыш кәсіби театрымыз 1925 жылы Қызылорда қаласында ашылды.

- 🏠 7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

- Өздерің көрген бір драмалық шығармаға аннотация жазыңдар. Жалаң және жайылма сөйлем түрлерін анықтаңдар.
 - Қанатты сөздердің біреуін эпиграф ретінде алып, аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 120–140. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Жалаң және жайылма сөйлем түрлерін анықтаңдар.
- Өмірдің өзі – театр, ал адам – сол театрда актер (*У.Шекспир*).
 - Театр – көздің тамшысындай мөлдір дүние (*Ф.Мүсірепов*).
 - Театр – адамның жаны, көңіл күйі, болашаққа деген көзқарасы (*Б.Кіикбаев*).

§2.

Театр қайраткерлері



1. Суреттерге назар аударыңдар. Сұрақтарға жауап бере отырып, сұхбат құрыңдар.

1. Суреттерде бейнеленген әртістер қай қойылымда, қай кинода ойнаған?
2. Театр қайраткері болу үшін қандай қасиеттер болу керек деп ойлайсыңдар?



Әміре
Қашаубаев



Қалибек
Қуанышбаев



Елубай
Өмірзақов



Құрманбек
Жандарбеков



Серке
Қожамқұлов



Қапан
Бадыров



Хадиша
Бекеева



Сәбира
Майқанова



Бикен
Римова



Фарида
Шәріпова



Асанәлі
Әшімов



Меруерт
Өтекешова



2. Мәтіндерді оқып, стилі мен тақырыбын, құрылымын салыстырыңдар.

I

ҚСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов:

– Мен театрға келгелі 60 жылға жуықтады. Алғаш актер болып келгеннен бері қара шаңырақтың 30, 40 жылдық мерейлі мерекелерін атап өткенде, асылдардың арасында болдым. Міне, содан бергі мерейтойларының бәрінің куәгеріміз. Тарихы жүзжылдықтармен есептелетін әлемдік театрлар бар, солармен салыстырғанда, біздің театрдың 90 жасы – жігіт жасы. 90 жылдыққа аман-есен жеткеніміз, тойына қатысқанымыз, кейінгі буынмен бірге қуанғанымыз – біз үшін үлкен

дәреже. Қалибек Қуанышбаев пен Қапан Бадыров, Елубай Өмірзақов пен Серке Қожамқұловтың мектебінен өткенім, солармен бірге спектакльде ойнағаным, асқар таудай ағаларымның арқамнан қағып қанаттандырғаны, ойыныма баға беріп, одан сайын қамшылағаны кез келген сыншының пікірінен әлдеқайда жоғары. Елубай ағаның жасының үлкендігіне қарамастан, қалжыңымыз жарасатын еді. Менің режиссер ретіндегі ең алғашқы жұмысым «Ревизор» болса, осы спектакльдегі Земляниканың рөлі – Серағаңның соңғы рөлі болды. Бұл кезде Серағаңның жасы 80-ге таяп қалған еді, бас репетицияның ең соңғы күні төтеннен келіп қосылғанына қарамастан, сахнада 40 жыл бұрын ойнап кеткен кейіпкерінің бүкіл сөзін жатқа білетін болып шықты. Өкінішке қарай, бір-ақ рет ойнап үлгерді. Бірақ Серағамның менің спектаклімде ойнап кеткені үшін ғана бақыттымын. Сәбира апам, Хадиша апам, Бикен апам, Фарида құрдасым, Ыдырыс, Әнуар замандастарым сахнаға шыға келгенде, олармен бірге өмір ілесіп шығатын еді. Бұлар өмірден өнер жасайтын немесе өнерден өмір жасап шығаратын.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

II

Қазақ театрының ең бірінші әртісі – Өміре Қашаубаев. Мен оны архивтен көрдім. Бұйрық содан басталады. Қалибек Қуанышбаев – екінші, Елубай Өмірзақов – үшінші, Құрманбек Жандарбеков – төртінші, орталарында Серке Қожамқұлов тұр. Қапан Бадыров бір жылдан кейін келді. Сондықтан Қаллеки (Қалибек Қуанышбаев) театрында «Өміренің» қойылуында үлкен мән бар. Мен бұл театрдың өнерін М.Әуезов театрымен қатар қоямын.

(Жарқын Шәкәрім)



1. «Асылдардың арасында болдым» дегеннен не ұқтыңдар?
2. «Олармен бірге өмір ілесіп шығатын еді» тіркесінің мәнін түсіндіріңдер.



3. F.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры туралы мәліметпен (www.youtube.com) танысып, театр қайраткерлерінің аты-жөнін жазып алыңдар. Өздеріңді қызықтырған мәселе жөнінде ой бөлісіңдер.



Жақты, жақсыз сөйлемдер, түрлері

Грамматикалық бастауышы бар, егер бастауышы болмаса, оны баяндауыш формасы арқылы тауып алуға болатын жай сөйлемнің түрі **жақты сөйлем** деп аталады. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай)* сөйлемінің бастауышы бар, I жақтық есімдіктен жасалған. Ал *Әнді жақсы айттың* сөйлемінің *сен* деген бастауышы жасырын тұрса да, *айттың* деген II жақтық баяндауыш арқылы сұрақ қойып, тауып алуға болады. Сондықтан мұндай сөйлемдер жақты сөйлемдер деп аталады.

Бастауышы жоқ және оны баяндауыш формасы арқылы тауып алуға болмайтын жай сөйлемнің түрі **жақсыз сөйлем** деп аталады. Жасалу жолдары:


- а) күрделі баяндауыштың 1-сыңары барыс септігіндегі тұйық етістік болып, оған *бол, тура келу, рұқсат* сөздері тіркеледі. Мысалы: *Маған кіруге рұқсат па? Саған айтуға тура келеді. Оған көруге болмайды.*
- ә) қалау райдың *-қы/-кі, -ғы/-гі* жұрнақтарына *кел* көмекші етістігі тіркеледі. Мысалы: *Менің ұшқыш болғым келеді. Оның тыңдағысы келмеді.*
- б) түбір тұлғалы не барыс септігіндегі тұйық етістікке *керек, қажет* сөздері тіркеледі. Мысалы: *Бізге көп оқу керек. Саған осыны түсіну керек.*
- в) тәуелдік жалғаулы тұйық етістікке *мүмкін, тиіс* сөздері тіркеледі. Мысалы: *Менің баруым мүмкін.*
- г) баяндауышы құрамында бастауыш тұлғасындағы сөзі бар тұрақты тіркестерден болса, мұндай сөйлемдер де жақсыз сөйлем болады. Мысалы: *берекесі кетті, іші пысты, ішек-сілесі қатты, ашу-ызасы келді, быт-шыты шықты, тауы шағылды, қарны ашты, қолы тимеді* т.б. *Оның берекесі кетті. Қайраттың іші пысты* т.б.



4. Театр туралы пікірді оқып, театрдың адамзат өміріндегі орны туралы «6 неліктен?» әдісімен диалог жазындар.

Театрға құлағы естімейтін адам келсе, ол сахнада болып жатқан іс-әрекетті көзімен көріп, түсініп, содан ләззат алуы керек. Ал егер көзі көрмейтін зағип кісі келсе, ол тыңдап ләззат алуы керек.


(Сәкен Сейфуллин)

-  5. Өздерің жазған диалогте жақты, жақсыз сөйлемдерді қолданыңдар.



- Әлемде билет алу жүйесі ерекше театр бар. Ол АҚШ-тың Вирджиния штатында орналасқан. «Бартер Театрына» кіру үшін билетті тамаққа айырбастап алады.
- Еуропадағы ең көне театр Хорватия елінде орналасқан.
- Иония (көне Грекия) театрларында бір қолы жоқ жауынгерлердің қасына тақыр бас құлдарды отырғызатын болған. Қойылым ұнаған жағдайда жауынгерлер шапалақтау үшін бір қолымен құлдың басынан соғады екен.
- Ежелгі Рим театрлары комедияларында тек гректерді күлкіге айналдырса, гректер де өз кезегінде римдіктердің өмірін мысқылдайтын болған.

(massaget.kz)

-  6. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген жақты сөйлемдерді жақсыз сөйлемге айналдырып көріңдер.

Үлгі:

Әлемде билет алу жүйесі ерекше театр бар. Әлемдегі билет алу жүйесі ерекше театрға біздің де кіруіміз мүмкін.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәліметтерді негізге алып, театрға қатысты қызықты деректер тауып жазыңдар. 5 жақты сөйлемді жақсыз сөйлемге айналдырыңдар.
2. Қазақ театр өнерінің қайраткері туралы мәлімет жинап, кестені толтырыңдар. Жақты, жақсыз сөйлемдерді ажыратыңдар.

Менің сүйікті актерімнің аты-жөні	
Қай театрда жұмыс жасайды?	
Ойнаған рөлдері	
Оған қоятын сауалым	



1. Мәтінді мұқият оқып, тақырып қойыңдар. Мәтіндегі пікірлерге өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Қай мәтін түріне (талқылау, әңгіме-мелеу, сипаттау) жататынын анықтаңдар.

«Әзіл-оспақ театрларының саны көбейгенімен, қоғамдағы беделі неліктен төмендеп барады?» – деген сұраққа берілген жауаптардың бірнешеуін ұсынып отырмыз.

«Бауыржан шоу» әзіл-оспақ театрының актері Алмат Сақатов:

– Дәл қазір комедиялық театрлардың шығармашылық деңгейі мен көрермен алдындағы беделі шатқаяқтап тұр. Негізі, әзіл мен сықақ болып екіге бөлінеді ғой. Осыған дейін біз сықаққа көбірек мән беріп келдік. Арзан күлкіден іргемізді аулақ салып, дүниенің, қазақтың мәселесін уытты сахналық сатирамен елге жеткізіп келдік. Кейінгі кезде көрермен жеңіл әзілге бой алғызып, астарлы, проблемалық сахна ойынына марғаулық таныта бастады. Өйткені өз өміріндегі түйткілді мәселелерден бір сәт бой сергітуге театрға келсе, мұнда тағы да сол шешуі жоқ мәселені сахнаға алып шығады. Шамасы, содан жалыққан. Бірақ үнемі тәрбиелік мәні жоқ, жел сөзге құрылған қалжыңды көру көрерменнің талғамын тұралатып тастауы мүмкін.

Пародист Нұржан Туттов:

– Әзіл-оспақ театрларының басты мәселесі актерлердің ойнау шеберлігінің кемшіндігі дер едім. Өйткені талантты актер көрерменді кез келген ортанқол шығарманы орындап-ақ баурап алады. Қазір халықтың сүйіктісіне айналғысы келетін, еңбек сіңірген қайраткер болғысы келетін, жалғыз рет сахнаға шығып, жарқ ете қалғысы келетін және содан пайда табуға ниетті адамдар сахнада өріп жүр. Басты гәп осында жатыр, – дейді.

Аталмыш театрлардың тағы бір «бас ауруына» айналған мәселесі – шығармашылық тапшылық. Сатира жанрында қалам тартып жүрген жазушылар мен театрлар арасында әлі күнге нақты бір шығармашылық келісім жоқ екенін мәдени

басылымдар жиі жазады. Дегенмен тығырықтан шығудың жолын қарастырып жатқан режиссерлер да бар екен.

(www.azattyq.org)



1. Өзіл-оспақ театрларының сапасы не себепті төмендеп кетті?
2. Өзілден сықақтың айырмашылығы бар ма?



2. Сатирик жазушы Көпен Әмірбектің пікірін аудиожазбадан (19. mp3) тыңдап, мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілген мәселені болжаңдар. Екі мәтіндегі ұқсас пікірлерді іріктеп жазыңдар.

1. «...Мысы басым адамдар күле алады» деген тіркесті қалай түсіндірер едіңдер?

2. Мұхтар Әуезовтің «Айнаға қара, сонда оңбағанның дәл өзін көресің...» деген пікірімен келісесің бе?

3. Автор «сатираның иірімдерін игере алмай жүр» деген тіркес арқылы нені аңғартқысы келді?



Толымды, толымсыз сөйлемдер

Дербес айтылғанда, мағыналық мазмұны толық берілген сөйлем **толымды сөйлем** деп аталады. Ал дербес айтылғанда мағыналық мазмұны толық берілмеген, ой олқылығы сезілетін сөйлемді **толымсыз сөйлем** дейміз.

Мысалы: *Биік лауазымға жетер жол кейде тым жақын көрінгенімен, аса жауапты әрі қатерлі. Жауаптысы – соңыңда халық. Олардың бары мен жоғы, бағы мен соры сенің қолыңда.* Осындағы алғашқы сөйлем толымды болса, соңғы екі сөйлем – толымсыз. Соңғы сөйлемдерді контекстен бөлек айтсақ, мағынасы, әңгіменің не туралы екендігі түсініксіз болады. Алайда тіліміздегі толымды, толымсыздық дегенді шартты түрде түсінуіміз керек, өйткені бір оқиға не кейіпкер жайлы толық ұғым алу үшін кейде бір кітап та жеткіліксіз болуы мүмкін.



3. Сатиралық театрлар туралы диалог жазыңдар. Диалог жағдайындағы толымсыз сөйлемдерді толықтырып айтып көріңдер. Толықтыра айту қажет пе?



4. Үзіндіні оқып, мәтінге аннотация жазыңдар. Толымды, толымсыз сөйлемдерді анықтаңдар.

Шоқ тілді Шона

Шона Смаханұлының ана тіліміздің шұбарлығы жөнінде шымбайға батырып жазған шымшымалары қаншама!

Ол сөйледі: «Так-так-так!» деп,
Біз отырдық: «Қап-қап-қап!» деп.
Жүз қайталап «значитті»,
Әттеген-ай, миды ашытты.

Орысша-қазақшаны сапырыстырып, ойран-ботқасын шығарып сөйлейтін орашалақтар көп болды ғой. Қазір де аз емес. Сол бір сорақылыққа күле қараған сықақ өлеңі елге тез тарады.

Сосед үйдің баласы
Аз жеген соң хлебті,
Лицосына қарашы,
Худойланып жүдепті.
Оқымасаң, лодырь боп,
Сен де тупой боласың.
Городта саған орын жоқ,
Степьте баран бағасың.

Бұл – сабаққа зауқы жоқ ұлына зекіген анасының сөзі. Ал оған баласы былай дейді:

Мен жиырмаға жеткенше,
Көп сөйлейсің бос, мама.
Зря болтайт еткенше,
Молоко бер кошқаға.

Өлеңін көпке ой салатын қорытындымен аяқтайды.

Орыс тілі – аға тіл,
Қазақ тілі – ана тіл.
Көп тіл білу мін емес,
Тек «қойыртпақ» – тіл емес.

Қазіргі жастар Шона ағамыздың сын-сықақтарын оқығанмен, ана тілдің мәртебесі үшін «мыңмен жалғыз алысып», жауға жалғыз шапқан батырлығын біле ме?..

(Көпен Әмірбек)



- Мим – қысқа әрі тосыннан шығарылған сатиралық бағыттағы комедияның бір түрі. Тек қимылмен сөйлейтін бұл жанр әлі күнге дейін сахнадан түспей келеді.
- Мистерия – орта ғасырдағы батыс еуропалық діни театрдың бір жанры. Сюжеті Библия мен Евангелиядан алынып, қала көшелерінде қойылатын болған.
- Моралите – XV–XVI ғасырларда пайда болған, жағымсыз образдар сыналатын батыс еуропалық аллегориялық драма.
- Фарс – XIX–XX ғасырларда сықақты комедияға негізделген жеңіл мазмұнды күлдіргі қойылым. Бұл жанрға қазіргі таңда қазақ сахнасында қойылып жүрген сатиралық қойылымдар жатады.

(massaget.kz)



5. «Артық болмас білгенің» айдарындағы сатиралық театрлар туралы ақпараттарды негізге алып, толымды, толымсыз сөйлемдерге 5–6 мысал келтіріңдер.

Үлгі:

Фарс жанрына қазіргі таңда қазақ сахнасында қойылып жүрген сатиралық қойылымдар жатады (толымды сөйлем). Оларды теледидардан күнде көріп жүрміз (толымсыз сөйлем).



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Теледидардан көрген бір әзілді сахналауға дайындап келіңдер. Қай жанрды алғандарыңды айтыңдар. Жұмысты жеке, жұппен немесе топпен де орындауға болады.
 2. Қазіргі сатиралық театрлар туралы мақаланың тезисін жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.



1. Мәтінді мұқият оқып, тақырып қойындар. Қай мәтін түріне (талқылау, әңгімелеу, сипаттау) жататынын анықтаңдар.

Мәдени орынға келу бірқатар әдептілікті сақтауды талап етеді. Аталмыш орындардағы басты қағида – спектакль барысында оқыс оқиғаның орын алмауы, әртістер мен музыканттардың ойынына кедергі келтірмеу.

Сырт киіміңізді гардеробқа еркін өткізіп, қойылым бағдарламасымен танысып, өзіңізге тиесілі орынға уақытында отырғыңыз келсе, театрға қойылым басталғанға дейін

15–20 минут ерте келгеніңіз абзал. Кешігіп келген жағдайда, сіз өзге көрермендерге кедергі келтіріп қана қоймай, өзіңізге тиесілі орынға емес, бақылаушылар көрсеткен орынға отыруыңызға тура келеді. Антракт кезінде ғана өз орныңызға ауыса аласыз.

Антракт – театрда, концертте, циркте көрсетілетін қойылымдардың аралығындағы үзіліс.

Бүгінгі күні театрға әйел адамдар ұзын көйлек, ер адамдар смокинг киіп келуі керек деген қағида жоқ, дегенмен театрдың мәдени орта екенін естен шығармай, киім үлгіңіздің көше стилінде болмауын қадағалаңыз. Ер адам қасындағы бикештің сырт киімін алып, содан соң ғана өзінің сыртқы киімін гардеробқа өткізгені дұрыс деп ойлаймыз.

Отырған көрермендерге жүзіңізді беріп өткеніңіз сіздің сыпайылығыңызды байқатады. Әйел адам орнына бірінші болып өтуі керек. Көрермендер залында екі жұп қатар отырса, әйел адамдар ортада, ал ер адамдар екі шетінен орын алуы тиіс.

Егер театрда таныс адамыңызды кездестіріп, қатар отырғыңыз келсе, жаныңыздағы көршіңізге өтініш айта аласыз. Көрермендердің залда бастарын түйістіріп отыруына немесе биік қалпақ киіп отыруына болмайды, бұл арттағы көрерменге қойылымды тамашалауға кедергі келтіреді. Ер адамның міндеттерінің бірі – қойылымның бағдарламасын сатып алып, серігіне ұсыну. Қойылым алдында алып үлгермесеңіз, жаныңызда отырған көршіңізден уақытша сұрап алуға болады.

Тек алдымен көршіңіздің бағдарламамен танысып шыққанын күткеніңіз жөн.

Қойылым соңынан «бис» деп айғайламаңыз. «Бис» деп іс-әрекеттің қайталануын сұрағанда айтылады. Сіздің олай деуіңіз – әртістердің бүкіл спектакльді қайталап қойып беруін сұрағаныңызбен бірдей.

Спектакль біткен соң асығып шыға жөнелмей, актерлердің көрерменге ілтипат сәлемін аяғына дейін көргеніңіз театрмен әртістерге деген шексіз құрметіңізді білдіреді. Қонаққа барғанда үй иесімен қоштаспай кетпейтініңіз секілді, көңіліңізден шыққан қойылымнан кейін де қол соғып, қошемет көрсетпей кетпеңіз.

(Ф.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры сайтынан)



1. Театр әдебі туралы «білемін/білдім» деп қандай ақпараттарды айта аласыңдар?
2. «Театр – мәдениет ордасы» деген пікірге қосыласыңдар ма?



2. Оқылым мәтіні бойынша «Театр әдебі» тақырыбында жұптарыңмен диалог құрыңдар. Диалог құру үшін «Кубизм» әдісін пайдаланыңдар.

Атау: «Театр».

Сипатта: «Театр әдебін сипатта».

Дәлелде: «Көрермендер театр әдебін сақтайды».

Зертте: «Көрерменнің барлығы театр әдебін сақтай ма?»

Талқыла: «Көрермендер өртүрлі».

Жарияла: «Театр әдебін сақтау – мәдениеттіліктің белгісі».

Қорытындыла: «Театр – мәдениеттің бастауы».



3. Диалогтегі жай сөйлем түрлерін ажыратып, кестеге түсіріңдер.

Жақты сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем	Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем



4. Рөлдік ойын арқылы мәселенің шешімін табыңдар.

1. Театрға бардың. Көрермендер отырып қойған. Сенің орның ортада. Өз орныңа өтуің керек. Сенің әрекетің.

2. Театрда жақын досыңды кездестіріп қалдың. Оның орны артқы қатарда екен. Бірге отырғыларың келді. Қандай әрекет және сұхбат болады?
3. Қаладағы театрлардың біріне бардың делік. Жүрек тебірентер сәтті тамашалап отырсың. Көзіңе жас келді. Дәл осы кезде жастардың бірі әбестік танытып, сықылықтап күле бастады. Ішкі дүниенің бұл әрекетті жақтырмағаны анық. Осы кезде басыңнан өткеретін сезіміңді жеткіз.



5. Топқа бөлініп, екі түрлі пікір төңірегінде ойталқы өткізіңдер. Өз ойларыңды «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі бойынша айтып, өзгенің пікірін бағалаңдар.

«Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«Сары қалпақ» киген оқушы өз пікірінің тиімділігін сендіре айтады.

«Қара қалпақ» киген оқушы пікір бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«Қызыл қалпақ» киген оқушы пікір бойынша болжам жасайды.

«Жасыл қалпақ» киген оқушы пікір бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«Көк қалпақ» киген оқушы пікірге сараптама жасайды.

1. Жас көрермендердің театрда өзін-өзі ұстау мәдениеті жоғары.
2. Кішкентай көрерменнің театрда өзін-өзі ұстау мәдениеті әлі де болса қалыптаспаған.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Бүгінгі тақырыпқа байланысты «Бейтаныс жанға 5 кеңес» жазыңдар. Толымды және толымсыз сөйлемдерді көрсетіңдер.

2. «Инсерт» әдісімен театр әдебі туралы қорытынды жазыңдар. Жалаң және жайылма сөйлемдерді ажыратыңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағаным қайшы)	? (білгім келеді)



1. Мәтінді оқып, алдыңғы сабақтағы мәтінмен тақырыбын, түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстырыңдар.

Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі, кейде көркемсөз оқушы адам айтып тұрады. Қуыршақ түріне, оны қимылға келтіру тәсіліне, сахнасына қарай қуыршақ театры бірнеше топқа жіктеледі: киілмелі (қолға киіп ойнайтын), сылдырмақты (жіп немесе сым арқылы қозғалтатын), суретке түсірілген қуыршақтармен (қағаздағы қуыршақ кескінін экранға түсіретін) ойын көрсететін театрлар және т.б.

Қуыршақ театры жайындағы ең алғашқы деректер батыс елдерінде Аристотель, Геродот, Ксенофонт, Апулей еңбектерінде кездеседі. Қуыршақ ойыны Ежелгі Шығыс елдерінде де (Үндістан, Индонезия, Қытай, Жапония, Иран, Түркия) өркендеді. Бұл елдердегі қуыршақ театрының репертуары мифтік сюжеттер мен батырлық эпостарға, сықақ әңгімелерге құрылды.

Қуыршақ театры Кеңес Одағында да кең қанат жайды. 1930 жылы 25 қуыршақ театры жұмыс істеді.

Қазақ жеріндегі қуыршақ театры ұлттық ойындардан бастау алған. Ертеден келе жатқан «Ортеке» ойыны – осының айқын дәлелі. Ағаштан жонылып жасалған киік немесе ат мүсініне жіп тағып, домбыра тартқанда жіптің бір ұшын ішекті шертетін саусаққа іліп, билететін болған. Тартылған күй ырғағына қарай ортеке ойын көрсеткен.

1935 жыл. Алматы қаласында қазақтың қуыршақ театры ұйымдастырылды. 1938 жылы театрға Республикалық қуыршақ театры дәрежесі берілді. Елімізде қуыршақ театрлары Ақтөбе мен Жезқазғанда (1985), Ақтауда (1981), Шымкентте (1983) және Қостанай мен Петропавлда (1992) ашылды.

Қуыршақ театры, негізінен, балалар аудиториясына арнап спектакльдер қоюмен шұғылданады. Кейбір ұжымдардың қойылымдарында үлкендерге де арналған пьесалар бар.



2. «Мемлекеттік қуыршақ театры» аудиожазбасын (20. mp3) тыңдап, мазмұнын түсініп, екі мәтіннің құрылымын салыстырыңдар.

1.	Мәтіндер қандай стильде жазылған?
2.	Мәтіндердегі басты тірек сөздерді табыңдар.
3.	Мәтіндерге нақтырақ тақырып таңдаңдар.
4.	Мәтіндердегі маңызды сөйлемдерді анықтаңдар.



1. Қазақ жерінде қуыршақ театры болды дегенге қандай дәлел келтіресіңдер?
2. Қуыршақ театры жайындағы тұңғыш жазба мұра қай елде сақталған?
3. «Өмірлік мәңгілік құндылықтар» деп автор нені меңзейді?



Атаулы сөйлем

Грамматикалық құрылымы жағынан жай сөйлемнің ерекше түрі – **атаулы сөйлем**. Сөйлемнің өзге түрлерінен ерекшелігі: ол құбылысты, болмысты, белгілі бір заттың іс-әрекетін, сынын баяндамай, солардың өзін ғана атап қояды.

Мағынасына қарай атаулы сөйлемдерді бірнеше топқа бөлінеді.

1. Мекен атаулы сөйлем. Оған жалпы және жалқы есімді мекен атаулары жатады. Мысалы: *Тоғай. Егін арасы. Жабағыдай ұйысқан қалың көк шөптің іші.*
2. Мезгіл атаулы сөйлем. Мезгіл мағынасын білдіретін атаулар жатады. Мысалы: *2017 жыл. Қыркүйек айы. Сабақ басталған кез.*
3. Зат атаулы сөйлем. Мысалы: *Бөлме іші. Ортада стол. Оның үстінде шашылған қағаздар.*




3. «Бауырсақ» ертегісінің желісімен диалогке құрылған (8–10 сөйлем) ертегі жазыңдар.



4. Ертегіде жай сөйлемнің түрлерін қолданыңдар. Оларды ажыратып, кестеге түсіріңдер.

Жақты сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем	Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем	Атаулы сөйлем

5. Сызбаға қарап, «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында сұхбат құрыңдар.



6. Төмендегі қуыршақтардың бірін жасап, қойылым көрсетіңдер. Жұмысты жұппен орындандар.



7. Мәтіндегі пікірді негізге алып, аргументативті эссе жазыңдар. Өздерің балаларға қандай қуыршақтар ұсынар едіңдер? Жай сөйлем түрлерін ажыратыңдар.

«Қыпша бел Барбиді қазақтың Қарақат қызына ауыстыратын уақыт жетті» деп есептейтін Қыдырәлі Болмановтың балаларға арналған қазақы ойыншықтарының ішінде Тазша бала, Алдар Көсе, Ер Төстік сияқты аңыз-ертегілерінің кейіпкерлерімен қатар, «Айгөлек» әнін айтатын Сүркөжек пен әнұранды шырқайтын Барыс та бар. «Жас ұрпақтың патриоттық сезімі терең қалыптасып, өз ұлтының тарихы мен салт-санасын жадына сіңіріп өсуі үшін, оларды қазақ тілінде ән салып, би билейтін қуыршақтармен толық қамтамасыз еткім келеді», – дейді Қыдырәлі Болманов.

(www.azattyq.org)

§6.

Әлемнің әйгілі театрлары



1. Мәтіндерді салыстырып оқыңдар. Тақырып қойыңдар.



Лондондағы «Ковент-Гарден» театры



Миландағы «Ла Скала» театры



Париждегі «Гранд Опера» театры



Вена опера театры

I

«Ковент-Гарден» театры Британия астанасы Лондонның белгілі ауданының атымен аталады. 1732 жылы шымылдығын ашқан бұл театр «Корелевалық театр» деген атпен танылып, Лондонның ең үздік өнер ордасына айналды. Драмалық театр боп ашылған театрда қазір опера мен балет қойылады.

Италияның Милан қаласында орналасқан «Ла Скала» театры 1778 жылы 3 тамызда Антонио Сальеридің «Танылған Еуропа» операсымен ашылды. Театр сахнасында әйгілі өнер майталмандары Пуччини, Беллини, Верди, Росини операларының тұсауы кесілді.

Франция елінің астанасында есімі көпшілікке белгілі «Гранд Опера» театры бой көтерген. 1669 жылы XIV Людовиктің келісімімен сазгер Камбер мен ақын Перрен театр негізін қалады. Ғасырлар бойы театр өз атауы мен мекенжайын

бірнеше мәрте өзгертті. 1875 жылы сәулетші Шарль Гарньенің жобасымен қаланың ІХ округінде театр ғимараты тұрғызылды. Қазіргі таңда «Гранд Опера» театрының атауы «Гарнье Сарайы» болып өзгертілді. Бұл театр сахнасында қазақтың әйгілі әншісі Майра Мұхамедқызы ән салды.

Әлемнің ең үздік театрларының бірі – Аустрия астанасы Вена қаласында орналасқан опера театры 1869 жылы мамыр айында Моцарттың «Дон Жуан» операсымен ашылды. Театр ғимараты ІІ дүниежүзілік соғыс кезінде біраз қиратылды. 1955 жылы қалпына келтіріліп, Бетховеннің «Фиделио» операсымен ашылды. Жыл сайын театрда 60-тан астам жаңа операның тұсауы кесіліп, «Опера балы» ұйымдастырылады.

(massaget.kz)

II

1925 жылы Парижде өтетін дүниежүзілік ЭКСПО көрмесіне қатысу үшін Кеңестер Одағының маңдайалды әнші, күйші, бишілерін шақырту басталады. Оны ұйымдастыру сол кездегі Халық ағарту комиссары А.В.Луначарскийге тапсырылады. Соған байланысты Луначарский Семейге жеделхат жіберіп, Әмірені Парижде аттанатын делегацияның құрамына алдыртады.



Париждегі концерт бағдарламасының сценарийін дайындау В.Маяковскийге жүктеледі. Парижде әртістер 11 концерт береді. Әміре «Балқадіша», «Дударай», «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша», «Қараторғай», «Қызыл бидай» әндерін орындап, күміс медальмен марапатталады. «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикаль» журналы оның сирек кездесетін дарын екенін жазса, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауындағы бірнеше әнін жазып алған.

Сол жылы Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен Халықаралық музыкалық көрмедегі концертке қатысып, қазақтың халық әндерін әлемге паш етті. Оның ғажап дауысы мен орындаушылық шеберлігі дүниежүзі мәдениетінің ірі өкілдерінен жоғары баға алған.

(Сапарғали Бегалин)



1. Мәтіндегі театрлар қай құрлықты қамтиды? Басқа құрлықтардағы тағы қандай әйгілі театрларды білесіңдер?
2. Жалпы әлемдік театрларды білу бізге не үшін қажет?
3. Әміре Қашаубаев туралы не білесіңдер?



2. Әміре Қашаубаев туралы мәліметтерді негізге алып, жай сөйлем түрлеріне мысалдар жазыңдар.



3. www.youtube.com сайты арқылы Париждегі «Гранд Опера» театрына виртуалды саяхат жасаңдар. Театрдың безендірілуі мен музыкадан қандай әсер алғандарың жөнінде сұхбат құрыңдар.



4. Қазақстандағы әйгілі опера және балет театрлары туралы ізденіп, таныстырылым жасаңдар.



Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театры



«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры



5. Оқылым мәтіндері бойынша «FILA» кестесін толтырыңдар.

Facts (мәтіндегі фактілер)	Ideas (мәтіннің идеясы)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (әрекет жоспары)



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Әміре Қашаубаев туралы ізденіп, «Парижде өн салған тұңғыш қазақ» тақырыбында мақала дайындаңдар.
 2. Қазақстандық бірнеше театрдың қай қойылыммен ашылғанын тауып, кестені толтырыңдар.

Театрлардың аты	Жылы	Қойылымның аты



1. Мәтіндерді оқып, тақырыбын, түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстырыңдар.

I

Ойыншықтардың үстел үсті театры. Үстел үстінде қозғалмай тұратын және қозғаған кезде кедергі жасамайтын ойыншықтар, қолдан жасаған заттар пайдаланылады.

Үстел үсті суреттер театры. Кейіпкерлер мен декорациялар – суреттер. Олардың әрекеттері шектеулі. Кейіпкердің көңіл күйі ойнаушының дауыс ырғағымен беріледі. Кейіпкерлер әрекет барысында пайда болады, бұл балалардың қызығушылығын туғызады.

Стенд-кітапша. Бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялардың көмегімен оқиғаны көрсетеді. Жүргізуші стенд-кітапшаның парақтарын аударыстыра отырып, оқиғаларды, кездесулерді бейнелейтін түрлі сюжеттерді көрсетеді.

Фланелеграф. Суреттер немесе кейіпкерлер экранға шығарылады. Оларды экран мен суреттің артқы жағын жауып тұратын фланель ұстап тұрады.

Саусақ театры. Бала атрибуттарды саусақтарына киеді. Сюжеттің орайына қарай мәтінді айта отырып, бір немесе бірнеше саусақтарын қозғап әрекет жасайды.

Бибабо театры. Қуыршақтар қолға киіледі. Сұқ саусаққа қуыршақтың басы кигізіледі, ал бас бармақ пен ортаңғы саусақ қол қызметін атқарады. Көйлек кейіпкердің образына сай болады.

Қолғап театры. Кейіпкерлерді биялайлардан, шұлықтардан, қолғаптардан жасайды және оны образға сәйкес қажетті детальдармен толықтырады.

Көлеңке театры. Ол үшін селдір жұқа қағаздан жасалған экран, кейіпкерлер мен олардың ту сыртынан түсіп тұратын, соның арқасында кейіпкерлер экранға өз көлеңкелерін түсіре алатын қара түсті жарық көзі қажет.

*(Құрастырушылар: Симиляк В.А., Грохольская О.И.,
Абдуллина Г.К., Медет Ж.Т.)*

II

Балалардың ойыны нағыз театр актерлерінің шеберлігінен кем емес. Менің қызым Айғанымның жасы сегізде. Кейде үйде өзі ойлап тапқан шағын сюжеттің кейіпкерлерін жалғыз өзі ойнап шығады. Біресе автобустың жүргізушісі болса, біресе автобусқа мінген әженің рөлін сомдайды. Кейде автобусқа мінемін деп құлап қала жаздаған бала болып жылайды. Әкесінің қалпағын киіп, «ойыншық» автобусының рулін ыңырана бұрап, тоқтайтын аялдамаларын тақылдатып айтып бергенде, шынайы өмірді шағын ойынында елестете алғанына таңғаласың. Менің орамалымды басына орап, үйдегі оқтауды таяқ етіп таянып, әженің дауысына салып жүргізушіге ұрысқанда, дауыс ырғағын дәл келтіргеніне сүйсінесің. Бала болып бақырып жылағанда, бір жерін ауыртып алмады ма деп тіксініп қаласың...

(Айнұр Тоқбаева)



1. Мәтіндер кімдерге арналған? Мәтіндердің стилін анықтаңдар.
2. Қандай эмоционалды-экспрессивті сөздер бар? Мысалдар келтіріңдер.
3. «Балалар ойыны театр актерлерінің шеберлігінен кем емес» деген пікірмен келісесіңдер ме? Дәлелдер келтіріп, өз пікірлеріңді қорғап шығыңдар.



2. Жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін қолданып, соңғы мәтіндегі Айғанымның рөлдік ойынында ойнаған кейіпкерлерінің сөздерін жазыңдар.



3. Берілген үзінділерді оқып, мәтіннің қай түріне жататынын анықтаңдар.

Жақсы әртіс болу үшін не істеу керек? Біріншіден, әртіс болу үшін табиғи талант керек. Екіншіден, әртіс өзіне көрермен көзімен қарап үйрену керек... Үшіншіден, киелі сахнаны жаныңмен сезініп, беріліп ойнасаң, үлкен деңгейге жетіп, халықтың көзайымына айналасың.

(Қазақстанның халық әртісі Нүкетай Мышбаева)

Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» қойылымы – киім үлгісі мен дәстүрімізден бастап, ата-ана мен бала, қыз бен жігіт арасындағы бүкіл асыл сезімдерді дәріптейтін, Отанға деген ерекше махаббатты көрсететін баға жетпес туынды.

(ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері
Болат Әбділманов)



4. А.Гиннесстің «Санасы бос адамның алдында ойнағанша, бос орындықтың алдында ойнаған жақсы» деген пікіріне өз дәлелдеріңді ұсыныңдар.

Өзіндік пікір	
Дәлел	
Өз пікірін айғақтайтын мысал	
Өз пікіріне қарсы дәлел	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	



5. Ұлыбритания астанасы Лондонда қойылған алғашқы қазақ пьесасы туралы ізденіп, «Д.Исабековтің шығармасы шетелдіктерді несімен қызықтырды?» деген сұраққа «ПОПС формуласы» арқылы жауап жазыңдар.



6. А.И.Герценнің «Театр – өмірлік сұрақтарға жауап табатын орын» деген пікірін дәлелдеп, осы тақырыптағы мақаланың тезисін жазыңдар. Сөз саны – 80–100. Жай сөйлемнің құрылымдық түрлерін анықтаңдар.



1. Мәтінді оқыңдар. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтінге басқа тақырып қойыңдар.
2.	«Дала театры» деген ұғымды түсіндіріңдер.
3.	Ғаламтор мен газет-журналдардан оқыған осы тақырыптағы материалдардың авторына сілтеме жасаңдар.
4.	Қою қаріппен берілген тіркестерді эмоционалдық-экспрессивтік сөздер қатарына жатқызу үшін дәлелдер келтіріңдер.
5.	Мәтіннің төртінші азатжолын ойдан құрастырыңдар.

Қазақ театрының қайнар бұлағы

Қазақтың аса бай ауыз әдебиетіндегі халық даналығымен қатар жүретін жүйрік юмор, өткір сатира пьесалардан кем түспеген. Мысалы, тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Тазша бала, Алдар көсе. Бұлардың өмірі – шылқып жатқан комедия. М.Әуезов Италияның «Дель арте» комедия театры мен біздің халық арасынан шыққан әйгілі қулардың суырыпсалма өнерінің арасында ортақ ұқсастықты көреді. Осылардың өміріне күле отырып, елдің жарасымды әдет-ғұрпының неше алуан әдемі көріністерін тамашалайсыз.

Біздің топырағымызда театрдың негізі «Дала театрынан» бастау алған. Ол кездегі өнер «театр» деп аталған жоқ. Бүгінгідей мәдениет шеңберіне кірген жоқ. Бірақ жар-жар, беташар, бесіктой, ұлттық ойындар, наурыз тойы, айтыс және тағы басқалар қазақ драматургиясына дайын «шикізат» болды.

Қазақ тарихында «сал», «сері» атанған жандардың аз емес екенін білеміз. Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ақан серінің бастан кешкен қызық дәурені мен қайғы-мұңы кейіннен пьесаларға айналды, кино туындыларына арқау болды. Театрды «бұрын қазақта болмаған, қанына сіңбеген өнер» деп енді кім айта алады?!

(Әшірбек Сығай)



2. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Екі мәтінді салыстырыңдар. Мәтіндердің стилін анықтаңдар.
2.	Қою қаріппен берілген сөздер мәтінге қандай реңк беріп тұр?
3.	Мәтіннен автордың сүйінетін тұсын тауып оқыңдар.
4.	Автор қандай мәселеге назар аударады? Неліктен?

Сахнада Баукең тұлғасы

Жамбыл облысының Қазақ драма театры Елен Әлімжанның «Бауыржан Момышұлы» атты драмасын сахналады. Бірден көзге ұрған жайт – спектакльге деген көрермен ықыласының зор болуы. Көрермендердің дені бүкіл республикадан жиналған сахна шеберлері мен қаламгерлер еді. Көпшілігі Баукеңді білген, пікірлескен, қала берді, ол туралы жазылған барлық еңбектерді оқып, қойылған спектакльдер мен түсірілген фильмдерді көрген. Демек, олар – көңілдерінде өз Бауыржаны қалыптасқан жандар, батыр образын сомдауда жалғандығы мен жасандылығы болса, көзге шұқып көрсететіндер. Жамбыл облыстық драма театры сол «қатал» көрерменнің сынынан сүрінбей өтті. Сөйтіп, олардың шығармашылық ізденісі өз жемісін берді. Ең бастысы, біздің әдебиетімізге Бауыржан туралы интеллектуалды драма келді. Көрермендер сахнадан соғыс батырын емес, интеллектуалды деңгейі биік ұлт қайраткерін көрді. Оны жұртшылық ықылас қоя қабылдады. Бір жап-жас мұғалім қыздың «Мен спектакльден патриот болып шықтым» деген сөзі – соның дәлелі. Баукеңнің өнегесі еліміздің жас буын ұрпағын патриоттыққа, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу үшін қажеттілікке айналып отыр. Ендеше, театр – тамаша тәрбие құралы.

(Мекемтас Мырзахметұлы)



3. Театр туралы жай сөйлем түрлеріне мысалдар ойлап тауып, кестеге жазыңдар.

Жақты сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем	Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем	Атаулы сөйлем



4. «Сахнада Баукең тұлғасы» мәтінінің баяндау желісін сақтай отырып, аннотация жазыңдар. Сөз саны – 40–50.



5. Жарнама тақырыптарының мағынасын ашып, суреттерге байланысты сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақтарға кезектесіп жауап беру үшін жұппен диалог құрыңдар.



Театр атауы көне грек тілінің «theatron» сөзінен шыққан. Ана тілімізге аударсақ, «көретін орын» деген қарапайым мағына береді. Комедия мен трагедия – театрдың ең танымал жанрлары. Екі жанрды сипаттайтын бетперделер театр нышанына айналған.

1961 жылы Халықаралық Театр институты Вена қаласында өткен ІХ конгресінде 27 наурызды «Халықаралық театр күні» (World Theatre Day) деп бекітті. Сахна саңлақтарының кәсіби мейрамы жыл сайын атап өтіледі. М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры жыл сайын мереке қарсаңында «Театр көктемі» атты фестиваль өткізеді.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. «Театр – халық өнерін әлемге паш ететін киелі орын» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 120–140. Жақты, жақсыз сөйлемдерді анықтаңдар.
 2. «Театр – тәрбие құралы» деген тақырыпта мақала жазу үшін тезистік жоспар құрыңдар. Сөз саны – 80. Жалаң, жайылма, атаулы сөйлемдерді қатыстырыңдар.

IX

БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

ПУНКТУАЦИЯ

СӨЙЛЕМ СОҢЫНДА ҚАБАТТАСЫП ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Тарауды оқып-білу арқылы:

- Қазақстанның көрікті жерлерімен танысасыңдар, олардың көркемдік сипатын ақын-жазушылардың сөзбен қалай танытқанын дәлелдейсіңдер;
- неліктен Қазақстанға туризм саласын дамыту керектігі туралы болжам жасайсыңдар;
- шағын әрі жинақы мәтін жасауды үйренесіңдер, ол үшін графикатік деректермен жұмыс жасайсыңдар;
- сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерінің қойылу заңдылығымен танысасыңдар.

**Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпеңдер!**

(Мұқағали Мақатаев)

§1. Қазақстандағы туризм



1. Әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті қолданып, өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Перифразаларды пайдаланып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.



Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті аппақ қайың,
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы.

Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,
Басына атсаң дағы оғың жетпес.
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан,
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,
Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,

**Суретті шежіресі өткен күннің,
Сілекей ағызады ертегісі.**

(С.Сейфуллин)



1. Қою қаріппен берілген сөздерді эмоционалдық-экспрессивтік қатарға жатқызуға бола ма? Олардың өлеңдегі рөліне талдау жасаңдар.
2. «Суретті шежіре» деген тіркестің астарлы мағынасы бар ма? Бар болса, қандай?



Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілері

Сөйлеушінің эмоциясын жазу арқылы жеткізуде кейде бір ғана таңба жеткіліксіз болады. Соған байланысты сөйлем соңында кейде тыныс белгілері қабаттасып қойылады. Атап айтатын болсақ, сұрау және леп белгілері (?!), леп және сұрау белгілері (!?), сұрау белгісі және көп нүкте (?..), леп белгісі және көп нүкте (!..). Тыныс белгілерінің қабаттасып қойылуы сөйлеушінің сөйлеп тұрған сәттегі көңіл күйі мен эмоциясын, психологиялық жағдайын бейнелеуге, жазылғанды дұрыс түсінуге көмектесіп, сөйлемді тиісті интонациямен оқуға және қабылдауға ықпал етеді.

Тыныс белгілері	Қойылатын орындары	Мысалдар
?!	Ерекше эмоциямен айтылатын сұрау мәні басым сөйлемдерде қойылады. Толғау мәнді монолог, диалогтерде қойылады.	– <i>Әлі күнге Өтеуліні «бала» дейсіңдер, ә?! Қайдағы бала?! Адам басына түскеннің бәрін көтеруге міндетті. Өйтпесе оның несі адам?!</i>
!?	Егер эмоция басым болса, онда алдымен леп белгісі, соңынан сұрау белгісі қойылады.	– <i>Не дейді!? Бұл, шынымен, баяғы Алаша Аталықтың асында алпыс аттан озып келетін торы ат па!?</i>
?..	Сөйлеушінің ойы үзіліп қалған сұрау мәнді сөйлемдерден соң қойылады.	– <i>Балықтың сорпасы?.. – деді ол қалтыраған қолымен тізесін ұстап. – Қайдан келген?.. Кім әкелген балық?..</i>
!..	Сөйлеушінің психологиялық күйіне байланысты ой үзіліп қалған лепті сөйлемдерден соң қойылады.	<i>Жер!.. Шіркін, Жер-Ананың қадірін кім біледі!?</i>



2. «Отандық туризмді дамыту» аудиомәтінін (21. mp3) тыңдап, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мақаланың 3 ерекшелігін жазыңдар.
2.	Туризмді дамытудың маңыздылығына мәтін бойынша 3 мысал келтіріңдер.
3.	«Менің Отаным – Қазақстан» экспедициясының болашағына болжам жасаңдар. Болжамдағы негізгі сөйлемдер «Егер..., онда», «Алайда» деген сөздерден басталсын.
4.	Мәтіннің стилін, сөз қолдану ерекшеліктерін, құрылымын оқылым мәтінімен салыстырыңдар.



3. Өлең үзіндісінен екі шумақты таңдап алып, өлең шумақтарын жай сөйлемдерге айналдырып жазыңдар. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.



4. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қазақстанға келетін туристер үшін «Кім? Не? Қашан? Қайда?» деген сұрақтарға жауап беретіндей төрт бағытта зияткерлік карта жасаңдар.
2. Қазақ жерінде туризмнің жыл сайынғы дамуына «SWOT талдау» жасаңдар.

SWOT талдау – мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама жасау, оның мүмкіндіктерін бағалау, орын алатын қауіптер туралы айту.

Күшті жақтары	
Әлсіз жақтары	
Мүмкіндіктері	
Қауіп-қатерлері	



5. Егер тұрғылықты жерде «Идеялар жәрмеңкесі» өтетін болса, туризмді дамыту бойынша жүзеге асырылу мүмкіндігі бар қандай идея ұсынатын едіңдер? Аргументативті эссе жазыңдар.



6. Оқылым және тыңдалым мәтіндері бойынша «Қазақстандағы туризмнің дамуы» тақырыбында мақала жазыңдар. Сөз саны – 120–130.



1. Мәтінді оқыңдар. Тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтінге лайық тақырып қойыңдар.
2.	Мәтінді баяндаушы кейіпкер туралы ақпарат дайындаңдар. Бұл кейіпкер кім болуы мүмкін? Ол қандай қызмет атқарады?
3.	Мәтіндегі сөйлемдерді перифразалау арқылы 3 сұрақ құрастырыңдар.

Бізде ұзын-ырғасы оншақты қорық, он бестей ұлттық саябақ бар. Халықтың таза табиғатта еркін тыныстап, саяхаттауына мүмкіндік көп. Қорықтар мен ұлттық саябақтар еліміздегі экологиялық туризмнің дамуына оң ықпал тигізіп отыр. Экотуризм бүгінде ел экономикасының ықпалды күшіне айналды. Өйткені біздің елде бүлінбеген, былғанбаған таза табиғат, көркем мәдениет, таңбалы тарих, үздік салт-дәстүр бар. Шетелдіктер осындай саф дүниені көргісі келеді. Әсіресе Германия, Англия, Франция, Оңтүстік Корея елдерінің туристері Қазақстанға құмартып тұрады екен. Олар тұмса табиғатта тыныстап, еркіндіктегі аң-құстарды тамашалап, үлкен әсермен өз елдеріне оралады. Осы орайда Күнгей Алатауының қойнауындағы «Көлсай көлдері» табиғи ұлттық саябағының «Солтүстік Тянь-Шань маржандары» деген атауға ие болғанын айта кетсек болады.

Бұл саябақта хайуанаттар дүниесінің 226, құстардың 197, жануарлардың 29 түрі бар. Соның ішіндегі ең көп таралғандары – бұғы, марал, қабан, тауешкілер. Сирек кездесетін жануарлардың 6 түрі бар. Олар – қар барысы, Түркістан сілеусіні, Тянь-Шань қоңыр аюы. Ал құстардың ішінде сирек кездесетіні – бүркіт. Оның да саны қазір көбейді.

Көлсай маңындағы тұрғындар да келушілерге қызмет көрсетіп, экологиялық таза өнімдерін өткізіп, туристік саланы өндірістік деңгейге көтеруде. Сондықтан туристік саланы дамытып, жергілікті тұрғындардың да әлеуметтік жағдайын көтеруіміз керек.

Саябақ аумағында табиғи мұралар мен мәдени-тарихи ескерткіштер де бар. Олар – Қарабұлақ ауылынан 4 шақырым қашықтықта орналасқан «Таңбалы тас» аңғары, Шелек

өзеніне Қайыңды өзенінің құятын тұсында кездесетін тасқа салынған көне суреттер, яғни аңшылардың садақпен таутеке атып жатқан сәттері бейнеленген тастар, Қарасай мен Қасқасу сайларының түйіскен жеріндегі ХІХ ғасырда ағаштан салынған үй, сондай-ақ саябақ аумағында қола дәуір жәдігерлерінің ізі бар. Болашақта осы нысандар бойынша да экскурсиялық сапарлар ұйымдастыруға болады.

(«Айқын» газетінен)



2. Берілген мәліметті жалғастырып, сызба бойынша туризмнің қалған екі түріне түсінік беріңдер.

Танымдық туризм өз ішінде экотуризм, агротуризм (жасыл ауылдық туризм), фототурлар және кино экспедициялар, экосафари, ботаникалық және оқушыларға арналған экскурсиялар т.б. болып бөлінеді.



Экотуризмге арналған нұсқаулық

- Бағытыңызды алдын ала жоспарлаңыз. Ол жердің ерекшеліктері туралы хабардар болыңыз. Ауа райының кенеттен өзгеруіне және қауіпті жағдайларға дайын болыңыз. Шағын топтармен саяхат құрыңыз.
- Мүмкіндігінше жаяу жүріңіз немесе экологиялық таза көлікті қолданыңыз.
- Басқа туристерді құрметтеңіз, оларға жол беріңіз. Сыпайылық көрсетіңіз.
- Жабайы аңдар мен құстарды алыстан бақылаңыз. Жабайы аңдарды тамақтандырмаңыз.

- Өз қоныстарыңызды алдын ала бекітілген жерлерге ғана орналастырыңыз.
- Оттың әсерін барынша азайтыңыз. Тамақ дайындауға газдық жылытқышты, ал жарық жасауға шамды пайдаланыңыз. Алау жағуға рұқсат етілген жерлерде бұрынғы алау орындарын қолданыңыз. Шоқтың толық жағылуын қадағалаңыз. Отты өшіріп кетіңіз.
- Қоқысты өзіңізбен алып кетіңіз, содан соң қалыптасқан әдіспен оны жойыңыз.
- Табиғи су қорларын пайдаланғанда, химиялық құралдарды қоспаңыз.
- Тастар мен ағаштарға жазу жазбаңыз.



3. «Артық болмас білгенің» айдарын негізге алып, экотуристердің басшылыққа алатын ұстанымдарын сызба не кесте түрінде жазыңдар.



4. Топқа бөлініп, «Қазақстандағы экотуризм елге пайдалы ма?» тақырыбында «иә» немесе «жоқ» деген бағытта ойталқы жасаңдар.



5. Ойталқыдағы пікірлеріңнен 7–8 сөйлем жазыңдар. Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін қолданыңдар. Қойылу себебін түсіндіріңдер.




6. Өздерің ізденіп, Қазақстанда экотуристердің жиі баратын сүйікті орындарының бірі туралы сипаттама мәтін жазыңдар.

§3.

Қазақстандағы туристік маршруттар



1. Диаграммадағы әр жылдардағы туристердің саны берілген ақпаратты мәтінге айналдырыңдар. Екінші мәтінмен салыстырыңдар.



■ Келу туризмі	62,2 мың	38 мың	31,3 мың	39,7 мың	36,2 мың
■ Шығу туризмі	294,6 мың	270,6 мың	205,6 мың	274,7 мың	391,4 мың
■ Ішкі туризм	210,2 мың	188,5 мың	168 мың	172,2 мың	203 мың



2. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Мәтін қанша азатжолдан құралған?
2.	Мәтіннің кіріспе бөліміне қандай тақырып қоюға болады?
3.	Мәтіннің әр азатжолына тақырып қойыңдар.
4.	Әр азатжол бойынша тыныс белгілерге назар аударыңдар. Қандай ережеге байланысты қойылғанын анықтаңдар.

Саяхат бізге не үйретеді?

Өзіңізге қажет заттарды ғана алып, жалғыз саяхаттау мен арнайы тур арқылы топпен автобусқа мініп саяхаттаудың екі бөлек дүние екенін білесіз бе?

Экскурсиялық және демалу үшін саяхаттау теледидардың алдында жатып, визуалды әсер алумен ғана тең. Ал жеке, жалғыз шығып ел-жерді аралау – мүлдем басқа саяхат. Онда керемет әсер алумен қатар, сіз өзіңізге жаңалық ашасыз, мүлдем өзгеше тәжірибе ала аласыз. Бұл – өмірлік сабақ.

Саяхаттаудың ең қиын кезеңі – үйден шығу. Шынымен де, үйде отырғаныңызда түзде өміріңізге қауіп келтіретін түрлі жағдайлар күтіп тұрғандай сезінуіңіз мүмкін. Қайда тамақтанып, қайда ұйықтайтыныңызды білмей дал боласыз. Сізді тіл білмеу немесе қаржылық жағдай тоқтатуы да ғажап емес. Ал ақиқатына келсек, бұл ойлардың барлығы да жарты бөлігі уайымға, екінші жарты бөлігі жалқаулыққа, жаңа дүниені тануға деген қызығушылығыңыздың жоқтығына құралған догмалар ғана. Сондықтан да ойыңызды жинақтап, саяхатқа аттанып кету керек.

Әрбір артық келі сіздің саяхатыңызды бұзады. Жолға үлкен жолқапшық немесе шабадан алып шығатын болсаңыз, көптеген заттардың ішінде қайсысын таңдарыңызды білмей, әдетіңізге салып сыйғанынша бәрін де ала бересіз. Ал осы ауыр сөмкені сіз жол бойы көтеретін боласыз. Артық салмақ сізді тез шаршатып, саяхат кезіндегі түрлі қызықтардан бас тартуға мәжбүрлейді.

Өмір сүруге аздаған зат жеткілікті. Сөмкеңізді керек-жарақпен толтырып жатқан кезде, оларды ойша сұрыптауға мүмкіндік туады. Сонда күнкөріске аздаған ғана зат жететініне көз жеткізесіз: ыңғайлы екі аяқ киім, біркиер киім, күн сәулесі мен жаңбырдан қорғануға арналған заттар, тазалық сақтауға арналған заттар, құжаттар, ақша. Әрине, бұл тізімге фотоаппаратты қосыңыз. Десе де, барынша аз зат алуға тырысыңыз.


Саяхаттауды демалыспен шатастырмайық. Біз «демалыс» деп үйде, жылы төсекте жатуды айтамыз. Туристік инфроқұрылымы дамыған елдерге барып келу де демалыс бола алады. Ал саяхат – демалыс емес. Сіз онда ауыр жүкпен тауға да шығасыз, ұзақ жол да жүресіз, тропикалық ормандарда терлеп-тепшіп, тундраларда тоңасыз. Бұл демалыс па?! Кейбір саяхаттар өте қиын болуы да мүмкін. Сондықтан саяхаттаудың демалыс емес екенін ұғу керек.

Ең керемет сәт – оралу. Сіз өз Отаныңызға, туған жеріңізге ораласыз. Әлемге өзгеше қарап, таныстармен өзгеше қарым-қатынас құра бастайсыз. Себебі сіз өзгердіңіз, тәжірибе жинадыңыз. Ең бастысы, сіз саяхаттаудан өмірлік сабақ аласыз, көзқарас қалыптастырасыз, жаңа әлемді көресіз, өміріңізде өзгеріс болады.

(Дайындаған Ардақ Құлтай)



3. «Қазақстандағы туристік маршруттарды дамыту – ел экономикасын дамыту» тақырыбында жазатын мақаланды «Ағаш сұлбасына» салып көріңдер. Ағаштың діңіне негізгі мәселені, тамырына себептерін, жапырақтарына салдарларын жазыңдар.



4. Жазылым тапсырмасында сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін қолданыңдар. Қойылу себепін түсіндіріңдер.



5. Туристік фирма басшысы ретінде хат иесіне жауап жазыңдар.

Құрметті туристік фирма басшысы! Мен қарапайым қызметкермін. Менің екі қыз, бір ұлым бар. Олардың әкесі тауға шыққанды ұнатады. Ал маған орманды өлке ұнайды. Балаларым суға шомылғылары келеді. Биылғы жазғы демалыста он күн уақытты жанұямызбен туристік маршруттар бойынша ел аралаймыз деп шештік. Біздің маршрутымыз дұрыс болу үшін қандай ұсыныстар мен кеңестер айтасыз?



6. Оқылым мәтіні мен диаграмманы пайдаланып, «Қазақстанда туризм саласы күннен күнге дамуда» деген тақырыпта аргументативті эссе жазыңдар. Туризм дамуының артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырыңдар. Дәлелдер келтіріңдер.

§4.

Қазақстанның көрікті жерлері



1. Мәтінді суреттермен байланыстырып оқындар, қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықтаңдар.

Шығыстың шырайы



Алтай таулары.
Мұзтау



Бұқтырма
су қоймасы



Марқакөл



Ертіс өзені

...Құсыңды бұр, ұшқышым, шығысыма,
Сәлем берем Алтайда туысыма.
Шығысыма, тарт менің ырысыма!
Сірә да, Клондайк, Аляскалар
Толар ма екен Алтайдың уысына?!
Шығысыма, тарт менің шығысыма!

Қанатымен ақ құстың шағылысып,
Албырт көңіл барады алып-ұшып.
Алтайдан да биіктеп кеткенмін бе?!

Қауышқам ба аспанмен сағынысып?!
Ақ құсыңды, аяулым, қондыр жерге,
Баяғыда бабамыз жол жүргенде,
Алатын-ды Ертістен қанып ішіп,
Ақ айдынмен ақ сақал шағылысып.

Мынау жатқан Марқакөл, Зайсаным ба?
Шығыстағы кішкене Байкалым ба?
Қос жанары шығыстың сияқты-ау бір,
Қос жанары, ұшқышым, байқадың ба?
Айдынына мәңгілік ескерткіш қып,
Қаламымды тастармын қайтарымда,
Қаласа, алсын Марқакөл, Зайсаным да.

Самға, ұшқыш!
Ертістің ағынымен,
Екі жағы, Ертістің бауыры кең,
Айдын Ертіс, ақ Ертіс асырауда
Айналасын өзінің сауырымен...

(М.Мақатаев)



1. Берілген суреттерге қарап, жергілікті тұрғындардың қандай кәсіппен айналысатынын байқауға болады?
2. «Ертіс өзені айналасын сауырымен асырауда» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?
3. Ақын «Шығыстың қос жанары» деген теңеуді неліктен қолданған?



2. «Астана – арман қала» аудиомәтінін (22. mp3) тыңдап, тапсырмаларды орындаңдар.

1.	Астананың қазіргі келбетіне баға беріңдер.
2.	Туристер мен саяхатшыларды елімізге көптеп тарту үшін қандай бағытта жұмыс жасау керек?




3. «Қазақстанның табиғатын таза қалыпта сақтай аламыз ба?» деген тақырыпта жұппен диалог құрыңдар.



4. Жұбыңмен құрған диалогтен 5 сөйлем жазыңдар. Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін қолданыңдар.



5. Астанаға туристерді тарту үшін қандай жұмыстар ұйымдастыраар едіңдер? Кестені толықтырыңдар.



6. Жағдаяттық тапсырманы орындандар.

Сенің қабілетті оқушы екендігіңді бағалаған конкурстық комиссия ел ішінде тегін саяхат турына жіберетін болса, еліміздің қай өңірінен бастайтын едің? Өз ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілімен (пікір, дәлел, мысал, қорытынды) жеткіз.



7. Өлеңді өз сөздеріңмен 8–10 сөйлем етіп жазыңдар. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.

Астана

Астанам! Ару қалам, асқақ ордам,
Қалың жұрт, қазағыма қақпа болған.
Ту ұстап, тұлпар мінген бабаларым,
Бермеген ел намысын жатқа қолдан.

Бозоғым, бозбеткейлім, баққа оранған,
Тарихтың қойнауынан тапқан олжам.
Баянды бақытымның бастауындай,
Айналдың Астанаға аппақ арман...

Ертеңің ұлтын сүйген ұлыңа сын,
Қашанда еркіндіктің құны басым.
Керіліп кербез далам көсіледі,
Сезініп бостандықтың шұғыласын!

Сан ғасыр армандаған Алаш бабам,
Жалғанды жалт қаратты жаңа Астанам.
Бірлікті байрақ етіп болашаққа,
Барайын, уа, Жаратқан, жол аш маған!

(Қалқаман Сарин)

§5. Қазақ жері – киелі мекен



1. Мәтінді суреттермен байланыстырып оқып, тақырып қойыңдар. Мәтінді диалог немесе сұхбат түріне ауыстырыңдар.



Асанқайғы

Қаратал өзені

Маңғыстау

Асанқайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көгорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқаған қоныс іздейді. «Елді сол жерге қоныстандырсам!» – деп арман етеді. Жүрген жерінде қоныстарға баға беріп отырады.

Түркістанның қасындағы ескі қорған қала Сауранды көргенде: «Әттеген-ай, қорғанды ай тақырдың бетіне, шөлстанның өтіне салған екен. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ, түбі тұрақты қала бола алмас», – деген екен.

Асанқайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты. «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», – депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың әр ағашының басы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», – депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», – деп, Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

Қаратал өзенін көргенде: «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар-ау!» – депті. Өйткені бұл өзен құмға сіңіп жатады екен.

Шу өлкесін көргенде: «Тегінде, бір шулағаның болмаса, ну қамысың еліңді жұтқа бермес», – депті. Шудың жағасындағы ел шөп жимай, өзеннің қамысын қыстай қорек қылады екен.

Әулиеатаның шығысындағы Талас, батысындағы Келес өзендерін көргенде, малға жайлы екенін біліп: «Ей, екі Талас, бір Келес, жерің жайылған малға жұт болмас!» – деген екен.

Сыр өлкесін көргенде: «Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен, әр бұтаның түбінде кесек етің бар екен! Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол!» – депті.

Бірақ Асан ол кезде шұрайлы қоныс, нулы өлке таба алмапты. Ол Ұлытау маңында қайтыс болыпты.

(«Қазақтың 1001 ертегісі» жинағынан)



2. Мәтінді оқындар. Мәтін желісі бойынша 5 сұрақ құрастырындар. Екі мәтінді салыстырындар.

«Қоңыр әулие» үңгірі

Абай ауданының Тоқтамыс ауылының маңынан өлке-танушы ғалымдар 40 үңгір тапқан. Олар: «Қоңыр әулие», «Қызыл әулие», «Кіші әулие», «Шаңырақ әулие» т.б.

«Қоңыр әулие» үңгірінің ішіндегі көлдің ұзындығы – 25 метр, ені – 10, кейбір жерінің тереңдігі 5 метрге дейін, көлемі әр жылы бір түсіп, бір көтеріліп тұратыны анықталған. Көл суының орташа температурасы +4°C. Жергілікті қариялардың айтуына қарағанда, бабаларымыз ерте заманнан көлдің емдік қасиетін білген, жоңғарлармен шайқастан соң жараларын емдеу үшін көл суына түскен. Шыңғысхан әскері де осы көлге тоқтап, жараларын емдеген. Аңыз-әпсаналарға құлақ түрсек, осы үңгірде Қабанбай батыр жоңғарларға аяусыз соққы берген; осы жерде шығар жол таба алмай жоңғарлар жеңіліске ұшыраған; осы көлде қара түнектен жарқ етіп елес берер таңғажайып оттар көрінеді; осы жерде су астындағы құпия есік арқылы өтетін үлкен қуыс үңгір Шыңғыс ханның соңғы мекені болуы да мүмкін.

Ал 2000 жылдардың ортасында қазақстандық С.Кистанов, К.Миляев пен В.Волошин есімді туризм саласының мамандары көлдің түбіне сүңгіп, көл астында көлемі 10x10 метр болатын қара қуыс бар екенін және оның арғы жағы шегі жоқ суға жалғасып кететінін айтқан еді. Осыған қарағанда, бұл көлдің жерасты суларымен тікелей байланысы бар.

Қариялардың айтуынша, ертеректе бұл жерден үңгірдің сақшысы іспеттес 15 тас мүсін табылған, бірақ олар сақталмаған. Үңгірдің ерекшелігі: суының емдік қасиеті мол және ашылмаған құпиясы көп, сонысымен де қызықты.

(«Шығыс Қазақстан өлкетануы» сайтынан)




1. Тарихта болған Асан Сәбитұлы не себепті «Жерұйықты» іздеген?
2. Бабамыздың әр өлкеге берген бағасы туралы қандай ой түйдіңдер?
3. Қалай ойлайсыңдар, Асанқайғы бабамыздың армандағаны қандай жер?
4. «Қоңыр әулие» үңгірі сияқты ғажап орын сендер тұратын өлкеде бар ма?



3. «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы ұсынған диаграммадағы деректерді келтіріп, «Қазақстанда туризмнің қай саласын дамыту керек?» тақырыбында жинақы мәтін жазыңдар. Сөз саны – 60–80.

«Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының 100 нысанының диаграммасы



1. Ерекше қорғалатын табиғи мұралар саны
2. Археологиялық және архитектуралық мұралар саны
3. Ортағасырлық қалалық орталықтар саны
4. Діни және ғибадат орындар саны
5. Тарихи тұлғаларға қатысты ескерткіштер саны
6. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты мұралар саны



4. Жазылым тапсырмасында сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар. Санамалап айтылатын реттілікті сақтаңдар.



Қазақстанның жеті кереметінің бірі болып саналатын ескерткіш – «Бекет ата» жерасты мешіті. Мешіт Маңғыстау облысының Оғланды деген жерінде орналасқан. Деректерге сүйенсек, Бекет ата 1750 жылы туған, физика, математика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама болған. Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өңіріне келіп, бес мешіт салдырады. Көріпкелдігімен танылып, ел арасында әулие адам ретінде белгілі болады. Пайғамбар жасында дүние салған.



(*alashinform.kz*)



5. Ғаламтор ресурстары мен энциклопедиялардан ізденіп, Бекет ата жайлы аңыз-әңгімелерден «Бекет ата кім?» деген сұраққа жауап жазыңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Ерекше қорғалатын табиғи мұралар немесе архитектуралық ескерткіштер туралы ізденіп, «Қазақ жері – киелі мекен» атты мақала жазыңдар. Сөз саны – 150. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін қолданыңдар.
 2. Асанқайғы бабаларың сияқты жер-су, ел-жұрт қадірі туралы толғанып, өлең құрастырып көріңдер. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін қолданыңдар.

Асанқайғы толғауынан үзінді	Өз толғауым
<p>Көлде жүрген қоңыр қаз Қыр қадірін не білсін?! Қырда жүрген дуадақ Су қадірін не білсін?! Көшіп-қонып жүрмеген Жер қадірін не білсін?! Көшсе қона білмеген, Қонса көше білмеген, Ақылыңа көнбеген Жұрт қадірін не білсін?!</p>	



1. Мәтінді түсіндірме (комментарий) жасап оқыңдар.

Туризм – әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, бір шетелдік туристен түсетін табысты алу үшін, шамамен, 9 тонна тас көмір не 15 тонна мұнай немесе 2 тонна жоғары сұрыпты бидайды әлемдік нарыққа шығару керек. Бұл ретте шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орта есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды. Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту – ұзақ мерзімді экономикалық тиімді болашақ.

Туризм мемлекеттің экономикасына төмендегідей оң нәтижелер береді:

- 1) шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді;
- 2) халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтеді;
- 3) елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі;
- 4) сауда мен қызмет көрсетудің сапасы артады.



2. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. Екі мәтінді салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар.

Біздің елімізде туризм дамитын болса, онда көптеген жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік туар еді. Туризмнің дамуы мемлекет есебіне кіріс әкеліп, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Шағын ауылдар кентке айналып, қарқынды дамиды. Мәдени орталықтар көбейіп, мәдени құндылықтар қайта жаңғырады. Сондай-ақ ауылшаруашылық тағамдары мен жергілікті халықтың қолөнеріне сұраныс артады. Сұраныс артқан жерде даму болатыны сөзсіз.

Алайда туризмнің кемшіліктері де бар. Кейбір туристер табиғатты таптап, от жаққанды жақсы көреді, ол өсімдіктер

мен жануарлардың жойылуына әкеледі. Әрі тұрмыстық қалдықтар қоршаған ортаны ластайды. Тағы бір айта кетерлігі, туристердің төлемақыларды төлеу деңгейінің жоғарылығынан баға өсіп, инфляция туындайды. Қоршаған орта мен мәдени ортаның бұзылуы криминалдық жағдайдың көбеюіне алып келеді. Жергілікті халықтың тілі мен салт-дәстүрінің, кей жағдайда діни көзқарасының өзгеруіне де әсер етуі мүмкін.

Сондықтан елімізде туризм ісін қолға алғанда, қауіп-қатердің алдын алу шараларын ескерген жөн.



1. «Туризм – әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы» деген пікірді қалай түсінесіңдер?
2. «Туризмді дамыту – ұзақ мерзімді экономикалық тиімді болашақ» деген пікірмен келісесіңдер ме? Қандай дәлелдер келтіре аласыңдар?
3. Қалай ойлайсыңдар, шетелдік туристерді елімізге тарту барлық жағынан тиімді ме?



3. Туризмді дамытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырып, өз ойларыңды дәлелдеп, аргументативті эссе жазыңдар. Сөз саны – 80–100.



Қазақ әуендерінің арасында туған жерге, Отанға арналған әндер аз емес. Алайда рухты оятып, күш-жігер беретін нағыз патриоттық әндер санаулы-ақ. Соның бірі – әнші-сазгер, Қазақстан Республикасының Халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әні. Бұл ән – қазақ халқының ерекше сүйіспеншілігіне бөленген, барлық қазақ жатқа айтып,

қосыла жөнелетін бірегей әндердің бірі. Ән 1970 жылы дүниеге келген. Сазгер шетелде гастрольдік сапармен жүргенде, елді сағынып, туған жер туралы ән жазуды қолға алады. Ұзақ толғаныстардан кейін ән әуені жазылады. Әннің сөзін жазуға ақын Қадыр Мырза Әліге қолқа салады. Алғаш «Атамекен» әні Республика сарайында өткен үлкен концертте орындалады. Ән бірден халық сүйіспеншілігіне бөленді. Қазақ жерінде ғана емес, шетелдерде де танылды. Жарты ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған мағыналы ән бұл күнде де өз рухын жоғалтқан жоқ. Бірде-бір мемлекеттік деңгейдегі салтанатты жиын «Атамекен» әнінсіз өтпейді. «Атамекен» – қазақ жүрегінің жырына айналған ән.

(massaget.kz)



4. «Атамекен» әнін сыныпта орындаңдар. Әнді айтқанда қандай сезімде болғандарыңды топта бір-біріңе айтып беріңдер. Топтық ережені сақтай отырып, «Атамекен» сөзінің айналасына бірнеше құндылықты топтастырыңдар.



5. Әнді айтқанда қандай сезімде болғандарыңды 7–8 сөйлеммен жазыңдар. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін қолданыңдар.



6. Поляк ғалымының хатынан алынған үзіндіні оқыңдар. Хаттағы деректер мен елді мекендердің қазіргі жай-күйі туралы салыстырмалы кестеге жазыңдар.

А.Янушкевич келтірген деректер	Қазіргі жай-күйі
<i>Ақмола – бүкіл даланың болашақ астанасы.</i>	

1846 жылы 31 мамыр.

Жаңа Аягөз қауызын жарған қырмызы гүлдей толысып келеді. Әскери гарнизон мен әкімшілікке телінген қазыналық үйлерден басқа теректен қиюластырылған бірнеше үй бар. Бұл осы өңірдегі аса маңызды мекендердің бірі болатын секілді...

Жаңа елді мекендердің саңырауқұлақтар тәрізді жылдам өсуі – ескі Еуропаға бейтаныс құбылыс. Осы далада ғана

Америка Құрама Штаттарындағыдай құбылысты байқауға болады.

...Мәселен, Ақмола – бүкіл даланың болашақ астанасы. Ақтау, Атбасар, Көкпекті, Құсмұрын – бәрі менің көз алдымда пайда болған мекендер. Жоңғарлардың қираған ескі қалаларының орнына салынған Семейде 7 мыңға тарта тұрғын бар. Олардың көбі – татарлар, ташкенттіктер, бұқарлықтар. Сондықтан шіркеу біреу, мешіт алтау немесе жетеу.

Қазақ тілі барлық жерде дерлік қолданылады. Тіпті сәнсалтанаты келіскен ресейліктердің тең жартысы, біздің әйелдеріміздің французша сөйлейтіні тәрізді, қазақ тілінде еркін сөйлейді.

(Адольф Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар» еңбегінен)

Өзіңді тексер

- 1. Бас әріппен келген сөздердің дұрыс жазылғандарын табыңдар.**
 - A) Ұлы жібек жолы
 - B) қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері
 - C) Хайуанаттарды қорғау жөніндегі Дүниежүзілік Федерация
 - D) Ғылым академиясы
- 2. Барлық сөзі бас әріппен жазылатын сөзді белгілеңдер.**
 - A) қазақ елінің қаһарманы
 - B) инновациялық еуразия университеті
 - C) білім және ғылым министрлігі
 - D) біріккен ұлттар ұйымы бас ассамблеясы
- 3. Емле ережесі бойынша жазылған сөзді белгілеңдер.**
 - A) ойсылқара
 - B) Қамбарата
 - C) Ер Тарғын
 - D) Біржан Сал
- 4. Атаулардың барлық сөзі тек бас әріппен жазылатын ережені белгілеңдер.**
 - A) Халық, ұлт, тайпа аттары
 - B) Кісі аттарымен келген оңашаланған айқындауыш
 - C) Әртүрлі мекемелердің атаулары
 - D) Мемлекеттердің, республикалардың, жоғарғы мекемелер мен ұйымдардың күрделі атаулары
- 5. Емле ережесі бойынша жазылған сөзді белгілеңдер.**
 - A) Сағатпек
 - B) 9-мамыр
 - C) Наурыз мейрамы
 - D) Қазақстан-Ресей Келіссөзі
- 6. Ғылыми стильдің ерекшелігін белгілеңдер.**
 - A) Ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді.
 - B) Сөйлемдер сауатты құрастырылып, бастауыштық қатынаста болады.
 - C) Образды сөздер көптеп кездеседі.
 - D) Арнайы сөйлемдер қолданылып, көркем сөздермен әсіреленеді.

7. Бас әріппен жазылатын сөздерді сәйкестендіріңдер. Дұрыс жауапты таңдаңдар.

1. Жоғарғы мемлекеттік қызметтер мен құрметті атақтар	1. «Ардақты ана» ордені	A) 1-7, 2-5, 3-6, 4-3, 5-6, 6-4 B) 1-5, 2-4, 3-3, 4-6, 5-1, 6-2 C) 2-5, 1-7, 3-6, 4-3, 5-6, 6-4 D) 4-3, 1-7, 2-5, 3-6, 5-6, 6-4
2. Мемлекет, республика, жоғарғы ұйымдардың күрделі атауларының әр сөзі	2. «Қартқожа» романы	
3. Бас әріптермен қысқарған сөздер	3. БҰҰ, ТМД	
4. Мекеме, білім-ғылым орындары т.б. күрделі атаулардың бірінші сөзі	4. Қазақстан Республикасы	
5. Ордендер мен медаль аттары және құрметті атақтар	5. Президент Әкімшілігі	
6. Кітап, газет, журнал аттары	6. Павлодар мемлекеттік университеті	

8. Публицистикалық стильдің негізгі белгісі:

- A) Қоғамдық пікірлердің жиынтығы
- B) Қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау
- C) Сөйлемдер сауатты құрастырылып, бастауыштық қатынаста болады
- D) Образды сөздер көптеп кездеседі

9. Жинақы мәтін немесе компрессия деген не?

- A) Біршама жинақы пішінге келтіру үшін, бастапқы мәтінді өзгерту арқылы жүзеге асырылатын тәсіл. Сөйлемдегі артық элементтер алынып, жинақы құрылымдар қалады
- B) Сол мәтінді тудырып тұрған барлық тілдік элементтердің комбинациясы
- C) Күрделі фразалық тұтастық пен тұтас сөйлеу шығармасы шекараларының сай келуі
- D) Сандық заңдылықтарды (сын есімнің, үстеудің т.б.) тауып, мәтіннің тілдік құралдарының сапалық айырмашылығын табуға көмектесетін ықтималды-статистикалық әдіс

10. Тезис деген не?

- A) Қоғамдық пікірлердің жиынтығы
- B) Аударма мәтіндерден ықшамдалып құралған сөйлемдер
- C) Баяндаманың, лекцияның, хабарламаның қысқаша тұжырымдалған негізгі қағидалары
- D) Образды сөздер көптеп кездесетін баяндама

11. Тыныс белгілері қабаттаса келетін сөйлемдерді белгілеңдер.

- A) Ешбір өзгеріссіз су да ақырын тербеледі, қалтқы да жыбыр-жыбыр қозғалады
- B) Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен
- C) Мына жайды байқадың ба
- D) Көзіңе қарамайсың ба деп шаңқ етті

12. Тыныс белгілері қабаттаса келетін сөйлемді белгілеңдер.

- A) Олжабек бұл жолы жауапты қолма-қол қайырды
- B) Бименденің әкесінің аты Сыздық еді, ауылды «Сыздық ауылы» дейтін
- C) Уа ағайын Арадағы түйткілді қан төкпей-ақ шешсек болмай ма
- D) Қараңғыда кісінеген жылқының дауысы естілді

13. Қабаттасып келген тыныс белгілердің қойылуына не себеп екенін белгілеңдер.

– *Астапыралда!* – деді *Итбай*.

- A) Төл сөз, одағай
- B) Қаратпа сөз, төл сөз
- C) Төл сөз, қыстырма
- D) Лепті, қыстырма, диалог

14. Көп нүкте қай жерге қойылмайтынын табыңдар.

- A) Ой белгілі себеппен бөліп-бөліп айтылғанда
- B) Ой санамалап айтылса
- C) Ойға өте алшақ нәрсе қосылып кетсе
- D) Оқиға толық айтылмай тоқталса

15. Ой санамалап айтылғанда қойылатын тыныс белгі:

- A) Үтір
- B) Нүктелі үтір
- C) Сызықша
- D) Нүкте

Халықаралық зерттеулер (Timss, Pisa) форматындағы тапсырмалар

I тоқсан

1. Мәтінді оқып, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және жауап нұсқалары	Мәтін
<p>Ғалым А.Аманжоловтың «Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түркі халықтарының көне тілін, тарихын, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады» деген пікірін қандай зерттеу қолдайды?</p> <ul style="list-style-type: none"> • бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық-мәдени тұрмысынан хабар беретін жәдігер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі халқына ортақ мұраға айналды; • Қазақстан жерінде көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды; • Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды; • Талас бойынан төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар табылды. 	<p>Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық-мәдени өрі әдеби тұрмысынан хабар беретін жәдігер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркітөктес халықтарға ортақ мұраға айналды.</p> <p>Соңғы 50–60 жыл ішінде Қазақстан жерінде де көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды.</p> <p>Талас бойынан төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды.</p>

2. Ережені өздерің аяқтап, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және жауап нұсқалары	Ереже
<p>Жалқы есімдердің қайсысының екі сынары да бас әріппен жазылады?</p> <ul style="list-style-type: none"> • ақан сері, біржан сал, баян сұлу; • мәшһүр жүсіп, балуан шолақ, үкілі ыбырай; • жиренше шешен, қарашаш сұлу; • қорқыт ата, төле би, қыз жібек 	<p>Кісі аттарының алдынан не соңынан келетін сын есімдер сол кісінің атына тіркесіп, жалқы есімге айналады. Ондай сөздер кісі есімінің алдынан келсе, ... соңынан келсе, ...</p>

3. Қосарланған күрделі атаулардың жазылу ережесін естеріңе түсіріңдер.

<p>Берілген атаулардың қайсысы қосарланған атауларға жатады? Қалай жазылады?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қорқыт ата кесенесі, Батыс Қазақстан облысы, Жезқазған кен-металлургия комбинаты. • Соколов Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі, Шірік Рабат қаласы. • Шатыркөл кеніші, Кіші Арал теңізі, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.

II тоқсан

1. Оң жақтағы сөзжасам тәсілдерін негізге алып, тапсырманы орындаңдар.

Тапсырма	Ереже
<p>Берілген сөздерді сөздердің жасалу тәсілдеріне қарай жинақтаңдар.</p> <p><i>Бүркітші, орамжапырақ, арбакеш, баспа, биші, сөзуар, бапкер, көкөніс, тікұшақ, көрме, бұрыш, жасау, үрме-бұрыш.</i></p>	<p>Сөзжасамның тәсілдері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • синтетикалық – негізгі түбірге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы сөз жасау. • аналитикалық – негізгі түбірлердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы сөз жасау. • лексика-семантикалық – белгілі бір сөздің жаңа мағынаға ие болуы арқылы жаңа сөздің жасалуы.

2. Мәтін мазмұнымен танысыңдар. Сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және жауап нұсқалары	Мәтін
<p>Қазақстандағы өндірістік-техникалық логистиканың басталғанын білдіретін ой:</p> <ul style="list-style-type: none"> • отандық бизнестегі логистика ілгері қадам басты; • нарықтық қатынастарға өтудің алғашқы қадамдары жасалды; • логистикалық идеяларды дамытуға арналған алғашқы нақты қадамдар жасалды; 	<p>Логистика – материалдармен және шикізатпен қамтамасыз ету, өнімді сақтау және тарату қызметтерін байланыстыру. Отандық бизнестегі логистиканың ілгері қадам басуы Қазақстандағы экономикалық реформалармен тікелей байланысты. 90-жылдардың басында Қазақстанда экономиканың өртүрлі саласында логистикалық идеяларды дамытуға арналған алғашқы нақты қадамдар жасалды.</p>

3. Оң жақтағы ережелерден сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және мысалдар	Ереже
<p>Сөйлемдегі қою қаріппен берілген тіркестердің байланысу түрін анықтайтын ереже.</p> <p><i>Адамдардың пайдалы тамақ туралы көзқарасының өзгеруі, ғылыми технологияның дамуы – бәрі гарыш тағамы үрдісінің ауысуына септігін тигізді.</i></p>	<p>Сөздердің байланысу түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • бастауыш пен баяндауыш жақ жағынан үйлесіп, жіктік жалғау арқылы байланысқан; • алдыңғы сөз ілік септік тұлғасында болып, екінші сөз тәуелдік жалғауында; • бағыныңқы сөз атау мен іліктен басқа септік жалғауларынан және шылаулардан, басыңқы сөз сол жалғаулы сөзді керек ететін етістік не есім сөзден; • ешбір жалғаусыз, орын тәртібі арқылы іргелесе байланысқан; • орын тәртібі жағынан іргелес немесе алшақ тұрып, ешбір жалғаусыз байланысқан.

III тоқсан

1. Сөйлем мүшелерінің сұрақтарына қарап, тапсырманы орындаңдар.

Тапсырма және мәтін	Сөйлем мүшелерінің сұрақтары
<p>Мәтіндегі сөйлем мүшелерін топтастырыңдар. Қай сөз табынан жасалғанына түсінік беріңдер.</p> <p>Бастауыш: Баяндауыш: Анықтауыш: Толықтауыш: Пысықтауыш:</p> <p><i>Қасқыр – еркіндікті жақсы көретін аң. Оны қолға ұйрету – қиынның қиыны. Қасқыр қақтығыстан қайтпайды. Не жеңеді, не өледі. Өйтеуір, аяғына дейін жеткізеді. Ол тек қана балғын, жаңа етпен қоректенеді. Өлексені татып алмайды, өзінің маңдай терімен ұстаған олжасын ғана жейді.</i></p>	<p>Бастауыш: кім? не? кімдер? нелер? Баяндауыш: не істейді? қайтеді? кім? не? қандай? қанша? т.б. Анықтауыш: кімнің? ненің? қандай? қай? қанша? неше? Толықтауыш: кімді? нені? кімге? неге? кімнен? неден? кімде? неде? кіммен? немен? Пысықтауыш: қашан? қайда? (қалай қарай?) қайдан? қалай? қайтп? не себептен? неліктен? кім үшін? не үшін? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы?</p>

2. Мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау) ажыратыңдар.

Ақтиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр:
– Неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер? – дейді.
Сонда ақ тиін:
– Сен, қасқыр, залымсың, залымдық ішіңді жандырады. Сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шат болып жүреміз, – дейді де, сылқ-сылқ күліп, ағашқа өрмелеп шығып кетіпті.

Ата-бабаларымыз жапан далада жалғыз өскен ағашты «киелі ағаш» немесе «әулие ағаш» деп санаған. Оны кесуге, қандай да бір зақым келтіруге тыйым салған. Саясында ұзақ отырып демалуға, ұйықтауға болмайтынын да ескерткен. «Жалғыз өскен ағаштың жанында ұзақ болсаң, сол ағаштай сопиып жалғыз қаласың», – деп, жалғыздықтың нышанына балаған. Құла түздегі жайқалып өскен жалғыз ағаш пен шөлді мекендегі тырбиып өскен бұталарды қасиетті санап, шүберек байлайтын болған. Кейбіреулер «ол маңда әулие жатыр» деп ырымдап, мал сойып, тілеу тілеп те жатады.

Сәлден соң, осы мұңлы тыныштықты аққулардың гөккүлі үні тербеп қоя берді. Еріксіз мойнымды бұрып, көзімді көкжиекке тіктім. Сол кезде ғажап көріністің куәсі болғандаймын: көз ұшында толқынмен тербетіліп, ағыспен бірге ығып бара жатқан аққулар көрінді. Бөріміз тамашалап қарап қалдық. Ақ төсін айдынға аймалатып, күміс қанатын күнге сүйгізген сыңқыл үнді ару аққулар айналаны ғажайып күйге бөлеп, мейрамдатқан күйі жанымыздан өтіп бара жатты.

IV тоқсан

1. Оң жақтағы ережеге қарап, тапсырманы орындаңдар.

Тапсырма және мәтін	Ереже
<p>Жай сөйлемдерді құрылымдық түрлеріне қарай жинақтаңдар.</p> <p>Жақты: Жақсыз: Жалаң: Жайылма: Толымды: Толымсыз: Атаулы:</p> <p><i>Театр. Сахна. Мен театрға барғанды ұнатамын. Жексенбі күні барып тұрамын. Қойылымды көргенде жүрегімді қуаныш билейді. Жаңа әсер аламын. Мен сол кейіпкердің мұң-қайғысын, бақытын бірге сезінемін. Өзімнің жалғыз емес екенімді түсінемін. Театрдан алған әсерімді бір-екі сөйлеммен түсіндіре алмаспын. Театр қызық.</i></p>	<p>Жақты сөйлем – бастауышы бар, егер жасырын тұрса, баяндауышы арқылы табуға болатын сөйлем.</p> <p>Жақсыз сөйлем – баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын сөйлем.</p> <p>Жалаң сөйлем – тұрлаусыз мүше қатыспаған сөйлем.</p> <p>Жайылма сөйлем – тұрлаусыз мүшелер де қатысқан сөйлем.</p> <p>Толымды сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатысқан сөйлем.</p> <p>Толымсыз сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшесінің біреуі түсіп қалған сөйлем.</p> <p>Атаулы сөйлем – іс-оқиғаны баяндамай, тек заттың, құбылыстың, мезгілдің, мекеннің атауын білдіретін сөйлем.</p>

2. Мәтінді оқып, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және жауап нұсқалары	Мәтін
<p>Мәтіндегі ең басты мәселе, негізгі ой:</p> <ul style="list-style-type: none"> • туризмге және оның экономикаға әсеріне жалпы түсінік беру; • туризмнің арқасында шетелден мол қаржы құйылатынын хабарлау; • туризмнің халықты жұмыспен қамтамасыз етуі туралы баяндау. 	<p>Туризм (франц. <i>tourisme, tour</i> – серуендеу, жол жүру) – адамның бос уақытында демалуы үшін, көріп қызықтауы үшін, рухани қажеттілігі бойынша басқа бір жерге саяхаттап, серуендеп баруы. Туризм әлемдік экономикада басты рөлдердің бірін атқарады.</p> <div style="text-align: center;"> <pre> graph TD A[Туризмнің экономикаға 3 түрлі әсері бар] --> B[Шетелден тікелей қаржы құйылады] A --> C[Төлем мен экспорттық саудаға жағымды әсер етеді] A --> D[Халықтың жұмыспен қамтылуына септігін тигізеді] </pre> </div>

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2006–2011.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994
5. Аманжолов А. Түркі филологиясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1996.
6. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. III том. – Алматы: Арыс, 2004.
7. Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. – Алматы: Өлке, 2002.
8. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976.
9. Молғаждаров Қ. Қазақ халқының өліпби жүйесіндегі алғашқы жазуы. // «Тіл және қоғам» журналы, №2 (44), 2016.
10. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. I кітап. – Астана, 2003.
11. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. II кітап. – Астана, 2012.
12. Дүйсенов М. Сағанатас сырлары. – Алматы: Балауса, 1992.
13. Сомжүрек Б., Бөгенбаев Н. Ұлттық тарихсыз ұлттық рух болмайды. // «Егемен Қазақстан» газеті, 29 шілде, 2015.
14. Мәми Қ. Билер соты – әлемдік құндылық. // «Егемен Қазақстан» газеті, 17 мамыр, 2008.
15. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. Алматы, 2015.
16. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
17. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988.
18. Ысқақ Ә. Қазақтың киіз үй мәдениеті. // «Қазақ үні» ұлттық порталы, 28 желтоқсан, 2010.
19. Ақбай Н. Қазақтың дәстүрлі атаулары. – Алматы: Арда, 2013.
20. Домбай Н. Күй күдіреті. – Алматы: Ана тілі, 28 шілде, 2017.
21. Сапарбай А. Ұлы Жібек жолы. // «Abai.kz» порталы, 12 қыркүйек, 2017.
22. Мүсірепов Ф. Ояңған өлке. – Алматы: Жазушы, 1982.
23. Ахтанов Т. Көптомдық шығармалар жинағы. Боран. I том. – Алматы: Жазушы, 2013.
24. Алтай А. Альпинист. // Жас Алаш, 9 қазан, 2004.
25. Мұратбеков С. Шығармалары: повестер, әңгімелер, очерк. Т. 3. – Алматы: Ан Арыс, 2013.
26. Сейфуллин С. Көптомдық шығармалар жинағы. Т 2: Өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт, 2004.
27. Мырза Әлі Қ. Қызыл кітап – Алматы: Қазақстан, 1983.
28. Нұрпейісов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1981.
29. Мақатаев М. Аманат. – Алматы: Атамұра, 1999.
30. Бес ғасыр жырлайды. Жинақ. – Алматы: Жазушы, 1984.
31. Саурықов Е. Көне түркі жазба ескерткіштері – ұрпақ қазынасы. // «Егемен Қазақстан» газеті, 27 сәуір, 2001.
32. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар. – Астана, 2003.

Электрондық қорлар

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. <https://stud.kz/referat/show>
3. kitaphana.kz > Articles
4. olke.kz/index.php?option=com
5. <http://adebiportal.kz/kz/news>
6. <http://massaget.kz>
7. www.qazaquni.kz
8. www.inform.kz
9. www.uniface.kz/index
10. <http://shymkenttv.kz/public/kz/news>
11. <http://abai.kz/post/16794>
12. bbs.elarna.com/kitap
13. www.gu-gu.kz/m/3204
14. kaztrk.kz/news/portal
15. <http://old.el.kz>
16. <https://egemen.kz/article>
17. uzdikter.biz/pedagog...
18. <https://baq.kz/kk/news>
19. <https://kz.otyrar.kz>
20. <http://www.azattyq.org>

Иллюстрациялық материалдар сілтемелері

1. <http://greylib.align.ru>. Мақала: «Человек и понятие истории у тюрков Центральной Азии в VIII веке». Автор: Л.Базен.
2. <https://www.kursiv.kz>. Мақала: «Цветная металлургия оживает». Автор: Нұрлан Рысқұлов.
3. <https://tengrinews.kz>. Мақала: «Альпинисты водрузили флаг на вершину Нурсултан ко Дню Первого Президента». Фото: ©Максут Жумаев.
4. <https://liter.kz>. Мақала: «Художник без рук направит деньги на ремонт дорог». Автор: Айнұр Балакешова.
5. <http://e-history.kz>. Бейбітшілік жолында немесе Кәріпбек Күйіков шығармашылығы. Дереккөз: e-history.kz.
6. sputnik.by/society. Нерукотворные картины казахского художника. Дереккөз: <https://sptnkne.ws/hJQ9>.
7. <https://uvision.kz>. Мақала: «Абылхан Кастеев – великий художник». Автор: Sanzhar K. @sanchosss.
8. <https://www.nur.kz>. Мақала: «Назарбаев сделал фото с тремя казахстанскими космонавтами». Дереккөз: КазТАГ.
9. <https://vlast.kz>. Мақала: «Работа спутника KazSat-2 восстановлена». Фото: Казинформ.
10. <http://www.inform.kz/ru> Мақала: «KazSat-3 пополнился еще одним крупным оператором связи». Автор: Сара Қабиқызы.
11. <https://en.rpt-online.org/313927>. «Қашықтан зондтау әдісінің даму тарихы». Орындаған: А.Е.Әбдіров.
12. <http://e-history.kz/ru>. Сакен Сейфуллин. Тернистый путь. Дереккөз: seifullin.ru.
13. <https://kaz.nur.kz>. Мақала: «Голливуд продюсерлері Әміре Қашаубаевтың өмірі жайлы фильм түсірмек». Дереккөз: Казинформ.
14. <https://kitapkhana.kz>. Дереккөз: Copyrights.
15. <http://m.kino-teatr.ru>.
16. <https://kinostan.kz>.
17. <http://vecher.kz/how2rest/velikaya-i-prostaya-biken-rimova>
18. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Файл:Некрополь_Бекет-Ата.JPG. Автор: Adaykz.

Мазмұны

Алғы сөз	4
----------------	---

I БӨЛІМ. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ.

ОРФОГРАФИЯ. ЖАЛҚЫ ЕСІМ ЕМЛЕСІ	5
§1. Көне түркі жазбалары – баға жетпес құнды байлық	6
§2. Құпия таңбалар кілті – ғылым жаңалығы	10
§3. Түркі жазба ескерткіштері – ортақ мұра	14
§4. Көне мұра сырлары	18
§5. Батыр баба – Күлтегін және патриоттық рух	21
§6. А.Байтұрсынұлы түзген «Қазақ жазуы»	25
§7. Қазақ жазуының дамуы	28

II БӨЛІМ. АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ. ФОНЕТИКА. СӨЙЛЕУ АҒЫМЫНДАҒЫ ӨУЕН,

ӨУЕЗ, ТЕМБР, ҚАРҚЫН, КІДІРІС	31
§1. Сақтар және олардың мәдениетінен не білеміз?	32
§2. Билер сөзі – нақылдың көзі	36
§3. Асыл сол – ақыл-білім бойда барлық	39
§4. Қазақтың киіз үйі	41
§5. Күй құдіреті	44
§6. Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет	47
§7. Әлемнің жаңа жеті кереметі	50
§8. Ислам өркениеті және түркілер	54
Өзінді тексер	57

III БӨЛІМ. КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

ЛЕКСИКА. СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ СӨЗДІК ҚҰРАМ	61
§1. Қазақ даласындағы мыс өндірісі	62
§2. Жекпе-жек	67
§3. Қасқырмен айқасқан қойшы	70
§4. Альпинист	73
§5. Логистика туралы не білеміз?	76
§6. Инженер болғың келе ме?	78
§7. Бояу сыры	81
§8. Археолог – құрметті мамандық	85

IV БӨЛІМ. ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТІСТІКТЕРІ. СИНТАКСИС. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

§1. Байқоңыр – ғарыш алаңы	88
§2. Адамзат бағындырған ғарыш	93

§3. Ғарышқа ұшқан алғашқы қазақ	96
§4. Ғарышқа бастаған жол	100
§5. Жаһанды жанарына сыйдырған ғарышкер	104
§6. Ғарыш айлағының экологиялық қауіпсіздігі	108
§7. Ғарыштағы зерттеу құрылғылары	112
Өзіңді тексер	115

V БӨЛІМ. БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК. ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР. СИНТАКСИС. СӨЙЛЕМНІҢ

ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ. СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ ...	119
§1. Биоалуантүрлілік	120
§2. Биоалуантүрлілікті сақтауға байланысты құрылған ұйымдар	123
§3. Қазақстанда жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер	127
§4. Қызыл кітап	131
§5. Қазақстанның Қызыл кітабына енген құстар	135
§6. Қазақстандағы қорықтар	139

VI БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ. СИНТАКСИС. СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ.

СӨЙЛЕМНІҢ АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕРІ	143
§1. Қоршаған орта	144
§2. Қоршаған орта және адам	147
§3. Қоршаған ортадағы энергия ресурстары	150
§4. Су ресурстары	154
§5. Болашақтың энергиясы	158

VII. БӨЛІМ. ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ. СИНТАКСИС.

СӨЙЛЕМНІҢ АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ	161
§1. Жастар туралы көзқарастар	162
§2. Жасөспірімдердің ерекшелігі	166
§3. Уақытты қадірлеу – жасөспірім үшін заңдылық	170
§4. Жасөспірім және ата-ана	174
§5. Жасөспірім және заң	178
§6. Ойын заңы – өмір заңы	182
§7. Жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктері	185
§8. Отбасындағы тәрбие – жасөспірім үшін заң	188
Өзіңді тексер	191

VIII. БӨЛІМ. ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ. СИНТАКСИС.

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ	195
§1. Театр өнері	196
§2. Театр қайраткерлері	200
§3. Қазіргі сатиралық театрлар	204
§4. Театр және мәдениет	208

§5. Қуыршақ театры	211
§6. Әлемнің әйгілі театрлары	214
§7. Театр – түрлі өнердің бастауы	217
§8. Театр – мәдениеттің ошағы	220

ІХ БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ.

ПУНКТУАЦИЯ. СӨЙЛЕМ СОҢЫНДА ҚАБАТТАСЫП

ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ	223
§1. Қазақстандағы туризм.....	224
§2. Қазақстандағы экотуризм	227
§3. Қазақстандағы туристік маршруттар	230
§4. Қазақстанның көрікті жерлері.....	233
§5. Қазақ жері – киелі мекен	236
§6. Туризм – ел дамуының кешілі	240
Өзінді тексер	244
Халықаралық зерттеулер (Timss, Pisa) форматындағы тапсырмалар	247
Пайдаланылған әдебиеттер	251



Электрондық нұсқа

Оқулық басылым

**Ермекова Тыныштық Нұрдәулетқызы
Ерхожина Шаттыгүл Лесбекқызы
Тоқбаева Айнұр Елеубайқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

Суретшілері А.Айтжанов, О.Подопригора, А.Хақимжанова, С.Пернебаева,
Е.Овсянникова / **Картографы** Б.Қожахметов / **Бас редакторы** Қ.Қараева
Редакторы Н.Абдижапшарова / **Техникалық редакторы** В.Бондарев
Көркемдеуші редактор Е.Мельникова / **Суретші-бейнделуші** О.Подопригора
Мұқабаның дизайны В.Бондарев / **Беттегендер** Г.Илишева, Л.Костина

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 29.07.17 берілді. Басуға 14.06.18 қол қойылды. Пішімі 70 x 100^{1/16}.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 20,64. Таралымы 30000 дана.

Артикул 808-002-001к-18